

**ИРАН-ҒАЙЫП**  
(Иранбек Әбітайұлы Оразбаев)

# **ХАЙУАНДЫҚ КОМЕДИЯ**



**АННАРҒЫ**  
Б А С П А С Ы

Алматы,  
2014

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 қаз)  
О 65

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРАЛІГІ  
«ӘДЕБИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН БАСЫП ШЫҒАРУ»  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАРЫҚ КӨРДІ

**Оразбаев И. (Иран-Ғайып)**

**О 65 ХАЙУАНДЫҚ КОМЕДИЯ.** /Оразбаев Иранбек  
(Иран-Ғайып). — Алматы: «Ан Арыс» баспасы,  
2014. — 720 б.

ISBN 978-601-7337-72-8

Ақын-драматург — Иран-Ғайыптың «Хайуандық Комедия» атты бұл кітабына Тағдыр Тосынына ұшыраған марқұм ұлы Мұнарбектің қазасынан туындаған Қасірет жырлары мен «Хайуандық Комедия», «Күшігінен таланған», «Мен ішпеген у бар ма?..» және «Мауглидің оралуы» атты ең таңдаулы драмалық дүниелері енгізілді...

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-7337-72-8

© Иранбек Оразбаев  
(Иран-Ғайып), 2014  
© «Ан Арыс» баспасы, 2014

Ал,  
Дүние...

Мұнарыммыз  
Жер Бетін -  
Тұра алмастай мекендел,  
Халы  
Көрінет қылыбадым -  
Күні - Түні  
Сарнадым:  
Ай - Күзін,  
Күн - Келбетін -  
Көріп өлсем екен дел,  
Бақы -  
Қасиет Жырларын -  
Жайын - Шахза  
Айнадым...



# ҚҰЛПЫ-ТАСТАҒЫ ЖАЗУ

МҰНАРБЕК ИРАНБЕКҰЛЫ ОРАЗБАЕВ

Руы – Арғын

11.04.1976 – туған күні.

30.05.1990 – ...

*Ұлым!..*

*Бәлкім,*

*Бұл –*

*Менің өлген күнім?.. –*

ИРАН-ҒАЙЫП



*Ақынның ұлы — Мұнарбек...*



## **МЕН – СЕН ЕМЕСПІН...**

**(Қайғы-Гөй)**



*«Жалғыздық Құдайға  
ғана жарасады» –*

*Халық Даналығы*

Зауал-Индетінді молайттың –  
Қара Жер емеспін ғой,  
Құдай!

Шер-Шеменімді зорайттың –  
Қатқан Көн емеспін ғой,  
Құдай!

Жүрек-Қанымды қарайттың –  
Қалаулыңнан кем емеспін ғой,  
Құдай!

Соқа Басымды сорайттың –  
Мен – Сен емеспін ғой,  
Құдай!..



Табиғатымның киесі —  
Қыр-арқамды сүйейтін  
Жар болар ма деп едім?!  
Шаңырағымның иесі —  
Ауырымды тиейтін  
Нар болар ма деп едім?!  
Таланың ба тиесі?! —  
Тағдыр оғы бұйырып,  
Қыршыныңнан қиылып,  
Ғайып болдың, бөбегім...  
Түп-тамырым солғанша  
Хош күтем әр тараптан —  
Жанға шипа болса-шы?!  
Жалғызымды алғанша,  
Жазмышы тылсым жаратқан —  
Жанарымды алса-шы?!  
...Оң-солымды қарманып,  
Екі көзім көр болса —  
Көңілге тыншу орнарға?!  
Тірідей өлдім зарланып —  
Мұнарымды алғанша,  
Құдай,  
Мені алсаң болмай ма!..





Атын жаттап туғалы,  
Түстім Хақтың жолына.  
Уақыт көшін қуғалы,  
Қалам алдым қолыма.

Ара-жігімді айырдым,  
Күндіз-түні сиынып –  
Кәлимамді қайырдым,  
Иманымды үйіріп.

Сәждеден бас көтермей,  
Сарасына айналдым.  
Осынша ойран етердей,  
Неден жаздым –  
Қайранмын?!

Танудай-ақ таным ем,  
Неге түрпі тиеді?!  
Жудым жүрек қанымен,  
Аққа жұққан күйені...

Тегі Сүйген Құлына,  
Батыра ма тізесін?!  
Ала бермей қырына,  
Қисайтқанын түзесін!

...Арзамды айтып жылаймын,  
Білмедім –  
Не күнәм бар?!  
Ұлымды алған Құдайдың  
Қарыны тоқ па –  
Сұраңдар!..



Мұз құрсанды сезімім,  
Басып көңіл аптығын:  
Қайыңның беріш безімін,  
Қарт Еменнен қаттымын.

Күні туды қайғының,  
Көленкесі зорайып:  
Неге болсын сайлымын,  
Жан мен Тәнім қарайып...



Жер менен Көк астасып,  
Өмір өкпесі қабынды.  
Алтын Күнім қоштасып,  
Дүние есігі жабылды.

Өшіріп жанған шырағын,  
Би-Патыма-Ана жылады.  
Мерт болып кенет Мұнарым —  
Ғұмыр-Мұнарам құлады...

Табиғаттың ілкі сыйлығы —  
Тегі — шын асыл таза-ды.  
Алладан келді Бұйрығы,  
Адамнан болды Ажалы!..



Бәрі-бәрі де  
Қолында емес пе?!  
Ұзады әріге,  
Айналды елеске...

Ұлымды алғаның —  
Ұрқымды алғаның.  
Қобыздай күңірендім,  
Қурайдай сарнадым.

Танып есімнен,  
Таусыла жыладым.  
Теректей кесілген,  
Серейіп құладым.

Мынау — жатқаным,  
Жатып не айтамын?!  
Неге қақпадың,  
Түрткенде шайтаның!

Сүті адал — Ананың,  
Менің — бейнетім...  
Көз жазбай қарадым,  
Көрем деп зейнетін.

Теріс көрмедін,  
Шүкір, құр қоймадың.  
Мүшелге келгенін  
Былтыр тойладым.

Сүйдім бетінен,  
Әшәуін иіскеп...  
«Екі Жетімен»  
Бітуі тиіс пе ед?!

Айтшы не істейін,  
Періште күйде еді.  
Туды да көш кейін,  
Кетті ілгері...

Қусам жетем бе,  
Ғайыбым – Мұнарға?!  
Қинамай бекерге,  
Жаным шығар ма?!

Кезім келді ме –  
Кебін тіледім?!  
Қимайды өлдіге –  
Аталық жүрегім!

Тыным таппаймын,  
Тұрмай қолдыаяққа.  
Сақтансаң сақтаймын  
Дегенін қаяқта?!

...Жөн...  
Жөн-ақ.  
Жөн ісің,  
Аз сабыр қылайын.  
Жаксылық кенісің,  
Жарылка, Құдайым?!

Тәңірсіп талайың,  
Тілін тістеген.  
Қанша дөй болайын,  
Сенен күшті емен.

Шыбығыңа шыңғырдым,  
Тәубе еттім таяғыңа –  
Қолқама құм құйдым,  
Тас байлап аяғыма!..



Қуанышыңды қалап ем,  
Қайғынды бердің, Құдайым.  
Сабырлық етіп санамен,  
Шыдайын, шүкір қылайын.

Шымырлап тас емшегім  
Иігеніне – шүкірлік.  
Келте ғұмыр кемше күн  
Сүйгеніме – шүкірлік.

Өксігіме буынып,  
Қай датымды айтармын?!  
Қызбай жатып суынып,  
Бергеніңді қайта алдың.

Қаралы тон дерт еміп  
Кигеніме – шүкірлік.  
Тозағына өртеніп,  
Күйгеніме – шүкірлік...

Қарағымның артында  
Қалғаныма – шүкірмін.  
Талайыңа – талқыңа –  
Тағдырыңа түкірдім!

Шүкір!  
Шүкір!  
Арыстай  
Ұл бергенің – рас-ты.  
Темір текті талыстай,  
Кеңге жайдым құлашты.

Келіп тірлік оясы,  
Толады орта-кемісім.  
Жанның мұнар саясы  
Мәңгі тірі мен үшін.

Жүрегімде – тұрағы,  
Өлгені оның – Өтірік:  
Май ішкендей қылады,  
Берекемді кетіріп!..



Жалғызым,  
Жарығым,  
Ерте өштің де –  
Нахақ налыдым,  
Қалмады ес мүлде...

Салдың азапқа,  
Күйдік, күйредік –  
Сенсіз тозаққа  
Етіміз үйреніп.

Қарайды бетіме  
Анаң жалтақтап.  
Қандай ниетіме  
Басым қалтақтап –

Жалқы сенделіп  
Қалдым, білмедім?!  
Бәлкім, пенделік –  
Өмір сүргенім!

Тұяқсыз мәні не?!  
Ішім күйеді –  
Ойша тәніңе  
Ернім тиеді.

Мұнарт,  
Мұнарлан,  
Жарық ай-мандайын...  
Шығып құмардан  
Сүйем әрдайым.

Басы-көзіңнен  
Қалдырмай сүйемін –



Енелік сезіммен  
Емшектей иемін.

Бекіп, қайралам,  
Мінәжат қыламын —  
Жәй түсіп жайраған,  
Шыңдағы шынарым.

Табысам шұрқырап,  
Жұмақ-бейішім —  
Жалбыздай бұрқырап,  
Нәресте иісің...

Кеудеме басамын  
Құлын мүшенді —  
Қайтіп ашамын  
Ғайып кісенді?!

Уһіле,  
Аһыла...  
Ойша...  
Бәрі ойша...  
Көз жазып қапыда,  
Айрылдым қалайша?!

...Мәңгі жоғыңды  
Сеземін...  
Білемін...  
Бастым тоғымды...  
Жададым...  
Жүдедім...



Құр жанымды кинадын,  
Не келеді қолымнан?!  
Кең дүниеге сыймадым,  
Мұнар,  
Сенің жоғыңнан!

Қырға шықсам –  
Жылаймын,  
Ойға түссем –  
Жылаймын.  
Жатсам-тұрсам еңіретіп,  
Несін алдым Құдайдың?!

Неткен тайқы пешенем,  
Мендей зарлық тумасын.  
Ағыл-тегіл көшемен  
Қаңғырады қу басым.

Өткенге де қараймын,  
Кеткенге де қараймын.  
Жарасын қапқан қасқырдай,  
Өзімді өзім талаймын.

Аш өзегім талады,  
Таусыламын торығып.  
Үнім де өшіп барады,  
Ұли-ұли қорынып!..



Қыларға іс қалмады,  
Таусылды ермегім.  
Кірген із бар дағы,  
Шыққанын – көрмедім...

Шалдығам,  
Шаршайым –  
Өлдім сағынып.  
Жерленген  
«Кеңсайын» –  
Құдды Магнит.

Тылсым тыныстап  
Тартатын секілді –  
Денем құрыстап,  
Бұрдым бетімді!..



Фәни қалыптан  
Кеттің, Мұнарым.  
Дүниежарықтан  
Өттің, Мұнарым.  
Періште кейпіңе  
Сонша зарыққан  
Әкенді шын ғарып  
Еттің, Мұнарым.  
Жан даусың ашынған...  
Тарс бітті құлағым.  
Тартылды тосыннан  
Өмір бұлағың...  
Құдайдан – Құдіреттен –  
Тәңірден бас ұрған:  
Тек үміт отымның  
Өшпеуін сұрадым.

...Бас қатты,  
Іш кеуіп –  
Құр өгізкүштеніп.  
Өгейсіп Жер мен Көк –  
Өліктүстеніп...



Сипап туғыздым,  
Ата-Тегің – Мен.  
Аққан жұлдызбын –  
Шырқау көгінен.

Сылап өсірдім,  
Жазығым не менің.  
Кемірген есілмін,  
Қайғы шеменін.

Сүйіп жерледім,  
Жүрек жарғаным –  
Жоғалған керуенім  
Зайыр арманым.

Болғаны осы ма,  
Болмыс-көресің.  
Көздің жасына  
Түншықты елесің...



Мені құрбан қылмас па еді,  
Турасында Күдірет?!  
...Екі дүние тұрмас сені  
Иіскегенге бір рет!

Өксіп өмірі қаңыраған,  
Һауанаңның – сорысың!  
Әкең – бейбақ аңыраған:  
Тұр орныңнан, сол үшін?!

Бақилыққа бермей мұрсат,  
Көтер басты,  
Жалт қара?! –  
Хақ Пайғамбар жебеп, жұмсап,  
Қолдар Пруақ – мәрт дана...

Жалт қарасаң –  
Кетер едім  
Желдеп,  
Жазып бауырды...  
Қалай жалғыз көтеремін  
Жер қайысар ауырды?!

Құшағыма алар едім,  
Қалмапты айла-амалым.  
Жата қалып жалар едім  
Етігіңнің табанын.

Естен тана екіленіп –  
Ертелі-кеш жоқ дамыл.  
Соғып жүрек –  
Не тіленіп –  
Езіледі ет-бауыр...

Күн жанарлы,  
Ай жүзінді  
Көрмей зарлап мәңгілік –  
Сүйретумен қайғы-зілді  
Өткенім бе мәңгіріп?!

Қор етпей-ақ қайран қылып,  
Миымды да су қылмай –  
Қара тасқа айналдырып,  
Қатырмас па Қу Құдай!

...Падишасы Мархаббаттың,  
Жан-Тәнімнің Тәңірі,  
Саған деген Махаббаттың  
Тым әріде – Тамыры!

Зеренімде зар тұнады,  
Мұндай тағдыр жазбасын.  
Көк шарасын толтырады  
Налып аққан көз жасым.

Жазатайым келмесін бұл  
Дұшпанның да басына...  
Әке өлерін,  
Өлмесін Ұл –  
Жаздым Құлпытасыңа!..



Құс ілмеген сұңқарым,  
Мұз құрсаңған темірмін.  
Түсінбеген іңкәрім,  
Күйтұркысын өмірдің.

Ұянда үш түледің,  
Ұрынбадың теріске.  
Алып-ұшқан жүрегім  
Айналғандай берішке.

Тас табаным ойылды,  
Шоқ қарыған тандырдай.  
Таза ұстадым бойыңды,  
Шаң-тозаңға алдырмай.

Таяктасаң күркеден  
Шықпайтын ит жаным-ай...  
От басқандай үркек ең,  
Оң-солыңды танымай.

...Қорықпай қалай жатырсың,  
Менсіз, әзиз анаңсыз —  
Белін буған батырсың,  
Бұ дүниеден алаңсыз...





Қүдіретсіме,  
Хаксыма,  
Неге керек ісіңу?!  
Қолыңда, рас, жаксыға –  
Жайдың оғын түсіру!

Талайды естен танғыздың,  
Намақұл-ды бөсіңу?!  
Еркін,  
Құдай,  
Жалғыздың  
Жанған отын өшіру!

...Дегенменен,  
Пендеңнің  
Тасқа шаппа таланын:  
Табиғатымды меңгердім,  
Бұздым тылсым қамалын.

Жаманымды кісендеп,  
Жатқа құлпын ашпаймын.  
Жалп еткізеді екен деп.  
Жаксарудан қашпаймын.

Ой-қиялым күшінде,  
Құс-қанаты талмастай –  
Кіл жасықтың ішінде  
Жарқылдаған алмастай –

Жырдан таптым жарасым,  
Отқа, суға сала ма?!  
Алсаң – жанымды аласың,  
Жалғызымнан Садаға!..



Атаңды қайтем көп мінеп,  
Уы жоқ оның ішпеген:  
Артынан шықса – тепкілеп,  
Алдынан келсе – тістеген...

Менің де жоқ сияқты  
Құдай сүйер қылығым –  
Белден бастым ұятты  
Сорға сепкен ұрығын.

Қампиттым сыртқа түгімді,  
Жасырып ішке жарамды.  
Түнге тең күнім бүгінгі,  
Ертеңім – тастай қараңғы.

Сан соқтым саяқ қалпымда,  
Күзелді жал мен құйрығым,  
Қалдырмай қара артында,  
Алдыма түскен жүйрігім...



Заманнан ба,  
Адамнан ба,  
Білмедім –  
Кең дүниеге келмей жатып кірледім,  
Өмірім өмір емес менің –  
Өң бояу,  
Бәрі жалған:  
Жылағаным,  
Күлгенім...

Табиғаттың тартылғандай тауаны:  
Ауа дейтін  
Ауа да жоқ дауалы.  
Күн көзіне көк шыбыны үймелеп,  
Жерге жаңбыр жаумайды –  
Зәр жауады.

Басқа салды  
Уақыт аса қиынды,  
Су ішкеннен  
У ішкенің – тиімді.  
Дала зары,  
Тас қаланың у-шуы –  
Аздырады,  
Ашытады миынды.

Төрт құбылам тарынады сұрланып,  
Түрмедемін –  
Тірлік қылам тырбанып.  
Тарыққан сәт зар боп бағы кезіме,  
Тереземнен ай қарайды ұрланып...

...Ай қарайды алаң күйде жоғыма...  
Душар болдың оқыс зауал оғына –  
Ай орнына, сен карасаң,  
Жалғызым,  
Бар шығар ем ашыма да тоғыма!..



Жұбанбасыма шарам жоқ,  
Шоқ бастым қызыл тіліме —  
Тынардай түбі қараң боп,  
Мағынасыз, мәнсіз дүние.

Жүрекке түсіп тас қылар,  
Салқын сананың сәулесі.  
Жер бетіндегі жұмырбастылар —  
Жаратушының құр әуресі.

Шырайлың менен шұрайлың  
Көсемсіп көңілін демдейді —  
Тәж киген жалған құдайдың  
Қолынан боқ та келмейді.

Аптықпа тұрқы бастықпа  
Тұзы сор, еңбегі еш кедей —  
Жарғақ құлағы тимей жастыққа,  
Жортады ерте, кеш демей.

Кездейсоқ ауыр-жеңілден  
Жейді де таяқ-тоқпақты —  
Түйсіксіз соқыр сеніммен  
Қуады тынбай жоқ Бақты...

Тәңірмен өзін тең көрер,  
Аяғына тұрып алғасын —  
Сезбейтін нәкәс пенделер  
Жазмыштан озмыш болмасын.

Қаперсіз қимыл,  
Қау дене —  
Санатында едім солардың.

Келтіріп, ұлым, тәубеме,  
Көрген түсімдей жоғалдын.

...Сарғайған күзін өткеріп,  
Күткендей ақыр ызғарын –  
Табиғат қызығы шектеліп,  
Тиесілі таусып тұз-дәмін.

Танымның тарғыл мысығы  
Тырнайды жанның жарасын –  
Уақыт қысының үсігі  
Шалардай Адам баласын!..



Нахақ құрбаны –  
Мәрт балам,  
Бір жасайды елменен –  
Тас емшегімді иіткен  
Перзентке тән қылығың.  
Періште қанат,  
Ақ табан  
Жебей соққан желменен  
Туымдас тегі түбітпен  
Желкілдейді тұлымың...  
Тауаным болар тартпаған,  
Көресім шығар көрмеген –  
Құйқасы көмір күйіктен  
Артындағы суық тірімін.  
Ақырға иек артпаған,  
Ақынның жыры өлмеген –  
Жаратқан жар-биіктен  
Салғанмен ажал құрығын...  
Құдайым ондап хақтанса,  
Аруақ қолдап қуаттанса,  
Болмысымды ақыл тақтанса,  
Қыдыр дарыса,  
Бақ қонса,  
Ұстанған жолым ақ болса:  
Ұлы Қайғыммен –  
Иісі Қазақтың  
Қалың ұрпағы құлақтанса –  
Өлмейсің сен де, Құлыным!..



Үлкенге ғайыр кішік ең,  
Кішіге құрақ ұшып ең –  
Ұғымың үйлесе алмады  
Құдайдың құдірет күшімен –  
Сен өлмей,  
Кім өлсін,  
Мұнар?!

Сырдың жалбызы едің,  
Жырдың жалғызы едің –  
Қоғамның тозғынына кез болдың,  
Адамның азғынына кез болдың –  
Сен өлмей,  
Кім өлсін,  
Мұнар?!

Маңдайың жазық еді,  
Жүрегің нәзік еді –  
Жақсыны көре-білгенге  
Жан байлығың азық еді –  
Сен өлмей,  
Кім өлсін,  
Мұнар?!

Адалдан тудың,  
Мұнар!  
Ақ жолын қудың,  
Мұнар!  
Көл болған көз жасыма  
Қанды көйлегінді жудым,  
Мұнар!..  
Қайтейін...



Бересінді – бердің,  
Аласыңды – алдың.  
Құл екенімді көрдің,  
Құдай қалпыңда қалдың.

Құдірет-Күшің хақтанып,  
Басыма қайғы салды:  
Қарынымды ақтарып,  
Жүрегімді жарды...

Неге маған келгенде  
Төреліксіз төтенсің?!  
Күйдемін құр шерменде –  
Енді, не етер екенсің!..





Фәни жалған сорлысы –  
Жапа шеккен жалқымын.  
Табиғаты-болмысы –  
Тайтұяқ саф алтыным.

Жоқ күйіңнен шошынып,  
Уланамын буыңа –  
Зар-дауысым қосылып  
Дүниенің шуына.

Сөз жезіне жұбанбай,  
Бездей суый бастадым,  
Қарашұбар жыландай  
Бауырыма басқаным.

Құт бергенім қойныма,  
Өтелмесе төлемің –  
Жалғыздықтың мойнына  
Оратылып өлемін!..



Жарық күнін Сананың  
Күмән бұлты жасырды.  
Табытыңа қарадым –  
Жүдеп жаным ашынды.

– Өлді! – деді хас надан,  
Қапыл топас қоштады.  
Қас-қабағын ашпаған  
Қан құсты Ақын Аспаны.

Түнегінде қайғының  
Жарқылдаған жатты Алмас.  
– Тірісің, – деп, – Айбыным! –  
Жүрегім тіл қатты алғаш.

Байтақ өлке,  
Бай танап  
Тіксінісе қарады...  
– Тірі! – деді қайталап,  
Солған Гүлдің Сабағы.

Төңірегіме,  
Құдірет,  
Таңырқана қарап ем:  
– Тірі!  
– Тірі!  
– Тірі! – деп,  
Күңіреністі Бар Әлем.

...Содан бері, Құлыным,  
Өлгенің жоқ мен үшін.

Мен де әзірге тірімін,  
Тарттым жырдың желісін.

Бітпейді әкең бір ісі  
Ойша өзінмен кеңеспей.  
Өлу деген — дұрысы —  
Көрге түсу еместей!..



«Алып-ұшқан жүрегі  
Андатқандай талайын.  
Болайын деп тұр еді» —  
Деді ілкі ағайын.

Күлден хайыр күтпесін  
Отқа түскен көбелек —  
Артың жаман біткесін,  
Жақсы болып не керек?!

«Сай қылғандай күтімі  
Ажары мен ақылын —  
Бөлек еді бітімі»—  
Деді алыс-жақыным.

Хош! Хош делік! Хош делік!  
Құр хоштықтан не шара?!  
Кейпім —  
Қорқұстөстеніп  
Қайғы жұтқан бейшара!

«Ұқсайды жас кезіңе  
Ерке бұлан пішіні...» —  
«Тура тартқан өзіңе  
Көзінің де қысығы...»—

...Деді бәрі...  
Алайда,  
Тарқамады құмарым.  
Сөз септікке жарай ма,  
Сағындым ғой, Мұнарым?!

...Бұзылды сан бекініс,  
Еске түсті кез неше:  
Өмір бойғы Өкініш —  
Өлер Бала — Өзгеше...



Аруактай арыдым,  
Тұл кейпіне ендім де.  
Білмей далмын әлі күн –  
Өлген сен бе,  
Менмін бе?!

Қан ба,  
Әлде,  
Сүйек пе –  
Жатсың, ұлым, не біліп:  
Мұнартып Көкжиекте –  
Көк шалғынға көміліп!..



Қанжылап,  
Тек іштей тынамын:  
Қаз тұрдың...  
Тәй бастың...  
Құладың!  
Қабіріңнің басындағы Құлпытас –  
Көлеңкесі күн жапқан күнәмін!

Түсініктен тысқары еркіңмін –  
Өмірге ықтиярсыз келтірдім.  
Өмірге келмесең –  
Өлмес ең,  
Яки,  
Сені – мен өлтірдім!

...Түгіне түсінбей Дүние-Құбылдың  
Мүшелден астың да жығылдың:  
Көзін шел басқан түпсіз Шыңыраудан –  
Шарасыз шаң тартқан Шығырмын!..



Ойлап,  
Жоқтап,  
Ойбайлап,  
Ауатындай жиі есім –  
Бозөкпе боп борбайлап  
Бос қиялдың биесін –

Құр елесті қуамын,  
Тұзым – сор да,  
Еңбек – еш...  
Жанымның Күн-Шуағын:  
Мен де кештім,  
Сен де кеш?..



Адам түрімді жоғалттым,  
Қара, сұрыма?!  
Неге нала – оқ аттың  
Сүйген құлына!

Шыққан шидей қотырмын  
Желдің өтіне.  
Қарай алмай отырмын  
Елдің бетіне.

Өгей қалпы бейтыным  
Көңіл хошына –  
Оттан ыстық дейтұғын  
Өмір осы ма?!

Жер еткеннен шошыдым  
Жырдың егесін.  
Өмір болса – осының,  
Ұрдым енесін!

Жалғыз ұлдан айырдың  
Қызғын шағымда.  
Шоқ шайнаған шайырмын  
Мұз құрсауында.

Көмейіме қорғасын  
Құйдың қорытып.  
Жалқынға алтын қор басым  
Түсін жорытып.

Есін әрең жиғанға  
Ненің желігі?!  
Иван мінез Иранға –  
Иттің өлімі!..





«Атаның көңілі балада-ай,  
Баланың көңілі далада-ай» –  
Далада қалған баламды  
Таба алмай естен танам-ай!

Жасырған жоғын талайдың,  
Күн салып қырға қараймын.  
Ханзадасынан айрылып  
Қаңыраған патшасараймын.

Қайғымның тісі – күректтей,  
Тал-түсім – кара түнектей...  
Алтын тағымның иесі-ау,  
Оралсаң етті жүдетпей?!

Қиынға салды құдайым,  
Құрт жеді жанның шұрайын,  
Ақсирақ қылмақ артының  
Хайырын жылап сұрайын!..



Қажалып зілден тақымы  
Белі құнысқан сұраумын.  
Болар ма кеніш ақыры  
Жазықсыз еңіреп жылаудың?!

Тыныс-демімді тұмшалап,  
Тауқыметі тартып тереңге –  
Құлбілтеленіп күн санап,  
Зарығып зарлай берем бе?!

Көрер ме көңіл наласы –  
Көзімнің жасын бұ құдай?!  
Ол дағы Адам баласы –  
Атып өлтірген сұмырай!.



Шырылдаған шындықтың —  
Соқыр тиын бағасы.  
Ұйытқысы сұмдықтың —  
Алтын тонның жағасы.

Ұйып қаным қойылған,  
Сарыуайым — жегенім.  
Оңай тоқты союздан —  
Кісі өлтіру дегенің!



Теспей терімді іреді,  
Бауыздады қанатпай.  
Тірлігімнің тірегі –  
Ботамды атты,  
Мені атпай!

Қалталы мен қарынды  
Төбелері көк тіреп –  
Намысымды,  
Арымды  
Қоса көмді тепкілеп!..



Жан-шырағым,  
Оң мен солың теңелмей,  
Жазығың не –  
Мұншама ерте сөнердей?!  
Сұм дүниенің  
Бөккен бақ пен сорына  
Мен өлуім керек еді,  
Сен өлмей!

Ғайып болдың –  
Не сезініп,  
Не біліп?!  
Нәсіп – солай деу де –  
Жансак,  
Жөгілік!  
Кері кетіп алға басқан аяғым,  
Бүкіл өмірім бара жатыр шегініп!

Жас өле ме,  
Кәрі өле ме –  
Бимәлім,  
Өлдің –  
Тайқы маңдайыма сыймадың!  
Жер үстінде құр сүлдерім ғана жүр,  
Күні бұрын көрге түскен Иманым!..



Жер басқанға қызынып,  
Мас болады – бірісі.  
Барған сайын бұзылып,  
Ластанады – бірісі.

Адам менен қоғамның  
Айырмасы нольге тең:  
Таза мұндар боп алдым –  
Кем құрсақты, кең көтен.

Емсіз дертке ұрындым –  
Рухани көрсоқырмын:  
Құр қарманып –  
Ұлымның  
Өлігінде отырмын!..



Сыймайды еш өлшемге  
Бұл сұмдықтың пошымы —  
Бар пәленді берсең де,  
Берме деп ем осыны!

Қоңыр қозым көгенде  
Жан тапсырды буынып —  
Азабын мен шегем бе,  
Жеребенді суырып?!

Ботам жардан жығылып,  
Мерт болды да — боздадым.  
Түсінбедім ұғынып,  
Жалған  
Жазмыш-Жазғаның!

Балапаным ұямнан  
Безіп, түстім сарсаңға —  
Мұныңды оң дей алман,  
Қанша —  
Құдай болсаң да!

Құлады Алып Мұнарам —  
Мұнар,  
Мұнар,  
Мұнарым...  
...Қорықпан кәрің-күнәдан —  
Туралығын сұрадым!..



Қауырсыннан жеңілмін,  
Қорғасыннан ауырмын.  
Өлім – Шыңы Өмірдің,  
Шың-Бейнеңді сағындым.

Сау тәнімнен ығамын,  
Бейне бездей шошыған.  
Қайтсем шынға шығамын –  
Қатарыңа қосылам?!

Жылаңқы үнім жетер ме,  
Қаймананың бірімін?!  
Жаным шықпай,  
Бекерге  
Қор қылды ғой, құлыным.

Қапыда алған қайғы-мұң,  
Езіп күн-түн еңсемді –  
Асыл күйден айныдым,  
Демім бітпей өлшеулі...

...Құзарыңа тамсанып  
Қарай берсем – болғаны:  
Өзіме өзім қол салып,  
Күпір болу – қалғаны!..





Жүдеп жүрек-байғұсым,  
Сазға отырдым –  
Сарнадым –  
Жаным сүйген қайғысын  
Жылап тауыса алмадым.

Көңілімнің наласы  
Айналғандай теңізге –  
Адамзаттың Баласы  
Азабымен егіз бе?!

Тағдырынан шошынып,  
Түгел бірін көргем жоқ.  
...Мен жыласам –  
Қосылып  
Егіледі Жер мен Көк.

Бұ Дүниені тәрк етіп,  
Тастап,  
Лағып кеткім бар.  
Мұңлы жырдың зарпы өтіп,  
Жер де – Мұндар,  
Көк – Мұндар!

Бірі –  
Азып жылайды,  
Бірі –  
Құлазып жылайды:  
Күн көреді қалайша  
Мұндарлардан былайғы?!



Тигендей қуат-күшіме  
Жалғызымды жоқтау ұдайын —  
Қайран да қапыл ісіне  
Күйгендей кейіс Құдайым.

Тағдырым да налып,  
Дейтіндей:  
«Ауруын қой да,  
Сауын бақ!..» —  
Уайымымды шындап жейтіндей,  
Көзімнің жасын ауырлап!..



Онсыз да екі етілмейтін әмірің,  
Тезге түскен туралықтың намымын.  
Жан тұтынған жалғызымнан айырып,  
Жарық күні жай түсірдің, Тәңірім!

Ерегімді –  
Терегімді құлаттың.  
Есімді алдың,  
Еңіреттің,  
Жылаттың.  
Қасіреттің қорғасыны құйылған –  
Мәңгі меңіреу –  
Қалқиған төрт құлақпын!

Қызықтай бер  
Жұрттың алшы-тәйкесін,  
Сүйген Құлын  
Жия алмайды қайта есін.  
Жетесізге  
Жұдырық боп түйілген  
Өз қолыңды өзің кестің,  
Қайтесің!..



Бір Алланың Бұйрығы:  
Құлы болған сиынып —  
Солды көктем сүйрігі,  
Қыршынынан қиылып...

Көтермеді жаз басын,  
Қуанышын ұрлатып —  
Дүниенің көз жасын  
Күн шуағы құрғатып!..



Түп-төркініңді ойладым,  
Қалғаным жоқ аянып:  
Келмесіне қоймадым,  
Тобақазығымды таянып.

Сорымбысың,  
Бақысың?! —  
Төріме кеп жайғастың:  
Тірлік тосты тәттісін —  
Қаз тұрдың да,  
Тәй бастың.

Бауырынды көтердің,  
Азапты өмірің басталып...  
Шын-ақ сорлы екенмін,  
Қалдым қайғы жастанып!

...Көз жасымнан жерің бе,  
Құрғапты, ұлым, жөргегің?! —  
Бар қызықты көрдің де,  
Жар қызығын көрмедің!..



Киелі атамекенім –  
Бауыр басқан ұямдай,  
Қорқып қалш-қалш етемін,  
Адам түрімді қия алмай.

Хақтың жолын қаладым,  
Аулақ қашып күнәдан.  
Қамдап қару-жарағын,  
Баламды атқан жүр аман.

Қылмысынан құтылып,  
Кердең-кердең етеді –  
Парақор ит құтырып,  
Түбімізге жетеді.

Көксөкқырдың айласы-ай,  
Сан қиянға салады –  
Шіркін, қалай сайма-сай,  
Заманына амалы?!

Менің тірі күнімнен  
Күні ілгері өлгеннің.  
Жаны сірі сіңір ме ем,  
Қайтіп шыдап келгенмін?!

Жарық нұры жалғанның  
Жалғыз ұлдан қымбат па?!  
Осынша уақыт алдандым  
Мағынасыз сұңғатқа!

Енді, несіне тайынам,  
Тірлігінен түңілдім –  
Артық тілсіз хайуан,  
Тексізінен Бүгіннің!..



Кешемін бе,  
Кермін бе,  
Түбімді аршып қазамын:  
Өлуін —  
Сен өлдің де,  
«Өлеңін» мен жазамын.

Өксіп өмірім бұғынды,  
Шейіт кеппен шендесіп.  
Сен кешетін ғұмырды,  
Обал болды-ау,  
Мен кешіп.

Тағдыр тосын зарлатты,  
Бармағымды тістедім.  
Сен ішетін шәрбатты,  
Қылмыс —  
Менің ішкенім.

Сен баратын жерлерге,  
Қара басты,  
Мен барып —  
Орта жасқа келгенде,  
Іш дәретін қамданып...

Сен көретін қызықты  
Не бетіммен көремін?!  
...Ойбай,  
Ойым бұзықты —  
Ұлым,  
Қашан өлемін!..



Құр қайғыра беруде,  
Расында,  
Не мән бар:  
Жаратылған өлуге —  
Жерде туған Адамдар!

Жан тауып шын егесін,  
Ажал құрық салмас па?!  
Пендемісің —  
Көнесің,  
Құдай болсаң —  
Жөн баска!

Дүние-бокка тоқсырап,  
Аш қалпыма қол салма?!  
Жұмылмас көз жоқ, шырақ,  
Жүз жыл Патша болсаң да!

Ертелі-кеш тәубеңе  
Келуін бір келесің.  
Тағдыр салып әуреге,  
Көресінді көресің.

Алған демің —  
Шығады,  
Жеңілісің —  
Жеңісің.  
Қуып көрге тығады,  
Өрлік керек —  
Сол үшін...



Мұң қапасын мекендеп,  
Кең жиһанды тарсынып –  
Ұлымды алды екен деп,  
Жасамайын қарсылық.

Көз жасымды тияйын,  
Кетпей тұрып ауышып.  
Есімді де жияйын,  
Есен күймен қауышып!..



Айы,  
Күні – көгінде,  
Төрткүл дүние дін аман.  
Менің жаным –  
Иегімде,  
Жаттан медет сұраған.

Қоғам қайта қағынып,  
Жүрегіме оқ атты –  
Жаудан бетер шабынып,  
Сенімімді жоғалтты.

Жер де – тыныш,  
Ел – тыныш,  
Дала да – сау,  
Қала да –  
Әлек салды қорқыныш  
Үрейі ұшқан санама.

Қарадай кеп ұрынды,  
Қаптылына шаршаймын –  
Тегін бердім ұлымды  
Топырағына Кеңсайдың.

Қылтамақтай жүдеумін,  
Іштің дерті молайды...  
Біреу  
Жоғын біреудің  
Түйе үстінен карайды.

Қарайып  
Қаным қайнады,  
Қайтем,  
Көндім азарға –

Үйімдегі сауданы  
Нарық бұзды базарда.

Қиянаттың ащысы –  
Меселімнің қайтқаны –  
Мекемемнің басшысы  
Елеп,  
Көңіл айтпады.

Қарным ашты сұрына –  
Сазармай да көгермей:  
Өзі коса ұлына  
Неге өлмейді дегендей!

Мұң шағамын таусыла –  
Оты өртеді мазақтың!  
Құн қалмаған-ау,  
Сірә,  
Ақынында қазақтың?!

Жәреукемен итініп,  
Қай біріне жағармын?!  
Өлген қойдай үйтіліп,  
Болмағаны-ау бағамның?!

Кішірмейтін күйге еніп  
Одағымның үлкені –  
Қасіретімнен именіп,  
Бетін қолмен бүркеді –

Басылмаған арыны  
Бауырынан жаранып –  
Ұлттың шала дарыны  
Шекесінен қаранып!..



Бәрі –  
Өзіңнің әмірін:  
Тууы мен өлуі.  
Қолыңда тұр,  
Тәңірім,  
Алудың да беруі.

Бір мен емес шығармын.  
Қабыл хайыр кесесі.  
Мыңға татыр Мұнардың  
Кіммен толар есесі?!

Жылап тұрып сұрадым,  
Тілегімді бер-сана?!  
Сұрап тұрып жыладым,  
Көз жасымды көр-сана!

Алатындай ырқымды  
Ұлым жатқан мұздай көр.  
Берер болсаң –  
Шырқымды,  
Шаттығымды бұзбай бер?!

Үрлеп ішеді емес пе,  
Ауызы күйген қашанда?!  
Түсе алмаймын егеске,  
Қарасармысың?! –  
Қасарма!

Беріштеніп,  
Бекініп,  
Таязсынып,  
Тартынба?! –  
Өгіздейін өкіріп  
Қалар болсын артымда!..



Құранның аят-сөзіндей  
Қыран-бейнеңді қорыдым.  
Соқырдың шыққан көзіндей —  
Үңірейеді орының...

Жел тигізбедім жүзіңе,  
Өтінен жырақ ұстадым.  
Табынтып  
Бақұл ізіңе —  
Баяндап бақыт құшпадың?!

Күн түсірмедім қорғалап,  
Жанымның шуағын түсірдім.  
Қарағым-дап,  
Қалқам,  
Қарға-лап,  
Ұяңнан ылажсыз ұшырдым.

Мұнартып,  
Кеттің келмеске,  
Жазылмай кеңге құлашың.  
...Ажал-ит  
Қорыған жерге өш пе,  
Білгенің айтшы расын?!.



Мұнар,  
Мұнар,  
Мұнарым...  
Қиял еңбегі ойылып,  
Тәңірден таупық сұрадым –  
Тоба қылдым да  
Тойынып.

Тойындым...  
Тойдым –  
Май қапқан  
Сүбесіне қалың қайғының.  
Зығырданымды қайнатқан  
Талант шұрайынан айныдым.

Сорымды сопақ астауға  
Сорпаша құйды сапырып –  
Артығымды сылып тастауға  
Астыртын алқа шақырып...

Сілемді тастай қатырған  
Тағдырымнан таза жерідім.  
Кепті ішім ақын атымнан –  
Тірі күнімдегі кебінім.

Төтеннен тамұқ отына  
Қанат-құйрығым шарпылып –  
Күн туды текті затыма,  
Тереңі түптен тартылып.

Таусылып...  
Тықыр таянды,  
Аясыз асыл азбас па?!  
Болсын деп ақырым баянды  
Боздаумен шалдым бозқасқа!

Тауқымет төрінде шолжайып,  
Төзімнің қарыны жарылды.  
Құранымды оқып,  
Қол жайып,  
Құрадым жоқтан барымды.

Жүрегім –  
Қасірет құрбаны –  
Қан құсқан құбыжық сезімсіз.  
Өлімнің Бесік-Құндағы –  
Өткен Өмірім –  
Өзіңсіз!..



Салды тағдыр саралап,  
Қыл бұрауын тақымға –  
Жан-жүрегін жаралап,  
Обал болды-ау Ақынға?!

Дүние жарығы сөнгендей,  
Өткізеді қор күнін.  
Көрге тірі енгендей –  
Сораң күйі сорлының.

Бүлк-бүлк етіп көмейі,  
Табалап –  
Тауып байызын –  
Хас өнердің өгейі  
Қандырады айызын.

Жорта  
Жанай өткені  
Жеріп,  
Теріс айналып –  
Кергіп  
Керден кеткені  
Жаудан бетер жайланып –

Түбіне ақыр жетеді  
Түгел бұдан басқасы –  
Талтаң-талтаң етеді  
Торай ерткен шошқасы...

...Қайғысымен қаттасып  
Атқан таңның арайы!–  
Тотығады тат басып,  
Ішкі алтын сарайы.



Ашпай жұмған ауызын,  
Қан толтырып ұртына —  
Қасіретінің қауызын  
Шығармайды сыртына.

Батқан күнге жалқынып  
Сарғаяды санасы.  
Қиялында талпынып —  
Марқұм Мұнар баласы...

Айрылады еріктен  
Елесіне малданып —  
Байғұс бейбақ неліктен  
Зар кешеді алданып?!

Жаспен жуып ұдайы  
Өксік көмген өңірін —  
Қарасады Құдайы —  
Көншітеді көңілін!..



Жерініп естен танасың,  
Қорынып қаның қайнайды.  
Ұмытшақ Адам Баласын,  
Құр үмітке жіпсіз байлайды.

Туа сап қасірет шегеді,  
Шикілік түбі – әріде.  
Қисынсыз кәрін төгеді,  
Қарамай жас па, кәрі ме.

Болмасын дей ме ортағы,  
Қалардай арты ашылып –  
Қиямет жүгін артады  
Теңдесе кетсең тасынып.

...Дүние-жардан құладың,  
Қосылып көрге түспедім.  
Құл болдым кескен құлағын,  
Сен бар да –  
Құдіреті Күшті едім.

Бұл фәни – жалған... ашына –  
Оттан да ыстық өткенше.  
Тиеді таяқ басына  
Аяғына қашан жеткенше...

Тозбастан тағдыр-табаным,  
Өлдім деп, ұлым, өкінбе?!  
Дағдардым білмей не барын –  
Қызығардай Жердің Бетінде!..



Мен қараймын анаңа,  
Анаң маған үніліп –  
Күн сөнеді санада  
Тіршіліктен түңіліп.

Күдікке үрей қосады  
Үміттің су жүрегі –  
Иінімізді басады  
Жалғыздықтың түнегі...

Құр қармантып  
Қор қылды,  
Демігіп...  
Дір-дір етеміз –  
Толтыра алмай орнынды,  
Тарығумен өтеміз!..

...Жар-Төсектен безінген  
Адам-Ата – Һауана –  
Қашып қысыр сезімнен,  
Жайыламыз Ауаға...



Пенденнің кем-тар шағы бар,  
Жаратқан Ием,  
Сиындым.  
Іздегенім оңай табылар —  
Түйінін шешсең қиынның.

Жарылқа жарық күнімше,  
Қашаннан мол-ды қазынаң.  
Тектіңе тырнағы ілінсе,  
Жаңылмас жүрек сазынан.

Сарғайтып  
Сары алтындай  
Жеткізермісің мұратқа?!  
Бұлағы жырдың саркылмай,  
Бұрқансын —  
Ақынды жылатпа!

Көзінің жасын көр,  
Құдай?!  
Қайтарып жоғын бер,  
Құдай?! —  
Құлың боп өле-өлгенше,  
Қолдаушым өзің дер,  
Құдай!..



«Ағуз Білаһи мінашайтанірәжім  
Бисми-л-лаһи-р-Рахмани-р-Рахим...» –  
Таусылып  
Таппай лажын  
Қол жайып көкке тұр Ақын.  
«Құл һуа Аллаһу аһад  
Аллаһу-с-самад  
Лам йалид уа лам йулад  
Уа лам йакун лаһун куфуан аһад  
Субыхан рабина рабил ғизаты  
Ғәмма  
Асипун ослан мурсанин  
Әлхамду лилаһи рабби-л-аламин...» –  
Зары өтті Мұнар-баланың –  
Тілегімді,  
Тәңірім,  
Қабыл етіп,  
Пендеңнің оңғар талабын?!  
Аумин!..



## **АСПАН ЖЕРГЕ АЙНАЛЫП...**

**(Мұң-Нала)**



Қызымның рахатын —  
Ер көрді,  
Ұлымның рахатын —  
Жер көрді...  
Жырымның рахатын,  
Ылайым,  
Елім көрсін деп,  
Құдайым,  
Рахымыңды —  
Жылап сұрайын?!



Тарылуда заманым,  
Таусылуда амалы:  
Демі біткен ауаның  
Үрпінен у тамады.

Үптеді індет ғаламды,  
Күдікке үрей артылып.  
Ағын суды зар алды,  
Аяқ-қолы тартылып.

Тау бүрісіп бөріктей,  
Құты қашқан дала — арық.  
Мұзданады өліктей  
Аспан көзі аларып...

Тіршілік қан күседі,  
Алданар түк қалмады.  
Жүрегіме түседі —  
Жұмыр Жердің Салмағы!..



Ажал – мешкей-тосынын  
Ұлымды алды –  
Шошыдым.  
Өлі де емес,  
Тірі емес –  
Бейдауамын осы күн:

Дәрменімді құрытып,  
Бауырымды ірітіп,  
Қарынымды ақтарды,  
Ішегімді шірітіп;

Қос өкпемді туырып,  
Бүйрегімді қуырып  
Жеді...  
Жеді –  
Шикідей  
Жүрегімді суырып!..





Құдайдың,  
Жазған – Құлымын,  
Пайғамбардың – Үмбеті.  
Көп пенденің бірімін,  
Мінәжаты – міндеті.

Залалы жоқ кісіге,  
Сыртқа шықпай,  
Іседі –  
Қайғы зілі ішіме  
Зәрін жая түседі.

Тістенемін,  
Төземін,  
Тірі жанға білдірмей –  
Өртенеді өзегім,  
Кірпігімді ілдірмей.

Ажалымен келіскім  
Келмей,  
Тілсіз тергеймін –  
Аспан астын,  
Жер үстін  
Кезген талыс көрдеймін...

Қатып,  
Қаным ұйыды,  
Жүрек қабын тоздырып  
Жалғыз ұлдың күйігі  
Сүйек дертін қоздырып!.



Тосынға таңылдым,  
Қапылға ұрындым:  
Сарайы жанымның —  
Саркофагы ұлымның.

Қыршын жас өлімнің  
Көші өткен жұртымын...  
Қайсың бар —  
Көңілдің  
Бүтіндер жыртығын?!

Дүние — құбыл-шам,  
Жарығын жасырды.  
Кімің бар —  
Жығылсам  
Сүйейтін басымды!..



Тар кетекке тығылды  
Сағы сынған сұңқар-күс...  
Зарлап,  
Шаққан мұнымды  
Естимісің,  
Мылқау-күш?!

Шарадайын басымды  
Айналдырдың шақшаға.  
Шықпай жаным ашынды –  
Жұбатарлық жоқ шама!

Қайғым көнбей билікке,  
Қашырды бақ-құтымды...  
Ер қанаты – жүйрікке  
Артсам ба екен бұтымды?!

Ат үстінде – ой алаң,  
Күн қағады бетімді –  
Өлі ұйқымнан оянам,  
Қайта туған секілді?!

Қазан ұрған жыр-бағым  
Қараң қалу тиіс пе?!  
Тәннің жыртқыш-тырнағын  
Салсам ба жас іске!..

...Сом балғаның астына  
Түскен қара төстеймін.  
Албастың шын басты ма,  
Турасын айт –  
Не істеймін?!



Күннің көзін қайғы алып,  
Құдірет қылды тосынды:  
Аспан жерге айналып  
Түсті...  
Ойын осылды.

Түп-тамырым кесіліп,  
Қопарыла құладым.  
Ажал-сұмға өшініп,  
Өкіріп-өксіп жыладым.

Жан сезімі үйтілді,  
Ой күйігі пісіріп,  
Дүние – түлкі-итінді  
Жарытпадым түсініп.

Кейде бұлаң құйрығы  
Көңіліңді табады.  
Кейде– хақтың бұйрығы –  
Жаза бассаң – қабады.

Бірде – алдын,  
Бірде – артын  
Беріп діңкелетеді.  
Салт өмірің – құр қалпың  
Өтеді де кетеді.

Не кез келмес Адамға,  
Уақыт желі өтінде?!  
Жаксыға да жаманға  
Берме ішіңді –  
Өкінбе!

Мұңсыз бірін көрмедім,  
Түгел – жаны жаралы.  
Аллам өзі бергенін  
Өзі қайтып алады.

Тоқпағына тойғаның  
Келмейді оның қыртына...  
...Шығаруды ойладым  
Шырайымды сыртыма!..



Құлақ түр де зарпыма,  
Сок,  
Токтама,  
Жүрегім?! –  
Келтірем өз қалпына  
Жардың қашқан реңін!

Күн етемін түнімді,  
Ұйып,  
Қаным,  
Қарайма?!  
Жырлап –  
Өлген ұлымды  
Тірілтемін қалайда!

Тасқа ұрамын басымды,  
Соғам барып тауға да –  
Құрғатам көз жасымды –  
Санам,  
Суып,  
Жаурама!

Шермен біте қайнасып,  
Хан сауығын құрамын –  
Қаз тұрады,  
Тәй басып –  
Мұнар,  
Мұнар,  
Мұнарым...



Өзегіме түсіп от,  
Өртенемін –  
Тоңамын.  
Кімге барып кісі боп,  
Қайда кетіп оңамын?!

Тәннің ұлық-қартаны –  
Жүрек – жауыр Қара Нар:  
Тауқыметін артады  
Қатын-қалаш...  
Балалар...

Ой алтынын жасырды  
Салпыетекті егелік –  
Бой қуатын қашырды  
Әлсін-әлі шөгөріп.

Екі көзім таңулы,  
Баста – ерік жоқ,  
Қалқашым,  
Қоймай,  
Темір-жанымды  
Магниттей тартасың.

Түз тағысы ұлыды,  
Көңіл нілдей бұзылып.  
Діңкем де әбден құрыды,  
Емешегім үзіліп.

Ет-бауырым езілді,  
Іштің дертін қозғаймын –  
Бұйдасыз бос кезімді  
Жоқтап,  
Жүдеп,  
Боздаймын!..



Барар жерің сенің де,  
Барар жерім менің де –  
Көппен көрер Ұлы Той –  
Асықпайық Өлімге?!

Жауар бұлттай үдеріп,  
Күркіресіп,  
Күңіреніп –  
Қашан жөнep кеткенше –  
Ойналық та күлелік?! –

Құйрық-жалы күзелген  
Ақбозына тірліктің:  
Мінелік те түселік,  
Түселік те мінелік!..





Айқасты ата дұшпандай,  
Жолайырықта кезігіп —  
Жат қиянға ұшқандай,  
Жылы ұядан безініп...

Марту басып маңайды,  
Түк көрмейді көздері —  
От-тілімен жалайды  
Жалын қапқан сөздері.

Тауысардай амалын,  
Баска әлемге бас бұрмай  
Шоқ қарыған табаның  
Үсті менен астындай.

...Айды құшқан күнсініп,  
Бір денеге айналып —  
Демігеді тұншығып,  
Жанығады жайланып!..



Ұшты қимас бақыты  
Баян жайын бетке алып  
Қайран алтын уақыты  
Қаңылтырдай тоттанып.

Өмірдей –  
Құр ауада  
Қалды асылып білегі –  
Қайғырады һауана,  
Қан жұтады жүрегі.

Сүйіп,  
Құшып,  
Өргеніп,  
Көрген түстей жоғалды.  
Зар кешеді,  
Дерт еміп  
Қалды...  
Қалды!  
Не қалды?!

Қалды –  
Көзден тамған жас –  
Дүниенің ең қызығы –  
Сәтін салмай жалғанбас  
Қу тірліктің үзігі!..



Даритын-ақ уытпын –  
Жан дертіне,  
Дариға...  
Іштен шыққан суықтың  
От-жалыны қари ма?!

Қүдіреттің қай күші,  
Неңдей сиқыр осында:  
Дүниенің бар қайғысы  
Менің бақыр басымда!

Күні туды ит-қорлықтың,  
Болды ақыры дегені.  
Зомбылықтың-зорлықтың –  
Мойынымда – көгені.

Токпағына – тоямын,  
Көкірегімде қыжыл тұр.  
Кісенде – қол-аяғым,  
Құр сайрайды қызыл тіл.

Жазғанымды қаралап,  
Шындық көзін жоғалтты.  
Жүрегімді жаралап,  
Жалғызыма оқ атты...

Зарлап өту – салты ма,  
Гомер кетіп,  
Пушкин кеп?!  
...Абай туып –  
Артыма  
Алаң қылар ешкім жоқ!..



## **ҚИЯНАТ ЖҮГІН АУЫРЛАП...**

**(Шер-Шемен)**



Сұратып бердің,  
Құдай!  
Жылатып алдың,  
Құдай!  
Құдіретімді –  
Көрсін дедің бе,  
Тәубесіне –  
Келсін дедің бе:  
Төзгісіз –  
Тылсым Бұйрығыңа:  
Мен –  
Қайран қалдым,  
Құдай!..



Құрақтай еді көлдегі,  
Бұлақтай еді шөлдегі.  
Жалпыға бермес  
Жалғыздың  
Қиянат болды-ау өлгені?!

Шешендей еді зерделі,  
Көсемдей еді төрдегі.  
Тәңіріне тірі жазады –  
Таусылған Ақын  
Ермегі...



Жазымнан жалғыз ұл – ғайып,  
Ойлай да ойлай ортайдым.  
Көңілдің тоғы ұрланып,  
Жасыма жетпей қартайдым.

Тегісжөйттеніп түр-түсі,  
Бірі жоқ тындар мұнымды –  
Жиырылып тәннің кірпісі,  
Нәпсі жыланы суынды...

Кезеніп мылтық заманым,  
Қынабынан қылыш суыра –  
Семіртті жанның қабанын,  
Қайғының кара суына!..



Халықтың камы үшін,  
Қаділдік намы үшін –  
Жырттым мен аяспай,  
Хас жырдың намысын.

Сонымнан не таптым:  
Шатылған шатақпын.  
Отырсам –  
Опақпын,  
Тұрсам –  
Сопақпын...



Қор –  
Зор болды...  
Заман –  
Қырсықты:  
Жерошақтағы күл күн шықты.  
Қиянат жүгін ауырлап,  
Көз жасыма –  
Нар тұншықты.

Арыстан орнын –  
Түлкі алды,  
Сұрқылтай қорлап –  
Сұңқарды.  
Ел келеке етті –  
Есектің  
Есігін күзеткен –  
Тұлпарды.

Ноян алдында –  
Қоянның,  
Қоян алдында –  
Ноянның –  
Құбыл кездігіне ұрынып,  
Ұяттың қанына боялдым!..





«Ерте туып,  
Кеш қалғанмын,  
Қор боп,  
Құты қашқан жанмын.  
Тумай жатып,  
Туа шөгіп,  
Туырылып,  
Жер жастанғанмын!

Сай келмедім  
Заманыма —  
Айласына,  
Амалына.  
Жақсысына —  
Түрпі болдым,  
Күлкі болдым —  
Жаманына!» —

Деп налимын,  
Мұңым шағам,  
Беу, Жалғызым —  
Жырым, саған:  
Сағат сайын  
Салқын тартып  
Сафтанады  
Миым, Санам!

Жоқ тасынды,  
Бар басынып,  
Дос тағы енжар,  
Жар да сұлқ.  
Анда барсам —  
Өгіз өлді,  
Мұнда келсем —  
Арба сынып!..



Заман қысымы зорайды,  
Бас көтерерлік жоқ шама.  
Адам Адамға қарайды –  
Қарағандай күнсыз Ақшаға.

Тақ пен Тәж  
Ардың түбіне  
Ақыры жетіп болғандай.  
Алғысыз Хайуан күйіне –  
Халықтың күйі –  
Сормандай.

Алыстатуға жақынды  
Әрекет етіп жатқандай:  
Жарылқап «Құдай» –  
Әкімді,  
Ақынды –  
Қарғыс атқандай.

Негізсіз қоғам жаңармай,  
Уақыт жүгінен мертігіп –  
Жалаға өзін таңардай,  
Жалғызын жұмбақ өлтіріп...

От тастайтындай араға,  
Ауызбіршіліктен айырып.  
Айналдым тұтас жараға,  
Асқынып, ауа жайылып.

Төзгісіз тартып қанына,  
Қит етсем – төбемді ояды.  
Тыным жоқ тән мен жаныма,  
Тақалып тірлік аяғы.

Дүние Дүние болғалы  
Болған ба мұндай сорақы:  
Жерімде –  
Өгей Орманы,  
Төрімде –  
Даңғой, Дарақы.

Тұлпардан озған есегі,  
Тасырдың тасы –  
Өрімде...  
Күніме зар боп кешегі,  
Тимей жүр қолым –  
Өлуге!..



Уайымын жегенім –  
Кәрі құртаң, жас бала.  
Елім, жұртым дегенім –  
Атылған оқ шошқаға...

Қалған көңіл кірімін,  
Көзге түрткі ұдайы.  
Байқалмайды бірінің  
Сөз ұғарлық сынайы.

Азған кетіп бетімен,  
Шарқаяғы, шаласы.  
Ләппай, бейім шетінен –  
Құл болуға санасы.

Бай туғансып жарлыдан,  
Жалғыз атын сояды.  
Астам шықса алдынан,  
Артын тоса қояды –

Жөгі жорта өкініп,  
Жер тепкілеп жылайды –  
Өмір сүріп өтірік,  
Хақтан қаділ сұрайды!..



Таппай тағдыр жөндемін,  
Не талқыға көнбедім?!  
Бәлкім, содан болар ма –  
Жанбай жатып сөнгенім?! –  
Мен осындай пендемін!

Көркеуденің – тысымын,  
Шерменденің – ішімін.  
Әбілеттің – әжуасы,  
Әділеттің – күшімін –  
Мен осындай кісімін!

Зарын алып заманның –  
Қасіретіне таландым.  
Жарын алып наданның –  
Һарам болған һадалмын –  
Мен осындай Адаммын!

Кенін қазып ақылдың –  
Аздым. Тоздым. Аһ ұрдым..  
Қорасында сезімнің  
Қорс-қорс етіп жатырмын –  
Мен осындай Ақынмын!..



Тағдыр-ит талады:  
Қаным – екі ұртында.  
Жазылмас жаралы –  
Ішім де,  
Сыртым да.

Құм құйды қолқама,  
Келтірмей келеге.  
Жасым – жер ортада,  
Ғұмырым – күн төбеде.

Тірлігім – тірі өлім,  
Не айтам тас-өмірге?!  
Табанымда – жүрегім,  
Жаным – иегімде.

Қарығып,  
Қарманып,  
Мұнартқан сөнді үміт –  
Аз барға алданып,  
Көп жоққа көндігіп!

...Болдым шын маскара,  
Тайқиды пешене –  
Көңілім – басқада,  
Көздерім – көшеде...



Тәніңді білмедім,  
Жаның – менікі.  
Күрсініп, күлгенім...–  
Бәрі – сенікі:

Қалқайып  
Жер басып  
Жүргенім қарайып –  
Өлімен арбасып,  
Тіріге алайып.

...Қасіретті шаттығым,  
Себі жоқ серігім,  
Ажалым – пәктігің,  
Табытым – көңілің!..



*Құлытасқа*

Сен – Мұнарбек емессің,  
Қара тассың!  
Мен – жүрегін шер қапқан жара таспын!  
Махаббат жоқ,  
Мейір жоқ,  
Рахым жоқ –  
Жер мен Көктің арасы – нала-тасқын!

Сен – Мұнарбек емессің!  
Тұр – құр елес...  
Сенсіз өткен өмір – тұл,  
Күн – күн емес!  
Қыр басында зар құшқан сорлы әкеңнің  
Танымауы жалғызын – мүмкін емес!

Сен – Мұнарбек емессің!  
Ұлы қайғым,  
Тастан ауыр зілмауыр – нұры да Айдың!  
Қасқа алдырған күшігін көкжалдайын  
Қан жұтпаймын,  
Қалайша ұлымаймын?!

Аңсап келіп,  
Армансыз аймалаған,  
Арда кезім алаңсыз қайда, балам?!  
Сен – Мұнарбек емессің...  
Емессің сен –  
Бұлбұлымнан шошындым сайрамаған!

Мұнарбек!  
Бұл – сен емес!  
Сен қайдасың?!  
Осынысы Тәңірдің жөн бе –  
Ойласын?!



Онсыз да қор Ақынды еңіретудің  
Таппап па бұдан қапыл өңге айласын?!

Алса мені болмай ма,  
Сені алғанша?!  
Құдай да қателеседі екен ғой...  
Амал қанша?! –  
Жөнім еді көсіліп көрде жату,  
Қасіретіңнің төрінде камалғанша!

Сен – Мұнарбек емессің!  
Ұлым менің,  
Құрбандығың мен едім,  
Құлың да едім.  
Емексітіп ертеңге қол создырмай,  
Шығып кетсе – ризамын бүгін демім!

...Табан асты салғаны-ай зобалаңға,  
Бар билігі жүрмейді жоқ адамға.  
Кетіп қалған жағынды айтшы, Мұнар,  
Тартып кетсем тап қазір –  
Таба алам ба?!

Сен – Мұнарбек емессің!  
Жалған – Әлем...  
Мен – айтылып әдірем қалған өлең!  
Атамдатпай,  
Боздатып ботамдатқан  
Әділетсіз тағдырды қарғап өлем!

Сен – Мұнарбек емессің!  
Сезіп тұрмын –  
Егіліп,  
Ет-бауырымды езіп тұрмын!  
Тас Мүсінің алдында  
Тастай қатып –  
Талақ қып,  
Тас-Ғаламнан безіп тұрмын!..



Ұлым,  
Сенсіз:  
Күн асты көр сияқты,  
Ылдиым да алдырмас өр сияқты.  
Түбі шикі тірліктің қалған азы  
Түгесіліп бітпейтін шер сияқты.

Жарық дүнием жалаңбұт түн секілді,  
Тірі жүру жер басып – мін секілді,  
Бас көтертпес қайғының қосын жеккен  
Әкешің – құл,  
Анашың – күң секілді.

Қолды болған көп барым жоқ сыңайлы,  
Жиғаным мен тергенім боқ сыңайлы.  
Ертелі-кеш ұлимын аш қасқырдай,  
Жаратқанның қарыны тоқ сыңайлы.

Үгітілген төзімім бор тәрізді,  
Сергімейтін сезімім қор тәрізді.  
Қанды жаспен толтырған қайран Ақын,  
Төрт құбылам қазылған ор тәрізді.

Өкси-өкси өмірім біткендейін,  
Өкінішті ақырын күткендейін.  
...Хайыр... қош...  
Демді алмаса, немді алады –  
У ұсынған тағдырға сүт бер дейін?!



## **ӨМІР БАРДА – ӨЛІМ БАР...**

**(Ой-Зарық)**



Қырықтан үздім күдер...  
Елудемін,  
Құдай басқа не салса –  
Көнудемін.  
Өмір сүрдім деген тек атым ғана,  
Күн санап көмілуде –  
Өлудемін.

Жазылмас жара салып жүрегіме,  
Ұл кетті мәңгіліктің түнегіне –  
Құрғады көзім жасы жылай-жылай,  
Өшердей жан-шырағым міне, міне...



**(Әлди Жыры)**

**I**

Өмірдің сырын ұқпастан,  
Тірлік мәніне үңіліп –  
Тал-бесіктен белің шықпастан,  
Барады көзің жұмылып.  
Әлди, ұлым, әлди.

Әтірдей иісін бұрқырап,  
Жарлауға біткен жалбызым,  
Шыбыным – жаным шырқырап,  
Талайдан күткен жалғызым.  
Әлди, әлди, әлди.

Ернімді тиген бетіне  
Қозданған шоктай қарыдың.  
Қалдырып желдің өтіне,  
Таусылды көрер жарығың.  
Әлди, ұлым, әлди.

Арсасы болса – сен де кеш,  
Ақ сүтін емген кешті Анаң.  
Періште бейне пенде емес –  
Әкенді де кеш, кеш, балам.  
Әлди, әлди, әлди.

Аңыраймын да аңсаймын,  
Айрылған жыннан бақсыңмын.  
Топырағына Кеңсайдың  
Тәніңді қимай тапсырдым.  
Әлди, ұлым, әлди.

Көңілім — суық көрдейін,  
Зар құшқан Адам Затымын.  
Жоктайын — жырмен тербейін,  
Жер-бесігіне жат, ұлым.  
Әлди, әлди, әлди.

Төбеленіп тайқы маңдайым,  
Тарыққанымды ұғарсың —  
Ағарып атқан таңдайын,  
Алдымнан боздап шығарсың.  
Әлди, ұлым, әлди...

## II

Жампоздықтың шарты ма —  
Жалғызым-ау, неткенің:  
Тастап кетіп артыңа,  
Наһақ еңіреткенің?!  
Әлди, әлди,  
Әлди, Мұнар, әлди-ай.

Жемісінді көрмедім,  
Жайқалмады желегің —  
Құрғамастан жөргегің,  
Жер-бесікке бөледім.  
Әлди, әлди,  
Әлди, Мұнар, әлди-ай.

Қайғы зілін көтердім,  
Түнек басты сананы.  
Шөккен таудай әкеннің,  
Жан-жүрегі жаралы.  
Әлди, әлди,  
Әлди, Мұнар, әлди-ай.

Қарап қабақ-қасыма,  
Хош айтады Адамдар.  
Қимас өмір осы ма,  
Бұл итінде не мән бар?!  
Әлди, әлди,  
Әлди, Мұнар, әлди-ай.

Ғұмырыңның шолағы-ай,  
Есік пенен төрдейін.  
Бар қызығың, обал-ай,  
Бесік пенен Көрдейін...  
Әлди, әлди,  
Әлди, Мұнар, әлди-ай.

Толды жасқа етегім,  
Кім бар, кім жоқ кепкенше?!  
Әлдилеумен өтемін,  
Басым жерге жеткенше!..  
Әлди, әлди,  
Әлди, Мұнар, әлди-ай.  
Әлди, әлди, әлди,  
Әлди... ұлым... әлди-ай....



Кез боп тірлік сойына,  
Ерте кеттің, карағым.  
Сенің жұмбақ жайыңа  
Мен де бір күн барамын.

Құбылаға бас беріп,  
Бір қырыңнан жатып күт.  
Пәкенелі пәстеніп,  
Көр ләззатын татып күт..

Тас-желіде, құлыным,  
Таусылдың ба күтініп?!  
Әкең де алар тынымын,  
Шаруасын бітіріп!

Жер астында нұр бардай,  
Сенемісің осыған?!  
Ырғалмай да жырғалмай,  
Ақырыма асығам!..



Ажалға, ұлым, не айта алам,  
Ен күйіме сен менің?!  
Тірілтетін қайтадан  
Құдай емес,  
Пендемін.

Амалым жоқ оған түк,  
Жарым көңіл жалқымын —  
Іздеп жүрген жоғалтып  
Қолындағы алтынын...





Опасыз екен...  
Кім білген –  
Дүниесі түскір есілді?!  
Аһ ұрып,  
Іштен тындым мен –  
Шөгөріп тірлік-көшімді!

Тамшы сінбейтін тәніне,  
Мен де – бір,  
Құлпытас та – бір.  
Өмірімнің мазмұн-мәні ме –  
Топырағы торқа... жас қабір?!

Тепкілеп допша,  
Басымды  
Бұтыма тыға беремін.  
Көретін көзден жасырды –  
Көңіл алтынын өлеңім...

Түгендеп тағдыр есебін,  
Қайғы семізін асатып –  
Хайуанша ғұмыр кешемін,  
Ас ішіп,  
Аяқ босатып!..



Балпанақтай қылып бердің де,  
Бейсебеп алдын ұлымды?!  
Мәз күйінен безген,  
Көрдін бе –  
Мүшкіл хәлімді бүгінгі?!

Тірлігім түгел ұсақтап,  
Айналдым қамсыз жарлыға –  
Құр елесін ойша құшақтап,  
Сыймайды қолым алдыма!

Сағындым,  
Сарнап,  
Сыздадым –  
Исініп дерткен емшектей.  
Бітпей ме бұйрық – тұз-дәмім,  
Көресімді әбден көрсетпей?!

Көтертпейді қайғым еңсемді,  
Қүдіреті күшті кең Алла-ай –  
Таусылмай демім өлшеулі,  
Өлейін десем өле алмай!..



Ұлым, орның толар ма,  
Бұ Дүниеден қашан өткенше —  
Өмірім бөздей оңар ма,  
Жаным шығып кеткенше?!

Тұл тағдырым кектеніп,  
Суыңтар ма болаттай —  
Бүгінімді көп көріп,  
Әй-шәйыма қаратпай?!



*«Жуырда астанадағы Республикалық кинематографистер үйінде Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының қоюшы-режиссері С. Нарымбетов түсірген «Созақтан келген Гамлет» көркемсуретті фильмінің премьерасы көрермендер назарына ұсынылды... Фильмдегі басты рольдерде С. Жұмаділов, А. Қирэш, А. Чокубаев, А. Боранбаев, Д. Ғабдуллин, М.Оразбаев және басқа да танымал актерлер ойнаған...» –*

*Газеттен.*

Мұнарым-ай,  
Мұнарым,  
Мұнарым-ай,  
Мойынымнан үзілген тұмарым-ай.  
Бір сүйеге зар болып,  
Тас Мүсінге  
Телміргенмен тарқамас құмарым-ай!

Құлап түстің,  
Қайтейін,  
Құздан-құрдым,  
Сыз қалдырдың,  
Артыңа із қалдырдың.  
Қасірет жұтып,  
Қайғы еміп,  
Қара оранып –  
Қасиетін де,  
Қалыбын бұзған жырмын.

Түгі қалмай тоналған қоймадайын –  
Қаңыраймын,  
Қалайша жайланайын?!  
Он төрт жасқа жетпестен,  
Жай оғындай –  
Түсіп кеткен Киноңнан айналайын...



Орнын бастың аға-іні,  
Әкенің де,  
Жер таянып қалып ем қапелімде.  
«Азары бар болса да,  
Безері жоқ» –  
Иен даналық қазақтың мәтелінде –

Екендігін енді ұқтым,  
Кешір, Елім,  
Өлтірмейтін рухымның иесі ме едің?!  
Қан құстырған нәубеттің нәсерінен  
Ылғал тартқан кендірдей есілемін.

Тағдыр салды тауқымет-қыспағына,  
Бастан бағым, шынымен, ұшқаны ма?!  
Тырнағынан қайғының қорғаштаған  
Досыма да – ризамын – дұшпаныма.

Бұлт қалдырмай көгімде шөкімдейін,  
Күлсең күндей –  
Мен қайтіп бекінбейін?!  
Қара жер қойнына алған –  
Жалғызыммен  
Қоса өліп кетпедім деп өкінбейін!

Тіктенейін,  
Ағайын,  
Тірілейін,  
Қапыл соққан таяқтың бірі дейін.  
Ұлым өлсе,  
Ұлтым бар...  
Ұсақтамай,  
Көрінейін көзіңе Ірідейін!..



Аспан – ала,  
Жер – шола,  
Әлем тарын тосынып –  
Не боп қалды соншама,  
Тірлігіңнен шошынып.

Құдай өзі хош көріп,  
Қайтып алды бергенін.  
Елейді де ескеріп,  
Таусылмайды ермегің.

Шошынба,  
Ақын,  
Шошыма,  
Жолын кеспе арманның –  
Туады әлі-ақ басына  
Жарық күні жалғанның!



Өмірімнің алды – қыс...  
Жеуге бөліп мені екі  
Қайғы-мешкей салды күш,  
Сен құтқардың, темекі.

Талан-бағым қырсығып,  
Ұзын едім, қысқардым:  
Түтініңе тұншығып,  
Тамұғыңа ысталдым...



Құдай маған береді  
Тілеуімді талайғы –  
Көз-жасымды көреді,  
Жыртығымды жамайды.

Кеңісінде тарынды  
Ұшқан жүрек лүпілдеп –  
Тындайды айтқан зарымды,  
Тесігімді бүтіндеп.

Жаным шығып кетердей  
Иегіме тіреліп.  
Басалқысыз бекердей  
Күрсінуім күніреніп.

Өлі-Тірі Аруак  
Жебейді әлі, көр де тұр.  
Шайқалған қара шаңырақ  
Тұл қалмауына – мен кепіл.

Жамандыққа қосылман,  
Жақсылықтың антымын.  
Тізерлеткен тосыннан  
Тағдырыма тәнтімін.

Тақасуға жоқ шамам,  
Тілемедім оңайын.  
Құрсағына қатса қан,  
Құрбандығы болайын.

Тұқиянсыз қалмайын,  
Тіккен туым жығылып –  
Жазда жауған қардайын  
Көлеңкеде тығылып.



Құлшылығын қыла бер,  
Құралақан тастамас.  
Ұл береді мұрагер  
Мұнарыма баспа-бас.

Таза – имандай етегі,  
Пәк, періште, сорлым-ай,  
Хархәлләзи етеді  
Қазынасы мол Құдай.

Күйімді елеп шоқ басқан,  
Жарылқайды кейіннен –  
Күтем кірпік қақпастан  
Ақырына дейін мен!..



Орал жарқын күйіне,  
Тый жасыңды, бейшара?!  
Алдын берген Дүние  
Артын берсе – не шара!

Тағдыр тартты төтенін,  
Өмір барда – Өлім бар.  
Ерлі-зайыпты екеуің  
Баяғыдай болыңдар!

Сөнген айдай суынып,  
Қаныңа әсте қарайма?!  
Табасында қуырып,  
Төнген нәубет талайға!

Тәңір ісі тіленген,  
Терісін де оң сана!  
Ұстын – жалғыз ұлы өлген  
Бір сен емес, қаншама?!

Рас, кеміп, кеулендің,  
Жан сарайың бүлінді.  
Қапасынан кеуденің  
Шығар жарық күніңді?!

Құйрық-жалың күзеулі,  
Іште жараң ушығып –  
Құшақтап қу тізеңді,  
Отырма қол қусырып?!

Бақыт құшпас баянды,  
Қайғы ауырын сезбеген.  
Жұмағыңды – саяңды,  
Ізде де тап өзгеден!..



Тағдырым талай қырсығып,  
Пәлеге мың-сан ұрындым —  
Таукымет зіліне тұншығып,  
Өле де өле тірілдім.

Тірілдім...  
Көзім ашылды,  
Түйсініп дүлей тылсымды —  
Көңілімнің нұры шашылды,  
Бұлттан шыққан күн сын-ды.

Ана тіліме жалатқан  
Тірліктің ащы тұзымын.  
Жар болса Ием-Жаратқан,  
Таусылмас көрер қызығым.

Тегімнің тұлпар тұяғын  
Тапсырып Хақтың өзіне —  
Тәніме қуат құямын,  
Рахатын жанның сезіне.

...Бұ Дүниеге бардай керегім,  
Жерінбей өмір сүремін —  
Желкілдеп жасыл желегім,  
Қайғының соңын түремін!..



Көжиекке топтанды  
Қаптап өрген қара бұлт —  
Тірлік қызылшоқтанды,  
Кіндігінен жаранып.

Демі бітіп жел тынды,  
Ауа лайын тұндырып —  
Көктем қысты өлтірді,  
Қар жылады —  
Күн күліп...



## **ҚОҒАМ ШАЛА БОЛҒАСЫН...**

**(Сана-Зіл)**



**(Асан-Қайғыша)**

...Аяғым жоқ,  
Қолым жоқ –  
Жыландай боп күн көрем.  
Құйрығым жоқ,  
Жалым жоқ,  
Құландай боп күн көрем.  
Ұланым жоқ –  
Ұлым жоқ,  
Мұнарым жоқ –  
Күнім жоқ...–  
Көп жоғымды түгендеп,  
Түгесіліп жоқтаумен –  
Өле-өлгенше ішімнен  
Тынардай боп күн көрем!..



**(Халық Сарынымен)**

Бұл қай заман дегенде,  
Бағы заман,  
Тарпаң мінез,  
Тасбауыр,  
Тағы заман.  
Ту көтеріп  
Тұйықтан алып шығар  
Көш бастаушың –  
Көсемің жоғы жаман.

Табиғаттың  
Көзін шел басқан заман,  
Адамзат  
Мейманасы тасқан заман.  
Мұлт кеткен кезіңе  
Кентін салар  
Қатыбезер қандасың  
Қастан жаман.

Өмір жасы  
Өксімен өткен заман,  
Кісі ақысы  
Кісіге кеткен заман.  
Адалдықтың қолымен от көсеген  
Һарамдықтың ниеті неткен жаман.

Жамандық  
Жұрт үрейін алған заман,  
Жалқы өліп,  
Жалпы ойбайын салған заман.  
Қу тізесін құшақтап  
Ғайып-бейбақ  
Қыршынының артында қалған заман.

Жаксы көрсе  
Жалмаған  
Жебір заман,  
Құтсыз әрі құнарсыз  
Кебір заман.  
Астамсынып  
Аяғын баса алмайды.  
Көгендеулі боктыкөт  
Небір жаман.

Қиянат  
Кең дүниені  
Кезген заман,  
Есер жаншып  
Естіні езген заман.  
Қоғамың,  
Түптің түбі,  
Іріп-шіріп  
Құритынын  
Күн бұрын сезген жаман.

Біржола  
Бетін әрі  
Бұрған заман,  
Құдайы  
Тас төбеден  
Ұрған заман.  
Жалған серке  
Алдында күші өктемнің,  
Жағынып, жорғалайды құрдан жаман...

Дегбірі қашып,  
Дауасыз,  
Дескен заман,  
Көп сөйлеуге көпіріп  
Көшкен заман.

Намы түзу нақты ісі  
Былай қалған –  
Таңертеңі тартыстың  
Кештен жаман.

Басы бүтін,  
Аяғы түтін заман,  
Әрекетсіз,  
Қимылсыз  
Күтін заман.  
Өлген қайта тіріліп,  
Жанғаны – өшкен,  
Аты бар да  
Заты жоқ  
Зытын заман.

Семіз өтпей  
Базардан қайтқан заман,  
Арық-тұрық  
Арзасын айтқан заман.  
Аяқ бассаң  
Мәжіліс,  
Мәслихат –  
Ызың-қызың,  
У да шу –  
Айттан жаман.

Өкше Бастың  
Бетінен алған заман,  
Асыра сілтеу  
Адыра қалған заман.  
Қайта құрып  
Келеміз дүниені –  
Жайпауыты  
Жаңылсаң  
Жардан жаман.



Бір қарасаң –  
Түйткілді  
Тылсым заман,  
Бір қарасаң –  
Хақ құдірет  
Қымсынбаған.  
Тіл мен ділі азғындап,  
Діннен безіп,  
Тоқыраған  
Тоңмойын  
Құрсын заман.

Сор-бейнетін  
Бауырына басқан заман,  
Нары шөкпей,  
Аруағы қашқан заман.  
Жер-Көкті  
Жалмап тынар  
Жалмауыздай  
Ақыл-ой албастысы  
Басқан заман.

Тынысы кеміп,  
Тұншығып біткен заман,  
Зықы шығып,  
Зарығып күткен заман.  
Зәр мен зәһәр,  
Ішірткі,  
У менен Су  
Ақталады алдында  
Сүттен жаман.

Жабысы жүйрігінен  
Озған заман,  
Ауру-дерті асқынып  
Қозған заман.

Шаруасы шайқалған,  
Сүлелеген,  
Сірнігумен  
Сіңірін  
Созған заман.

Ақиқаты – ақыры  
Таяу заман,  
Бұт артатын көліксіз  
Жаяу заман.  
Тоқырау тұсындағы  
Тон-шекпеннің  
Айналдырып  
Қайта өңін  
Бояу заман.

Баяғы әкім  
Әлі әкім болған заман,  
Епті әңгіртаяғы  
Қолдан жаман.  
Қалтасы  
Алыпсар  
Алпауыттың  
Алтын менен ақшаға  
Толған заман.

Ішегін тартып  
Қаншырдай қатқан заман,  
Белшесінен қарызға  
Батқан заман.  
Дүние аударылып-төңкеріліп,  
Жарылып...  
Жазым құшып  
Жатқан заман.

Ішкені – ірің,  
Жегені – желім заман,  
Туған ене-топырақтан  
Жерін заман.  
Айыра алмай дал болған  
Дағдар заман –  
Ненің жақсы екенін,  
Ненің жаман.

Үлкенінің жағасын  
Жыртқан заман,  
Кішісіне беделін  
Құртқан заман.  
Өртте қалған өгіздей  
Көткеншектеп,  
Ала қойды бөлектеп  
Қырыққан заман.

Тәңірінің сыйындай  
Тарту заман,  
Өз күнәнді өзгеге  
Арту заман.  
Кір жасырмай көңілге  
Айтып-айтып,  
Ажар-көркін мүк басқан  
Марту заман.

Айта берсе таусылмас  
Түпсіз заман,  
Сапа да жоқ,  
Сан да жоқ,  
Жүксіз заман.  
Табанының тұлдырсыз  
Бүрі кеткен –

Тар жол  
Тайғақ кешулі  
Дітсіз заман.

Келелі кеңес жылдап  
Құрған заман,  
Амалсыз заңға мойын  
Бұрған заман.  
Не істеу керектігін  
Білмей дал боп,  
Иесін жоқтап жылап  
Тұрған заман...

...Шындық жалған жүзіне  
Түкір заман,  
Арқа-басы құрысқан  
Бүкір заман...  
Жұрт не десе  
О десін,  
Ақын үшін,  
Құдай ақы,  
Оллаһи,  
Шүкір заман!..



Жан жарасы асқынды  
(Жазылар тән жарасы) –  
Дүниені кара бастырды  
Адамзаттың Баласы.

Түтініне ыстаған  
Бәрі шала тірліктің.  
Қыңыр басқан күс табан  
Күні қараң Бірліктің.

Іште – төртеу – шалағай,  
Сыртта – алтау – алауыз.  
Өлетұғын баладай  
Қайда... лағып барамыз?!

Шонтық, шолақ белсенді  
Шала құдай әлі күн –  
Көтертпейді еңсеңді  
Үптеп көңіл жарығын.

Жалпасынан өседі,  
Желкесінен қиылып –  
Атқамінер кешегі  
Бүгін де қамшы үйіріп.

Тағы ұрады – жылама,  
Жағынды ашпа, үндеме?!  
Ертеңінді сұрама –  
Айналғандай мүрдеге!

Күннің соқыр-керені,  
Жер мылқауы – досым-ау,  
Қайталана береді  
Қасіретің осынау!

Күшін қозға миыңның  
Қор болғанша омалып —  
Басқа түскен қиынның  
Бір амалын табалық?!

Артымызға байланған  
Құтылалық шаладан —  
Құртуға әбден айналған  
Арылалық наладан!

Шала таным-сананың  
Тіккен туын құлатып —  
Ашты ажал-аранын  
Шалажансар Уақыт.

Түбімізге жетеді  
Шалапісті шикілер.  
Іс қылар ма жетелі  
Шалажүйке күйкілер?!

Дүмше жалған даналар,  
Шики, шала көсемдер,  
Жартыкеш ой-шалалар,  
Бүтіндіктен есендер!

Жылмандайды не түрлі  
Шала майлы қалақша.  
Пайым парқын кетірді  
Шартық сауда, шала ақша.

Шала сауат-білімді  
Жез жекініп темірге —  
Шала орта бүлінді  
Шала-шарпы өмірде.

Шала сұрақ-жауапты  
Шала пиғыл жарамас —

Шала обал-сауапты,  
Шала ұйқылы, шала мас.

Өлі ұйқыдан оянды  
Құныс күдік қаншама?!  
Жалған өмірбаянды  
Шошынтады шал шала.

Ұшырады үрейді  
Надандықтың таласы.  
Теспей тереңді ірейді  
Қам жігіттің шала ісі.

Бастауынды шегендеп,  
Тұнығынды ылайлар —  
Бас-еркінді көгендеп,  
Құдайдан да былайлар.

Сезсе осал жерінді  
Селебесін сұғады —  
Шала қазып көрінді,  
Жарға итеріп жығады.

Сау қалмайсың сұқтанса,  
Қиылады өркенің —  
Құйтұрқысын ұққанша  
Қой бастаған серкенің.

Әдетіне басады,  
Арандатып бітіріп —  
Қайқы пышақ қасабы  
Қақпа артында күтініп...

Шынайы аз да, шала көп —  
Ақыретті, азапты.  
Шалғайынан ала кет,  
Көрсен — шала қазақты!

Шала естінің мазасы  
Кетсін – көзі алайып.  
Иттің де адал тазасы  
Жаксы емес пе, халайық?!

Шала күйден жерінген  
Шала күйек – төл кеміп,  
Қалай шала сеніммен  
Күнелтеміз ел болып?!

Туды шала толғақтан  
Кемтар – ғарып сәбилер –  
Шайқалды зор салмақтан  
Қызыл үйлер, ақ үйлер...

Тарих – шала, тіл – шала,  
Ділсіз Адам – Адам ба?!  
Не көрінді мұншама,  
Заң да – шала, заман да!

Аспан – шала, Бұлт – шала,  
Жер де Көктей солмасын?!  
Халық – шала, Ұлт – шала,  
Қоғам шала болғасын!..





*Мұқағалиға.*

Заман сол бұрынғы  
Тұрқында тас бауыр.  
Жаналғыш жырынды —  
Талантқа тосқауыл.

Әкімі — сол әкім,  
Әкірендеп болатын.  
Ақыны — қор ақын,  
Көктемей солатын.

Зар қалпы талайғы,  
Түгі жоқ өзгерген.  
Жүрегім қарайды  
Сұп-суық сөздерден.

Жанына дерт еккен  
Зұлымдық ақ самай —  
Жалғызын мерт еткен  
Грозный патшадай.

Солына, оңына  
Жемініп, емініп,  
Ерткені соңына —  
Жандайшап жөгілік.

Өмірі өтірік —  
Сұркия түрінде:  
Өлген соң өкіріп,  
Жекініп тірінде.

Бағынан безінген  
Кем нәсіп кең өлкем.

Бүгінде өзімнен  
Озады көлеңкем.

Жабы-иті жүйріктей  
Түседі алдыма –  
Кісенге илікпей,  
Көндікпей қарғыға.

Түсінбей ұғынып,  
Хас надан «зиялы» –  
Тасаңа тығылып,  
Тамырымды қияды.

Күшейді қиянат,  
Қысастық салқыны –  
Зердеме ұялап  
Абайдың алтыны.

Еңбегі ердің еш,  
Халық та – сол халық –  
Селт етіп, сергімес,  
Қомданып, қорғанып.

Құрдымдай құзары,  
Ел іші – былғанып –  
Қалыбын бұзады,  
Қасіреті ұлғайып.

Ызалы аш құлдай,  
Алайып көздері –  
Жаралы қасқырдай  
Жанкешті кездері.

Бір-бірін күндеген  
Не айтарсың қазаққа –  
Түйедей жүндеген  
Айналдым мазакқа.

Жүз-жүзге бөлініп,  
Алшақтап арамыз –  
Жегіге желініп,  
Жерұйық даламыз.

Топ құрып – барымыз –  
Билігі қолында –  
Төгілді арымыз  
Қаділдік жолында.

Кіріптар кірмеге  
Тірліктен күй кетті –  
От койды іргеме,  
Ордамды күйретті.

Еге емен жеріме,  
Ежелден есепті –  
Шығады төріме,  
Тіледі төсекті.

Көтертпес басымды  
Ауырлық түскендей –  
Ішеді асымды,  
Қанымды ішкендей.

Доңыз дәй күшіне  
Ақыл – күн, сана – құл.  
Құдайлық ісіме  
Қояды карауыл.

Таяқ та – сол таяқ,  
Әңгірдей ойнаған.  
Миым – су-жалқаяқ,  
Сорым да қайнаған.

Қорлық та баяғы  
Өзіңіз көргендей –

Құртуға таяды,  
Құр сұлдем – өлгендей.

Зорлық та күпініп,  
Іседі, кебеді –  
Бетіме түкіріп,  
К..... тебеді.

Қайғы да тырнағын  
Батыра салады –  
Майгүлдей жырладым,  
Мұнардай баланы.

Қиылды өркенім,  
Кесілген тілдеймін.  
Не болар ертеңім –  
Білмеймін, білмеймін.

Түндеймін түнерген,  
Жап-жарық ғаламда.  
Болмасын білем мен,  
Екі өмір Адамда.

Інінді мойытқан,  
Жасынды жай төніп.  
Тірілсең ғайыптан,  
Кетер ең қайта өліп:

Шаршадым, шатыстым,  
Таппадым амалын –  
Шығысым Батыстың  
Жалайды табанын...



Онсыз да ақ тер, көк термін,  
Көңіл аулап, көз бояп –  
Приватизацияға тап келдім,  
Басқа қайғым аздай-ақ:

«Ауызы қисық болса да,  
Сөйлесін бай баласы!» –  
Ей, қу кедей, шаршама,  
Шаңыраққа қарашы?!

Ес жимақсың ерулеп,  
Төр, байғұс-ау, не теңің?!  
Жыртығынан жел улеп,  
Желпілдейді етегің.

Басқа тартпа, бейшара,  
Жетпей жатып бұтыңа?!  
Уақыт – көрбан, не шара,  
Сұры қашқан құтыңа!

Тегің түбіңе жетеді,  
Бұралқы иттей сұғанақ.  
Ендігі ғұмырың өтеді –  
Босағадан сығалап.

Ішін берген бұл өмір  
Тысын бере – көнесің.  
Дөй тоқ аштың, біле-біл,  
Ұрады ұдай енесін!

Қашан қурап солғанша  
Сорлап өту – кесімің.  
Дәрет алып болғанша  
Күзетесің есігін.

Тәу етіп тәж-тағына,  
Ыстық күйін салқындап –  
Айтақтаған жағына  
Жүгіресің арпылдап.

Таусап тірлік қиынын,  
Жан-жағыңа алақтап –  
Қабысып қос бүйірің,  
Тілің текке салақтап...

Атқа қонған тартыспен  
Сана сепсіз көмекке –  
Қайран Карл Маркс пен  
Ленинге жоқ өкпе.

Ұрды тәңір тосыннан  
Тас-төбеден қос-қолдап.  
Жатқа жолай қосылған  
Марксизм – баспалдақ.

Салды қыспақ-темірге  
Жаратушы аямай.  
Жөгі қимыл жебірге  
Ленинизм – саяжай.

Социализм дегеннің  
Ұмыт болды жоқ-бары.  
Уайымын жегеннің  
Ақыл-кені – көкпары.

Хоштығыңды сезінген  
Жарқын шағың – арманда.  
Барлық пәле – өзіңнен,  
Ерік берген жалғанға.

Кері тартып шалқаяқ,  
Керден кеткен кезіміз.

Ми-жүйкені жалқаяк  
Су еткен де – өзіміз.

Ғасыр бойын құзарлап.  
Сырық байлап құрыққа –  
Құдды өгізбұзаулап,  
Мөңіредік тұлыпқа.

Теріс бағын сағалап,  
Оңның сорын кайнаттық –  
Бейне шошқа тағалап,  
Аспан андып, ай бақтық.

Кісі ақысын малданып,  
Ырыс мойынын дау үзген –  
Құр қиялға алданып,  
Орақ ордық ауызбен.

Азып мазмұн-мәніміз,  
Кім-көрінген биледі.  
Жүрегіміз-жанымыз –  
Құрт-құмырсқа илеуі.

Сұрқай тұсқа шүбәлі  
Надандығың – кінәлі.  
«Күшті үстіңе шығады!» –  
Ертеңгінің ұраны.

Кез келгені – пір-нұсқа,  
Кереметтей көшкін боп.  
Жасалынған қылмысқа  
Жауап берер ешкім жоқ.

Жария қайта құрудың,  
Міне, адыра қалғаны –  
Жетпіс жылғы ЦРУ-дың  
Орындалды арманы.

Шаһит болды – жоғалды,  
Дұға оқыдық, зират қып –  
Қалыптасқан қоғамды  
Көрер көзге қираттық.

Бірімізге біріміз  
Аш бұқадай аларып –  
Өлімізге тіріміз  
Хас дұшпандай қарадық.

Қалмағандай мерей түк,  
Қасіреттей суынып –  
Аяқ-қолын серейтіп,  
Алдық көрден суырып.

...Аждаһаның кесілген  
Жалғадық та құйрығын –  
Тайқып нақты шешімнен,  
Тостық нарық бұйрығын.

Ақ-қарасын айыршы,  
Өткен дәуір – көзайым:  
Еңбек еткен – қайыршы,  
Желге бөккен – қожайын.

Дер бабына зар құмай –  
Қуса қоян алмайтын.  
Күнің туды, Дарвин-ай,  
Жок-жітікті жалмайтын!

Жеумен қамын артының,  
Күпті болды көмескі ой.  
Саттық елдің алтынын,  
Алтын Адам емес қой?!

Кетті тәртіп бетімен,  
Жариялықтан жасқанып –



Түрпі тиіп шетінен,  
Түгел сата бастадык,

Добын қуған думанның  
Еңіретіп ер саттык.  
Тамырын кеулеп туғанның,  
Топырақ саттык... жер саттык

Қияметті қыл-көпір —  
Жұлмыр кезең кату ма?!  
Айналмасына кім кепіл —  
Отанын да сатуға!

«Ұрыста не тұрыс бар!» —  
Түн етеді күніңді?!  
Рухани құныстар  
Өшіреді үніңді?!

Қондығады құлқын кеп  
Ақ ордана өртенген —  
Шығарады біртіндеп  
Жегеніңді желкеннен?!

Тайдырып бақ-құсыңды,  
Тамұғына түскенің —  
Ірітеді ішіңді  
Ірің болып ішкенің?!

Қыр-арқанды майырар  
Құбыл құлық пысықтар —  
Жар-құшақтан айырар,  
Құнтың бар да құшып қал?!

Есіреді-ақ еркіндеп,  
Жуан шығып білегі —  
Тұрмысыңды төркіндеп,  
Төсегіңді тіледі?!

Шелі кеуіп қатқан көн  
Қалыбына тартады –  
Заман солай тап келген:  
Тірі Құдай –  
Қалталы?!

Құдіреттей –  
Қарынды,  
Қашырады күйтіңді –  
Шағып мұң мен зарынды,  
Сығып жейсің битіңді?!

Толайыңмен жұтады –  
Обыр Өнеш Қомағай:  
Көнбіс Халық –  
Не ұтады?!  
Әттеген-ай...  
Обал-ай!..



## **КӨРДІМ ДҮНИЕ ЖАРЫҒЫН...**

**(Жад-Запы)**



Бұдан зор  
Қайғы ауыры болар қандай —  
Жер меңіп,  
Аспан көзі аларғандай?!  
Құр тербеп Бесігінді —  
Анаң қалды,  
Қабағын —  
Қарс жапқан қара ормандай!

Кез болдың  
Ажалдың айбалтасына —  
Күн сөніп,  
Ай аунады шалқасына...  
Ақынның  
Ақ ордасы өртке үйтіліп,  
Шаңырағы  
Күйреп түсті ортасына!..



Тозып тірлік тертесі,  
Күпінеді құр кеуде.  
Қалған ғұмыр келтесі  
Келмейтіндей күрмеуге.

Ісінеді алқымым,  
Батыл аттап, нық баспай.  
Дүрмегінде жалпының  
Жалғыз шаңым шықпастай.

Соқа басым сорайып,  
Бұздым өмір оясын.  
Дөң басында қарайып  
Жатасың да қоясын.

Арманымды талқандап,  
Әдірем қылды Тау мына –  
Кеңсайына арқандап,  
Қайтармайды аулыма.

Көңіл шерін ұғатын  
Таңым күліп атпай ма –  
Тегі тұлпар шығатын  
Қысыры құлын таппай ма...

Бұласы едім даланың,  
Қайғың жанды жеп тынар.  
Бұра тартып барамын,  
Көзім алды – көк мұнар.

Қас-қағымда айналып –  
Жерге түскен Аспаным,  
Табыттанып, тайланып –  
Жардан ауа бастадым!..



Тепсе үзетін темір  
Боздақтарды небір  
Қанша жұтса тоймайтын  
Жер – жалмауыз-жебір.

Асырадым, туып,  
Кіндік-қаныңды жуып...  
Басты жақтан айырды  
Жер – бауыры суық.

Нар тайлағым – ұлым,  
Туған күнің – Бүгін.  
Жиналмастан жатыр  
Аударылған жүгің.

Қүдіреті Күшті  
Көзі саған түсті.  
Дәрменім жоқ етуге:  
Жердің Астын – Үсті!

Мұнымды кім ұғар?!  
...Құлағың түрік шығар –  
Құлындаған даусымды  
Естимісің, Мұнар!..

...Мұнарының өтеуін  
Жас шамадан асқанда  
Қайран қылған Құдайдан  
Иран-Ғайып сұрар...



Сенсіз өмір сүргенім,  
Рас, ұлым, пенделік:  
Езу тартып күлгенім,  
Дос қалжыңын ем көріп.

Қара жерді басқаным,  
Қу тірлікті қия алмай —  
Жар төсегін ашқаным,  
Жоктығыңнан ұялмай.

Түн қойнынан сау шығып,  
Күннің көзін көргенім —  
Түгесілмей таусылып,  
Тірідейін өлгенім.

Жел жұтқандай жуантып,  
Кәрі жындай қозғаным —  
Қайғы әлдиі уантып,  
Жетпеске қол созғаным.

Қарағаным сұлудың  
Сымбатына сұқтанып —  
Суығы ұрған жылудың  
Көлеңкесін ықтанып...

...Өксік қапқан өр кеуде,  
Таусылып жан азығы —  
Шерткен күйін шерменде  
Бар ма әкеңнің жазығы?!



Жалғызым –  
Өлеңімнің киесіндей,  
Көз-жасым –  
Күзде жауған күресіндей.  
Қаусатты  
Қабырғамды қасіретін,  
Көпестің  
Қаттап артқан кіресіндей.

Жалғызым –  
Өмірімнің иесіндей,  
Көңілім –  
Тайқазанның күйесіндей.  
Құсамын  
Іш-құстамды кісі көрсем,  
Кедейдің  
Қатпа болған түйесіндей!.



Шамам бітіп, шалдығып,  
Қараямын қаныма –  
Орта жолда қалдырып,  
Көмдің қайғы шаңына.

Ілбіп, әрең келем мен,  
Әлтек-тәлтек басамын –  
Тастан ауыр өлеңнен  
Мүсініңді қашадым.

Көп қызығың бұйырмай,  
Түстің тылсым құлыпқа.  
Бұзауы өлген сиырдай  
Мөңіреймін тұлыпқа.

Жырлаймын да жылаймын:  
Өмір – өгей қалпынша...  
Қай мазағы Құдайдың –  
Беріп, алған артынша?!..





Шажырқайыңды жөргемдеп,  
Сый-табаққа салдым жаядай –  
Бақытсызбын деп көргем жоқ,  
Қайғыңды да бердің аямай...

Шарадай басым – шақшадай,  
Қиыныңның түсіп қиыны.  
Жалғызымды жалмап – боқшадай  
Ажалдың шыққан бүйірі.

Танымай меңіп тұрмысың,  
Ақынның кимас несі бар?!  
Тұлдырсызбысың, тұлмысың,  
Керегі болса – кесіп ал!

Келместей ісім ояға,  
Кеудемнен шықпай күр жаным.  
Аяма енді,  
Аяма –  
Тағдырым,  
Саған ризамын!..



Көрдім дүние жарығын:  
Тудым...  
Тәй-тәй...  
Қаз бастым —  
Оң-солымды таныдым —  
Көктем аттап,  
Жазға астым.

Тағдырым ба?!  
Не дейін:  
Жар да құштым...  
Ұл сүйдім —  
Өлді Ол тосын...  
Көмейін  
Тығындардай тылсымның!

Жан-тәнімді алды дерт,  
Тұншықты уға жүрегім.  
Не себепті болды мерт —  
Осы мен не білемін?!

Бұ жалғанға неліктен  
Келгенімді білем бе?!  
Әлде қысыр желікпен  
Артымды құр түрем бе?!

Тамыр қуып, тек іздеп —  
Көбейді ойдың аласы.  
Міндетімді негіздеп  
Білмеймін-ау, шамасы?!

Айнымаймын қаңбақтан,  
Қайда мәңгі тұрақ бар?!  
Қамалайды жан-жақтан  
Қорқау, құныс сұрақтар.

Құлдық ұрып, бас идім  
Жаратушы күшіне.  
Жауап таппай жасимын:  
Мендегі оның ісі не?!

Таңдай қақтым таң қалып,  
Құпиясына енбедім –  
Бостан-босқа сандалып,  
Не ғып жүрген пендемін?!

Неге керек бекініп –  
Кіммін?!  
Немін?!  
Білмедім!  
Мүмкін, бәрі – өтірік:  
Жылағаным, күлгенім?!

Келекесі ете ме –  
Мағынасыз мазмұным?!  
Ағып өтіп кете ме –  
Аһ ұрумен аз күнім?!

Түсінбедім түгіне,  
Айтындаршы,  
Адамдар:  
Өлім жетер түбіне –  
Өмірінде не мән бар?!

Сол ма – медет-байлығым  
Есен күйге қуанып,  
Қосын жекпей қайғының,  
Жыр жазғаным уанып?!

Көгерем деп қурамай,  
Қалғанша құр сұлдерім –  
Жез бұйдалы бурадай  
Көш соңында жүргенім?!

Ыстығына күйгенім,  
Суығына тоңғаным –  
Есім кете сүйгенім,  
Айнып бөздей оңғаным?!

Жиынып та терініп,  
Алғаным мен бергенім?!  
Жамандықтан жерініп,  
Жаксылыққа ергенім?!

Шырт ұйқылы төсектен  
Таң атпастан тұрғаным?!  
Ғұмыр кешпей есеппен,  
Надал қызмет қылғаным?!

Естіп есер бұйрықты,  
Еңбегімді еш қылып –  
Қыса алмаған құйрықты  
Алғандығым кестіріп?!

Билік қолда болғасын,  
Түсін жүре жорытып –  
Құлағыма қорғасын  
Құйғандығы қорытып?!

Жел мен құзға жемініп,  
Ашына шындық айтқаным?!  
Жөгіге жексұрын көрініп,  
Қажығаным, қайтқаным?!

Қайран қалып жұртыма,  
Ысынып та суынып –  
Ақ орданың сыртына  
Шыққандығым қуылып?!

Қор боп күптей іскенім,  
Зарлағаным құсанып...

Сосын көрге түскенім,  
Тас-түнекке тұсалып?!

Алған демім шыққаны –  
Бас айналтар Бақыт па?!  
...Түйсінгенім –  
Ұққаным:  
Құл болмандар Уақытқа!

Жерін,  
Жұлдызды Аспаның –  
Әлем –  
Тарын қуықтай.  
Өмір – Өлім – Қас-Қағым,  
Жадыға тұт ұмытпай!

Қас-Қағымға бол адал –  
Қаділдіктің дұрысы?!  
Сау-тамтұқсыз жарадар  
Тірліктің төрт бұрышы!

Заман ақырын басталған  
Зарыққандай күтіне –  
Қан тамып тұр Аспаннан  
Жердің Ана Сүтіне...

Дүмшелікке байланбай,  
Илан Хақтық-Сөзіме:  
Құдіретіне қайрандай –  
Құдайынның өзі де!..



Бір Күндік Жарық,  
Табына алмаймын саған мен,  
Табиғаттаспын –  
Бүткіл-Болмыс –  
Күллі Ғаламмен.  
Тарыға да алман –  
Кеудемде жанған шырағым  
Сөнеді екен деп,  
Таусылады екен деп алар дем?!

Бір Күндік Жарық,  
Кең жаймақ даңқ-құлашын  
Бұлбұл мен дүлдүл  
Сұрасын хайыр –  
Жыласын?!  
Жүдесін сайрап,  
Жадасын ойлап жабығып...  
Мен сенен рахым  
Тілемен күтіп – расым!

Бір Күндік Жарық,  
Сенімен менің бағам бір,  
Сәулеңе сәттік –  
Қалайша сонда болам құл?!  
«Ақын дегенім –  
Жақын дегенім Құдайға?!» –  
Дүниежарықтың  
Түн-кеудесінде алаң жүр...

Бір Күндік Жарық,  
Жанымды тербеп нұрларың –  
Ғажаптығыңды,  
Азаттығыңды жырладым.  
Өмір мен Өлім –  
Тірліктің тылсым егізі –

Екеуін де сүйдім,  
Бірін де нала қылмадым.

Мен де – ғажаппын,  
Мен де – азатпын –  
Жарығым  
Түскен түнекті  
Қып-қызыл шоқтай қарыдым.  
Өлшем көрмендер –  
Өзегі өртті Ақынға –  
Көрдiң бесiгiн  
Пенденiң табыт-қалыбын!

Күйiн кешумен  
Бiр Күндiк Жарық-Ғарiптiң  
Батқан соң қайта  
Шықпай ма күлiп алып Күн?!  
Ақын өлмейдi,  
Өлмейдi Ақын ешуақыт –  
Жүрегiндегi  
Жарық-сәулесi ол Халықтың!

Халық дегенiм –  
Күн емей ендi немене,  
Күн сөнбегенде –  
Жарық-сәулесi сөне ме?!  
Бiр Күндiк Жарық,  
Әмiсе әңгүдiк Ажалдың  
Әңгiртаяғын  
Ойнатпа ұдай төбеме?!

Ойнатқаныңмен  
Ажалыңнан мен қорықпан,  
Қорқа да қорқа  
Жаным мен тәнiм зорыққан.  
Жазатайымда  
Жалғыз ұлымнан айырып,

Көмекейіме  
Қорғасынын құйып қорытқан.

Тіршілік жайлы  
Өзгерген түптен ұғымым,  
Кешегім менің,  
Ертеңім менің –  
Бүгінім.  
Өз орнымдамын –  
Әз ортамдамын қашанда –  
Ұзын бола ма,  
Қысқа бола ма ғұмырым!

Бүгін өлем бе,  
Ертең өлем бе –  
Тартулы  
Нар көтере алмас  
Тағдырдың жүгі артулы.  
Бір Күндік Жарық,  
Бір жасап қалу үшін мен  
Жарамсақтанып,  
Жалайын қалай артыңды?!

Есім – жиюлы,  
Ақылым – толық,  
Тоқ – санам,  
Азғындауға да,  
Тозғындауға да жоқ шамам!  
Бір Күндік Жарық,  
Өзінді өзің жарылқа,  
Жалына алмаймын  
Жанымды қалдыр деп саған?!

Құдіреті Күштінің  
Ғаламатына қанықпыз,



Екеуіміз Бірдей  
Күн-Анадан қуат алыпмыз.  
Сен – Аспан Аруы,  
Мен – Жердің Зәруі –  
Қос Мұңлық –  
Бір Сәттік Сәуле,  
Бір Күндік ғана Жарықпыз.

Нұр-шуағың бар  
Жан шуақты өлең-жырымда,  
Дәйімі асықпын,  
Менен қашық бол,  
Бұрылма?!  
Өліп қалар деп  
Сен маған аяп қарама,  
Өшіп қалар деп  
Саған бәйекпін,  
Шынында...

Бір Күндік Жарық,  
Жоқ сынды сенен еш кемім,  
Өліп көрмедім,  
Әзірге сен де өшпедің.  
Сен өшсең егер –  
Менің де мәңгі өлгенім,  
Мен өлсем егер –  
Сенің де мәңгі өшкенің!..



## ЖАЗЫМЫШ ЖАЗУЛАРЫ

### (Бәйіт-Дауа)



Қастер тұтып ақ басын,  
Алатауға жүгіндім:  
«Кеңсайы» ашты қақпасын —  
Сор қапқанын ұғындым.

Жан шуағым тоналып,  
Күнім батты қан-қызыл —  
Көріме бөз оранып  
Жатып алды Жалғыз Ұл...

Туған да жоқ, туыс жоқ,  
Мен бір пақыр тап-тақыр.  
...Дүние бір-ақ уыс боп,  
Көк зауалы соқты ақыр...



Отаны үшін от кешіп,  
Оққа ұшса – мақұлмын.  
Бок басында кектесіп,  
Ұлын алдың Ақынның!

Емес пе еді айбыным,  
Жау тигенде қазаққа –  
Қосын жегіп қайғының,  
Неге салдың азапқа?!

Ер ұлан – ел құрбаны,  
Түссе – өкпем жоқ – кылышқа!  
О, Құдай, не қылғаның,  
Айтшы, осының дұрыс па?!

Қарадан ақ айырып,  
Хак жолыңды ұстадым –  
Қыр-арқамды майырып,  
Қор етпей ме дұшпаным...



**(Қара Тастағы Жазу)**

Құдаймын деп ойлама,  
Құлақкесті құлысын!..  
Күнің бітіп, қаймана,  
Тарылады тынысың.

Айнып асыл мұрадың,  
Сүйек-сөлің қуарып,  
Сөнер жанған шырағың,  
Өмір жасың суалып.

Қара жауып аспаның,  
Тәнің топырақ құшады.  
Қолын бұлғап қас-қағым,  
Дүние бұл-бұл ұшады.

Жалған – бәрі!..  
Жалғанбыз!  
Көр – суық та,  
Мола – сыз:  
«Біз де Сіздей болғанбыз,  
Сіз де Біздей боласыз!»...



Пенделікпен күй кештім,  
Бола алмадым пайғамбар:  
Надалыңмен үйлестім,  
Харамыңа – не айлап бар?!

Есесіне күйредім:  
Қыршын кетті арлы жас –  
Шоқ үстінде биледім,  
Қайғым – тоқ та,  
Қарным – аш.

Тұншығу кын түбінде –  
Өлім – Ақын-Алмасқа!  
Ез мәтіби Бүгінде  
Ит боп тусам болмас па?!

Уһілеп үн қатқаннан,  
Артық еді – үргенім –  
Кісі өлтіріп ақталған,  
Күнәһардай кірледім.

Анық өлшеп піштің бе,  
Төрт құбылам түгел ме:  
Сырғанап мұз үстінде,  
Тұяқ қалмай тігерге –

Сорым қайнап өтуді,  
Жазғаның ба маңдайға –  
Бұрар күйген бетімді,  
Солым қайда, оң қайда?!

Жүрегіме қарашы,  
Тереңіме үңіліп –  
Асқынып тұр жарасы,  
Тірлігінен түңіліп!

Жоқпын ба мен, Бармын ба —  
Соқырмысың, көрмісің:  
«Иран-бағың — алдында,  
Шыда, Ғайып!» — дермісің.

Десең — шыдап бағайын,  
Шыдамайтын қалды нем?!  
Зар-мұңымды шағайын,  
Арттың жөнсіз алдымен.

Рас, сүйген құлыңа  
Ауырыңды артасың —  
Рахман-нұрыңа  
Бөле — шерім тарқасын.

Батырма ұйық-күмәнға,  
Жақсы көрме, Сен, жек көр:  
Пар келетін Мұнарға,  
Пәрмен берме, перзент бер?!

Кедей шағым — кер шағым,  
Байлық берме, бала бер —  
Жалғызымды аңсадым...  
Сосын... жанымды ала бер!

Қара жаяу күс табан  
Күнім таяу батуға —  
Қасіретпен тыстаған  
Қасиетің — Атыңда!

Қүдіретінде — бар ынта,  
Қырын кезің — Әбілет!  
Құдай болсаң — жарылқа,  
Жарылқаудың қамын ет?!



Бар-жоғымды ескермей,  
Құдай, бұлай дейтінім:  
Тірі жанға дес бермей,  
Таяғыңды жейтінім.

Ғұмыр кешкен тас бейне  
Шайтан емен өлмейтін.  
Душар болдым қас күйге –  
Өзіме өзім сенбейтін.

Келекесі етті деп,  
Кешір, кейде наламын –  
Жерініп жер тепкілеп,  
Көкке алайып қарадым.

Күн еңкейткен кештейін,  
Түн қойынын ашпақшы –  
Дос дегенім – ештейін –  
«Басқа түссе – баспақшыл...»

Жер ортаға келгенше,  
Арбап келген алаң ғып:  
Көңіл жауы – көргенше –  
Жар дегенім – жалаңбұт.

Фәниліктің паркы бұл,  
Пендеден жоқ еш көмек:  
Көр-бесікте марқұм ұл –  
Жанбай жатып өшкен от.

Алма-ғайып – заманым,  
Адамынан – безіндім.  
Қалмаған соң амалым,  
Хактығыңды сезіндім.

Бордай тозып бекіген,  
Бүкір бейіл шүкірмін.  
Ақынына жекіген  
Әкіміне түкірдім.

Өзің қайран қылмасаң,  
Ғайыбыңды зат сана –  
Кебісімді, шындасам,  
Сүрткізбеймін Патшаға!

Табар жырым жалғасын,  
Жұқтырмаймын арға кір:  
Тақтан түсіп қалғасын,  
Орыс та – бір,  
Ол да – бір...

Тәнті қылды әмірің,  
Жүр ем екі ұдай боп:  
Табындырған Тәңірім,  
Сенен басқа –  
Құдай жоқ!

Жалғыз –  
Құдай,  
Хақ-Құдай!  
Құлдығыңды қылайын?!  
Сенен басқа –  
Жоқ Құдай,  
Болса –  
Енесін ұрайын!..





«Көрсін!» – дедің,  
Көресімді көрейін,  
Жалғызымды жоқтап,  
Жырлай берейін –  
Дер шағында  
Зар илеткен пенденді,  
Құдай,  
Сенің арта берсін мерейің?!

Кәріне – құл,  
Қүдіретіне – кәмілмін,  
Ортам – өгей,  
Наласына таңылдым.  
Кешіре гөр,  
Қуамын деп жолыңды –  
Епсіз жаздым,  
Жаза бастым,  
Жаңылдым?!

Көктегіге  
Жердің беті – шарайна:  
Кінәм,  
Күнәм бар...  
Ол үшін қарайма?!  
Кеш,  
Пенденді –  
Ұқсап баққан шығармын,  
Сен боламын дегенім жоқ,  
Алайда...

Шыбындамай Данқ-Тәжге,  
Не Такқа,  
Шарға түстім,  
Көп іліндім шатакқа –  
Екі жүзді болсам нетті қанжардай,  
Енжарланып нем бар еді Атакқа?!

Тура карап хас Шындықтың бетіне,  
Өтіріктің шоқ қарыдым етіне.  
Қуаныш бердің...  
Қайғыңды да аямай,  
Үйіп-төгіп  
Бердің – надал ниетіме!

Бір өзіңе  
Табынумен келемін,  
Жаңил көрсем –  
Бұра тарта беремін –  
Азып-тозып  
Арты ашылған қоғамның  
Абыройын жауып қыңыр өлеңім.

Өз тілімді өзім қайтіп кесермін,  
Кисем етті кебін ессіз есердің?!  
Енді, міне,  
Мінберінен ғасырдың  
Құлап майып болған мәңгүрт мешелмін.

Туа-бітті  
Басқа соғып таяғың,  
Төрге озбадым,  
Көрге тартып аяғым –  
Ақын көрмей,  
Әкім көру шарты ма –  
Бұ Дүниенің бағы менен баянын?!

Қолым – қысқа...  
Күшеніп те тышанып,  
Жан-тәнімді күйік жайлап,  
Ыс алып –  
Өрісімді кеңейте алмай  
Шаң қаптым,  
Шырқ айналып,  
Шідерленіп,  
Тұсалып!

Нем бар еді аққа жақ боп,  
Жөн сөйлеп –  
Қиянаттан жеңілмесем,  
Жеңсем деп...  
Енді, міне,  
Мұнарасы қасіреттің –  
Соқа басым сораяды кемсеңдеп!

Сұм-жүрекке шемен байлап,  
Шер екпей,  
Алтын ақтап,  
Құм тергеген електей,  
Кіділеніп,  
Кісілікті тәрк етіп,  
Кісәпірлік күн кешуім керектей?!

Жарас таппай жасуындай иненің,  
Жалған шығып сиынғаным,  
Сүйгенім,  
Жөгілікпен ғұмыр кешсем,  
Әттең-ай,  
Әсте бүтін болар ма еді бүйрегім?!

Бауырым – таза,  
Тіршіліктің құнарын  
Бойға жинап  
Ерте сөнген шырағым –  
Өз оғынан өзі мерт боп дұшпаны –  
Сау-саламат жүрер ме еді Мұнарым?!

...Болды осылай...  
Құдай,  
Саған не дейін,  
Жалғызымды жырлап,  
Жоктай берейін –  
«Көрсін!» дедің,  
Көресімді көрейін –  
Көріп барып,  
Жеріп барып өлейін!..



Неге бұлай,  
О, Құдай?!:  
Өңкей дінсіз –  
Мойынсұнбас Өлімге,  
Ыңғай ділсіз –  
Рахым қылмас Өмірге,  
Мәңгүрт-тілсіз,  
Нәкәс,  
Надан,  
Миғұла –  
Мені көріп –  
Ғибраттансын дедің бе?!:  
Жалғыз ұлымды алдың –  
Жанға жара салдың.  
Жүрек қаны – Көз жасыма –  
Жыр қаламын малдым...



Мен ағаш ектім:  
Бүрлеп,  
Көктесін деп,  
Тағдырдан  
Нақақ нала  
Шекпесін деп.

Өссін деп,  
Өркендесін,  
Гүлдесін деп,  
Тірліктің  
Тұл екенін  
Білмесін деп...

Нұр көмген  
Жасыл Әлем –  
Үсті-басын,  
Кенеттен,  
Сол Дараққа  
Түсті жасын!

...Бейнесін  
Есіме алып  
Күй шаламын:  
Еңбегі еш те,  
Тұзы – сор,  
Бейшарамын!..



Таппай іздеп жоғымды,  
Кең дүнием тарынды.  
Басып қайғы-тоғымды,  
Кімге айтамын зарымды?!

Бұтқа тыққан басымды  
Тағдырым бар сұраулы.  
Құрғатып көз-жасымды,  
Қояр ма екем жылауды?!

Етектегім бұйырмай,  
Есі кеткен мекермін.  
Екі езуім жиылмай,  
Мен де күлер ме екенмін?!

Созсам – қолым жетпейді,  
Құзар құшқан Мұнарға...  
...Жан –  
Алқымды иектейді,  
Тәннен –  
Безіп шығарға...



Таң қалумен келемін  
Хақтың құдірет-күшіне.  
Өнім болар дегенім  
Енеді ылғи түсіме.

Кілең кері кетеді  
Алға басқан аяғым.  
Адалдықтың өтеуі –  
Менің өмірбаяным.

Өңшең қырт пен дөй ыңғай  
Терең қазған ордаймын.  
Қарабайдың қойындай –  
Қотандағы сор-қайғым...

Ащысымын өмірдің,  
Тәттісінің – өшімін.  
Кім бітейді көңілдің  
Үңірейген тесігін?!

Жазғырмайын бекерге?!  
Жә! Жыламан! Жыламан!  
Құдай бақытты етер ме,  
Жаралғанды күнәдан?!..



Бір өлім бар түбінде:  
Айы біткен – айында,  
Күні біткен – күнінде  
Кетіп жатыр, ей, Өмір,  
Кебініңді дайында?!

Жыр өкпесі қабынып,  
Тартты деме көңіл сыз...  
Сұрайтыным табынып:  
Сақтасын де қалудан  
Өлгеннен соң көмүсіз!..



\*\*\*

Өмір!  
Өмір!  
Маған  
Ең  
Қымбаты –  
Адам!

Өлім!  
Өлім!  
Өлім!  
Атың  
Өшсін  
Сенің!

Деумен:  
«Мұнар!  
Мұнар!»  
Ақтық  
Демім  
Шығар...



Оң-солына есінен танып қарап,  
Өсіп тұрды жайқалып алып Дарак:  
...Менмен көңілі басылып су сепкендей,  
Астамсу ақыретіне жолықты ағат.

Ақ сөйлеп,  
Иман тауып,  
Арды мұрат  
Тұтынудан табады жан ғибрат:  
Жел соқты да сұрапыл —  
Сол Бәйтерек  
Көтере алмай жемісін қалды құлап...



Ғашық оған өлердей,  
Құпиясы – ол адам –  
Қылғындырып көргендей,  
Қуанышын тонаған...

Аты аталса болғаны –  
Асын жерге қояды.  
Күшейеді толғағы,  
Күптеніп қол-аяғы.

Дерті жанға батса да,  
Ойлап соны жүдейді.  
Иллааллалап жатса да,  
Есендігін тілейді.

Алған еркін есімен  
Мылқау күшке не шара?!  
Махаббаттың киесінен  
Зар кешеді бейшара!

Көлдененді көк атты  
Көзге сүйел шықты ма?!  
Мәңгі-бақи жоғалтты,  
Бейнетінен бұқты да...

Көкірегін бояйды  
Көзден аққан сорасы –  
Жылап тұрып аяйды,  
Атпасын деп наласы!..



Төнге тыным бермедім,  
Жан шықпайды —  
Бұл қалай?!  
Бұздым қайғы өрмегін —  
Көзім жасы құрғамай!

Бұ дүниесін қимамай,  
Тұрлауы жоқ тірі өлік —  
Сезім бойға сыймамай,  
Таз төреше шіреніп!

Қарамастан сұрыма,  
Бастым тірлік тамырын...  
Арсыз нәпсі құлына  
Кешірім ет, Тәңірім?!

...Кәрі жыным козады,  
Мас бурадай құтырып —  
Төс-табаным тозады,  
Мұнар соңын күтініп...



Тән ғажабын көретін —  
Бұ Дүние жарық па?!  
Жанға азаттық беретін —  
О Дүние жарық па?!

Салар темір қалыпқа —  
Бұ Дүние түнек пе?!  
Таңар ағаш табытқа —  
О Дүние түнек пе?!

Жарық деген немене,  
Түнек деген немене?!  
...Адамзаттың Баласы  
Екі Дүниеге еге ме?!

Бұ Дүние сараң ба,  
О Дүние сараң ба?!  
Бұ Дүниеде жоғымды  
О Дүниеде табам ба...

О Дүние — бимәлім,  
Бұ Дүниеде не мән бар:  
Бірге үйірген Иманын —  
Хайуандар мен Адамдар!..



Неңе көнбедім?!  
Көндім – бәріне!  
Тыным бермедің  
Ғарып жан-тәніме.

Соқтың басыма  
Тағдыр-таяқпен.  
Бағым – ашына  
Итпен,  
Итаяқпен!

Жон-аркам – көн тулақ,  
Туғалы дүрелеп.  
Жазмышың ерте улап,  
Жүрегім – шүберек.

Зорға болды қор,  
Қайран сезімдер.  
Артым – жар,  
Алдым – ор,  
Көңілім – көзім – көр.

Ақ, адал ісімді  
Таңғансың өсекке.  
Қүдірет-күшімді  
Бергенсің есекке.

Әлі күн жезіне  
Алтыным – ұлтарак.  
Талантың – өзіне,  
Талақ!  
Жыр – талақ!

Күн сүймей,  
Ай құшпай  
Өлуге таядым –  
Қайыршы байғұстай  
Алақан жаямын.

Безіп түр-түсімнен,  
Ерімей қар-мұзым –  
Тынамын ішімнен,  
Жеткізбей Жалғызым..

Ұзаққа бара алман,  
Тұсаулы мен бұлай!  
Туғызып адалдан,  
Тілеуімді бер, Құдай?!.



Көрдей қапас ғаламның  
Нұр-Демімін:  
Күрмеулі  
Күрсінулі  
Күрделімін.  
Дүниетүрлі болмыстың бітіміндей,  
Бірде –  
Тірі жүремін...  
Бірде –  
Өлімін.

Тылсымды табиғаттың түріндемін:  
Түнмін –  
Мен...  
Күн де болып күлімдедім.  
Ажалдың ақыретін алған киіп,  
Өмірдің қысқы кейпі –  
Жырым менің!

Жұмбақпын:  
Әрі Жоқпын,  
Әрі Бармын –  
Жанның күйін кешемін...  
Жануардың.  
Тамырым түптен кесілді,  
Жапырағымнан –  
Адам ба,  
Ағашпын ба –  
Танып алғын!..





Қанша ғұмыр бірге өткенін  
Білемісің, ғашығым.  
Құдай тұтып, құрметтедім –  
Күлемісің, ғашығым.

Күңіренбе, күл, күл, Тәңір,  
Құлай сүйген құлыңмын.  
Әз жүрегің, мүмкін, дабыл  
Қағар – көктей жұлындым.

Нар тұншыққан зар-мұңына  
Терең шықтым, ғашығым.  
Жар бол деген жарлығыма  
Керең шықтың, ғашығым.

Жамаулап көншарығымды,  
Күн-бейнеңді қуамын.  
Жанға түскен жарығыңды  
Көз жасыммен жуамын.

Бар қызығым – сенде қалған,  
Сеземісің, ғашығым.  
Асығыңнан пенде болған  
Беземісің, ғашығым.

Әлде, қайтып келемісің,  
Енемісің бағыма.  
Баяғыдай сенемісің  
Жырдың тәж бен тағына.

Аңсайды ақын-көңіл нені,  
Ұғамысың, ғашығым.  
Биігіңе өз өмірдегі  
Шығамысың, ғашығым...



Тергеп, естен тандырасың,  
Тағдырымның тауаны.  
Көзден аққан қанды жасым –  
Өмірімнің жауабы.

Неге келдім, не тындырдым,  
Жарық Дүние – жат маған.  
Түнектегі жетім жырдың  
Таңы – Өзің – атпаған.

Ащы күйде тұшынамын,  
Жер жастантып жеңсе Өлім –  
Алғыс емес, ұшырадым –  
Қарғысыңа мен сенің!..



Тауқыметті тардың кеңісін,  
Таксіретті жардың теңісін.  
Кеннен – кем, теңнің талағы –  
Мен жоқпын енді – сен үшін.

Жабу сап жауыр желікке,  
Жүректің мұзын ерітпе?!  
Не айтпақшысың сен маған –  
Не деуге болады Өлікке!..



Жылама сен, жылама,  
Көзіңнің жасын бұлама?!  
Желөкпе Ақын, жебір жыр –  
Жылауыңа тұра ма?!

Ұнжырғанды түсіріп,  
Күрсінбе де күсініп –  
Жаныңды да ұқпайды,  
Жүрегінді түсініп!

Жи есінді, жаркыным,  
Босат қайғы алқымын.  
Қор етеді, көрсетпе –  
Көңіліңнің алтынын...



Өкінбе,  
Шын сөзім:  
Қадымың ұзарып –  
Қуарған гүл-сезім  
Қаулайды қызарып.

Нәпсінің ашқарын  
Келеді уақыты –  
Ақыннан басқаның  
Бәрінің бақыты...



Шер-шеменім зорайып,  
Көңілім көрдей қарайып –  
Сергелденде сор кештім,  
Соқа басым сорайып.

Бұрымдымды ерледім,  
Тұлымдымды жерледім –  
Қоя тұрмай Қу Құдай  
Қайтып алды бергенін.

Мен – Өлімнің құлымын:  
Ми сезбейді жұлынын.  
Құлақ – мүкіс, көз – басыр,  
Иіс алмайды мұрыным.

Өкпе амалсыз – дауылға,  
Бел төзгісіз – ауырға.  
Қол-аяғым қысқарды,  
Өтім шауып бауырға.

Палуан-нәпсім пішпе боп,  
Қуат – кемшін, күш те жоқ.  
Тіл – икемсіз, толғауға –  
Тигізбейді тіс көмек.

Осылғандай ойыным,  
Мұқап, мүлдем мойыдым –  
Күдік жалы күдірейіп,  
Үзді үміттің мойынын.

Қара шашым қуарып,  
Өң – сынық, жақ – суалып,  
Отырамын балаша  
Болмашыға уанып.

Безбүйректің бірі едім,  
Арып, ашып, жүдедім.  
Аузыма сөз түспейді,  
Тек жүрегім, жүрегім...

Соғады Өмір құп көрсе,  
Тағдыр жүндеп түткенше:  
Жан мен Тәнім түгелдей,  
Қашан –  
Өліп біткенше!..



Тәкәппарсып, асқақтап,  
Қайтіп, байғұс, бас бақпак –  
Талқыдағы тағдырдың  
Тәлкегінен қашқақтап.

Ақын, түк те білмейсің –  
Дертін көзге ілмейсің.  
Сырты бар да, іші – жоқ,  
Не жетісіп жүр дейсің?!

Кердің кебін киеді,  
Кемсеңдейді иегі.  
Сені ғана, оллаһи,  
Сүйеді Ол, сүйеді.

Сүйеді жан-тәнімен,  
Нұр тайғанша әрінен –  
Сүйіп тұрып сүймеген  
Болу қиын – бәрінен!

Ол – сүйеді,  
Сүйеді...





Тап қылған тағдырға кінә артпан,  
Тауандап —  
Бақ қудым,  
Сор кездім:  
Мен —  
Көзбін көктемі мұнартқан,  
Сен —  
Нақақ жасысың сол көздің...



Тағдыр-Мерген Әмірлі,  
Атпа –  
Оны,  
Мені –  
Ат:  
Шырқыратып жанымды,  
Жүрегімді қанат?!

Көңіл-көзімді ойып,  
Шаруамды бітір –  
Теспей іреп сойып,  
Көн-терімді сыпыр!

Хұқайынды құп алдым,  
Тезіңе сап иле –  
Таныт Әкесін Мұнардың,  
Анасына тиме!..



*«Мен боламын демендер...» –*

*Абай.*

Ұқсап бақты демендер –  
Заман зәрін ішкенге.  
Уайымын жемендер –  
Дертім кебін пішкенге.  
Жоғарғы жұрт, төменгі ел:  
«Бұл да – өлді!» деп елендер –  
Жүрек шаншып, ми толқып,  
Бүйрек, бауыр іскенге.  
Рухани керендер  
Көзден ғайып болады –  
Басқа қайғы түскенде...  
...Сүртпейді артын Өнермен:  
Құнанбайсыз тұл қоғам –  
Салқын-сана ыс-кеуде!..



Ия...  
Алғаш кезіккенде,  
Алтын бала,  
Амандастық...  
Сөйлестік салқын ғана.  
Заман – суық,  
Адам – мұз...  
Тірі жанмен  
Жақындасып,  
Жанасып,  
Жарқылдама?!

Астанада  
Көзіңмен көрген Ақын  
Ақын емес –  
Қатқан тоң –  
Өлген Ақын –  
Қапыда  
Қарғыс атып  
Қара жерге  
Жалғызын  
Жазатайым  
Көмген Ақын!

Ез бен Без –  
Ыңғай жалқын,  
Орта кілең:  
Тірлігін жаңылдырып мәрт әнінен –  
Тозақтың тамұқ отын күн-түн көсеп,  
Еседі көрдің лебі жан-тәнінен...



Сыр-Ана,  
Сен – қатқан Тулақсын:  
Аралың – сусыз,  
Алабың нусыз қалды.  
Мен – арыған Аруақпын:  
Шаңырағым – иесіз,  
Жырым киесіз қалды...



Таусылуға таяндым,  
Ақтық бөздей жыртылған —  
Өзімді өзім аяймын,  
Ойша бағып сыртымнан.

Терек-бойым қысқарып,  
Таппай тыным тұншықтым —  
Шүйке-жүнмен құштанып,  
Шырк айналған ұршықпын.

Нелер өтті басымнан,  
Болғаным жоқ түсініп —  
Қан жұтқызған ғасырдан,  
Қарадайын ұшынып.

Егіз тірлік сыңармын,  
Тозған нудай сиредім —  
Жылытады Мұнар-Күн,  
Алатаудың бүйрегін.

Көрдегі сол Күніме,  
Созсам — қолым жетпейді.  
Құлындаған үні де,  
Құлағымнан кетпейді...

...Амал іздеп аһ ұрдым,  
Ұлы Арманда өтем бе?!  
Кетіп бара жатырмын,  
Бекер келіп, бекерге...



Отызда орда бұздадым,  
Қыр асқаным жоқ қырықта —  
Өртенген жазда мұздадым,  
Бақадай шулап құдықта.

Ащыға жаным тұшынып,  
Ауырын тағдыр ерте артты —  
Кедей-тамырым күптей ісініп,  
Кежеге-тінім кер тартты.

Өрістеп өмір көгенін,  
Өректіп, көңілім тынды лез —  
Кебенек киер дегенім,  
Киді де кебін... жұмды көз.

Қуартқан ғұмыр-гүлімді,  
Табынып тарын кезеңге —  
Аластап шыққан Күнімді,  
Туар Айымнан безем бе?!

Басынан бағы қашқан ер  
Желпініп, желік қуар ма?!  
Етегі таза есті әйел  
Бай үсті бала туар ма?!

Өмірдің мәні — өлу ме,  
«Еш» жақсы ма екен «кештен» де?!  
...Басарда аяқ елуге,  
Дал болдым білмей не істерге!..



Қысыр-қиял уызына қашпаған  
Жерік болдым –  
Таза ден,  
Пәк ділменен:  
Бақыт тілеп есігім жоқ ашпаған,  
Сордан қашып тесігім жоқ кірмеген!

Ғұмыр кештім  
Бұ Дүниеге сия алмай –  
Тайқы маңдай,  
Тауқыметті баспенен! –  
Жер-жексенмін,  
Желкемді де қиярдай –  
Басыр заман –  
Түк естімес таскерен!

Тірі жанға артпан нала-өкпемді,  
Туасы өзім – кінәлімін бәріне! –  
Шекесінен қарап шенді-шекпенді,  
Салсын, мейлі, іргелерін әріге!

Тайталасып,  
Тұғырына мінгесіп –  
Қарсы келмен күдіретіне Құдайдың! –  
Күрмелумен,  
Күрсінүмен күн кешіп,  
Егілемін,  
Еңіреймін,  
Жылаймын!

Діңкем құрып,  
Сүлеледім,  
Сірніктім –  
Санам салқын тартты алтын жалатқан!



...Әу басында түбі шикі тірліктің,  
Тәңір мені,  
Тозағы үшін жаратқан!

Табыт – тағдыр-таланыма кезігіп,  
Тажал тектес табиғатымды сезіндім –  
Жебір шығып –  
Дос-жарымнан безініп,  
Жалғызымды жоғалтқан да – өзіммін!

Оң мен солын тонап,  
Түгел жалмайтын,  
Тексіз тылсым –  
Мерт болатын егізі,  
Алды-артында тігер тұяқ қалмайтын –  
Менмін!  
Маған тыныштық бер, негізі!

Тыныштық бер,  
Түрпілеме,  
Тиіспе,  
Теріс бағып,  
Тұртпесін де түленің –  
Тұлпар тұрқы  
Қойдай қоңыр күйіске  
Көнбейтұғын  
Керталанның бірі едім...

Жөгі күлмей,  
Жұмсақ сөйлеп,  
Жеңіл кел,  
Жөнсіз тергеп,  
Тынысымды тарылтпа?! –  
Жалған Құдай мен Дасанды Тәңірлер  
Түсіре алмас Мені Пенде-Қалыпқа!

Түсіре алмас!  
...Жан-жүректі жаралап,  
Зарлай берме,  
Сарнай берме, Өлеңім?! –  
Қонақтаған бұтағымды аралап,  
Өз түбіме өзім жетіп келемін!

Бұйрығына пейілім – күң,  
Ынтам – құл,  
Қайғым – қуаныш екендігін білдім мен:  
Қинап-қинап  
Шын Құдай мен Шын Тәңір  
Жарылқайтын шығар,  
Бәлкім,  
Кім білген?!..



Иірілген ұршықтай,  
Шүйкеден бас тіленіп –  
Жаным неге тұр шықпай,  
Иегіме тіреліп?!

Өшті емес пе жарығым,  
Күні не енді, түні не –  
Көрге жүктеп қалыбын,  
Көшті емес пе Дүние?!

Түбі шикі тірлікке  
Бар ма Ақынның керегі?!  
Өлең күтпе,  
Жыр күтпе –  
Ол – Өледі! –  
Өледі!

Ол – Өледі...  
Сөзден де,  
Сезімнен де – мақұрым.  
Өліп,  
Хабар береді –  
Ақырын күт,  
Ақырын!..



Жел өтінде  
Жер бауырлап  
Жаурадым —  
Оңымда да,  
Солымда да жоқ пана.  
Қан жаудырып,  
Қазан ұрған бау-бағын —  
Батысым да,  
Шығысым да — қап-қара.

Қазынасын  
Асып-тасқан көңілдің  
Талап жатыр,  
Тонап жатыр жұт-шымал.  
Талқысына түскен  
Тағдыр-жебірдің —  
Жаным-тәнім,  
Жүрегім де — шұп-шұбар.

Қайғы-мұнға  
Ой мен бойды алдырып,  
Тозып біттім  
Тозақты өмір сүре алмай —  
Уын-зәрін тасқа шағып,  
Шалдығып,  
Құйрығына басын тыққан жыландай.

...Бүгінімнен —  
Бұ Дүниемнен жерідім,  
Ажал күтіп,  
Ақырымды сұрадым —  
Тірідейін  
Күйін кештім Өлінің —  
Енді, Маған  
Не істе дейсің, Мұнарым?!..



*Тағы да Мұнарға*

Өксіп,  
Өліп құлады –  
Әкең бүгін тағы мас...  
Өмірімнің мұрады –  
Сендей асыл жоғы рас.

Қаным шауып басыма,  
Тамыр кеулеп тасиды.  
Қарап Құлпытасыңа,  
Ішім удай ашиды.

Сай-сүйегім сырқырап,  
Көңіл-көзім қарайды.  
Шыбын жаным шырқырап,  
Шердің шашын тарайды.

...Миым ауып,  
Ақылдың  
Тарс жаптым түнлігін –  
Арағына көпірдің  
Сүйеніп тұр  
Тірлігім!..



Жаным жалған жақсымен  
Іздеп шыр-пыр үйлесім.  
Жүрек дерті тапсын ем,  
Зәһәрінді күй, досым?!

Күй қарызға, күй тағы —  
Батыр дүние боғына!  
Арақ қанымды ұйытады,  
Сұрау салып жоғыма...

...Ішіп-ішіп өлейін,  
Көзге күйік болғанша —  
Көр қызығын көрейін,  
Күннен безген зорманша!..



*Тағы да Мұнар жайлы*

Оза шапқан қатардан  
Көк аттылы көлденең –  
Кете тудым атаңнан,  
Өте тудың сен менен.

Қара жолда шаң басып,  
Ұшырадым пәлеге –  
Ажалыңмен арбасып,  
Жеттің бұрын мәреге.

Жез айырып алтыннан,  
Қолда барым жоғалып –  
Ере кетпей артыңнан,  
Неге отырмын омалып!..



Бұзықтық жоқ пейілімде,  
Оң де, мейлің, теріс де:  
Ақ Шайтан – бір иінімде,  
Бір иінімде – Періште.

Бақ-сорымды саралап,  
Елден ерек санадым –  
Екеуіне, алалап,  
Екі бөлек қарадым.

Зәбір шегіп, зар қақсап,  
Жастық шағым кетті өтіп –  
Періштемді қорғаштап,  
Шайтанымды шеттетіп.

Зейнетті деп айта алман,  
Жігіт кезім желөкпе –  
Періштемді Шайтанға  
Жығып беру керек пе ед?!

Осы сұрақ дәйімі  
Көкейімде тұрады.  
Адассам – не айыбы,  
Басқаға артпан кінәні!

Өлеңім де, өзім де  
Періштеге айналып –  
Кір түсірдім сезімге,  
Көңіл көгін қайғы алып.

Шайтанымды құл еттім,  
Күндіз-түні басқа ұрып –  
Дерті меңдеп жүректің,  
Жан жарасы асқынып.



Періштемді – Құдай қылдым,  
Содан тапқан не олжам бар –  
Жалғызымнан айрылдым,  
Жәй-күйімді болжаңдар?!

Заманға сай кәсібі  
Жын-Періге – бөтенмін.  
Тірі емеспін, әсілі,  
Өліден де бетермін.

Көргеніме – мақұлмын,  
Көретінім – әлі көп.  
Азып бара жатырмын,  
Албастыдан әрі боп...

...Басты тағдыр иықтан,  
Алған беттен қайтамын –  
Шығарар ма тұйықтан,  
Қол созар ма Шайтаным?!..



Қан бұзылып,  
Жүрек сыздап,  
Жан ауырып,  
Жолдас болдым  
Жарты ғасыр қайғымен...  
Жазым ұлдың  
Жер басқанын жалау ғып,  
Сабыр тұтып,  
Санатыма сай күлем.

Көр күледі...  
Жер де,  
Көк те күледі,  
Бек мәз-мәйрам –  
От,  
Су,  
Ауа –  
Жел күлген.  
Дүниенің Жарығы мен Түнегі –  
Екі адам боп  
Еңіреумен келдім Мен!

Мен де – күлем...  
Күн тұтылса – жыламан!  
Жылар болсам –  
Көңіл семсін,  
Көз ағып!  
Арсыз күліп –  
Арыламын күнәдан,  
Бүтін шығам –  
Бар дертімнен тазарып!

Зорлап ішкен  
Сорлы Ақынның Анты бар:  
Ай бөлінсін,  
Бөлінбеймін Екіге!  
Азар болса –  
Бергенінді қайтып ал,  
Тағдыр,  
Маған –  
Бұдан былай жекіме!..



Хан-тірлік зар еңіретті  
Қайманасын, қарасын —  
Жоктауменен өмірі өтті  
Жазатайым баласын.

Тағдыр атты бек-төре  
Асырғандай айласын:  
«Жерде ме, әлде, Көкте ме, —  
Дейді, — Мұнар, қайдасың?!»

Төрт құбыласы тұтас Қамал боп,  
Іздеп, таппай, тоқтайды.  
Өлмеген соң, амал жоқ,  
Су ішеді, оттайды.

...Қайғы-мұнның зарпы өтіп,  
Күйістеген Хайуан —  
Бақ-жұлдызын тәрк етіп,  
Безеді Күн-Айынан...



Көрсетпегің көп білем:  
Тиып қанды жасымды –  
Жер қапқан ит-тепкіден,  
Көтерейін басымды?!

Қайғы құштым – қара нар  
Қомдап салсаң бойламас.  
Жан-жүрегім жарадар  
Жазылам деп ойламас.

Шайқамай жаз қаймағын,  
Жұт жайлаған күздейін –  
Ақырымды ойладым,  
Үмітімді үзбейін?!

Өле алмадым, өлмедім,  
Оң-солыма қарайын –  
Аласымды бермедің,  
Бермесіңді алайын?!

Қүдіретінді сұраман,  
Қарау құлдай құзанып –  
Шықсын қоздап ұядан,  
Батқан күнім қызарып...

Таупық тапсын тұл денем,  
Сана өзгертіп танымын –  
Марқұм ұлдың сүрмеген  
Өмірін бер, Тәңірім!..



*М. Н.-ке*

Күйін кешпе азғынның,  
Бек қызындың, сәл мұзда?!  
Жыладың деп жазғырдың,  
Жазатайым Жалғызға.

Қайғы-мұңын саз құштым,  
Қалай іштей тынайын?!  
Мәңгі Жұмбақ – Жазмыштың  
Жымқырамын Күн, Айын.

Пендеге тән – хәл, шамам,  
Арты қуыс ұрымын.  
Тәңір шендес бар санам,  
Доңыздікі – ғұмырым.

Құр асаудай күйредім,  
Қылғынып қыл арқанға.  
Бүтін шығар бүйрегің,  
Қиянат – қыр арқанда.

Келеке етіп күлменіз,  
Сорып тірлік қан-сөлін –  
Бүлде – сәттік үлденіз,  
Сіз де – Біздей – әншейін.

Өмір, Өлім арасын  
Жалғайтұғын делдалмыз.  
Қисыны жоқ жарасым –  
Құдай – Жалғыз,  
Мен – Жалғыз...



Адам туып, өледі –  
Тәңір теңдік бермейді:  
Кебенек киген келеді,  
Кебін киген келмейді...

Мұнарымды сағынып,  
Салым суға кетеді –  
Талдым тауым шағылып,  
Тал қарматса нетеді?...



Жазымыштың Жазуы –  
Нені ұғынып,  
Не білдім:  
Өмір –  
Жанның Азығы,  
Тән –  
Азығы Өлімнің!

Мұрсат бітіп межелі,  
Өлімменен қауышып:  
Жан –  
Тәніңнен безеді,  
Өміріңді –  
Тауысып!..





Тосқау таппай  
Уақытқа тез өткен,  
Ағзанды ыстап,  
Өрт қаулайды өзектен.  
Тағдыр-Нәсіп:  
Біреу – ерте,  
Біреу – кеш –  
Туып жатыр,  
Өліп жатыр кезекпен!

Тудың – өлдің...  
Жауып тірлік қақпасын,  
Тірейді Өмір Ақыретке ат басын.  
Құрт-құмырсқа жеміт қылған Өлімді,  
Күзетеді кірпік қақпай Көктасың!

Күзетеді...  
Шығармайды уыстан,  
Көктас –  
Құдай қарғап қойған Зымыстан!  
...Көк Аспанға  
Жаның ығыр егеді,  
Қара Жерден –  
Тәнін іздеп суысқан!..



Демін ішке тартып алған  
Қос Алып:  
Жер – талақтай ісіп-кепкен,  
Көк – тұнжыр...  
Пенделіктің көгенінен босанып,  
Өлі рухын,  
Тірі хұқын еттім жыр.

Жыр еттім де –  
Қасірет жайлап,  
Қайғы алған –  
Тауқыметті тірлігімнен безіндім:  
Түнек-Түннің құнсыз күңіне айналған –  
Күн-Жарықтың  
Күнәһары сезіндім.

Күнәм – ауыр...  
Ұқтым!  
...Өте кеш ұқтым:  
Бастан бағым тайған сынды –  
Не қайран?! –  
Біртұтасқан  
Табыт пенен Бесіктің  
Ара-жігін айырарға –  
Жоқ айлам!

...Қайран маған  
Әлем алаң сыңайлы,  
Заман – алаң,  
Қоғам – алаң,  
Адам да:  
Шыққан есім іздейді ұмыт Құдайды,  
Күллі Болмыс күлтеленіп Санамда!..



Түйе – бойына сенеді,  
Есек – сойына сенеді.  
Түйеден – қалыссың,  
Есектен – алыссың,  
Сен неңе сенесің,  
Иран-Ғайып?!

Сұңқар – сияғымен текті,  
Тұлпар – тұяғымен текті.  
Сияғың да – жоқ,  
Тұяғың да – жоқ,  
Тексіз тумасаң нет-ті,  
Иран-Ғайып?!

Арыстан – айбатымен алады,  
Жолбарыс – қайратымен алады.  
Келмеске кетті – айбатың,  
Түбіңе жетті – қайратың...  
...Дүние не болып барады,  
Иран-Ғайып?!..



Туа салдым да... шыңғырып  
Тіл қаттым Дүние-Мұнарға –  
Тылсымды түпсіз Тұңғиық  
Тасырдың датын тыңдар ма?!

Қол-Аяғымды балап Қанатқа,  
Ене-Топырағымнан безініп,  
Енгенсіп Мәңгі санатқа,  
Тәңір Тұғырлы сезініп,

Қиял желігін басқансып,  
Шолғансып ойдың көзімнен,  
Ай, Жұлдыздардан астамсып,  
Теңестім Күннің өзімен.

Тұлдандым Күдіреттектеніп,  
Берместей тыным Жер-Көкке –  
Түгесілместей шектеліп,  
Оранбастай Ақырет-Жөргекке...

Кеш ұғып бәрін –  
Мұнайдым,  
Тағдырым,  
Сенен жерідім:  
Санасын беріп –  
Құдайдың,  
Теліпсің –  
Иттің Өлімін!...



Бас көтерді кәрілік,  
Зәре-құтым ұшады –  
Төрт құбылам тарынып,  
Қос өкпемді қысады.

Күніменен,  
Түніменен  
Қалпым осы қорынған.  
Күрсінемін,  
Күңіренем –  
Көремін өз сорымнан.

Барлық пәле – өзімде,  
Мәгәс болдым дер едім:  
Білмедім жас кезімде  
Не істеуге керегін!

Бәрі бар да сұранып,  
Тапсам-шы іздеп жоғымды –  
Айдалаға лағып  
Босқа атқанша оғымды?!

...Тап-тайқым,  
Қу маңдайым,  
Қонған бақтан айрылдың –  
Тақылдап тек таңдайың,  
Қыр арқаңнан майрылдың.

Құр ауаны қармайсың,  
Билік кетіп, күш қашып –  
Күні-түні зарлайсың,  
Уақытпен ұстасып!..



Мәңгі – Мазмұн-Мәнімен  
Дақ түспейді Алтынға.  
Тәнім – қартайғанымен,  
Жаным – жасыл қалпында.

Кемге етпейді қанағат,  
Кеніш – мекен-тұрағы.  
Кеудемдегі Аманат –  
Кенге құлаш ұрады.

Зықы шыққан өмірім –  
Зәрін жаяр денеме.  
Күн көрікті көңілім –  
Алтын емей немене?!

Айрылып өң-түсімнен,  
Тарқар тірлік-базарым.  
Дос-жарға –  
Оң ісіммен  
Саф Алтындай тазамын.

Алтын!  
Алтын!  
Алтындай,  
Асыл ойым, жарқыра?!  
Салқындамай,  
Сарқылмай  
Тисе себім Халқыма!

Текті түйсік-танымым  
Жүрегіме нұр құйып –  
Жырым – Алтын Жарығым –  
Көз қарыған Тұңғиық...

Алтын!  
Алтын!  
Сом Алтын –  
Сарғаяды Санамда:  
Айналар ма –  
Со Қалпым,  
Ақыры –  
Алтын Адамға?!



Тәңір-Тағдыр,  
Екі етілмей жарлығың,  
Алып біттің асылының барлығын:  
Ішке бүгіп –  
Кеткен жоғын түгендеп,  
Саусағымен санап отыр әрбірін.

Баз кештіріп,  
Бейшара етіп келесің,  
Мұз құрсады ақынның от-денесін.  
Тірі аруақ кейіпіне енді керіктің,  
Аңсарына соза-соза өңешің.

Текті түгі қалмағандай өзінің,  
Кеміп қадір-қасиеті сөзінің –  
Жыры қашты жүрегінің, жанының,  
Нұры қашты көңілінің, көзінің.

Түрін алдың,  
Түсін алдың ...  
Тісін де –  
Өктемдік жоқ,  
Өткірлік жоқ ісінде.  
Бойы менен ойының бар қуатын  
Қуып тықтың бүк түскен пәс пішінге.

Қас-қауметі,  
Сақал-мұрты ағарды,  
Тән желігі –  
Жын ойнағын доғарды –  
Итетін алпыс екі тамырын  
Құдіретті күй-сезімі жоғалды...

...Бергі беттен безетіндей сайланып,  
Арғы беттен ауатындай айдалып –  
Шыдай-шыдай шер боп қатты шемені,  
Іңкәр Дүние ыңыршағы айналып!..





## **КӨҢІЛДІҢ БИБИ МЕСІ**

(Дарига-Жырлар)

Сенсіз өткен уақытым – құр сергелден,  
Өзімді-өзім босатпаймын тергеуден:  
Сенсіз қалай ауа жұтып, жер басып,  
Сенсіз қалай өмір сүріп келгем мен?!

Өзің екен әннің нәші, жыр басы,  
Өзің екен сезімімнің сырласы.  
Өзің екен сырттанына еркектің  
Жарға лайық жанның тәңір-тұлғасы!..

Қапелімде көзін жазып құсбегің,  
Кеш кезіктің... Әттең!... Бармақ тістедім.  
Сенсіз менің тастан қатты жұтқаным,  
Сенсіз менің удан ащы ішкенім...



Өліп-өшіп сүйгенім,  
Арып-ашып тапқаным:  
Отқа салдың – күймедім,  
Суға салдың – батпадым.

Түсім бе, әлде, өңім бе,  
Айтшы анығын, қарағым?  
Сенсіз өткен өмірге  
Мен шошына қарадым.

Түсім болса – түңілмен,  
Өңім болса – маскара!  
Алатайдай бүлінген  
Мені бұлай тастама!

Ессіз көңіл бөлгенім,  
Беу, Дариға, жан сырым:  
Сүйе-сүйе шөлдедім,  
Құша-құша қаңсыдым...



Көңілдің Бибі Иесі,  
Жүректің Қадыр Қожасы –  
Өзіңсің –  
Сөздің Киесі,  
Сезімнің Асыл Тазасы.

Тілемен тағдыр жеңілін,  
Таусылды менің тағатым:  
Өзіңсің –  
Қалған Өмірім,  
Соғатын –  
Соңғы Сағатым...



Тауға да ұрам,  
Тасқа да ұрам  
Томаршадай басымды –  
Күннің көзін аспанымнан  
Күздің бұлты жасырды.

Жүрек сыздап,  
Өкпем өшкен,  
Тарылады тынысым.  
Қабырғаммен тек кеңескен  
Бүйткен өмірі құрысын!

Жалқы тірлік мезі қылды,  
Кімге мұңым шағайын?  
Тоз-тоз болған төзімімді  
Тезге салып бағайын.

Тағдыр – Жомарт:  
Тоны тозбас,  
Қазанаты арымас.  
Сенсіз Уақыт мені жазбас,  
Дерттің емге қаны қас.

Кыр гүліндей қоңыраям,  
Суық шалған сабағын.  
Кім теліген сені маған,  
Бұзып көңіл қамалын:

«Нелер келіп,  
Не кетпейді  
Ер жігіттің басына?  
Сайда диірмен айналады  
Көзде аққан жасыма...»



Сүйем сені –  
Сүйгендей дерт тәнімді,  
Сені ойласам –  
Кеудемде өрт қабынды.  
Көз жұмсам,  
Көрем жалғыз бульварменен  
Жабығып кетіп бара жатқаныңды.

Сүйем сені!..  
Жер қуә, Аспанменен,  
Тоназиды қуаты қашқан денем:  
«Кісі жары –  
Кісіге жар болмай ма,  
Балапандай бауырына басқанменен?!»



Өзің сынды жан иесі,  
Аспан қызы ай тамақ.  
Махаббаттың «кәлимесін»  
Жатырмын мен қайталап.

Құл болам да, не қыламын,  
Сен деп соққан жүрекке.  
Талмай күн-түн табынамын,  
Табынғандай Қүдіретке!

Кейінгіге рәсім етем,  
Бәлки құптар ішінен:  
«Жүрек күші басым екен,  
Қүдіреттің күшінен!..»



Мұнын тыңдап жүрегімнің,  
Жыр қыранын ұшырдым:  
Сенсіз маған бұл өмірдің  
Мәні жоғын түсіндім.

Көйлегім – көк.  
Тамағым – тоқ.  
Кеудем – керен.  
Көңіл – аш.  
Іштен тындым.  
Амалым жоқ.  
Күзгі дала өңі лас.

Ел мәзірі.  
Көп қолпашы.  
Құрбым – бәйек.  
Дос – алан.  
Сенен өзге жоқ қолқасы,  
Мен бір жүрген есалаң.

Сенсіз менің таңым атып,  
Шақырмастай тауығым.  
Сараң Бақыт қаны қатып,  
Сипатар ма сауырын?!

Ойламадым бас қамымды,  
Алар демнен қымбатсың.  
Шоққа көміп аспанымды,  
Көкжиекке күн батсын.

Көкжиекке күн батқан соң,  
Айдай қалқып шығарсың.  
Аһ ұрумен тіл қатқан соң,  
Ақын жанын ұғарсың.



Құпия кеуде – сейфтегі  
Жүрек сырын ақтардым:  
Сенсің – монтан кейіптегі  
Атқан, Таң мен батқан Күн.

Әрі-сәрі қылған мені  
Сәнсе үмітім – біткенім.  
Отыз жеті жылдан бері  
Сен емес пе күткенім?!

Сенсің мені еткен Ақын,  
Жырмен дертін жеңетін:  
Көзімді ашсам – жоқ болатын,  
Жұмсам – жұмбақ енетін.

Сен емес пе жарыстырған  
Желмен жебір желөкпе,  
Қыр гүлімен табыстырған,  
Теліп жасыл желекке.

Сенсің сұлу қайыңменен  
Мұндастырған көктемгі –  
Отастырған уайымменен,  
Өшірген де өкпемді?!

Жаз аптабы қаны кепкен  
Жайсыз тиіп, жұлқындым.  
Сенсің мені Тәңірі еткен,  
Құлы қылмай құлқынның.

Қыс қарыды – қорынбадым,  
Тоң астында тұншықтым.  
Уақыт – шебер қолындағы  
Шыр айналған ұршықпын.



Тағдыр жаншып, басты аямай,  
Мен – тамыры семген тал.  
Сенсіз – аспан асты аядай,  
Жердің үсті – көрден тар.

Жарамсақтай жалған күліп,  
Жатқа көзім сүзбедім –  
Аядайдан арман қуып,  
Тардан бақыт іздедім!..



Отырмысың, жатырмысың,  
Жаным, қандай күйдесің?  
Жалғыздықпен ақыл-күшім  
Таба алмады үйлесім!

Өрулі ме, ерулі ме  
Қара шашың – қара түн?  
Қойдың көңіл бөлуді де,  
Қырқылғандай қанатым.

Ақын жанның сүйіктісі,  
Күтсем талмай бар ма айып?  
Сағыныштың ұйытқысы –  
Алтындай саф сарғайып.

Бостандыққа болмай ма айла,  
Балақ баулы ақ құсым?!  
Қай шақтасың, қандай жайда,  
Шаршаумысың, шатпысың?!

Күтем сені топырақ нәрін,  
Жапырақ әрін күткендей.  
Шырағданша тоқырап жалын,  
Жана-жана біткендей...



Жабығып көптен жүр едім,  
Жат болмай шықтың, жоқ айып.  
Орнына түсті жүрегім,  
Көңілім қамсыз тоғайып.

Кеудемде бұлбұл сайрады,  
Тұтылған Айға Күн шығып,  
Көтерді шабыт байрағын,  
Күтінген жырлар тұншығып.

Жанымның кіріп ажары,  
Күдіктің тілі байланып,  
Қайнады тірлік қазаны,  
Бейсабыр дүние жайланып...

Жарлыдай жарты байыдым,  
Көркіне сырттан тойынып —  
Жиылмас әсте айылым,  
Қара жер кетсе ойылып!

Күн кешпен енді бұйығы,  
Түссе де көктің жасыны.  
Тартса да тағдыр ұйығы,  
Буса да дерттің басыры!..



Сырты – құзар қия-шындай,  
Ішін әлі-ақ танытар...  
Құркылтайдың ұясындай  
Әрі қуыс, әрі тар.

Аяғыңа тас байлатып,  
Артар жүгін иыққа –  
Қырқадан құр аспай жатып,  
Тірелесің тұйыққа.

Енуге – бар,  
Шығуға – жоқ  
Кез боп тылсым Құдіретке,  
Хақ бұйрығы – бұғынған оқ  
Қадалады жүрекке...

Қайран Акын тасып-толған,  
Қайғы жұтпа, күрсінбе!  
Қол жетпеске асық болған  
Жалғыз мен деп жүрсің бе?!

Естен жиі тана берме,  
Сонша інкәр боп не етесің?!  
Сен де бір күн кара жерге  
Судай сіңіп кетесің!..



Байыдым батар күндейін,  
Суалды сезім! Бітті! Жок! –  
Демеймін! Деуге жыр бейім,  
Көншімей көңіл күпті боп.

Жасыны ойнап жанымның,  
Кеудемнің көгін бұлт басты.  
Тәубемнен сәтке жаңылдым,  
Кесілген тұлдай құлыпасты.

Тамұққа тасталғаным  
Кісенсіз күйде  
Қорынам.  
Бөгдемен бостан бағыңа  
Қарадым тағдыр торынан.

Қарадым-дағы түңілдім,  
Түңілдім-дағы түсіндім:  
Жалғандығына  
–Дариға-Ғұмырдың,  
Жоқтығына –  
Ғашық-Кісімнің!..



Тегінде, сен де жартысың,  
Тегінде, мен де жартымын —  
Бөлінбес Бүтін боп алдық.  
Сенің де басың байлаулы,  
Менің де басым байлаулы,  
Босанып кетсек — жоғалдық...

Сенің де күнің күн емес,  
Менің де күнім күн емес —  
Кірпігін ілмес күтініп.  
Алдымыз — қалың кара орман,  
Артымыз — шөл — көзі аларған —  
Кететін жол жоқ құтылып.

Қаптаған жұрттың сөзіне  
Қара орман қалқан болмайды.  
Шыдар ек шөлдің тезіне  
Қайырсыз түбі — сол қайғы —  
Төбіндеп өскен көк шыбық  
Төгіліп гүлі сорлайды!  
Болмайды, жаным, болмайды!..



Тіс жарып, тіл қатпаушы едім ешкімге,  
Келмедің де – қалмай қойды ес мүлде.  
Түн қойнында терімді үктің неге деп,  
Кетістің бе – ат құйрығын кестің бе!

Жазығым не? Жазған жерім жоқ еді,  
Қылғындырды қимастықтың көгені.  
Таң атқанша кірпік ілмес ақынның,  
Күн батқанша сары уайым – жегені...

Шын кету ме сенің осы кеткенің,  
Індету ме, зар илесін деп пе едің –  
Күзгі бұлттай талағың тарс айрылып,  
Ізім-қайым жоғалғаның – не еткенің?!



Өзіңсің!  
Өзге жоқ менде,  
Имандай шыным – Өлеңім.  
Өзің бар жерде боп пенде,  
Өзің жоқ жерде «өлемін».

Өлтірмей қоймас,  
Сеземін,  
Жалының жанды шарпыған.  
Өргеніп менсіз өзегің,  
Өкініп жүрме артынан.





Сен менен кеткенменен,  
Мен кетпеймін –  
Жанымды-жүрегімді еңіретпеймін.  
Қыр соңыңнан қалмаймын өле-өлгенше:  
Жүгіремін,  
Желемін,  
Еңбектеймін...

Өмір-бақи өтемін жетегінде,  
Тауға шықсаң тұрамын етегінде.  
Үйіңе енсең – күзетем есігінді,  
Жалт қарасаң жетеді кетерінде.

Сен менен қалғанменен,  
Мен қалмаймын.  
Жаңбыр жаумай су-сумын, малмандаймын.  
Қия алмай жататұғын жар төсегін  
Жып-жылы күнімізді армандаймын.

Сен менен безгенменен,  
Мен безбеймін.  
Безетін сыңайыңды сезгендеймін.  
Өзгерсең өзің өзгер,  
Өз болмысым  
Өзіммен бірге өледі!..  
Өзгермеймін!



Қайғыма қайғы қосылса,  
Түбіме әлі-ақ жетесің.  
Тағдырым, мені осынша  
Таяқтай беріп не етесің?!

Мансапқорлық жоқ-ты тегімде,  
Атақ та, Даңқ та сұраман.  
Дариға – Құсым көгімде  
Жүрсінші шарлап дін аман!

Жуынып көздің жасына  
Енсінші жастық шырайы.  
Бар бәленді үйіп басына  
Бұқтырма бекер ұдайы?!

Ойраныңды сал да ордама,  
Ақын жүрегiнiң жайын ұқ:  
Қанатын қырқып – қорлама –  
Бас бостандығынан айырып!

Төзімін теліп темірге,  
Көрер қызығын ұрлама!  
Өгейлік етпес өмірге  
Егіліп күлген бір бала...

Май ішкендей боп мазасы,  
Тасынған көңілі басылар –  
Аһ ұрған жанның азасы  
Түн ұйқысын талай қашырап!.



...Таңым да атты бозарып,  
Күнім де шығып келеді –  
Көңілім-көгім тазарып,  
Жасанып жырдың желегі...

Тағдырға қылмай қақпақыл,  
Қайғының тасын уатып –  
Құлдығынан азат етті ақыр  
Құдайдай күткен Уақыт!..



Ерте кел, жаным, ерте кел.  
Ерте келмесең, ертең кел.  
Ертең келмесең ереуіл  
Суалған көңіл дерт емер,  
Қуарған көгім өртенер!

Ерте кел, жаным...  
Ертең кел.  
Ертең кел дағы өлкем көр.  
Аспанмен күндес айдыңға  
Бауырыңды төсе,  
Желкен кер!..



Көріксіз ой – көкірегін көмген сыз,  
Дүниеде жан болса ең дәрменсіз,  
Ол – Мен, Сенсіз,  
Қалайша  
Күліп-ойнап жүр екенсің, Сен, Менсіз?!

Сенсіз дертке ем қонуы – өтірік.  
Төрт құбылам тең болуы – өтірік.  
«Жаным» деген жылы сөзді  
Түстіктен  
Соққан желге «жеткіз» деймін өтініп...

Өтіп жатқан бір күн ауыр бір күннен,  
Сенсіз тірлік тұл екенін білдім Мен.  
Сүйген Адам — тірі жазған Тәңіріне  
Құлақ кесті құл екенін білдім Мен!

Хас Шындықтай сарамысың — Бибі-Ием,  
«Құлыңды» еске аламысың — Бибі-Ием,  
Талансыздың жететұғын түбіне  
Әлде бітеу жарамысың — Бибі-Ием?!

Күз аспаны кәр құсады — күрсінсем,  
Көңіл құсы зорға ұшады — дүрсінсем.  
Менсіз қалай ауа жұтып, жер басып,  
Менсіз қалай өмір сүріп жүрсің Сен?!



## **ГҮЛДЕЙ НӘЗІК ДЕНЕҢ ТАСҚА АЙНАЛЫП**

**(Ғайып-Нама)**



Өмір – Шындық  
Өлім дейтін – Өтірік,  
Өлемін деп опық жеме өкініп.  
Күннің нұрын,  
Жер жылуын мәңгілік  
Қызықтай бер құлпытастай бекініп.

Құлпытас та,  
Адам да бір,  
Гүл де бір,  
Тек үшеуі үш күйде – үш түрде жүр.  
Екеуі үшін үшіншіге тиіспе,  
Жұлар болсаң –  
Үшеуін де бірге жұл!

Жұлған замат өз шындығын жасырар,  
Гүл – Адамға,  
Адам – Тасқа бас ұрар.  
Бас ұрған сәт өркен жайып Өтірік,  
Дүниенің берекетін кашырар.

Біле білсең –  
Гүл де – Адам –  
Тас та – Адам –  
Бір-бірінсіз әсте қия баспаған.  
Өмір – Шындық,  
Өлім дейтін – Өтірік,  
Жан бола ма Өтіріктен қашпаған?!

Біз білмейтін құпиясы бар тағы:  
Гүл – Адамға,  
Адам – Тасқа тартады.  
Уақыт санап бір күйге – бір түрге еніп,  
Үштік Одақ ынтымағы артады.

Күнің де – Күн,  
Түнің де – Күн – білгенге,  
Қаділ болғын –  
Күрсінгенде,  
Күлгенде! –  
Гүлдей нәзік денең тасқа айналып,  
Қайғы ойлама Қара Жерге кіргенге!..



Өзімді-өзім түнде өлі сезіндім:  
Естен тандым.  
Ет-бауырдай езілдім.  
Демім бітті.  
Тамырымда қан ұйыды.  
Қарашығы ағып түсті көзімнің.

Ақ төсекте қара тасқа айналдым.  
Қам ойладым.  
Қасірет жұттым.  
Қайғы алдым.  
...Жер мен Көкті бөлеп алтын нұрыңа,  
Күндей күліп тұрғанына қайранмын!..





Демнің екі түрі бар мен білетін:  
Алар Демің – санатқа ендіретін.  
Шығар Дем – шыбынынды шырқыратып,  
Шындықтың шырағданын сөндіретін.

Бір Дәм әрі болғанда, бір Дем – бері,  
Дем арасы – жан-тәнің гүлденгені.  
Екі Дем – Жәбірейіл мен Әзірейілін,  
Адам Адам атанған күннен бері.

Екі Дем:  
Бірі – ілгері,  
Бірі – кейін,  
Алдымен Алар Демге жүгінейін.  
Шығар Дем төңкерердей таусылған сәт  
Құлшынып құм сағаттай үгілейін.

Екі Дем:  
Екі Дүние – Өмір – Өлім...  
Бірін – жеңіп,  
Бірінен – жеңілемін.  
Екі оттың ортасында ауа қармап,  
Жеңсем де, жеңілсем де еңіредім.

Еңіредім!..  
Жетеді!  
Еңіремен!–  
Екі Демге иемін,  
Тегін емен!  
Екі Дүние қызығын бірдей көріп,  
Мұздай боп Мәңгіліктің төріне енем!

Өмір – Тозақ дей алман, Өлім – Жұмақ,  
Тозақ шыр-пыр, Жұмақтың денін құрап.  
Тозағымды Жұмаққа кимай,  
Жүдеп  
Жүргенімді кім білсін менің, бірақ...



*Азербайжан ақыны  
Сиявуш Сарханлы досымның  
ұлы дүние салғанда.*

Ұлағатың — ұлың бар деп жылайсың,  
Көз жасыңды көтере алмай құлайсың.  
Ұл беретің құдіреттің құлымын,  
Қолқаң қолым емес... несін сұрайсың.

Бүтін түтін түтемесе түңліктен,  
Күрсінбегін, күдер үзбе тірліктен.  
Жады мықты жалғыздыққа жар берме,  
Енсізбін деп еру керек кіндіктен.

Жалқылық тек жарасады «Құдайға»,  
Қызым жоқ деп, ұлым жоқ деп мұнайма.  
Сен де — жалқы,  
Мен де — жалқы,  
Жалқы — өмір,  
Жалқылыққа жасалмайды түк айла.

Жер бетіне жалғыз болып келесің,  
Келесің де көресіңді көресің.  
Қызың да — жат,  
Ұлың да — жат,  
Жаттығың  
Жалғыздықтан асыра алмас өресің.

Қатының да, хоштаның да қастаның,  
Түптеп келсе кетер бағып бас камын.  
Шырғалаңда шыбын жаның шырылдап,  
Жетімсіреп жас төгеді аспаның...

Туған әкең түсіре алмас панасын,  
Жалқы туып, жалпы жалғыз қаласың.

Туады да тастап тамұқ отына,  
Пейішіне бейіл бұрар анашың.

Торық мейлің, қорық мейлің, азалым,  
Жалғыздықтың жазған азап, ғажабын —  
Жеке жеңіп, салт ат сабау қамшылы  
Сыңар күйде сұлатады ажалың.

Кемелдіктің кереметі бар мұнда:  
Сұрақ — жалғыз — Ақыреттің алдында.  
Жауап — жалғыз,  
Жаны жетеу жан — Жылан,  
Қара басы Адамның да, Анның да.

Реңінді тонап,  
Рухынды ұрлатар,  
Үкімі — зіл,  
Зандылығы тым қатал —  
Жалғыздықтың жатырында Жалғыздық  
Жұдырықтай жүрегің боп тіл қатар.

Жер де — жалғыз,  
Ай да — жалғыз,  
Күн — жалғыз,  
Жалғыздықтан жапа шеккен мұндармыз.  
Күллі Әлемнің Жалғыздары жиылып,  
Мағынасыз Мәңгілікті жырлармыз...

Жалған жаһан жағдаяты осылай —  
Жазмышыңа бауыр басқын шошымай.  
Бір өзіннің еншің — Екі Дүние,  
Жалғыздықты жал етпеші, досым-ай!

Қалған соңғы тұяғы ем деп атаның,  
Қол қусырып, қосын жекпе қапаның —  
Жалғыздықтан Рухың үстем болсын де,  
Болсын аман Отың басы — Отаның!..



Көңілім – түпсіз көзқалта –  
Топырақ құйсаң толады.  
Шауып ажал-әз-балта  
Терек-ғұмырым солады.

Тар тәңірісі – шыбын жан  
Кеңге ұшып шығады.  
Өлең мұнын ұғынған  
Өмір мәнін ұғады.

Жариясыз жәйт неше,  
Келесің бір келуге –  
Пенделік қой, әйтпесе,  
Өлім менің теңім бе?!

Жыла, сорлы жүрегім,  
Жұбанарлық не қалды?!  
Күткен алтынкүрегім  
Үшті-күйлі жоғалды!

Тоңы-мұзы ерімей,  
Құзарымды қар басты.  
Қалған көңіл – келідей,  
Келсап – қара албасты...

Сана көркі пәс білем,  
Солғындана түсті рең:  
Ағын судың астымен,  
Тұнық судың үстімен...



Хас шындықты жыр еттім,  
Қапыл кетсем – нан ұрсын!  
Жетім, жүдеу жүректің  
Датын тыңда, әміршім?!

Бүршік жарып, гүл атып,  
Көтереді сезім бой –  
Жасыл туын құлатып  
Кетер болсаң – көзімді ой!

Күн тұншыққан кеудемде  
Жанартаулы жасын бар –  
Құр сайраған шерменде  
Етер болсаң – басымды ал!

...Қам көңілдің қалпын тап,  
Соры қалың бағыма?!  
Ақын жаны – Алтын Так,  
Тағыңа қон, Тағыңа!..



Досым – күлкі,  
Таба қылды дұшпаным,  
Құжырамда құныс пікір қыстаттым:  
Сен біреудің етегінен ұстадың,  
Мен біреуге етегімнен ұстаттым.

Жел өшіріп жанған өмір-шырағын,  
Өкси-өкси көзі біткен бұлақпын:  
Сен біреудің құшағында жыладың,  
Мен біреуді құшағымда жылаттым...

Неге келдік?!  
Бұл жалғанда не мән бар –  
Жанның кірі жуылар ма жаспенен?!  
...Түгімізге түсінбейді Адамдар,  
Құлдық ұрған Құдайымыз – Таскерен!..



Бәрі – өлшеулі:  
Татар дәмін,  
Алар дем –  
Күлсем қанша,  
Сонша жылап-сықтадым –  
Жандағы үрей,  
Көңілдегі алаңмен  
Күн-Жарықтың көлеңкесін ықтадым...

...Тәңіріме күл боп,  
Құрақ ұшамын,  
Өмір-Өлім зығыр егіп кеудеме!  
О Дүние жаяр ма кең құшағын,  
Бұ Дүние тарлық еткен пендеге?!...



Бүгініммен егеспей,  
Шемен күйін шертемін.  
Қорқынышты елестей  
Түнереді ертеңім.

Ертең деуім тегі осы  
Емес пе екен асылық.  
Тіршіліктің Егесі  
Жүзімізді жасырып –

Жер етпесе жарады,  
Көктен жасын түсіріп –  
Зәрем қалмай барады,  
Үрейімді ұшырып...





Білем –  
Жанымды аласың,  
Жоқ –  
Ауырмайтын жерім...  
Сен қайда барасың,  
Мен саған барамын,  
Өлім?!..



Тынады немен аяғы,  
Айтатын кім бар бек пішіп:  
Жер –  
Көкке зәрін жаяды,  
Көк –  
Жерге запыран–кек құсып.

Тереңнің түбі көрінді,  
Таязы мәңгі көз іліп.  
Үлкеннен кіші жерінді,  
Ұлыстан ұлыс безініп.

Кеңдіктен өкпем қысылып,  
Зардабын шегіп жатырмын.  
Жерік асынан ұшынып,  
Бұзылды ниеті жаһилдің...

Құл-тірлік шақты миымды,  
Жүрек те,  
Жан да –  
Күндікте –  
Иманын Ғалам үйірді,  
Билігі –  
Бел мен Кіндікте!..



Не зұлматқа да – мақұлмын,  
Қабыссын, мейлі, Жер–Аспан...  
Бұзбаңдар жырын Ақынның –  
Қуаты Қүдіретпен таласқан!

Замананың жұқа қуығы  
Жарылардай Уақыт зәрінен.  
Дүниенің Алтын Уығы –  
Киелі Ол...  
Қымбат бәрінен!..



*Марқұм нағашым  
Асқар Сүлейменұлына*

Дүниежарық – тамұққа  
Келіп, кеттің, нағашы.  
«Өлем! Өлем!» – дедің де,  
Өліп кеттің, нағашы –  
Сұмырай, сұмпай заманның  
Сұмдығынан шошынып,  
Енді қайтып келмесе,  
Жеріп кеттің, нағашы?!

Ірілігінді – малдандым,  
Көп көрдің бе, нағашы?!  
Бар қызығын жалғанның  
Өткердің бе, нағашы?!  
Түбі хайыр болар деп,  
Болмашыға – алдандым –  
Тегің осал тартқанға  
Кектендің бе, нағашы?!

Бел-бөксенің арманы –  
Бас боп кеттің, нағашы.  
Көзден тамған мәйітке  
Жас боп кеттің, нағашы.  
Кісіліктен мақұрым  
Жексұрын ит-жемітке  
Жиенінді талатып,  
Тастап кеттің, нағашы!

Онсыз да мұз жүрегі,  
Қайран тірі аруақ –  
Сен өлгенмен не болды:  
Анаң қалды аңырап,

Ұлың қалды кәстеніп,  
Қызың қалды пәстеніп...  
...Мәгәстеніп жар қалды –  
От басы – Отан қаңырап!

Несі кетті қасынның?!  
Есі кетті досыңның!  
Тірелген тас бөгетке  
Ағын судай тосылдым.  
Қабіріннің басында  
Даңғой дүмше дәлдүріш  
Аза жырын оқыды –  
Ақырынан шошындым...

...Өштеспей-ақ өмірмен,  
Сүре берсең – болмас па?!  
Аш күзендей бүгіліп  
Жүре берсең – болмас па?!  
Жемқор, жебір қоғамның  
Жел боп тиіп бетіне,  
Жәлеп-тағдыр етегін  
Түре берсең – болмас па?!  
...Әй, сорқасқа –  
Марғасқа!..



Құбыл күйге кеткені ме еті өліп –  
Өмір қайта өрбиді ме Өліктен?!  
Көктем сайын жерден басын көтеріп,  
Гүл қауызын қайта ашады неліктен?!

Қайта ашады...  
Және қайта жабады –  
Түбі шикі тіршіліктің есігін.  
Дүние – опасыз...  
Таусылғанда амалы –  
Хақ-Құдірет жасайды ма кешірім?!

Бәлкім,  
Ерек жаратқан ба Тәңірі –  
Тағдыр салған көнбестей тар көгенге?!  
Уақыттың гүлге жүрген әмірі,  
Неге, неге жүрмейді өр еменге!..



Қош, қош, Өлең...  
Марту басты Өнердің түп-тереңін:  
Мен – кәлиме...  
Тұншығумен өлемін.  
Заман – тозды,  
Адам – азды,  
Хайуанға,  
Қапа болма,  
Қажетің жоқ,  
Өлеңім?!

Тірі – мәңгірт...  
Ұмыт – өлі аруақ.  
Арыздасып,  
Қош айтамын аңырап –  
Абайсызда ақ ордасын өрт алып,  
Ортасына түскен қара шаңырақ!  
...Қош, қош, Өлең!..



Талыс ем – кара күш,  
Тоздым, таусылдым.  
Өртеніп барады іш,  
Аурумын – аусылмын.

Тәуелсіз заманның  
Тәңірі – Өтірік.  
Тұйыққа қамалдым,  
Өгіздей өкіріп.

Алдымды арт қылып,  
Тұлдырсыз тағы деп,  
Жіберген тарттырып –  
Тағдырға – лағнет!





Жан шұрайымды шіріткен,  
Ет-бауырымды іріткен,  
Жүрегімді қан жылатқан –  
Қарайсың қышқыл-күдікпен!

Көзің көз бе,  
Әлде...  
Көңілдің  
Қам күйінен мұқап,  
Жеңілдің?!  
Желігімен арбап жез-тірлік,  
Жетегінде кетпе темірдің?!

Туылдың ба екен бағыма,  
Туылдың ба екен сорыма?! –  
Алтын да  
Таза қалпында  
Түспейді Адам қолына!

Алтын –тас,  
Мен – тас...  
Алтыннан  
Айырмам:  
Таза қалпымнан  
Айнымай өле-өлгенше,  
Біткенше дүние сарқылман!..



Сабырын алған сананың,  
Бұл не деген дәремет:  
Он Сегіз Мың Ғаламның  
Әлек – бәрі...  
Бәрі – әлек.

Әлек – бәрі...  
Күн де – әлек –  
Шығады да батады –  
Ашына-Айы түнделеп  
Секс-фонда жатады.

Тәңір өзі о бастан  
Салып қойған әлекке:  
Таң кірпігін жаңа ашқан –  
Іңір қуған алаөкпе.

Жанып-өшу – мұрады,  
Жұлдыз – әтек...  
Не хайыр?! –  
Бұлт-Шашын жұлады,  
Жасынды Жай – Көкайыл!

Дүниежарық – дүрбелең,  
Тәтті ұйыққа батқандай –  
Күңіренісіп Күллі Әлем  
Күйектеніп жатқандай.

Жер кеудесін қысқандай,  
Көк қызығы тоналып:  
Тату Атадұшпандай –  
Аталық пен Аналық.

Жалап қыстың ұлтанын,  
Көктем Алтынкүрегі –

Қызыл-жасыл қырқаның  
Кең етегін түреді.

Керемет бұл не деген:  
Жас Бұташық желк етсе —  
Селк етеді Кәрі Емен,  
Белі оянған Еркекше.

Әлек — бәрі...  
Бәрі — әлек:  
Жаны бар да,  
Жансыз да.  
Әлектенген Көбелек  
Айналады қамсызға...

Аң да,  
Құс та,  
Адам да  
Әлектену керектей —  
Душар дертті Заманға,  
Көті-басы көнектей!

...Мен де әлекпін,  
Сен де — әлек,  
Пәлектеп тіл қатсаң-шы —  
Алтын сырғаң дөңгелеп,  
Әлкеленіп жатсаң-шы?!

Табиғаттай тылсымның  
Баска мәні жоқтайын —  
Қан құсардай күрсіндім,  
Ұңғыдағы Оқтайын!..



Абай-Дана,  
Мен өзінді сезіндім –  
Тасыр-тағдыр табанында езілдім:  
Сұмдығы артып,  
Бірі өтетін бірінен –  
«Дұшпаннан» да,  
«Достан» дағы безіндім!

Алғы – әрсіз,  
Артқы – нәрсіз –  
Кісі емес:  
Қорқақ,  
Жалтақ,  
Бүрсіз қарын,  
Ыс өңеш...  
«Бетін басқан»,  
«Қатты сасқан» кашқынмын –  
Өмірім бейне  
Өнде көрген түс-елес!

Ұлықтықтың ұлғаймайды саясы,  
Кішіктіктің кеңеймейді аясы:  
«Қалың елің» –  
«Қайран жұртың» –  
Қазақтың  
«Бүршік» жарып,  
«Гүл» атты жан жарасы!

Өлдім,  
Өштім деу де,  
Бәлкім,  
Асылық?!  
Күн кеше алман  
Хас наданға бас ұрып!

Тентектігім –  
Тектілігім емес пе,  
Тұщы шыққан  
Тау суындай тасынып?!

Тәңір-тұлға –  
Табиғатыңа қанықтым,  
Адамзаттың арда қалпын таныттың:  
Жанып бітпес жан-білтесі өзіңсің –  
Опасыз  
Һәм  
Жалған Дүниежарықтың!

Шерге бөгіп,  
Шегіп ауыр азапты –  
Ұжмақсыз,  
Мекен еттің тозақты –  
Қайтсем жұрттың қатарына қосам деп,  
Соқыр сана,  
Хайуан кейіп Қазақты!

Қүдіреті күшті  
Тылсымыңа қайранмын,  
Жетегіңе жіпсіз еріп,  
Байландым:  
«Сырты – дүрдей»,  
«Іші толған у мен өрт» –  
Абай-Нала,  
Мен өзіңе айналдым!

Құдай қарғап,  
Жүзге,  
Руға бөлінген –  
Көз алмадым,  
Безе алмадым елімнен?!

Алты Алаштың басын қосып,  
Ұлы Арман –  
Жеміт қылмау  
Ит пен құсқа жемінген!

Анаған да,  
Мынаған да «туысқан»,  
Зәрем қалмас қорқау арты қуыстан...  
Көшке ере алмау өзіңе тән жүрекпен –  
Ақындықты шығармай тұр уыстан?!

Кілең көсем,  
Өңкей шешен,  
Ыңғай көк –  
Көз бояйды ыққан қызыл құмдай боп.  
Бесік жырын естімей ел басқарып,  
Ана тілден мақұрым қалған сұмырай көп!

Шүкір!  
Әзір тірі жүрмін – ұтқаным.  
Маңдайға ұрды –  
Бүгілмедім,  
Бұқпадым.  
Сөздің құны бөздің құны ғұрлы жоқ,  
Қоғам тозды,  
Адам азды – ұққаным!

Нар Тәуекел?!  
Бәріне өзің үйреттің,  
Қасіретімді қамшы астында билеттім.  
Кебін таппай  
Кенін жатқа жария етпес  
Керн-Таспын –  
Меңіреу безбүйректің!

Жапырағын желге алдырған қуаңмын,  
Көңіл шөлін көз жасымен суардым –

Бұ Дүниеден баз кешумен өтермін,  
Зарын толғап  
Әбіш,  
Мағыш,  
Мұнардың...

Дұғамды оқып,  
Таусап құран тәпсірін,  
Аруағыңа бас ұрам да,  
Таксырым,  
Мәңгүрттікке майдан ашып ғарасат,  
Шығам «жалғыз моласынан бақсының»!

Алшаң басып сен боламын демеймін,  
Алтын тонға жең боламын демеймін.  
Рухани азғындықпен мәңгі араз –  
Қара есекке теріс мінген кедеймін!

Кермін,  
Қияс,  
Кембағалмын,  
Кежірмін –  
Айыр тілді шаяны бар сөзімнің.  
Сорым қайнап,  
Соқа басым сорайып,  
Өз түбіме жетіп тынар –  
Өзіммін!

...Халқым үшін қапалымын,  
Құсамын –  
Құлақкесті құл боп құрақ ұшамын –  
Жын жайлаған зұлмат заманақырдың  
Құлқын бағып,  
Қыл аяғын құшамын!

«Науайы Қазақ –  
Нар өркеші тіктелсе?!

Лағнет қомы –  
Қайғы-мұңы үптелсе?!  
Ақ ордама  
Қызыр дарып,  
Бақ қонса...» –  
Деп тілеймін  
Ақтық демім біткенше!

Жан шыққанша жалбарынам,  
Жылаймын –  
Кеңшілігін,  
Кемелдігін сұраймын –  
«Мен ішпеген у бар ма?!» –  
Деп сарнатқан,  
Бар қолынан  
Жоғын алам Құдайдың!..





**(Құлпы-Тасымдағы Жазу)**

Менен де өткен өліксің – Сен,  
Өліксің!  
Өліктігің –  
Жоққа бардай жеріксің:  
Тамұқтағы қапыл ғұмырың –  
Үш ғасыр  
Жаһилдіктің қосын жегіп келіпсің!

Күйе жағып арың –  
Адам затына,  
Кір түсіріп Қазақ деген атыңа –  
Алауыз боп,  
Өзіңе өзің көр қазып,  
Өргеніпсің бақастықтың отына!

Өліксің – Сен,  
Өліктен де әрісің!  
Өліктігің –  
Намысың жоқ,  
Намысың!  
Бұл болудан,  
Құл болудан танбайсың –  
Қыл өңеш пен қу қарынның қамы үшін!

Туа шөгіп,  
Тұмай жатып өлгенсің,  
Тәніңді аяп,  
Жанды жалға бергенсің!  
Өле-өле жүрегінді жын басып,  
Ұятыңды жүн-жұрқаға көмгенсің!

Өліксің – Сен!  
Өліксің – Сен!  
Өліксің!  
Өліктің –  
Өлерменге сеніпсің!  
Кім-көрінген көрпеңді ашса –  
Аймалап,  
Күші асқанның қойынына еніпсің!

Өліксің – Сен!  
Өліктен де бетерсің!  
Өлік күйде өтпегенде – нетерсің?!  
Күмәнім бар –  
Батқан күнің шығар ма?!  
Әй, қайдам-ау..  
Тіріле алар ма екенсің?!

Ажал сайлап тұрғандай айбалтасын –  
Анадан да,  
Мынадан да – қорқасың...  
Бұға берсең –  
Сұға берер сұмдығын  
Топастықтың тауқыметін тартасың!

Табаныңа тікенегі қадалса –  
Бодандыққа бас шұлғисың наданша!  
Онсыз да Сен –  
Өліксің ғой,  
Өліксің! –  
Бір күн өмір сүрмеймісің Адамша?!

Кісіліктен тағылым жоқ Саған түк –  
Мәңгүрт қалпың хайуаннан нең артық?!  
Қорқаулыққа қор болғанша –  
Құрып кет –  
Жер бетінен тұқымыңды жоғалтып!

...Менен де өткен Өліксің – Сен,  
Өліксің! –  
Ой мен бойдан кеткен есіл еріксің! –  
Әрі соқыр,  
Әрі мылқау,  
Таскерен –  
Тірі Өліксің! –  
Өлік байғұс нені ұқсын?! –  
Өліксің – Сен!  
...Менен де өткен Өліксің!.



Күн кешеміз жарғысыз,  
Іс қыламыз нанғысыз:  
Қазақта да қазақ бар,  
Хайуанға алғысыз!

Кеше де атқа мінген-ді,  
Бүгін қайта дүрленді —  
Жаны жетеу жыландай  
Жымысқыны кім көрді?!

Уын жайды... өлмей ме,  
Жұртқа тыным бермей ме —  
Бір басына көрініп,  
Ит-ажалы келмей ме?!

Ел басқарып ептей ме,  
Жеті атадан шектей ме —  
Тәуір туған орыстың  
Садағасы кетпей ме!

Екі жүзді жалған ба,  
Әлсізге қол салған ба —  
Таһит жеумен тектілік  
Өгеді ме арманда?!

Әбілетті қорғай ма,  
Аруакты қорлай ма —  
Тұмай жатып тұл кейпі  
Туа шөксе болмай ма?!

Көз алартып алысқа  
Айналардай талысқа —

Өзінікін өткізіп,  
Тиетіндей намысқа?!

Жөгі сөйлеп шатпай ма,  
Қайғы дәмін татпай ма –  
Қан қақсаған халықтың  
Қарғысы оны атпай ма!..



Құдай берген құйтақандай талантпен  
Таланына жазылғаны – таудай бақ.  
Тамыр – Алтын, Күміс және Болатпен,  
Марқаяды дарда ойнап!

Мерейіне мерей үстеп қосады –  
Батар күн мен атар таң.  
Түрік барып,  
Қара Қытай асады:  
Осынiкi –  
Не талтаң?!



Тегім – асыл, темір емен,  
Оңайлықпен сынбаймын.  
Ес жия алмай еңіреген  
Елдің мұңын жырлаймын.

Мәрт еменмін, терек емес,  
Езін қайрап ер еттім.  
Маған сыйлық керек емес,  
Мен сыйлыққа керекпін!..



Өмір өрнегін зерледім,  
Көңілдің кемшін кезі бар:  
Қазақта кісі көрмедім  
Санасы бүтін сөз ұғар.

Үмітімді үзбей күн кештім,  
Жалғыздың құдай жары деп.  
Азаматтығыма жүрмес мін,  
Ақындығыма – лағнет!

Жан-дүнием түгел бүлініп,  
Ішім мен сыртым өлгендей.  
Жазатайымда сүрініп,  
Жантая кетсем – жер – көрдей!

Жүрегімде тылсым жыр тұнған,  
Тағдырымнан безіп қашқам жоқ.  
Қанатымменен қырқылған  
Ұшайын десем – Аспан жоқ!..





Тумысынан егіз бе,  
Табиғаты жақын ба –  
Толқын керек Теңізге,  
Тағдыр керек Ақынға!

Бірі – өлі дене боп,  
Бірі – өшіріп жарығын –  
Екеуі де, не керек,  
Бұза алмайды қалыбын!.



Қайғы – сергек,  
Бақ – сұлқ –  
Адам жаны тоналып –  
Кежім киген жақсылық  
Қайтты кебін оранып.

Қасқыр баққан кой сынды  
Айналшық жеп ел-ғаріп –  
Ақыретке бойсұнды,  
Нарық-сұмға алданып.

Құдай басқа салғаны –  
Аңнан жыртқыш – аш халық –  
Ақырзаман орнады,  
Қиямет-қайым басталып...

...Кетпесіне кім кепіл,  
Қарсы тұрар күш кімде?!:  
Қалтылдап тұр қыл-көпір,  
Тамұқ оты үстінде!..



Жем аңдып,  
Жеміс теріп ерте піскен,  
Күн көрген кіре тартып селтең іспен —  
Кірмені қойнына алған Алматыға  
Қарайды қарт Алатау жеркенішпен.

Жатбауыр жасап жатыр жымсық қылық —  
Қарау бақ қалың бетін шымшып күліп —  
Шаһардың экстаздан есі кеткен  
Қара түн қанын сорды тұншықтырып.

...Күн шықты шұғыла-нұры күшіктеніп,  
Баз кешті жаз-көбелек ұшып-қонып...  
Бас жазып үлгермеген Астананың  
Сыймай тұр тілі аузына ісіп-кеуіп...



Ей, Алматы-шаһарым,  
Еңбегіміз ештейін –  
Тағдыр тікті қаһарын,  
Айтшы, кәні, не істейін?!

Тапшын тұсты тап басып,  
Қайғы бұлтын торлатты.  
Бірімізден – бақ қашып,  
Бірімізді – сор қапты.

Жайғанда жаз канатын,  
Көз тоймайтын көркіңе.  
Жырым шипа болатын,  
Ғашық-жүрек дертіне.

Данк оздырған ұлыстан –  
Көш бастаған қайран нар –  
Өзіңше бір Гүлстан –  
Өзімше бір Пайғамбар –

Екеуімізді көргенде  
Жұрт есінен танатын...  
Күйге жеттік шерменде,  
Сен – Астана,  
Мен – Ақын!

Жасын атып,  
Жай ұрып,  
Табыттай тұл сұлатты –  
Жалғызымнан айырып,  
Жер құштырды,  
Жылатты.

Астана мен Ақынға  
Көк зауалы түсті ме?!  
Бұлай ету – мақұл ма,  
Құдіреті Күштіге!

Қолқа салдым Құдайдың  
Екінші аты – Халыққа:  
Қаділдігін сұраймын,  
Қапылдығы анық па?!

...Қалай қолай көреді,  
Емес Халқым ақылсыз –  
Жарық Күні сөнеді  
Астана мен Ақынсыз!..



Сәні қашқан,  
Көркі көшкен Алматы –  
Бейбақтайын дүниедегі ең мұндар:  
Сұрықсыз күй сая баққа – салдақы  
Басын тыға сұғынады даңғылдар.

Сорлы Ақынның зәресі ұшар түн десе,  
Жарық күнді жаз-ғұмырын аңсай ма?!  
Көр тіліндей суық, сесті сұм-көше –  
Саяқ қалсаң –  
Сүйрелейді Кеңсайға...

...Автобус жоқ –  
Таң атқанша күткенмен,  
Бұтына тыш –  
Әжетхана – құлыпта...  
Қызығы мен қуанышы үптелген –  
Тұмса-Қала мөңірейді тұлыпқа!..



Басканыңмен тамырын  
Қошеметтеп,  
Қолпаштап –  
Жалғыз Ұлдың қабірін  
Кете алмайды Ол тастап.

Сағынады,  
Сарнайды,  
Күн кешеді амалсыз.  
Бұл да Сырға бармайды,  
Сыр да бұдан хабарсыз.

Ағайыннан,  
Бауырдан  
Айналғандай жеруге...  
...Астанаға  
Ауылдан –  
Келді ме Ақын өлуге!..



*«Ит көрген ешкікөзденіп...» –*

*Абай.*

Кім боламыз –  
Жадымызды жоғалтып?!:  
«Ессіз туған есер неме, түге!» деп,  
Сықырлаған балдағына қол артып,  
Ескерткішке гүл қойып жүр Мүгедек...

Ойға баттым өткенімді еске алып,  
Әке кетті...  
Шеше кетті келмеске...  
Күн өткізген кеуде соғып,  
Төс қағып –  
Бүгінгінің сұрқылтайы өлмес пе?!

...Оңның өңін айналдырған теріске –  
Опасызбыз! –  
Шошыма, дос, шошыма?!  
Алтын көрсе жолдан тайған періште –  
Алма-ғайып –  
Адам заты – осы да!

Астанада ғаламат бар,  
Ғажап бар –  
Дерті асқынып аспан көзі алайды:  
Кешегісі ұмыт орыс-қазақтар  
Ленинге ит көргендей қарайды.

Үрей ұшты,  
Үйірлді иманым –  
Жаңа басып орнын тозған ескінің.  
...Қанша жерге барарымыз –  
Бимәлім –  
Тасыр мінез,  
Таланымен ешкінің?!..





Ұйқы меңдеп есінейді ескі алаң,  
Етегінде марғау «Сов.Мин.» шолжайып.  
Дүниекоңыз дүмбілезге пешқадам  
Иіледі қайыршы-өмір қол жайып.

Түнге ұрлатып жарқылдаған алтынын,  
Күн байыды – ақыл-есі кем неме!  
Буына мас доллар менен маркінің  
Нарық-мырза пысқырмайды теңгеге!

Рухани мас қаланың жезөкше  
Күз желімен түріледі етегі –  
Бықсып жатыр жанбай ылғал тезекше  
Жезтырнақ пен мыстандардың мекені...



Мойымадым ауырға,  
Бой ұрмадым жеңілге –  
Өтім шауып бауырға,  
Қарным ашты өмірге.

Жанартауым атылмай,  
Қайнап қаным қызынған –  
Көкке жерік қатындай,  
Жеріп кеттім қызылдан.

Дертім тәнді балақтап,  
Бір суып, бір ысыйды –  
Сиыр-тілім салақтап,  
Қасқыр-тісім қышиды...



Бастың ісін доғарып,  
Билік тиді қарынға –  
Атты таңы ағарып,  
Күн жоқ ескі сарынға.

Шегір көзі шоқтанып,  
Сипап қаба сақалын –  
Жидіп,  
Сұйықбоқтанып,  
Өзгертеді мақамын.

Шарасынан асады,  
Ой-санасы үстемше –  
Күшеніске басады,  
Көтеншегі түскенше.

Ел апшысын қуырып,  
Келмесе де икемі –  
Қан-жыннан қыл суырып,  
Жейді жанды-жүйкені.

Сұлтан тұтар сой-дана  
Ішектегі жалғасын –  
Қайдан білсін қаймана  
Қарында ми болмасын.

Көрінгенін көзіне  
Тығады обыр өнешке...  
...Сөзі не оның,  
Өзі не –  
Нәті нәжіс емес пе!..



Ауып,  
Көшіп келгелі  
Кешкен күнім – өлмелі.  
Жершілдік пен жікшілдік  
Жанға тыным бермеді.

Жүрегімді уылттым,  
Көңлімді суынттым.  
Аққан қаным алжасып,  
Ата-тегімді ұмыттым...

«Біреу еді маям,  
Екеу болды қаям»:  
...Кеңсе ішінде шағады,  
Руы аян «шаян»!



Желтоқсанда – күн суық,  
Жүргіншілер – тым суыт.  
Аспан бағып Ақ үй тұр –  
Әлденеден қымсынып.

Күлгін-Алаң –  
Күл-Алаң –  
Анаған да мынаған  
Алақанын жаяды  
Арылардай күнәдан.

Көксеп темір калыпты –  
Қойдай қырған халықты  
Мінберіне мансаптың  
Қарға қонып алыпты...



Жауаптан қашамын,  
Кісі арбап, көз бояп —  
Тағы иттік жасадым,  
Бұрынғым аздай-ақ.

Аяздай қарыдым,  
Қол артып мойныңа —  
Енгендей кәрі Күн  
Жас Түннің қойнына...



Жасық пенен пасықтан  
Босамайды төр неге?!  
Мейманасын тасытқан  
Көңілі соқыр көр деме!

Қам емеспін қаймана,  
Жаксына ердім –  
Айыбым.  
Жаман –  
Жаман қайда да,  
Бер жырымның лайығын!

Айныйтұғын кезің бе,  
Тілі шикі сөзіңнің?!  
Кірме екен деп безінбе,  
Өзге көрме,  
Өзіңмін!

Кәрі күйеу – тұңғиық,  
Балаң бозша сызылдым –  
Құрсағына нұр құйып,  
Қойнын аштым қызыңның!

Мұнарымның жалғасын,  
Талпынамын табам деп.  
Құдай басқа салмасын,  
Ажал жетсе – амал жоқ...

Жендетіне  
Жекінтіп  
Қорлата бер! –  
Азатпын! –  
Бауыздамай,  
Өкіртіп  
Өлтірсен де –  
Қазақпын!..



Кіре тартқан кірмелер,  
Сірке басты сірнелер  
Тырнап ескі жараны  
Жақсылыққа келгенде  
Жомарт Халық – Қазақтың  
Өкпе-бауырын қасаптап,  
Жанын сатқан Көк Базар.  
Қора-жайын қосақтап,  
Малын сатқан Көк Базар.  
Сиыры мен түйесін,  
Айғыры мен биесін –  
Қазы-қарта, ком-жая,  
Жалын сатқан Көк Базар.  
Алтын менен акшаға,  
Дүние жалған – боқшаға  
Адам затын айырбастап –  
Арын сатқан Көк Базар –  
Барға да – зар,  
Жоққа – зар...

Алыпсатар арамза  
Андып алшақ араны  
Жіліктемей, балталап  
Қойын сатқан Көк Базар.  
Тұс-тұсынан анталап,  
Жүрегі мен бүйрегі –  
Сойын сатқан Көк Базар.  
Екі көзі қанталап,  
Ажары мен реңі –  
Бойын сатқан Көк Базар.  
Санасы мен шартарап  
Ойын сатқан Көк Базар.



Жамандыққа келгенде  
Нәмәрт Халық – Қазақтан  
Басқа жұртта жоқ базар –  
Ей, көк соққан Көк Базар –  
Барға да – зар,  
Жоққа – зар...



Қала шеті...  
Күзгі қасапханадан  
Жын аралас қанның исі тұр аңқып –  
Көзін сатып мынаған да анаған,  
Аш өзегін ұлытады бұралқы ит.

Ақынға – арман,  
Әкімдердің қорегі –  
Қазы-қарта,  
Жал мен жая,  
Үйткен бас... –  
Аңсыз бірін ала қашқым келеді,  
Аласұрып арсыз көңілім иттен де аш.

Мен – қараймын,  
Ит те маған қарайды –  
Ұрлық істеп көрмеген қор қос мұңлық –  
Қуыстанып,  
Үрке шолып маңайды,  
Ұғыныспай,  
Ерте күнді кеш қылдық...

...Жүрек мұзын жіберердей ерітіп,  
Миығынан күледі тоқ жаман Ай.  
Ақынға – Итті,  
Итті Ақынға телітіп,  
Тентіретіп қойған сұмпай Заман-ай!..



Қыр-сырынды ұғынбай,  
Қырғи-қабақ дос-дұшпан –  
Қаптап қара шыбындай,  
Қожынайды тұс-тұстан:

Бірімізді – өшіріп,  
Күл ететін сыңайлы.  
Бірімізді – көшіріп,  
Тұл ететін сыңайлы.

Қалш-қалш,  
Дір-дір етемін –  
Алтын тоннан жең қалды:  
Ақын болу –  
Не теңім,  
Астана боп –  
Нең бар-ды?!



Жарық күнді жалғанда  
Мағына бар ма,  
Мән бар ма?!  
Жоқ шындықтың жалшысы –  
Сен де,  
Мен де – арманда!

...Сенің де иең – жасанды,  
Менің де ием – жасанды.  
Жасанды емей немене,  
Шаш ал десе – бас алды?!

Қас-дұшпандай түнеріп,  
Қаһарымен жаскады:  
Мені – сатып жіберіп,  
Сені – айырбастады...



Келекесі етпес пе —  
Құнанбай-даңқ,  
Абай-бақ?! —  
Созсам қолым жетпесте  
Жатып алды табандап!

Бесіктегі баладай —  
Дәрмен жоқ,  
Не қылайын?! —  
Тексіз туған Заман-ай,  
Түп ененді ұрайын!..



Түптің-түбі –  
Тірлік гүлі курамақ,  
Әрімді алмай,  
Ажарыма ажар қос?!  
Келер болсаң –  
Туралап кел,  
Туралап,  
Өлім –  
Менің теңім емес,  
Ажал-дос!

Бақ құшпадым –  
Айқаласып жеңілмен,  
Қайғым – ауыр –  
Жасын атып,  
Жай ұрған!  
Жоқ іздеумен етті дерсің Өмірден –  
Көрден қолым шығып жатса жайылған...



Көңіл қарын күреп,  
Күйрей жырладым:  
Майып күйде  
Кетсе айналып ғайыпқа –  
Құлдық ұрып,  
Құлай сүйген құрбаның –  
Ираныңды бұйырмасың айыпқа?!

Жалғыз қалып  
Көшкен елдің жұртында –  
Бар тапқаным –  
Бармағымды шайнадым –  
Қара басып,  
Қан ұйыса ұртымда –  
Ессіз Сумен,  
Көзсіз Отпен «ойнадым»!

Су – тәнімді,  
От – жанымды күйретіп,  
Қор болған Ер –  
Аруақтай арыдым –  
Ақындықтың  
Құр қаңқасын сүйретіп,  
Мекен еттім  
Ұжымақ-Өмір Тамұғын!

Жүрек мұзы  
Жер қойынын жылытпас,  
Артын берген Дүниенің  
Алды бар...  
Мені – ұмытар,  
Қазақ сені ұмытпас,  
О, Алматым –  
Ұлы Астанам,  
Алдияр?..



Шындықты жырлап жаланаш,  
Айналдым жүдеу әрсізге:  
Қуаныш-қайғы аралас  
Болмаса —  
Өмір мәнсіз бе?!

...Жүдейін,  
Арып-талайын,  
Таппадым басқа амалын:  
Күшік боп қалай жалайын,  
Өтіріктің күсті табанын?!

Ажалым шалып аяқтан,  
Итеріп орға жыққанша —  
Тайынбан тағдыр-таяқтан,  
Өлгенім артық,  
Бұққанша!..





*1997 жылға*

Қоғам дерттен оңалмай,  
Ел береке таба алмай:  
Ез – бірмойын қабандай,  
Ер – бәйге алмас шабандай...  
...Қарсыз өттің,  
Жаңа Жыл,  
Арсыз өткен Адамдай!..



Бүйте берсе –  
Тіккен туым құлайды:  
Теңге  
Ақшадан туа-сала тырайды...  
... «Жолдан тай!» – деп,  
Жас «Мерседес» жекиді,  
«Мұршам жоқ...» – деп,  
Кәрі Автобус жылайды.

Бүйте берсе –  
Доллар – Нарық Сұлтаны –  
Жанды ластап,  
Қанды бұзып құртады:  
Ұятымның  
Күнтимесін талқандап,  
Намысымның  
Желөппесін жыртады!

Бүйте берсе...  
Түптің-түбі –  
Ақыры:  
Құрбандыққа шалады өзін Ақыны –  
Бүлік кіріп –  
Бүтін Елден ес кетіп –  
Халықтың да азаяды ақылы...



Мен Қоғамға қапамын,  
Қоғам – Маған –  
Қан-қасаптай қылышы жалаңдаған:  
Христос кебіндемін –  
Понти Пилат  
Аяқ-қолын Крестке тағандаған!

Шыдас бермей қиянат –  
Көп қысымға,  
Жан-жүрегім шок шайнап,  
От құсуда...  
...Жөйт-Дөйге –  
Болғанмен,  
Пұшайман-Гөйге –  
Болмайтыны қинайды –  
Көкке ұшуға!..



Тас-төбемді ойды –  
Теспей,  
Іреп сойды:  
«Ақын – Адам емес!» – деп,  
Санасуды қойды!

Күпір еткен Қоғам –  
Не күтерсің Одан:  
Мәңгіөлместің кебінде –  
Бір күн бастық Надан!

Тілімді шорт кесіп –  
Қормын үнім өшіп:  
Атқан оғы қаңғыды –  
Қос өкпемді тесіп...

...Тіс – жоқ,  
Қызыл иек –  
Шықпас жанға Тиек...  
Ит басқарса –  
Елді  
Қаптамай ма Сүйек?!..



Қорқаулана жесіп,  
Кенірдектеп тойып –  
Қоғам түбін тесіп,  
Халық төбесін ойып –

Жөгі жалған іспен –  
Аңду, арбау, алдау:  
Токтатпаса күшпен,  
Күн көрсетпес болды-ау...



Жаратқан ба Қазақты –  
Хайуаннан өткен қамсыз ғып?!:  
Күй кештірді Тозақты –  
Шектен шыққан Заңсыздық!

Бүлдіргенді Ел ішін –  
Болашаққа тас атып:  
Айналдырып терісін,  
Жібереді босатып...

...Салдым жанды Құлыпқа,  
Байлап басты – Оққа:  
Осыншама Былыққа –  
Бар ма Жауап,  
Жоқ па?!..



Жер Ортасы –  
Күн-Төбе –  
Елудемін,  
Тағдыр басқа не салса –  
Көнудемін:  
Қайғы жасын  
Қуаныш оты қақтап –  
Ауаға ұшқан будайын жеңілдедім...

Елу –  
Менің қай іске дайын шағым,  
Өгіз күйім –  
Гір тасы тайыншаның:  
Көрге –  
Аяқтан тартады Мұнарбегім,  
Өрге –  
Шаштан сүйрейді Жайын-Шағым!..



*Фатимаға*

Мұнар —  
Көрге бірге түсер Қайғы-Бак,  
Тәнге қуат берді тылсым Жыр-Ана:  
Жан —  
Тынымын табар емес...  
Әй, бірақ...  
Мен —  
Жылауды қойдым...  
Сен де —  
Жылама?!

Хақтың Ісі  
Пендеден жөн сұрай ма —  
Жыламалық?!  
Көз жасын көл етпелік?!  
Қалай құлдық ұрмақшымыз Құдайға:  
Берсе — жақсы,  
Алса —  
Иттен де жек көріп...

Ол — келмеске кетті...  
Ұлардай шуладық —  
Соған шүкір,  
Соған тәубе қылалық?!:  
Бү Дүниенің  
Бал-зәрінен уланып,  
О Дүниенің  
Жоғынан  
Бар сұранып...





*Даригаға*

Көрдей суық  
Қойынымды жылыттың,  
Нұрға бөлеп  
Марқұм ұлдың бесігін:  
Жанды – өшкенім,  
Өлгенімді тірілттің –  
Жайын-Шахым  
Ашты  
Өмірдің есігін...

...Өмір Шахы  
Жауып Өлім қақпасын,  
Тәй тұрып,  
Қаз басса –  
Күндей құрайдым...  
...Сен емес пе –  
Жайдың оғы атқасын –  
Жарылқаған  
Қүдіреті Құдайдың!..



*Фатима мен Дариғаға*

Сен айтсаң да –  
Зырлаймын,  
Сен айтсаң да –  
Зырлаймын:  
Екі Ханшаға қызмет  
Етіп жазған Құлдаймын.

Саған дағы –  
Мақұлмын,  
Саған дағы –  
Мақұлмын:  
Жайын-Шахпен  
Мұнарды  
Майкөтендеп жатырмын...

Бірің –  
Жанға мазасың,  
Бірің –  
Төнге қожасың:  
Жан мен Тәнім жауықса –  
Екеуің де тозасың.

...Бірің –  
Күндей Алыпсың,  
Бірің –  
Айдай Жарықсың:  
Күн-Айымды көре алмай,  
Түнек құшқан түл надан –  
Көрдің көзі қарықсын!..



Уа, Алла!  
Жан-Тәнімді әуре  
Етіп,  
Қылма күпір:  
Алғаныңа –  
Тәубе,  
Бергеніңе –  
Шүкір!..



*Жарасқанға*

I

Жанды салып азапқа,  
Басты тығып Тозаққа –  
Үйттік –  
Білмей дал болдық,  
Не керегін Қазаққа?!

Ырысы да бұйырмай,  
Ұлысы да бұйырмай:  
Көткеншекттей береді –  
Өртте қалған сиырдай!

Дерті меңдеп талайғы –  
Бұздық ағза-сарайды:  
Қос өкпеміз қабынып,  
Жүрек қаны қарайды.

Қиратардайын қалыбын,  
Өшірердейін жарығын –  
Өктемсінген өгейлер  
Басса екен деп шалығын –

Халық қамын ойладық –  
Қазығында байланып:  
Түк бітірмей таусылып –  
Жүдеп-жадап,  
Жайрадық!

Бүйректі де шіріттік,  
Бауырды да іріттік:

Елдің жоғын таба алмай –  
Тән қасқырын ұлыттық!

Жанарға жас кептеліп,  
Шетен шығып шеттедік:  
Сөзімсіз де өтпеді,  
Өзіміз де өтпедік.

Әдіре қалып жырымыз,  
Жетпеді зар үніміз:  
Бұта көрсе саритын –  
Иттен кейін күніміз...

## II

...Жүрмейді іш-дәрет,  
Зыр жүгірткен әлек –  
Опасыз Бұ Фәнидің  
Атасына – нәлет!

Шаршадым мен...  
Досым,  
Қалай көңіл-хошың –  
Ұзатуға Бақиға  
Түзік пе Өмір-Көшің?!..



*Нұрахметке*

Ес көрдік –  
Жалған бәсі артпайтынын,  
Ішінде  
Көп қоңырдың –  
Аласымыз:  
Жүзге,  
Руға,  
Қанға өлсе тартпайтұғын –  
Бөлінбес  
Бір Атаның Баласымыз!

Ер-көңіл –  
Тасқа салсаң –  
Пәті қайтпас,  
Тасуда  
Той-Ғұмырдың думаны үдеп:  
Жақын тұрмақ,  
Айыр тіл жатың айтпас,  
Біздерді  
Бір Анадан тумады деп!

Хақ Бұйрығы –  
Жан-тәнің кемелденсе,  
Рахман Нұры –  
Тылсымның Жарығысың:  
Ақыл-Күшің-Қуатың  
Өле-өлгенше  
Етер қызмет –  
Ел үшін,  
Халық үшін...

...Сен де келдің —  
Елуге —  
Мен де келдім,  
Бүгінгі Күн —  
Тасын Күн —  
Тілеулі Күн:  
Сараланып,  
Сафтанып,  
Зерленемін —  
Қу тірліктің  
Жасырып жүдеулігін!

Төнген қауіп-қатерден арашалап,  
Табыстырған Тәңірге —  
Рахмет!  
Тағдыр сыйын талайлы тамашалап,  
Жаса!  
Жаса!  
Мың жаса, Нұрахмет!

Ақын мінез —  
Адуын —  
Дәрі кімге?!  
Жырға — мәдет,  
Жан-Досым,  
Өмір-Ортаң:  
Қара Жерді қам басып,  
Әлі күнге —  
Менің тірі жүргенім —  
Сенің арқан!..



Не болады Ертеңім,  
Көгерер ме Өртеңім:  
Айналар ма шындыққа –  
Еңбектеген Ертегім?!

...Тәй басып,  
Қаз тұрар ма –  
Салтанатын құрар ма?!  
Күпті қылған тағдырым –  
Көңілім –  
Көншіп тынар ма?!





...Бұ Дүниемді ойлаймын,  
О Дүниемді ойлаймын:  
Тал-Бесігім суынып,  
Жер-Бесігім буынып  
Құшағына алғанша –  
Ойлауымды қоймаймын...



Анда барсаң –  
Иран-Ғайып налыған...  
Мында келсең –  
Иран-Ғайып арыған...  
Неге налып,  
Неден арып барады –  
Жыр перзенті  
Уызында жарыған?!

Неге?!  
Неден  
Сезім – суық,  
Ой – тарын?!  
Қыңыр тартпай,  
Райымнан қайтайын –  
Сырттағы жау  
Іштен шықты демессің –  
Жасырмайын,  
Жан-сырымды айтайын:

Көремін де –  
Бордай тозған Даламды,  
Көремін де –  
Жындай қозған Қаламды –  
Зар илеймін...  
О, Ел-Ана,  
Жазғырма –  
Рухани қарыны ашқан балаңды?!

Қара шашын  
Қуарғанын сеземін,  
Ақ мамаңның  
Суалғанын сеземін...  
...Сезе-сезе –  
Көзім жасы көл болып,  
Өкпем өшіп,  
Өртенеді өзегім!..



Тауқыметің зор болды,  
Не көрмедің, Торғайым?!  
Көк аттыға қор болды,  
Көгергенің – әрдайым!

Жемітіндей Жебірдің –  
Жезің, Күміс, Алтының.  
Көркін ашар Өмірдің –  
Жаз Күніндей Жарқыным.

Сыр Бойының сәлемін  
Ала келдім Жеріңе.  
Кенейіп тар Әлемім –  
Басымды идім Еліңе.

Темір-тәртіп – тізгіннің  
Тепкісінен қорғайын?!  
Тырнағынан құзғынның  
Абай болғын, Торғайым?!

Бар ма Ақынның айыбы –  
Ет-жүрегі езілген?!  
Барлық пәле дәйімі –  
Басталады Өзіннен...

...Батырынды жайратып,  
Жата көрме, Торғайым?!  
Ақыныңды айдатып,  
Ата берме, Торғайым?!

Жер-Суынды сауықтап,  
Қалың кірме қаптаса,  
Бір амалын тауып бақ –  
Халық па амал таппаса?!..



Басым –  
Екі Иінде,  
Жұмалағым –  
Дорбада:  
Басымдағы киімге  
Қарап –  
Нахақ қорлама?!

Айтшы,  
Кімдер кимеген  
Құндыз,  
Сусар бөрікті:  
Күйде –  
Жерге тимеген –  
Айырғанмен ерікті!

Қоғамнан құн сұранып,  
Жетілердей жетесі:  
Алтын-Басқа лайық –  
Айна-Таздың кепеші.

Күн кешемін түртініп,  
Әтектейін сылынған:  
Жұрт сұрқымнан үркініп,  
Шошынады жырымнан...

...Қормын талыс талайға,  
Күйтіме –  
Жан сүйінбес:  
Ақын басы,  
Алайда,  
Кесілгенмен,  
Иілмес!..



Егеменді ел болдық...  
Не бітірдік?!  
Тұңғыш...  
Анық көз көрді масқараны:  
...Жіңішкеден жуандап жөгі-тірлік,  
Жегідей жеп жатқандай Астананы!

Өгей шықты Өмірге  
Ақын тұңғыш –  
Негізі жоқ қоғамнан кудаланып:  
Қан жұтқызып халыққа қатын-тұрмыс,  
Алтын шашын тарайды уға малып!

Ашылды арты рухани қылмыстардың,  
Зұлмат-Нарық оң, солға қаратар ма?!:  
Тұңғыш байлар жалайды  
Тұңғыш ханның –  
Айналдырып табанын алақанға...



*Театр Күніне*

Заман ыркы –  
Адамилық жолдан тыс,  
Кетіп тынды бастан ерік,  
Қолдан – күш.  
Маска кимей,  
Мың құбылған күніне:  
Мен де – әртіспін,  
Сен де – әртіссің,  
Ол да – әртіс.

Мен де – ойнаймын,  
Сен де – ойнайсың...  
Ол – батыл,  
Баршамыздан оқ бойы озық –  
Алда тұр.  
Қоюшы да,  
Ойнаушы да – бір өзі,  
Сахнасы – Дала:  
Ақмола – Алматы...

Кілең – ашпыз:  
Мен – аш,  
Сен – аш...  
Аш қарын –  
Қайғы құрсап  
Туған елдің аспанын –  
Спектакль жүріп жатыр –  
Тысының  
Жыртығына жамау етіп астарын.

...Мен – әншейін,  
Сен – жансебіл,  
Ол – шебер –

Атақ-Даңқы  
Тәж-тағымен өлшенер.  
Мен – өлемін,  
Сен – өлесің –  
Аштықтан –  
Ол – өлмейді,  
Мүмкін,  
Халқы өлсе өлер...



*«Өз күніңді – өзің көр...» –*

*Президенттің айтқанынан.*

Лез суынба,  
Тез қызынып –  
Жарылқаудан жалықпа?!  
Қызмет ет –  
Көз жұмылып,  
Өле-өлгенше Халыққа!

Берді Қазақ сеніп саған –  
Билігін Жан-Тәнінің:  
Қас-қағымда жеріп содан –  
Неден мұнша арыдың?!

Барым да – Сен,  
Нарым да – Сен,  
Ердім Хактық Жолына:  
Ақын Жырын –  
Арым десен,  
Салма кісен қолыма?!

Ерен туған ез ғұмырлы –  
Қайымыңа қарсы Елің:  
Өзім көрсем – өз күнімді,  
Не керегің бар сенің!..





*Бюрократқа*

Жандайшабың  
Қаға берсін тобықтан,  
Жаласын да  
Жаба берсін обыққан:  
Өзі берген  
Жанын өзі алатын –  
Мен Құдайдан қорқам,  
Сенен қорықпан!

Қан-қасабың  
Шаба берсін басымды,  
Неден қорқам –  
Қоғам арты ашылды:  
Қарау,  
Қорқау,  
Құбыжықтан,  
Сұмдықтан –  
Құндап өлем  
Нахақ қанды жасымды!

Қорқа алмаймын –  
Дегенінді қылмаймын,  
Қылмақ тұрмақ,  
Ененді де ұрмаймын!  
Қорқар едім,  
Қалай қорқам –  
Қағынып,  
Ем қонбайтын  
Ескі дерттей ұлғайдым...



Қоғам қамшы үйіріп –  
Қасіретті қам ойлымыз:  
Құлдық ұрдық иіліп,  
Талша – қылша мойнымыз.

Тап болдық тұл Заманға,  
Аты – кер де,  
Заты – көр:  
Ан мәтіби – Адамға,  
Еркегі – Ез,  
Қатыны – Ер!

Жаумас бұлттай қабарып,  
Жүнжіп,  
Естен танармыз:  
Қайда барып ағарып,  
Қалай,  
Қайтіп оңармыз?!

Оңы менен Солына  
Қолдап ашып картасын –  
Түсіп құрған торына,  
Езіп отыр малтасын.

Алтын үштеп,  
Жез күреп –  
Жат өктемдік қылады:  
Еңсемізді езгілеп,  
Енемізді ұрады.

Кетіп жатыр,  
Қайран-ай,  
Тәуелсіздік Күнге есе:  
Өгей тілде сайрамай,  
Сұрамай ма –  
Білмесе?!

Қирап,  
Күйреп,  
Налудың –  
Немен тынар тауаны?!  
Өлмей,  
Тірі қалудың,  
Бар ма,  
Жоқ па амалы?!

...Тыймай нахақ зар-жасын,  
Сарғаюда санамыз:  
Ұл туғанмен,  
Қалжасын –  
Жемеген бе Анамыз?!

Бүліктенген Батыры  
Қабанбайдай қол бастап –  
Кірмейді ме ақылы,  
Қаймананың – нар-қоспақ?!

Біліктенген Ақыны  
Бұқарша кәр қылмас па –  
Босап тақтан тақымы,  
Хан маңдайын ұрмас па?!

Келіп кемел Уақыты,  
Халық соңына ермес пе?! –  
Безіп кашқан Бақыты,  
Қайта шауып келмес пе?!

Бұралқы иттей қаңғырып,  
Айналдық-ау мазаққа:  
Марту басып,  
Мәңгіріп –  
Не болған бұл Қазаққа?!..



Шаңқай түстен ауды күн,  
Тәңірім бақытты етер ме?!  
Жан-тәнімнің саулығын,  
Сұрамадың бекерге?!

Мазанды алған азды-кем  
Уайымыңды түсіндім:  
Сайыпқыран наз-күрең  
Шабыт құсын ұшырдым.

Нәсіп-бұйрық құп көрсе,  
Бұйдалана емініп —  
Ғұмыр-демім біткенше  
Бейнетіңе жегіліп...

...Көңіліңді табайын,  
Күдігіңді жояйын:  
Отыңды да жағайын,  
Шәйіңді де қояйын.

Қайнатайын сорымды,  
Не ғаламат алда тұр:  
Аяғыңды-қолыңды  
Жылы суға мал да отыр.

Төбеңмен көк тіретіп,  
Міңгізейін мойныма —  
Құдіретімді құл етіп,  
Кіргізейін койныңа.

Дерті асқынған төзімнің  
Тауып бір сәт Ұлы Емін —  
Ләззатқа мас сезімнің  
Шөгереің Үлегің...



Тұрсам –  
Сені іздеймін,  
Жатсам –  
Сені іздеймін:  
Жемісінен жұрдай боп,  
Қырау шалған күздеймін –  
Қашан –  
Жатсам тұра алмай –  
Көз көрмеске кеткенше,  
Күдерімді үзбеймін!

Сені көрем –  
Түсімде:  
Қызыл қырғын ішінде  
Жалын жұтып,  
От құшып,  
Көк орамал бұлғайсың –  
Күлбілтелі пішінде...

...Көре алмаймын –  
Өңімде,  
Жоқ жандайсың Өмірде:  
Мойып,  
Мұқап,  
Мүжіліп,  
Кетіп бара жатамын –  
Оранып Ақ Кебінге...



Жай таптырмай,  
Жарқыным,  
Жанымды оттай шарпыдың:  
Хақ-Тағалам жасырған,  
Қай жерінде алтының?!

Мүше қоймай дененде,  
Дендеп,  
Тінте берем бе?!  
Кісі бойы,  
Қол созым  
Жатыр ма, әлде, тереңде?!

...Олай болса,  
Сазайым:  
Белуардан қазайын –  
Бір жауабын берерсің,  
Келіп қалса қожайын...



Таппай тылсым амалын,  
Бұза алмадым қамалын:  
Біздің заңсыз тірліктің  
Білдім хәлі жаманын.

Тән құйқасын үйтті өңір,  
Құлазиды күйт-көңіл:  
Көше бойлап қаңғыған,  
Мен де – бірмін,  
Ит те – бір.

Жан шұрайын  
Сараң бай –  
Тағдыр тартып алардай:  
Тілім симай аузыма,  
Үнім шықпай қалардай...

...Шықпаса үнім –  
Үремін,  
Жәреуке өмір сүремін:  
Есігіңді ашып қой –  
Не, ит,  
Не, мен кіремін...



Тандыратын есімнен,  
Бар сұлулық – бойында.  
Балақ-бауы шешілген,  
Не бар сенің ойыңда?!

Қызығыңа батқызып,  
Етермісің кісілік?!:  
Шалқалатып жатқызып,  
Екпетімнен түсіріп...





Желқайыққа отырып,  
«Нар тәуекел» дейміз бе?!  
Ғұмыр бойы өкініп,  
Пұшайманын жейміз бе?!

Қосын жегіп біліктің,  
«Дейміз» деші, қалқашым:  
Көмейлетіп –  
Күдіктің  
Суырайық қолқасын...



Басқа қонған бағынды  
Қастерлеп қал, сүйгенім:  
Қызықта қас-қағымды,  
Ұмыт тірлік күйбеңін!

Үптеп Дүние қайғысын,  
Ащы шердей тарқайық:  
Тән жүрегі айнысын,  
Жан көңілі марқайып...



Жокпын –  
Қойша күйіске,  
Жүйкем – жұқа,  
Тиіспе:  
Ұзынымды – қысқартып,  
Жуанымды – жіңішке...

Ете көрме, қалқашым,  
Шер-шеменім тарқасын:  
Шығаралық жан менен  
Тәннің алқа-салқасын.

...Кетіп ойдан уайым,  
Бой тазартып лайын –  
Тіктеу үшін тірлікті,  
Қайтіп,  
Қалай қылайын?!



Мейлі...  
Өмірдің жазы өтсін,  
Қысы –  
Тәнге аза ексін:  
Білемісің,  
Сен маған –  
Ауадайын қажетсің!

Мейлі...  
Аспан аһ ұрсын,  
Жер –  
Зұлматын шақырсын:  
Сеземісің,  
Сен маған –  
Ажалымдай жақынсың...

...Ауып теңі шешілген,  
Айнып тағдыр-көшімнен –  
Ақылымнан алжасып,  
Адасайын есімнен!



Түгесілмес өмірдің  
Осылмады ойыны:  
Көз-қалта –  
Ақын-көңілдің  
Тойымы жоқ,  
Тойымы...

Зар күйімді сергелден  
Айналдың-ау ұқпасқа:  
Күңіреңтпей –  
Кеудемнен  
Жаным неге шықпасқа?!



Ой-түрмемнен шықпайсың,  
Панам болар ықтайсың:  
Сенсіз –  
Маған Бұ Дүние  
Мәні жоғын ұқпайсың.

Қазығымда байланып,  
Жата алмаймын жайланып:  
Сен сүйетін Ғаламат –  
Құбыжыққа айналып...



...Түсінбедім түгіне,  
Халиф қалпым –  
Құл есеп:  
Аздық етті «жүгіңе» –  
Қырық қашыр,  
Бір есек!

Қүдіреттің күшімен,  
Қарадайын ұрынып:  
«Мың бір түннің» ішінен  
Шыға келдің «тіріліп».

Іздеген Бақ-Құсымның  
Таптырмасын түсіндім:  
Тұра қаштым...  
Тоналып –  
«Сайқалына Мысырдың»!



Көктем – үрен,  
Қыс – сүрен –  
Күні құрсын ғашықтың:  
Кеше –  
Оттан ыстық ем,  
Бүгін –  
Боқтан сасықпын...





*Марқұм Жақсылық Арзымбетовке*

I

Тұрпатыңа сай келіп,  
Тұл Қоғамның ауыры:  
Қасірет жұтты,  
Қайғы еміп –  
Қазығұрттың бауыры...

...Көз тоятын формыңа,  
Келмеді Ажал,  
Әй, тегін:  
Ақын өлу орнына,  
Әкім өлді,  
Қайтемін?!

Тақ таласы –  
Ойынға,  
Араласып нең бар-ды:  
Доллар тыққан қойында –  
Басын кетіп,  
Бел қалды!

Қалды жесір қатынын,  
Жаугандайды жетім ұл:  
Азған Адам затының –  
Хайуани қапыл  
Ниеті – бұл!

Көр-Бесікте тербеліп,  
Жанға тыным бермедің:  
Хан өлтіріп көрмедік,  
Ханы өлгендей болды Елің!..

## II

«Күн астында – Күнікей» –  
Көті-басын тығындап:  
«Болыс болдың, мінеки...» –  
Бар малыңды шығындап...

Қарбалас Ит-Тірліктің  
Нәжісінен қыл шығып:  
Тоқ ішекке сүрніктің,  
Қарын –  
Майдан тұншығып!

Хан Сарайы –  
Ат қора  
Кебін киді,  
Тек деме?!  
Қиянаттың қап-қара –  
Дағы қалды Өкпеде!

Әуел  
Бүйрек қызынды –  
Қан отына шарпылып!  
Сосын...  
Бауыр бұзылды –  
Өт межеден артылып!

Қам күйінен Ғаріптің –  
Кең Дүниең тарынды!  
Қысымынан Халықтың –  
Жүрек қабың жарылды!

Қиян кезіп Арманың,  
Бар амалын тауысты!  
...Досым,  
Аңсыз қалғаным:  
Миың –  
Неден ауысты?!

Соңғы сұмпай індеті –  
XX-ғасырдың:  
Шенеунік міндеті –  
Құпиянды жасырдың!

Түнегінде ағардың,  
Төздің қатал кәріне:  
Көктен төнген  
Зауалдың  
Уландын ба зәріне?!

Қапы кеттің,  
Обал-ай,  
Қарашыдан Хан шығып:  
Жылан жұтқан қомағай –  
Жұмыртқадай аршылып...

### III

Ел-Ана әлсіз жатқандай –  
Кеберсиді еріні:  
Шымбайына батқандай –  
Әкім Достың Өлімі!

Оңы-Солы – кем-кетік,  
Дүние-Боктың Порасы:  
Көзінің жасын көлдетіп,  
Ағызады сорасын!

Айналдырып кәсіпке,  
Хақ-Тағала Бұйрығын:  
Күпті –  
Нахақ нәсіпке –  
Қыса алмайды құйрығын...

...Суырылып сөйлейді,  
Тас-Тұғырда суынып:  
Кеткен –  
Қайтып келмейді –  
Үш жерінен буынып!

#### IV

Барған Жерің —  
«Сарыағаш» —  
Болды саған  
Дар Ағаш:  
Надалы мен Нарамы —  
Қаны-жыны аралас!

Қазағың мен Өзбегің,  
Сездіргендей сөз көбін:  
Табан Ақың —  
Маңдай Тер —  
Қайың-Табыт —  
Бөз-Көбін...

#### V

Қайтіп  
Әкім болғаның,  
Досым,  
Маған бимәлім?!  
Мәлім —  
Көктей солғаның,  
Үйіріліп Иманың!

Ашылмасқа —  
Көз кетті,  
Айтылмасқа —  
Сөз кетті:  
Иесіз Ел Билігі —  
Кері кеткен  
Кезге өтті!

Тынды  
Бітім-Болымың —

Дәм-тұзынды тауысып:  
Төрден тапқан орының,  
Тосын  
Көрге ауысып...

## VI

Әкем өлді –  
«Жөн!» дедім.  
Ұлым өлді –  
«Көн!» дедім!  
Досым – өлді...  
О, Тәңір?!  
Неткен сорлы Пендемін!

...Жел өтінде қақталдым,  
Қыз-Талақтай қарайып:  
Аш Нәпсідей шоқтандым,  
Ауға симай зорайып!

## VII

### (Ішкі диалог)

– Жарасымы –  
Со болар:  
«Қараны алғын,  
Ханды алма»?!

– «Орнында бар –  
Оңалар»! –  
Жалған Құдай?!  
Сандалма!

## VIII

Аякка жем түсірді.  
Бұ Дүние Дүлдүлі.  
Міскін Қарға пішінді,  
Әз көңілдің Бұлбұлы.

Мәйітіңе қашқан дем,  
Пәс қарайды басылып:  
Молдахмет...  
Досхан мен  
Асанәлі Әшімов.

...Күрсінісіп қалады –  
Күрмей алмай уайымын:  
Пәк жүрегі –  
Жаралы –  
Шайыр Исраилын...

Етердей жан-тәсілім –  
Жұқа жүйке-жұлындар.  
Кемсендейді жасырын –  
Кемпір-кейіп сұлулар...

Қабаттаса қауышып –  
Қапас Ғалам...  
Нұрлы Әлем...  
...Бар қызығын тауысып –  
Таска айналмақ Гүл-Денең?!

Қиялымда толғадым,  
Бәрі –  
Әдіре қалғаны-ай?!  
Бір күнгідей болмадың,  
Ой, Жалған-ай?!  
Жалған-ай!

IX

Түгесілді Жол-Ғұмыр,  
Уақыттың ағыны-ай?!  
Жұмбақ Өлім болды бұл,  
Құдды кинодағыдай!

Шекпен-Шенін тағынып –  
Күлген еді...  
Жылады!  
Құзырына табынып –  
Отыр еді...  
Құлады!

Режиссер – кім?!  
Оңбаған!  
Немен тынбақ аяғы?!  
...Бейне  
Түк те болмаған –  
Бәз-баяғы,  
Баяғы...

X

Барып «Сарыағашқа»,  
Томашаны Тақсынып:  
Билік құрып Алашқа,  
Нең бар еді,  
Жақсылық?!

Бұл Заман ба?!  
Бұл Заман! –  
Сұмырай,  
Сұмның Заманы:  
Бір Жақсыны  
Кіл Жаман  
Құрбандыққа шалады...

...Қолдарын да жумайды,  
Етегін де қақпайды:  
Шағалаша шулайды,  
Есірте кеп мақтайды!

Одан  
Елге не пайда?!  
Рас,  
Дөкей,  
Зор болдың!  
Тура  
Бір Жыл,  
Екі айда —  
«Өлдің —  
Мамай,  
Қор болдың!»!

Өшті —  
Оты Ошақтың,  
Семіп —  
Сойы Кескектің:  
Арасында Қосақтың,  
Ақ Құндақта,  
Бос кеттің...

## XI

Үшті-күйлі жоғалып,  
Көз жаздым шын Асылдан:  
Күдігімді доғарып,  
Күмәнімді жасырман?!

Тура Бише толғандым,  
Алып Туған мазасын:  
Құлқынға құл болғаның —  
Құдай берсін жазасын!



Қақсай беру –  
Ұят-ты?!  
Ыңғайсыздау...  
Бір түрлі...  
Соңғы сөзің сияқты:  
«Табиғатың – жыртылды...»!

Қиқу салсам қияннан,  
Көкірегіме дерт толған:  
Тышқан артық дей алман,  
Арыстаннан мерт болған!

...Жоқтау-Жырдан шошыма,  
Өлгенің жоқ –  
Мен үшін:  
Бақидан да  
Досына  
Созардайсың қол ұшын...

## XII

Өзің –  
Өлмес Ұраным –  
Таусылғанша Азығым:  
Айналам да тұрамын,  
Досым –  
Алтын Қазығым!

Жерің –  
Жерік асымдай,  
Елің –  
Ерік ұрлайды,  
Көрің –  
Көңіл-Хошымдай –  
Құлазып  
Қол бұлғайды...

### ХІІІ

#### (Түйін)

Хош делік!  
Жай Оғымен –  
Жан жарасын емдедік:  
Ашымен де Тоғымен –  
Бой түзейді Пенделік!

Жемтік көрген құзғынша,  
Мүзбеттенбе безденіп:  
Жырдың Шоғы шыжғырса –  
Тезге салған кез деп ұқ?!

Жә!  
Жә!  
Фәни Жалғанға –  
Кімдер келіп-кетпеген?!  
...Жаманға Бақ орнар ма,  
Жақсың өлмей –  
Әт-те-ген!



*«Арыстан-Бапқа – түне,  
Қожа-Ахметтен – тіле...» –*

*Халық Даналығы.*

I

Арыстан-Бапқа түнедім,  
Қожа-Ахметтен тіледім:  
Хан еткей деп Халқыма,  
Қыранның Хас Түлегін?!

Түрік емес,  
Түркінің  
Түбі бірге тұрқымын!  
Алтын Таққа қонғанның,  
Ар бітесін құлқынын?!

Надалға –  
Ұдай болыстым,  
Һараммен –  
Тоң-Торыспын!  
Беркіт Бостандығымды –  
Боданынан Орыстың?!

Жанып-өштім –  
Жұтайдым,  
Өніп-өстім –  
Құтайдым!  
Өле-өлгенше ақтағай –  
Құлдығынан Қытайдың?!

Өткеніме –  
Аһ ұрдым,  
Жеткеніме –  
Мақұлмын!

Мәңгі-бақи сақтағай –  
Сұмдығынан Кәпірдің?!

...Желік берме,  
Жете бер?!  
Теліп берме,  
Төте бер:  
Құдай өзі жаратқан –  
Қазақты –  
Қазақ ете гөр?!

## II

Ақиқатқа бастайтын,  
Хақ-Пайғамбар –  
Меккеде!  
Ажал төнсе –  
Қашпайтын,  
Абылай – Жоқ,  
Жоқ – Кене!

Ішкенге – мас,  
Жесе – тоқ,  
Сүруде мәз өмірін:  
Ышқыр белсіз  
Бос етек –  
Тегі осал көбінің!

Халқым –  
Асқар Тауымның –  
Көңілі  
Кемге толмай – тұл:  
Қол-аяғы Сауымның,  
Әттең,  
Басы болмай тұр!

Қысқа жібім  
Күрмеуге  
Келмейтіні –  
Білгенге ес:  
Асып-тасқан құр кеуде –  
Қызынық жел –  
Үрген мес...

...Қақтап  
Тірлік-Тозаққа,  
Еңіретердей –  
Ел етпей:  
Әзіретсіз Қазаққа –  
Әмір-Темір керектей?!..

### III

Уа, Түркістан?!  
Рухани Астанам!  
«Меккем» менің –  
Кіндік Қалам,  
Бас Панам!  
Жерұйығым –  
Жұмбағын жат шешпеген,  
Алтын Құлпым –  
Құпиясын ашпаған!

Күнім шығып,  
Таңым күліп атқан Жер!  
Түбі Түркі  
Бағы баян тапқан Жер!  
Атырабыңнан –  
Топырағыңнан тәу еттім,  
Алты Алаштың  
Арысы түгел жатқан Жер!

Ұжымақ-Ұям –  
Әзиз Баптар мекені!  
Хақтық Аян –  
Атың ардақ екені!  
«Әу, Пірім!» деп,  
Қалам алсам қолыма –  
Көкке төбем  
Жетпейтіндей екі елі!

Жаным-Тәнім  
Көнбей Жазмыш-Көгенге,  
Арыстан жал  
От ойнайды денемде:  
Қожа-Ахмет  
Иассауидің Мүриті –  
Менен күдірет  
Шайыр жоқтай Әлемде!

Әуел – Құдай,  
Сосын – Аруақ –  
Сенерім!  
Сенім бар да –  
Мәңгі өлместей Өлеңім:  
Ұлы Ұстазша  
Сараланып,  
Сафтанып,  
Сұрыптанып,  
Сопылана беремін!

Бар Ғаламға  
Батыл дабыл қаққасын,  
Тізгін тартып –  
Шұғыл бұрдым ат басын!  
...Ақ Жырыма  
Қара күйе жақпақ Сұм,  
Сақтан,  
Құдай ұрып,  
Аруақ атпасын?!



Ашып басыр  
Көңіл-Көзін Сорлының,  
Болды қабыл –  
Жер менен  
Көк тілеуі:  
Қу Тірлікте  
Көрген мың-сан Қорлығым –  
Бұ Дүниеде  
Бақытты  
Етті Мені...



*Халық Қаһарманы –  
Бауыржан Момышұлына*

I

Толтырам деп  
Обыр-Тірлік өңешін,  
Қуып тоздым  
Жалған Бақыт елесін.  
Мен Бау-кемді  
Тұңғыш көріп түйсіндім:  
Батыр болу –  
Кісі өлтіру емесін!

Ең қиыны –  
Ескі әдеттен жеріну,  
Жаңалыққа  
Бойұсыну,  
Берілу  
Екен...  
Және  
Қазақ болу дегенің –  
Емес екен –  
Жүзге,  
Руға бөліну.

...Содан бері,  
Кісі өлтіргім келмейді,  
Жүзім,  
Руым –  
Жанға тыным бермейді:  
Батыр Қазақ –  
Момышұлы Бауыржан –  
Сау тәнімді  
Табытқа сап тергейді!



II

Қабанбайды – көрмедім,  
Көрмедім мен – өлгенін...  
...Хас Батыры Халықтың –  
Бауыржанды – жерледім!

Көппен бірге көмістім,  
Ел қайғысын бөлістім:  
Көрге түсті «тірідей» –  
Қызыл Туы Жеңістің!

Ырғалып та жырғалып,  
О, Біздер не қылмадық?!  
Туа-бітті «Маршалға» –  
«Генералды» қимадық!

Қаһармандық жалғасы –  
Табиғи Бас Қолбасы –  
Қалар да еді атаусыз,  
Қайрылмаса Елбасы?!

Бекер келіп,  
Бекерге –  
Кетпегенге жетер не?!  
Баз кешпесін Қайрандар –  
Дүниеден өтерде!

«Тірі» демей,  
Не дейін,  
Қаділдікке Кедейім?!  
«Батыр – өлді»! дегеннің,  
Құм бітесін көмейін!

Адамзаттың Арысы,  
Ерліктің Жолбарысы –

Бау-кем менің —  
Өлген жоқ,  
Өлген —  
Қазақ Намысы!

### III

«Шекпен» киіп көрмедің,  
«Шенге» құлдық ұрғыздың!  
Жалғандыққа ермедің,  
Шынға мойын бұрғыздың!

Жұлып,  
Керней еткенсің —  
Жағымпаздың өңешін!  
Ұруменен өткенсің —  
Жандайшаптың енесін!

«Кере қарыс, бір сүйем!» —  
Әбілеттің еншісі!  
Жоктап сені күрсінем,  
Әділеттің емшісі?!

Тірлігіме наразы,  
Өлі күйін пұлдаған:  
Піл-Жырыма Таразы  
Болып алды кіл Надан!

Қуған Ұлмын жолыңды,  
Уайымымды жесең-ші?!  
Қайнатқанға Сорымды —  
«Қыртылдатпа!» десең-ші...

...Арысың пәк Ұлтыңның —  
Пәс түспеген назары!  
Жылпос-Жылмаң-Жылтыңның —  
Тура келген Ажалы!

Ұятысың Халқыңның –  
Батар Күндей қызарған!  
Ата-Дәстүр-Салтымның –  
Ақ Сакалы ұзарған!

Иманысың Қазақтың –  
Адалынан бұйырған!  
Ұстыны Таңғажаптың –  
Тәңіріндей сиынған!

...Тірінде бас имедің,  
Небір «Кұдай» –  
Бүкті бел:  
Бұ Дүниенді – білмедім,  
О Дүниен – түп-түгел!

#### IV

Қос бүйірін таянып,  
Кертолғайды Ақының:  
Көрсен ет-ті,  
Оянып –  
«Ұйқыдағы» Батырым?!

Тәуелсіз күй кешуде,  
Өліп-өшкен Қазағың –  
Бақ самалы есуде,  
Етіп ұмыт азабын!

Көрсен ет-ті,  
Қандасты –  
Туған Айдай жанарған?!  
Басқан Қара Албасты –  
Үшті-күйлі жоғалған!

Құтын үптеп Қоғамның,  
Безермей де сазармай:

Жақсы десен,  
Жаманның –  
Бөркі болар қазандай!

Төңкерген құмсағаттай,  
Уақыт кері құлдады:  
Ашылмайтын қабақтай –  
Аш-Нәпсінің құлдары!

Бостан Бодан-Өмірдің,  
Берекесі тұр қашып:  
Шенқор жемқор-жебірдің  
Жеңі –  
Ұшынан жалғасып!

Иен Байлыққа ен салған,  
Түсті Басқа тезді Сын:  
Алды жыртып «Кенсайдан»,  
Мүсініңнің жез-мысын!

Ұры-қары –  
Налаға –  
Мылтықтай ең от алған:  
Рецедивист-Қалаңа,  
Қапа болма,  
Қаһарман?!

Күн демей де түн демей,  
Амал сауып –  
Мал тауып:  
Бикенестік Қу Кедей –  
Шеттерінен –  
Алпауыт!

Тоғытады шет Елге –  
Шырайы мен шұрайын!

Шүкір?!  
Тәубе етем де –  
Ұмытпаса Құдайын!

Талғамастан жұтады,  
Түгіменен Түйені:  
Айтшы,  
Бұдан не ұтады,  
Жерді сатты – киелі?!

Келгендерін ойына  
Қылып жатыр...  
Қылсын-ақ!  
Кескекті Ердің сойы ма –  
Келте ақылды кіл шұнақ?!

Бұ түрмен шер-шеменде  
Болардаймыз  
Барға – зар!  
Қарқылдайды төбемде –  
Құзғын-кейіп қарғалар...

Елің-Жұртың адасқан  
Жоқ...  
Салуда Ұранын:  
Ессіз-түссіз көк Аспан –  
Жоқтайды Хас Қыранын...



## «2030»

(Поэма-Диалог)

*...Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мырзаның «Қазақстанның 2030-жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауын оқығаннан кейін, жер ортадан асқаниша, кәмелетке жетпеген қыруар балашағаммен, біржарым бөлмелі бетон үйде тұратын, келешегінен көп үмітті, кембағал Ақын-Басым, еріксіз, қолыма Жыр қаламын ұстатты...*

*Әлқисса...*

*Ата-Бабамыздың рухани жоралғысы — көне ұғымға сайсақ: о бастан, туа-бітті, Адамзат Баласының бір інінде — Періште, бір інінде — Шайтан отыратынға ұқсайды...*

*Хош делік!*

*Соның үшін, дәйімі, затымызға тартып, Періште жауабына құлақ асайын-ақ дегенімізбен, кей-кейде, запыранымыз артып, Пенде болған соң, Шайтан сауалына да ден қойып кететіндігімізді — кімнен,қайтіп, несіне жасырайық?!.. —*

*Автор.*

## I. ШАЙТАН-САУАЛ

«2030» –  
Не жыл?!  
Аулақ қаш, Қыз?!  
Без, Ұл?!  
Ертегіге сенуге  
Болады ма кезірі?!

«2030» –  
Бұл не?!  
Бодандағы Діл ме?!  
Бұғаудағы Тіл ме?!  
Ылаудағы Дін бе?!  
Мұқым  
Болмыс-Бітім  
Бостандығын табиғи  
Бұзып тынар күн бе?!

«2030» –  
Жұмбақ,  
Таусып бітпес жырғап –  
Сөз бе нәрсіз құрғақ?!  
Бөз бе әрсіз –  
Жібектің  
Нарқын былғар қымбат?!

«2030» –  
Шала  
Ұйқыдағы Сана?!  
Қайғы-  
Қасірет-  
Нала?!  
Премьер-министр,  
Парламент,  
Президент пе жаңа?!

«2030» –  
Күйкі  
Зұлмат кейпі шикі:  
Жемқор менен жебірдің  
Жәдігөйлік сиқы?!

«2030» –  
Жалған,  
Орындалмас Арман?!  
Тозған Халық,  
Азған Ел –  
Аш-өзегі талған?!

«2030» –  
Таһыт –  
Тарихтанған қатып?!  
Лез кеткен,  
Жылдам кеп –  
Қаран қалған Бақыт?!  
Жәһилдікке құрбан боп –  
Арандаған Уақыт?!

«2030» –  
Негу?!  
Жұртты ақымақ ету?!  
Басталған қам Былықтың  
Сөресіне жету?!

«2030» –  
Ептеу?!  
Кісі өресін шектеу?!  
Қашан алжып тынғанша –  
Ел басынан кетпеу:  
«Менен асқан Қазақтың  
Данышпаны жоқ!» – деу?!



«2030» –  
Сүргін?!  
Су аяғы – құрдым?!  
Ашатұяқ қалдырмас –  
Алашапқын,  
Қырғын?!

«2030» –  
Бөсу?!  
Жанбай жатып –  
Өшу?!  
Қызыл түстен –  
Көк түске –  
Көбік мінез көп түске –  
Күбілтелеп көшу?!

«2030» –  
Мезет  
Болмашыға кезек?!  
Іші кетіп болған соң,  
Құрғап қаңсыр тезек?!

«2030» –  
Ойын,  
Доллар тыққан қойын:  
Үздігетін үміт,  
Үзілетін мойын?!

«2030» –  
Қару?!  
Іштен,  
Сырттан шалу?!  
Жасап,  
Жасап қылмысты,  
Сосын...  
Естен тану?!

«2030» –  
Қатым –  
Жоктар Адам Затын:  
Зорға айналар Әкім,  
Қорға айналар Акын?!

«2030» –  
Жедел  
Қалпын жояр Өнер:  
Бос Ауаны  
Құр қармап –  
Қос шырағы сөнер?!

«2030» –  
Келес –  
Қырды кезген Елес?!  
Елес қуған Ессіздік  
Оңып көрген емес!

«2030» –  
Кеше  
Қайтармаған есе?!  
Отырғызды сазға  
Сұрқиялық неше?!

«2030» –  
Ленин  
Сауған сүтсіз желін?!  
Дітсіз  
Тәтті қиялмен  
Толады ма кемің?!

«2030» –  
Бүгін  
Аударылған жүгің:  
Алпауыттар арамза  
Қалдырмаған түгін?!

«2030» –

Тоқ  
Қарын тола боқ?!  
Осы жайды аңдамай  
Отырғаның жоқ?!

«2030» –

Арлы  
Мойындағы қарғы:  
Оңың менен Солыңа  
Қарашы –  
Нең қалды?!

«2030» –

Ертең  
Қиылатын желкен:  
Көркейер деп жүргенде,  
Көрленеді өлкең?!

«2030» –

Амал –  
Саясати қамал?!  
Сатылған тұл тегінге:  
Жер кіндігі –  
Байқоңыр,  
Нарын...  
Қайран Арал?!

«2030» –

Ұдай  
Төбеңе ұрған «Құдай»:  
Көшпендінің көз жасы –  
Нахақ аққан Мұнай?!

... «2030» –  
Дамыл  
Тапқан марқұм Ауыл?!  
Қытайланған өкпе,  
Орыстанған бауыр?!

«2030» –  
Өмір –  
Тезге түскен Темір:  
Түріктенген жүрек,  
Түрпіленген көңіл?!

«2030» –  
Тарын  
АҚШтанған қарын?!  
Жапондаған ағзаң?!  
Жалданғанда тәнің,  
Алданғанға жаның –  
Ашы шығар зарың?!

«2030» –  
Қала –  
Бықсып жанған шала?!  
Тұяғы жоқ тігерге –  
Малсыз Дала –  
Мола?!

«2030» –  
Мұнар –  
Рухы қайран қылар:  
О Дүниеде  
Алдымнан  
«Ақ Папа»-лап шығар?!

... «2030» –  
Азат  
Бола алмаған Азап:

Кебін киіп Үндістің  
Үрейі ұшқан Қазақ?!

«2030» –  
Ғаріп  
Елін,  
Жерін  
Тамұқ  
Етпесіне кім кепіл –  
«Жындар» жайлап алып?!

«2030» –  
Тәмәм,  
Бәлкім,  
Ақырзаман?!  
Қиямет-Қайым –  
Қыл-Көпір  
Үстінде өңкей надан?!

... «2030» –  
Құрғыр,  
Бұлт басқандай бұлдыр:  
Он екі мүшем –  
Зілмауыр,  
Екі тізем –  
Дір-дір...

... «2030» –  
Бұл Күн –  
Не болады,  
Шіркін?!  
Жаман айтпай –  
Жақсы жоқ:  
Бәрі – мүмкін,  
Мүмкін...

## II. ПЕРІШТЕ-ЖАУАП

«2030» –  
Ерек,  
Жыл болады бөлек!  
Жарым ырыс –  
Жақсы сөз:  
Жарылқауым керек!

«2030» –  
Тұр алда,  
Жыр кәуәсі –  
Бір Алла!  
«Ханның намы –  
Хақ намы!» –  
Хадис шарты Құранда!

«2030» –  
Пәк Таным,  
Мен де –  
Осыған тоқтадым:  
Қазақтан басқа –  
Халқым жоқ,  
Нұрсұлтаннан өзге –  
Жоқ Ханым!

«2030» –  
Нағыз  
Абыз айтар уағыз!  
Байыбына бәс тігіп,  
Мандай терінді ағыз!

«2030» –  
Мұратым,  
Әз үміттен тұратын:  
Мұратыма жетуге –  
«Биссимилла Рахым...»!

«2030» –  
Ділім –  
Бостан шығар күнім!  
Босанады,  
Иншалла,  
Бұғауынан – Тілім,  
Ылауынан – Дінім!

«2030» –  
Анық  
Дербестігін алып:  
Бақ құшады баянды –  
Егеменді Елім  
Һәм  
Тәуелсіз Халық!

«2030» –  
Шала  
Толысады Сана!  
Тасталады талақ –  
Қайғы-  
Қасірет-  
Нала!  
Премьер-министр,  
Парламент  
Пар келеді тайланып –  
Президентке дана!

«2030» –  
Рас,  
Шенқұмарлар тыраш  
Түгелімен босайды  
Қызметінен ылас!

«2030» –  
Әркім  
Барлап кісі парқын –

Көргені көп көсемнің  
Көтереді парқын!

«2030» –  
Ақын  
Қорғар хұқық хақын:  
Жеке,  
Жалқы жарлықпен  
Сайланбайды сыңар жақ –  
Бүгінгіше Әкім!

«2030» –  
Шешім!  
Жиылатын есің:  
Тұщылықтан аласың –  
Ащылықтың өшін!

«2030» –  
Тәртіп  
Түп нұсқадан артып:  
Көзқамандар,  
Мәңгүрттер  
Тас-тұғырда тұра алмас –  
Тура бише тантып!

«2030» –  
Шыным,  
Жан табады тыным,  
Тән құшады нұрын:  
Ішілмейді Арақ,  
Шегілмейді Шылым!

«2030» –  
Көтек  
Көз көрмеске кетед:  
Жезөкшелік жойылып –  
Жуан тұрмақ,



Уаң Жел  
Көтермейді етек!

... «2030» –  
Құйрық  
Бас алдында иіліп –  
Таз қалпына түседі:  
Иттің ұлы Итакай  
Жүргізбейді билік!

«2030» –  
Даму!  
Халық сырына қану!  
Кебенекті Ерді –  
Көп ішінен тану!

«2030» –  
Байлам!  
Ертеңге –  
Амал-айлаң!  
«Басыңа іс түскенде –  
Көлдененді көк атты  
Көке емесін!» –  
Ойлан!

«2030» –  
Сенім!  
Дертке шипа –  
Емің!  
Күмәніңнен – арыл!  
Күдігіңнен – жерін!

«2030» –  
Беркін  
Бейнет ашар көркін:  
Гүлзар-бақта  
Бұлбұл-құс  
Бек сайрайды еркін!

«2030» –  
Дені –  
Ақыл-ойдың кені:  
Алқаласып шешілер –  
Әр нәрсенің жөні!

«2030» –  
Шатақ  
Кердің миы қатад:  
Дәлдүріш пен Даңғойға,  
Хас Талантқа лайық,  
Сатылмайды Атақ!

«2030» –  
Кемел  
Кенттенеді Өнер:  
Қырт басқарған қыңыр жұрт  
Ер Еңбегін көрер –  
Туған күнін тойлар –  
Келешегін ойлар –  
Миуасын терер –  
Иран-Ғайыпқа өлідей  
«Мем. сыйлығын» берер!

«2030» –  
Жайын-  
Шахым –  
Шарға дайын:  
Ай-жүзі,  
Күні келбеті –  
Артар әр күн сайын!

... «2030» –  
Ғажап,  
Болмай жатқа мазақ:  
Бөлінуден Үш Жүзге  
Тиылады Қазак!

«2030» –  
Кем-хал  
Ынтымағы артар!  
Қанына емес,  
Жанына –  
Үйлесімін тартар!

«2030» –  
Таза  
Иен Байлыққа қожа  
Болар Қазақ Баласы:  
Алпыс екі тамырын  
Иітіп ұжмақ-маза!

«2030» –  
Бекер  
Әзірше әжуа етер:  
Ұятындай ұры итгің  
Сумандаған сүмелек  
Сұмырайша Шетел!

«2030» –  
Елім  
Тіктеп бүкір белін:  
Дүниежүзі Дүмшелік –  
Дүмбілездер діттеген –  
Полигонға айналмас –  
Ұланғайыр Жерім!

«2030» –  
Кедей  
Күйде уайым жемей:  
Ғұмыр кешпен  
Кірмеше –  
Өз Халқыма өгей!

«2030» –  
Әрісі,  
Әлем шарлап дабысы:  
Қазақстан аталар –  
«Орта Азия Барысы»!

«2030» –  
Ұлы  
Бастамалар жылы!  
«Патша-Ағзамның»  
Аузына,  
Қарашы емес қаймана,  
Құдай салған мұны!

«2030» –  
Ұлы Ән –  
Ұрпақ салар Ұран!  
Табар Құзар-Тұғырын –  
«Күн көтерген Қыран»!

«2030» –  
Адам –  
Затын таныр Заман!  
Кез келеді Тосын –  
Өзгереді Қоғам!

... «2030» –  
Бұл Күн –  
Не болады,  
Шіркін?!  
Жаман қашпас –  
Жаксыдан:  
Бәрі – мүмкін,  
Мүмкін...



## **ЖЕРДІҢ ҮСТІН АЛАСТАП...**

**(Өлең-Бостан)**



Хаққа –  
Алаңсыз сенемін,  
Құлшылығын қыламын:  
Тән нәсібін –  
Теремін,  
Жан ырзығын –  
Жиямын.

Әрі Сорым,  
Әрі Бақ –  
Тергенім мен Жиғаным:  
Тәнім – таза,  
Жаным – ақ,  
Жүрегімде –  
Иманым.

Текке жария етпедім,  
Көкірегімде Нұр барын:  
Жайнамазым –  
Дәптерім,  
Намаз –  
Жазған Жырларым...



Сырқыратып сай-сүйек,  
Сал денелі –  
Шал келеді –  
Көшеде Шал келеді.  
Сүгірлейді  
Жан-тәнін алға сүйреп,  
Күбірлейді  
Өзінше әлденені –  
Шал келеді –  
Көшеде Шал келеді.

Кешегі Ер-Дана –  
Бүгін жанға пана  
Іздеп безген Нала.

Кешкен Ғұмыры –  
Буалдыр бозаң дастан –  
Шал келеді –  
Аяғын әзер басқан.  
Қарайды Шал,  
Қарайды...  
Қарайды кеп –  
Көкжиекке көмескі  
Көз алмастан –  
Шал келеді –  
Аяғын әзер басқан.

Кешегі Зор-Алып –  
Бүгін бейбақ бейшара  
Аш-жалаңаш арық.

Қу Тірліктің  
Қылғынтып тар көгені –  
Шал келеді –  
Көшеде Шал келеді.

Көргені көп,  
Алайда,  
Осы Шалдың –  
Көргенінен көбірек  
Көрмегені –  
Шал келеді –  
Көшеде Шал келеді.

Кешегі Дүр-Жаңа –  
Бүгін жамау-жасқау  
Ескі-құсқы – Нама.

Басында – көл,  
Соңында – шөл ғанасың,  
Өмір – солай:  
Шат күліп,  
Шер қабасың.  
Жапырағы желге ұшып  
Азған Терек –  
Сен де бір күн  
Шөміп Шал боласың.  
Өмір – солай:  
Шат күліп,  
Шер қабасың...

Кешегі Күн-Жарық –  
Бүгін Түндей ғаріп  
Түнерген Көн-Шарық.



**(Оралман Жыры)**

**I**

...Көлеңкесі – Қара Түн,  
Құз-Қиядан Қыз-Күрен:  
Күн күйдірген канатын,  
Қыран көрдім – Құзғын өң.

Мүжіген Тас тырнағын,  
Тұғырсынып көркейді:  
Кеудесінде Жыр-Жалын –  
Қара Орманын өртейді.

Қайғы-мұңы жанарын,  
Шыжғырады шоқтанып:  
Тәркілейді Таланын –  
Атылардай оқталып.

Тірілер ме өлі Үміт,  
Ұшарға жоқ амалы:  
Жер Тұтқыны жерініп –  
Төңірегін шолады.

Таусылардай шыдамы,  
Не істерін білмейді:  
Жоғалтқан Әз-Жұмағы –  
Көк Аспанын тілдейді.

Бүгініне зар болар,  
Түбіне ақыр жетеді:  
Қалбаңдайды Қарғалар,  
Қарқ-қарқ етеді.

Заманның у-зәрі боп,  
Асу бермес тұр кемел:  
Әлеуеті, әлі жоқ –  
Қыран қайтіп күн көрер...



...Көріп соны,  
Көңілім –  
Қазған Көрдей дымданды:  
Хас Қыранның өмірін,  
Күлкі қылмас кім қалды?!

## II

...Тайған Тағдыр-Тағынан,  
Талқысында – жоқ есеп:  
Жеріп қашқан қағынан,  
Құлан көрдім – Көк Есек.

Көлкіп қанды жасына,  
Екі көзі алайған:  
Таяқ тисе Басына,  
Жерімеске – не қайран?!

Суынан да Нуынан  
Безіп,  
Тастап Даланы:  
Ыстығынан суыған –  
Шөл қуалап барады!

Жанын-тәнін, бейшара,  
Қақтап Желдің өтіне:  
Безінбеске – не шара,  
Қол тыққан соң Көтіне?!

Кеберсиді еріні,  
Тұяғынан майрылып:  
Жер қабады желіні –  
Құлынынан айрылып!

Төлі тартар өтеуін –  
Тағылықтың шарты ма?!  
Қимай Ата-Мекенін,  
Қарайлайды артына.

Тамұғында қарып от,  
Қапыл Қоғам гүрленер:  
Құйрығы жоқ, жалы жоқ –  
Құлан қайтіп күн көрер...

...Соны көріп,  
Жүрегім –  
Қан жылады қабарып:  
Сораңдана жүдедім –  
Самай шашым ағарып!

### III

...Өзегіне – Діліне –  
Зіл түсірген Ауырлық:  
Өрт қойылған ініне,  
Жылан көрдім – Жауын Құрт.

Тілсіз Дұшпан ұшынып,  
Күл еткенде Ордасын:  
Ысылдады түсініп –  
Ендігі істің оңбасын!

Жиырылтып жылжытқан,  
Табиғаты – тым ұста:  
Тамшы жастай құм жұтқан –  
Сіңді қалың Жынысқа.

Сезді Нәубет тезінен,  
Тегі бекер емесін:  
Жасырды жат көзінен –  
Қарашұбар денесін.

Жұмбақ болмыс – жез құлып –  
Кілттипаны – кәміл ме?!  
Отанынан бездіріп –  
Не көрінді Тәңірге?!

Аяқ-қолсыз,  
Әу баста,  
Жаратты ма?!  
Жаратты!  
Балын татса — болмас па,  
Уын неге жалатты?!

...Қашан —  
Тәні суынып,  
Жаны —  
Иектен шыққанша...  
Бәлкім,  
Қайта туылып,  
Тылсым сырын ұққанша...

Сұм-Тірлікке өшігіп,  
Кекті Жылан шақпай ма:  
Таңы атпай ма кешігіп,  
Күні ерте батпай ма?!

Бүйте берсе Әбілет,  
Аспан асты бұлденер:  
Аяғы жоқ, қолы жоқ —  
Жылан қайтіп күн көрер...

...Тамырымда тасынып —  
Қызыл қаным қарайды:  
Ой асылы шашылып,  
Бой ашуы зорайды!

#### IV

Тағдыр!  
Тейің қапыл-ай!  
Неден мұнша кектендің?!  
Неге бұлай,  
Апыр-ай?!:

Қыран кебін өткердім,  
Құлан кебін өткердім,  
Жылан кебін өткердім!  
Көптің кебін өткертіп,  
Туған Елім-Жеріме –  
Ұлан кебімді көп көрдің...

...Қатып –  
Көнім сірленер,  
Адам затым –  
Кірленер,  
Қазақ атым –  
Бүлденер –  
Болашағы оқ атқан:  
Туған Жері –  
Туған Ел –  
Әз-Жұмағын жоғалтқан,  
Басқа барар жолы жоқ,  
Шын тұйыққа тіреліп,  
Не, Оңы,  
Не, Солы жоқ,  
Қамсыз Дене –  
Тірі Өлік –  
Ұлан қайтіп күн көрер...

...Неге бұлай,  
Апыр-ай?!  
...Жоба көрсет,  
Жөн сілтеп,  
Не десең де –  
Мақұл-ай...

...Қаумаласқан Ағайын?!  
Адасқанымды –  
Айып етпе,  
Қайтып –  
Үйірімді табайын...



Мазмұнымды-Мәнімді –  
Зерттеймін бас алмай:  
Тоз-тоз болған Тәнімді,  
Жаным тастап қашардай!

Екі беткей,  
Екі жүз –  
Біртұтас-ты Ғұмырым:  
Сүйегі – күл,  
Еті – мұз,  
Сала ма Ажал құрығын?!

Тұлданам ба  
Тасынып,  
Құмданам ба  
Таусынып:  
Тән құмары басылып  
Жан азығы таусылып?!

Неге бұлай?!  
Бұлайша –  
Ғәділет пе болуы:  
Тұнығымның Ылайша,  
Реңінің солуы?!

Жамау-тірлік жейдесін,  
Тінткілейді сан күдік:  
Таппайды ма Үйлесім,  
Қас-Қағым мен Мәңгілік?!



Асты-Үстімді қайғы алып,  
Таба алмай тұр үйлесім:  
Бас –  
Бақырға айналып,  
Билік –  
Белге тигесін!

Аярлығы –  
Ақылы,  
Шошыма,  
Дос,  
Шошыма:  
Замананың ақыры  
Басталғаны –  
Осы да!

Кешегінің ыласы –  
Шыға келді  
Дындай боп:  
Аласы да құласы –  
Бәйге бермес  
Ыңғай Көк!

Дария болды  
Көлшігі –  
Иен Байлыққа  
Кенеліп:  
Халықтың  
Бар Меншігі –  
Бітті Жекешеленіп!

Айла-Амалы –  
Түрінде,  
Қас-Қабағы –  
Қатулы:

Түк жоқ Саған –  
Тірінде,  
Өлсең –  
Көрің сатулы!

Шарпысы да Шаласы –  
Былық қимыл биәдеп:  
Қиянат көп...  
Шамасы,  
Жақын қалды-ау  
Қиямет?!

Тірлік Туын –  
Құлаттым,  
Болмай отыр мазам түк:  
Іші кеткен Ұяттың –  
Боқты көтін тазартып...



Жыр қылмасты  
Несіне жыр қыламын,  
Деп,  
Күмәннің  
Құдығын бұрғыладым:  
Тәуелді еткен Тірлікке  
Тәуелсіздік –  
Тас маңдайын  
Тағдырдың ұрғыладым!

Адал азған Заман-ай,  
Арам – өсіп,  
Қалған көңіл –  
Көр-Табыт –  
Нала-Бесік.  
Ақыл шамын жақсам да,  
Ой – шырағын,  
Санам өшіп барады,  
Санам өшіп.

Бекбикелер белденді  
Биімсініп,  
Кейіндеген қатардан  
Күйім сынық.  
Жылы ұстайын басымды  
Десем дағы,  
Миым суып барады,  
Миым суып.

Құйған уын Қоғамның  
Шекер дедік,  
Бос кетпесек,  
Не қылсын,  
Бекер келіп?!



«Шындық – Марқұм!» дегенге  
Сенбес едім,  
Жалған отыр төрімде  
Мекерленіп!

Құмға айналмас қалайша  
Кесек денен,  
Өлшеген соң,  
Ес емес,  
Есеппенен?!  
Иман-арсыз  
Сауапсыз кезең туды,  
Өлген тұлпар жарысып  
Есекпенен...

...Жараулығы –  
Желдішек айғыр-қасаң,  
Абайсынды деп күлер  
Қайбір масан:  
Тірі жүріп –  
Жер басып керегі не –  
Абайша ойлап,  
Абайша қайғырмасан...



*Қызым – Индира-Ханшаның  
туған күніне.*

О, Адамдар?!  
Адам-Кейіп – Хайуандар!  
Екі Дүние жайын  
Бірдей ойландар?!  
Бес Қызы бар  
Пенде болса –  
Ол –  
Пенде емес,  
Одан Биік,  
Одан Құзар –  
Пайғамбар!

Пайғамбар – Ол!  
Менсін,  
Мейлің,  
Менсінбе?!  
Ғалайкум-ас-салам  
Мұхамедпен теңсің де!  
Алтайы,  
Шырын,  
Индира,  
Мәрмәр,  
Ақмұнар –  
Қан-Тамырымды  
Кенге жаяр Кемшінде!

Аман болсын –  
Бес Қызым –  
Бес Саусағым?!  
Бес Саусағым –  
Тербейді  
Жер нау-Шарын:

Дұшпаныма  
Достан бетер сыйлы етер –  
Талай  
Әзірет-Әліменен қауышамын!

Қауышамын...  
Жазмыш жазған Мәзірге,  
Бұл Жырымды  
Шын де,  
Еркін,  
Әзіл де:  
Жаным-Тәнім  
Жай табатын еместей –  
Жәһилдермен  
Жағаласып әзірге...

Көк Есексіз –  
Көргісіз һәм көнгісіз –  
Ахуал-Хәлім –  
Сайтанға айтсаң,  
Сенгісіз!  
Шүкір?!  
Тәубе!  
Фатимам мен Дариғам –  
Түп-Енеміз –  
Төрт Қатынға бергісіз!

Ойнап-күлдім...  
Жылап-сықтап –  
Аһ ұрдым:  
Мұнар-Бек-ті,  
Жайын-Шах-ты Ақынмын...  
...Хақ-Тағалам  
Тауыспасын берерін –  
Болмасам да,  
Ұқсап бағып жатырмын...



Табиғатқа –  
Рзамын,  
Талғамына –  
Жоқ өкпем:  
Күдер үзбей жүр жаным,  
Тәңір-Ие-Көмектен!

Бір ысып,  
Бір суынып,  
Үйтілуде,  
Үсуде:  
Тәнім –  
Бөзбен буылып,  
Дайын –  
Көрге түсуге!

Кінә артпаймын –  
Жалғанға,  
Жарық Күні –  
Қара Түн:  
Көрден кейін  
Өр бар ма –  
Өшіп Қайта жанатын?!

Бар ма?!  
Жоқ па?!  
Қандай Күш –  
Кесіп айтар Үкімін:  
Қас-Қағымдық Мен-Байғұс –  
Мәңгіліктің Хұқымын...



Жан-Тәнімді қашатып,  
Құбылыс-Қисын –  
Туымым:  
Адам-Ата босатып,  
Нау-Анамның буынын?!

Тылсымды Ием Тұңғиық,  
Күлетіндей миықтан:  
Сүйегімнің мін ғылып,  
Жаралғанын Сұйықтан!

Сұйық?!  
Сұйық?!  
Сұйықтың –  
Оңып ісі не қылсын?!  
...Түпсіз Бүйен-Тұйықтың  
Тұтқынымын...  
Е, құрсын...



Шексіз-шетсіз Дүние,  
Түрші құлақ Үніме?!  
Қойшы зейін Зарыма?!  
Айтшы,  
Саған кім Ие?!

Кім – Ол?!  
Не – Ол?!  
Неліктен –  
Айырады еріктен:  
Мәз етпек пе Өмірді,  
Мендей Тірі-Өлікпен?!

Тысымда ма  
Ол Менің?!  
Ішімде ме  
Ол Менің?!  
...Тәрк етпесе қайтеді,  
Табытқа сап «Ермегін»...



Шама-Шарқым белгілі –  
Хайуан жасқар қуаты:  
Не болады ендігі,  
Жан-Тәнімнің суаты?!

Көтікүлік секілді,  
Нешік Хәлім –  
Дүбәра:  
Хақ-Тағалам бетімді,  
Түзулікке бұра ма?!

Пайғамбарсып нетейін,  
Көндім Пенде-Қалыпқа:  
Ақылыммен жетейін,  
Аяғым жетпес Аныққа?!

Тілді күрмеп Мен-Қайран,  
Май қаптырсам Өңешке:  
Саф Алтындай сарғайған,  
Санама обал емес пе?!

Ділім – жыртық,  
Ден – жырық,  
Сұрау салдым Ғаламға:  
Алдымды ашам деп жүріп,  
Артымды ашып алам ба?!



Түпкі-Иеге қайранмын,  
Түгел –  
Жалған жаратқан:  
Осалдығын ойландым –  
Жез бен Мыстың  
Болаттан!

Болат шикі –  
Алмастан,  
Алмасқа –  
Уран –  
Зор Арман...  
... Мақұлықтың Жер басқан –  
Мықтысы жоқ Адамнан...

...Қарар болсаң сәл Биік,  
Адамың да –  
Бейшара:  
«Жарқабақта» жарбиып,  
Жан баққан соң –  
Не шара?!

Өлеріне өкініп,  
Өрт құшады қашанда!  
Бәрі – Өтірік!  
Өтірік!  
Шындық деген –  
Не сонда?!

...Тарқамайды,  
Аңда,  
Біл,  
Табиғаттың құмары:  
Шындық деген,  
Ол да – бір,  
Өтіріктің сыңары ...





Тәңірім,  
Сені – таныдым,  
Тылсымыңа –  
Тәнтімін:  
Күйбеңдеуден арыдым –  
Күйін кешіп Жалпының?!

Өмір сүрем –  
Пәс қана,  
Өліміңе –  
Қайыл боп:  
Бір Өзіңнен  
Басқаға –  
Жалбақтайтын жайым жоқ!



Шәк келтіріп көрмедім,  
Құдіретіне Сенің:  
Қаншалықты Пәрменің –  
Шаруам не Менің?!

Сен –  
Тәңір де,  
Мен – Пенде,  
Боқтыкөті – лас:  
Алдаспаның  
Желкемде  
Екендігі – рас!

Төзімнен  
Тақ жасадым,  
Сор-Бейнетім –  
Мың-сан:  
Сол бетімді тосамын,  
Оң бетіме ұрсаң!

Санам –  
«Соқыр»,  
Ой –  
«Танық»,  
Таяғыңда –  
Тәнім:  
Ала ма деп қайтарып,  
Аманатты Жанын?!

Хақтығыңды мойындап,  
Лажсыз Өмір сүрем:  
Қара Жерге қойындап,  
Кірерімді –  
Білем!

Білем де өз жолымды,  
Көзсіз құлдық ұрам:  
Сен не десең,  
Соныңды –  
Амалсыздан қылам!

Қылам!  
Қылам!  
Қыламын!  
Қылу –  
Ата-Кәсіп:  
Суалып-солып тынамын,  
Қанамнан тым асып...



Мазактайды,  
Күледі –  
Бар Ғадетін біледі:  
Мен –  
Өмірді сүйемін,  
Ол – Өмірді сүреді!

Сүреді Ол ... армансыз,  
Сүйемін Мен жалғансыз:  
Жұбатушы жоғын-ай,  
Жүрегімді қорғансыз?!



Қарт-Бурадай бұйдалы,  
Тәнім – кәрі,  
Жаным – жас:  
Тас-Қамалы кирады –  
Ой-Санамның алынбас!

Күйімді аңсап Көктемгі,  
Айдарымнан жел еспей –  
Шектеулімін!  
Шектеулі  
Өмір –  
Өмір еместей!

Жазғы қайғы,  
Күзгі мұң –  
Ұйығына батырып:  
Қурап-семді Түз-Гүлім –  
Жүрекке мұз қатырып!

Қыс-Қақпанын құрған Күн –  
Көрге қуып тығардай?  
Шырмауықтай шырмалдым –  
Шеңберімнен шыға алмай....

...Көңілімді  
Көз жасы іреп,  
Қосын жектім Қиынның:  
Жер көтермес Қасірет –  
Қатпарында Миымның!



«Бекер босқа езе-дүр...» –

*Абай.*

Бекер босқа езбеймін,  
Езілгеннен – еземін:  
Құм құйылмас Көздеймін,  
Келгенде өз Кезегім!

Ақылым  
Толық,  
Қиялым –  
Қүдіреттің Өзіндей:  
Шектім соның зиянын –  
Кері сиген Кежірдей!

Есім –  
Бүтін,  
Ардамын –  
Уызында жарыған:  
Тарттым соның зардабын,  
Аз Ғұмырда молынан!

Санам –  
Сара!  
Сүйсіндім!  
Мейлің,  
Құшын,  
Құшынба?!  
Хақым жоғын түйсіндім –  
Малша ішіп-тышуға?

Мәз болып Жер басқанға,  
Не ғып жүрмін құрайып:

Менің Орным –  
Аспанда –  
Жан-Дүниеме лайық?!

Тергеп Арғы затымды,  
Түпкі Тегін ұғынып...  
Қайтем?!  
Адам Атымды –  
Өзгертем бе құбылып?!

Болмысымды –  
Бұзам ба,  
Өртеп Жасыл Орманын?!  
...Ойым жеткен Құзарға,  
Бойым жетпей сорладым!

Әрі-сәрі күй кештім,  
Ғалам шарлап Сезімім:  
Нағыз Құрық тиместің –  
Өзімін Мен!  
Өзімін!

Қордай қайғы кемірмен,  
Қайтпас Қара Тастаймын:  
Қорықпаймын –  
Өмірден,  
Өліміңнен –  
Қашпаймын!

Қанат қаққан Сенімім –  
Екі аяқты Өң-Елес:  
Мен –  
Өмірдің Теңімін,  
Өлім –  
Маған Тең емес!

Теңім емес...  
Күмәнді  
Күдігімнің қарыны – аш:  
Осы тұста  
Ылаңды  
Бір Кәкірдің  
Бары – рас!

... Қырнап Мишық-Жұлынды,  
Қазынбаушы ем еш бұлай:  
Құлақкесті Құлынды,  
Кешіре алсаң,  
Кеш, Құдай?!





Құдай деген –  
Халықтың  
Бір Аты ма?!  
Бір Аты!  
Халық болу –  
Адамның Мұраты ма?!  
Мұраты!...  
Айтқанымды –  
Ес тұтып,  
Жазғанымды –  
Хош көрер:  
Болса Кімде –  
Ар-Иман,  
Болса Кімнің –  
Ұяты...



**(Ұстаз Хақында)**

Бисми-л-лаһи-р-Рахмани-Рахым...

Ұлы Ұстазды  
Үлгі тұту –  
Мұратым:  
Қалам тартып –  
Қасиет-Нама –  
Жыр жаздым,  
Келер Ұрпақ  
Ғибрат-лу қылатын...

Күндей Жарық  
Нұрын төгу –  
Міндеті,  
Айдай анық –  
Хақ жолына құрметі:  
Сүйген Құлы –  
Ол –  
Құдіреті Күштінің,  
Ғалайкум-ас-салам  
Мұхамедтің Үмбеті!

Сана Шыңы –  
Парасаты-Пайымы,  
Кіші Мекке –  
Түркістанның Найыбы:  
Қожа Ахмет Иассауи –  
Ол –  
Хас Кие –  
Екі Бірдей  
Дүниенің Лайығы!

Дін-Мұсылман  
Мінәжатын қаза ғып  
Көрмеген жан...  
Ойы – жүдеп,  
Сөзі – арып:  
Қожа Ахмет Иассауи –  
Ол –  
Ар-Иман!  
Қожа Ахмет Иассауи –  
Ол –  
Тазалық!

Жақсылықты –  
Қашырмаған қасынан,  
Жамандықты –  
Асырмаған басынан:  
Кірленбеуге –  
Көрге кірген Тірідей,  
Тауып толас –  
Пайғамбардың Жасынан...

...О, Пенделер!  
Кедей Рух –  
Байсындар!  
Бас-басыңа  
Бейне «Жалған Құдайсындар»!  
Иассауише –  
Жердің үстін аластап,  
Жер астына  
Түсетұғын қайсың бар?!



# **ХАЙУАНДЫҚ КОМЕДИЯ**

Трагедия

КЕЙІПКЕРЛЕР:

Шыңғыс хан.	
Жошы	Шыңғыс ханның
Шағатай	Бөрте-ханымнан туған ұлдары.
Үгедей	
Төле	
Бөрте-ханым	– Шыңғыс ханның
	Қоңырат тайпасынан алған әйелі.
Есүй-ханым	– Шыңғыс ханның
	Татар тайпасынан алған әйелі.
Ибаға-бэхи-ханым	– Шыңғыс ханның
	Керей тайпасынан алған әйелі.
Құлан-ханым	– Шыңғыс ханның
	Меркіт тайпасынан алған әйелі.
Бектұмыш	– Жошының Керей тайпасының
	алған әйелі.
Кетбұғы жырау.	
Жамұха	– Шыңғыс ханның бала кезгі досы.
Менлік-Атай	– Шыңғыс ханның әкесі
	Есүкей батырдың досы.
Сүбітай	– Урианхай тайпасынан шыққан ноян.
Құбылай	– Барулас тайпасынан шыққан ноян.
Зілмая	– Урианхай тайпасынан шыққан ноян.
Жебе	– Тайшыт тайпасынан шыққан ноян.
Боршы	– Арулад тайпасынан шыққан ноян.
Мұқылай	– Жалайыр тайпасынан шыққан ноян.
Хоршы	– Баарин тайпасынан шыққан ноян.
Жоршыдай	– Урууд тайпасынан шыққан ноян.
Шігікұтық	– Татар тайпасынан шыққан ноян.
Борақұл	– Жұрқын тайпасынан шыққан ноян.
Құшы	– Меркіт тайпасынан шыққан ноян.
Көкұшы	– Бәсүд тайпасынан шыққан ноян.
Ная	– Тексіз ноян.
Татанунга	– Шыңғыс ханның
	Ұйғыр тайпасынан шыққан мөршісі.
Сақшы.	
Хабаршы.	
Белгісіз үш батыр.	
Халық.	

*Оқиға – XIII-ғасырдың бірінші жартысында өтеді.*

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### БІРІНШІ КӨРІНІС

*Шыңғыс ханның Ханхархан жотасындағы Ақ Ордасы...*

*Ұлы қаһанның сол жағынан асай-мұсайын асынған игі жақсылары мен екі өрім бұрымын алдына салған әйелдері орын алған, оң жағы — құрмет жағы — бос... Орда сақшылары қалт еткен қимылды хас күзетіп, жалаң қылышқа жан бақтырып тұр... Әміршінің тоғыз боз бедеудің құйрығынан бодамдаған алып ақ туы астамсынғанға айбат шегердей... Алтын Тақтың масы мезі еткендей Шыңғыс хан көңілсіз... Көңілсіз ханның ішкі құпия сырын Кетбұғы жырау тартқан қыл-қобыздың шерлі сазы жаһанға жария етіп жатқандай сұңқылдайды...*

Ш ы ң ғ ы с х а н (оң қолын көтеріп).

Жә!..

(Қобыз үнін кілт үзген Кетбұғы жырауға)

Жыршым!

Аз тобырын монғолдың

Салып темір қалыпқа

Халық еткен мен едім.

Азғын тұсын сол аздың

Аза тұтып, бетіме

Салық еткен сен едің...

Жеті қат жер тулақтай кезде,

Шалқар дария бұлақтай кезде

Кезігіп дос болған едім өзіңмен —

Әлі күнге ес көріп

Тәңір қолдаған ісімді

Оң, не теріс демедің! —

Шімірікпес тас күйіңнен безінгем!

...Таң алдында түс көрдім,  
Түсімде тосын іс көрдім –  
Тым құрыса  
Сол түсімді жорышы?! –  
Болсын ақтық көмегің!  
Тек, жасырма –  
Нені сездің, нені білдің?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у  
(*Шыңғыс ханның түсін жорығысы келмей*).

Шошыма, хан, шошыма?!  
Түс дегенің көлеңкесі өңіңнің!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жо-жок!  
Жасын тілген көр аспандай сөгілдім!...  
...Шығысымнан Ай туды,  
Батысымнан Күн шықты.  
Жерге сауып ақ сүтін,  
Оөлүн шешей еңіреп  
Көз жасыма тұншықты.  
Құлан шатыс жабымды  
Текті алмауыт шайнады.  
Ақ Ордамның кең төрін  
Кілең сұсты жайлады.  
Боз бедеудің құйрығын  
Ақ туымнан аластап  
Аяқ-қолымды байлады.  
Бетім күйді ұяттан,  
Белім сынды намыстан –  
Жұрт алдында ашылған  
Абыройымды жаба алмай,  
Зығырданым қайнады!..  
Бұл түсімнің жоруы –  
Не болады, данышпан?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Таңғы түстің жоруы  
Қартайғанда келеді.  
Қуат кеміп, жүзіңнен  
Әр тайғанда келеді.  
Дүние көшіп, дем бітіп —  
Жаһаннамаға жан беріп  
Жантайғанда келеді —  
Шошыма, хан, шошыма!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жоры, жыршым, жори түс!..

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Жасын тілген көр аспандай сөгілсең —  
Жазмышыңның жазғаны.  
Шығысыңнан Ай туса —  
Заманыңның азғаны.  
Батысыңнан Күн шықса —  
Уақытыңның озғаны.  
Жерге сауып ақ сүтін,  
Өолүн шешей еңіреп  
Көз жасына тұншықса —  
Ұрпағыңның тозғаны! —  
Шошыма, хан, шошыма!...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жори түскін, жыршым!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Құлан шатыс жабыңды  
Текті алмауыт шайнаса,  
Ақ ордаңның кең төрін  
Кілең сұсты жайласа,  
Боз бедеудің құйрығын



Ақ туыңнан аластап  
Аяқ-қолыңды байласа –  
Қас-дұшпаның айлалы! –  
Шошыма, хан шошыма!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жоры, жыршы, жоры!..

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Бетің күйсе ұяттан,  
Белің сынса намыстан –  
Бастан бағың тайғаны!  
Жұрт алдында ашылған  
Абыройыңды жаба алмай,  
Зығырданың қайнаса –  
Қайғың қанат жайғаны! –  
Шошыма, хан, шошыма!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жоры!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Бастан бағың тайғаны –  
Жатқа есеңнің кеткені!  
Қайғың қанат жайғаны –  
Атақ-даңқың өтпелі! –  
Ақырынның жеткені!!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Арыстанша ақырып).*

Тоқтат, найсап!  
Зарлама?! –  
Көкірегінді шер көмсін!  
Ақырымның жеткенін  
Көрмей көзің көр болсын!  
Сақшы?!

*(Сақшылар Кетбұғы жырауға күзенше шақылдап шап береді.  
Шыңғыс хан сұқ саусағын төмен нұқғып)*

Көңілін көм! – Көзін ой! –  
Ауыртпаңдар жанын!  
Ағызбаңдар қанын!!

*(Сақшылар Кетбұғы жыраудың көзіне шыжғырып шоқ басып  
жатқанда, сыртта дабыл қағылып, Ақ Ордаға жорықтың  
қара туын көтерген төрт топ: Жошы, Сүбітай, Шігікұтық –  
Шағатай, Құбылай, Борақұл – Үгедей, Зілмая, Құшы – Төле,  
Жебе, Көкұшы – енеді...)*

С ү б і т а й *(Шыңғыс ханға тағзым етіп).*

Әміршім!...  
Тоғыз түмен татарды талқан етіп келдік біз!  
*(Шыңғыс хан үнсіз ризашылық ишаратын білдіреді).*

Қ ұ б ы л а й *(Шыңғыс ханға тағзым етіп).*

Әміршім!...  
Жеті түмен жұрқынды қан-қан етіп келдік біз!  
*(Шыңғыс хан үнсіз ризашылық ишаратын білдіреді).*

З і л м а я *(Шыңғыс ханға тағзым етіп).*

Әміршім!...  
Сэлэнгәде меркітті табындырып келдік біз!  
*(Шыңғыс хан үнсіз ризашылық ишаратын білдіреді).*

Ж е б е *(Шыңғыс ханға тағзым етіп).*

Әміршім!...  
Бәсүд пенен тайшытты бағындырып келдік біз!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

*(Белбеуін шешіп, бұршағын мойнына салып,  
қолын Көкке жайып).*

Басымшылдың басын кес,  
Буырқанғанның боғағын қи деп едім.

Сол дегенім болыпты —  
О, Құдайым, ондадың!  
О, Жер-Ана, жебедің!  
*(Тағынан түсіп, ұлдары мен нояндарын қолпаштап)*  
Қарғығанда аяқ боп,  
Қисайғанда таяқ боп,  
Тайған кезде таға боп,  
Торыққанда пана боп,  
Марқайтқандарым!  
Тоғай құсын ауласам —  
Топтастырып бердіндер.  
Тас тағысын қандасам —  
Тақастырып бердіндер.  
Сайдан балық қамдасам —  
Сықастырып бердіндер —  
Сар даланың нәсібін  
Сабылта қуып келдіндер.  
Жойқын соғыс кез болса —  
Жортып алға шықтыңдар.  
Дұшпанды өштес жаныстап,  
Жүйрік атын тақымға,  
Жібі түзу қыздарын  
Қойыныма тықтыңдар —  
Тәңірім риза сендерге!...  
*(Жебе ноянға жақындап, иши сөйлеп)*  
Жебе батыр!  
Хүйтэндегі қырғында  
Тауда тұрып  
Садақ тартқан сен едің.  
Құла атымды жебене  
Сағақтатқан мен едім.  
Құрыш оғың таусылып,  
Кезінде нақ ісінген,  
Құбылай мен Зілмая  
Андып қолға түсірген.  
Қастығынды жасырмай,  
Қыңбай, ашып айтқан соң,  
Жаныңды алмай,  
Жақын тұтып жебедім.

Сенімімді ақтадың —  
Он жыл ұдай соғыста  
Мол олжаға кенедің...  
«Сыраға — бал, сыйға — сый» —  
Аттанарда Бәсүдке  
Төле-сынды кенжемді  
Тәліміңе енші етіп  
Төрелікке теңедім.  
Беске дейін баланы  
Хандай сыйлау — лазым.  
Бестен кейін қайырып,  
Қарадай қинау — лазым! —  
Етікпен су кешті ме?! —  
Қос өкпесін тесті ме?! —  
Нендей тағылым көрсеттің!

Ж е б е (*Көкжалданып*).

Төрелігіңе құлдық, Әміршім!..  
Хүйтэндегі қырғында  
Тауда тұрып  
Садақ тартқан мен едім.  
Құла атыңды жебеме  
Сағататқан сен едің.  
Қалай тірі қалғаныңа қайранмын? —  
Атқанымды жықпағаным со жол-ды,  
Қаскөйімді құптағаным со жол-ды!..  
Төрелігіңе құлдық, әміршім!  
Құлдық ұрмай не етейін —  
Тоқымдай жерге сиятын  
Томаршадай тәнімді  
Өлтірмедің, гүр еттің,  
Өшірмедің, дүр еттің.  
«Ерді кебенек ішінде таныған»,  
Асылды азабына жаныған,  
Өзіндей сара саңлақтың  
Садағасы кетейін!..  
Төле-сынды кенжеңді  
Тәліміме енші етіп,

Жақын тұтып, жебедін:  
 «Болсын құл —  
 Босағана ес,  
 Безсе бұл —  
 Борбайын кес!» — деп едің.  
 Қараңғы түнде қасқырдай төзіп,  
 Қаралы күнде қарғадай кезіп,  
 Көшкенде қалмай,  
 Қалғанда көшпей  
 Қашанда маған еріп,  
 Жат жауға жағымсып,  
 Жанаспайтын,  
 Өш жауға өжеттеніп,  
 Өң бермейтін ер Төле  
 Қорамсақтың сыбдырын  
 Қым еткеннен сезеді —  
 Мергендігін сөз етсем,  
 Мен түгіл, Тәңірім безеді!  
 (Төлеге)

Кәні, Төле, қайратыңды жанып бақ?!..

*(Төле сұңқардайын сомданып, аса бір епті қимылмен жебесін суырып, садағын тартып қалғанда Ақ Орданың төбедегі алтын жамбысы жерге топ ете түседі).*

**Ш ы ң ғ ы с х а н** *(Жебе мен Төлени қатар қаусырып).*

Жарадың, Жебе!  
 Жарадың, Төлім!..  
 (Зейінін Зілмаяға салып)  
 ...Аруладтан азғындап,  
 Қыр арқана қом батып,  
 Жабыққан күнінде,  
 Жауырыңды  
 Қасыладым, Зілмая!  
 Сілекейді нәр етіп,  
 Сірнекейді ас етіп  
 Ашыққан күнінде,  
 Бүйрегімен бағыланның  
 Асырадым, Зілмая!

Қайсыбірін айтайын!..  
Аттанарда меркітке,  
Қарға адымнан алысқа  
Сынық сүйем аспаған,  
Салкы бұзау өрістен,  
Сірә, әрі баспаған  
Үгедейдей ұлымды  
Тәліміңе енші еттім,  
Төрелікке тенедім –  
Жол азабын тартты ма?! –  
Тауқыметі артты ма?! –  
Сен не тағылым көрсеттің!

З і л м а я *(Бурадай жаран).*

Төрелігіне құлдық, Әміршім!  
Үгедейдей ұлынды  
Тәліміме енші етіп,  
Еңбегімді еледің.  
Аттанарда меркітке:  
«Еткей құл –  
Есігіңе ес.  
Екі етсе бұл –  
Езуін тіл!» – деп едің.  
Ата-баба салтыменен бұрынғы,  
Аулақ ұстап тіл-көзден,  
Аршаменен аластадым ұлыңды.  
Сэлэнгәде меркітке  
Алаштадым ұлыңды:  
Еркелігін де білдірмеді,  
Езуін де тілдірмеді.  
Сал-бұла боп өссе де,  
Саңдал мықты ер екен.  
Соғыс, жанжал болғанда  
Сойдиып үйде қалмайтын,  
Сойқанды сүйіп таңдайтын,  
Соқтыққанның жалмайтын,  
Тірескеннің тажалы –

Түйіспей тыным алмайтын,  
Асыл да туған Үгедей  
Болғалы тұр берекең!  
Үгедейің барында  
Қас-дұшпаның – келекең!

Ш ы ң ғ ы с х а н (*жарқын қабак танытып*).

Көз-майымды сарып қып,  
Күткенім де осы менің, Зілмая!  
*(Үгедей Шыңғыс ханның сөзін естімегендей, қаршығадай қалшып, қимылсыз қалады...)*

*Шыңғыс хан назарын Құбылайға аударып)*

...Баруластан тапқан арысым,  
Арығанда өзің кеп  
Жақын тартты алысым.  
Қайсыбірін айтайын?..  
Өлер жанды аямай,  
Өшер малды аямай,  
Көрінсе жау күл еттің,  
Кезіксе жау күйреттің.  
Жолда жолықса жоқ етіп,  
Жамда жолықса жер етіп,  
Кірікпесімді күңіреңттің!  
Келелі істің кенісің,  
Сенгендіктен алғаусыз,  
Кеңісін деп өрісім,  
Кенелсін деп кенішім,  
Аттанарда жұрқынға,  
Тарлан ашып келсін деп,  
Тарпаң Шағатайымды  
Сакпаншың ғып соңына ерттім.  
Кежім – нарқына,  
Көн – қалпына,  
Хан – халқына тартпас па еді?!  
Тарпандығын тастады ма,  
Тарландығын бастады ма?!

Қ ұ б ы л а й

Мен жұрқынға аттанарда, Әміршім,  
Шағатайды тапсырып,  
Сарыуайым жегенің де рас-ты.  
«Алтын босағанды  
Ақтық аттасын.  
Алтын босағаңнан ағат басса —  
Ал қолқасын!» — дегенің де рас-ты.  
Күндізгі терін түнде үгіп,  
Ауыздықпен су ішті.  
Мұзға салдым қияғын,  
Тасқа салдым тұяғын —  
Мұзбен, таспен туысты!  
Тілерсекке соқтырмай  
Жал-құрығын шорт түйдім —  
Жал-құйрықтан суысты!  
Кезіккенін жолдағы  
Қия кесіп шабады.  
Қара туын қолдағы  
Қағып, жұлып алады! —  
Тарпаң туған Шағатай  
Тарпандығын тастаса —  
Қайтіп тарлан болады?!.

Ш ы н ғ ы с х а н *(Құбылайды құшақтап).*

Діттегенімді дарулап  
Дұрыс шықтың, Құбылай!  
Сүт тегенімді қарулап  
Қылыш шықтың, Құбылай!..

*(Өлексе көрген құзғындай қуанған Шағатайды арқадан қағып,  
Сүбітайға өтеді...)*

...Урианхайлық Сүбітай!..  
Біз сұғатын жері жоқ  
Бітеу сауыт киінген кезімнен,  
Ине шаншар жері жоқ  
Ілмек сауыт ілінген кезімнен,  
Дос болып ем өзіңмен!



Діңгегі талыс қаба ағаш  
Жел жағыңа  
Ық болмағанын көріп,  
Жемсауыңа құнан өгіз  
Жұқ болмағанын көріп,  
Ішегімді тартып, тосынып,  
Сескеніп едім шошынып.  
Жүрегің алмастан екен,  
Жанарың талмастан екен –  
Сесімді қуып,  
Есімді жиғанмын –  
Шыбын жаныңды олжалап,  
Көрер көзге тыйландың.  
Сертке берік боп шықтың,  
Фәнилік серік боп шықтың –  
Бодауына  
Бостандығын алып бұйданның!  
Қайсыбірін айтайын?..  
Аттанарда татарға  
Алтын белбеуімнің тіліне ілінген,  
Асыл ішігімнің түгіне жабысқан,  
Тұнығымның алды,  
Төлімнің басы Жошыны  
Төлеңгіттігіңе қиғанмын –  
Тіліме ілінгеннің дымы шықпады ма,  
Түгіме жабысқанның тіні шықпады ма?!

С у б і т а й *(Жолбарыстай жоталанып)*.

Әміршім!..  
Аттанарда татарға  
Аруақтай жебедің.  
«Болсын құл,  
Қасыңда ес.  
Безсе бұл –  
Басын кес!  
Қимылын қалт жібермей,  
Қабағын бак!» – деп едің...

Кұдайдан соң құлдық ұрам өзіне,  
Илһам тұтып, имандай сен сөзіме.  
Бұрын-сонды жұмыр бастыда басым  
Жошыдайын жан түспеді көзіме.  
Сұсы, сесі бөріктірді даланы,  
Дұшпаныңның тарс айырылды талағы.  
Жүрегінің түгі бар,  
Салдарлы да саналы!  
Көк Тәңірі жерге түсті деп түсін –  
Жошы дүрдің қарс жабылса қабағы!  
Жойқын Жошың барында –  
Күллі Әлемнің Билігі  
Күні ертең өз қолыңда болады!

Ш а ғ а т а й

*(Құбылайға, Сүбітайдың Жошыны мақтағанын жаратпай).*

Не тантып тұр кәрі төбет?!

С ү б і т а й

*(Шағатайдың сөзін елең қылмай, ойын сабақтай түсіп).*

Әміршім!..  
Дүниенің төрт бұрышын тінтсем де –  
Рухым қашып, мұндай күйге түспегем –  
Ойрад, буриад, барга, урсууд тосынып,  
Ханхос, тува, қырғыз-қыпшақ қосылып –  
Тең түспеді Жошыдағы күшпенен!

Ш а ғ а т а й *(Сүбітайды бөліп, Жошыға шаптығын).*

Қайдан шыққан тұлпар бұл,  
Аузымен құс тістеген?!  
Босатайын айылын!  
*(Шабына түседі...)*

Ж о ш ы *(Найзасын оңтайлап).*

Жетер!

С ү б і т а й *(атылып, араға түсін).*

Араша, батыр араша?!  
*(Шағатайға, жақтырмай)*  
Арашаға көнбесең –  
Көрсетермін тамаша!..  
*(Шағатай қылышын қынабынан суырады).*

Қ ұ б ы л а й *(Сүбітайға тап берін).*

Хан ұлына қас қылсаң –  
Қанжығамда кетеді  
Кеуек басың піспеген!

С ү б і т а й *(Гүрзісін көтеріп).*

Сасық доңыз!  
Көрсетейін мен саған –  
Кімнің басы қанжығаға лайығын!..

*(Дауға, Шағатайды жақтап, бурадай шабынған Зілмая, қаршығадай қайым Үгедей, арландай арыс Жебе, сұңқардай сайын Төле, қабандай нойыс Құбылай, қорқаудай құныс Борақұл, мәліндей мәйім Құшы, шиебөірдей шақар Көкұшы – Жошыны жақтап, жолбарыстай жаланып Сүбітай, қоясы алынған құмайдай жаранып Шігіқұтық араласады – бірі бақырып, бірі шақырып, бірі қырылдап, бірі ырылдап... – аламан-тасыр боп кетеді).*

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Тағына қонып, Күндей күркіреп).*

Жә! Жауықсын!  
Жіберіндер еркіне?!  
*(Нояндар сілтідей тынады)*  
Ақыл-күші сай, жөндемі менікі!  
*(Ұлдарына)*

Төрт құбыламның тірегіндей төрт ұлым,  
Тіресіп бақ! – Қай жеңгенің менікі!..

*(Найзалы Жошыға – қару көтерген Шағатай, Үгедей, Төле – үш жағынан төне түседі... Топтан жанұшырып Бөрте-ханым шығады)*

Б ө р т е - х а н ы м

Токтата гөр, хан-ием?..  
Мұның тағы не сұмдық?!  
Тағы қандай жазан!  
Тағы қандай азаң!!

Ш ы ң ғ ы с х а н (*Бөрте-ханымға жекін*).

Жә!..  
Аулақ кет!  
Қатын қолы – қазан!  
(*Бөрте-ханым жасып қалады... Ұлдарына*)  
Тіресіп бақ!  
(*Жошы көз ілеспейтін шапшаңдықпен*  
*Шағатайды найзамен шанышып, шөкелетіп,*  
*Төлені қалқанмен соғып, құлатып,*  
*Үгедейді жағасынан алып,жалп еткізеді*).

Б ө р т е - х а н ы м

(*Үгедейді мыштай түскен Жошының қолына жармасып*).

Не болды мұнша сендерге,  
Сергелдеңге түскен сенделме –  
Көлеңкеден басқа дос жоқ боп,  
Аруақтан басқа ес жоқ боп?!  
(*Жошы Үгедейді босатып, тұрып кетеді... Бөрте-ханым қай*  
*ұлына болысарын білмей дал болады*).

Ш ы ң ғ ы с х а н (*Тағынан көтеріліп*).

Жә!..

Е с ү й - х а н ы м (*Топтан бөлініп, өзіне-өзі*).

Есүй-ханым,  
Төзімінді сарп еткен,  
Сезімінді тәрк еткен  
Жошыдағы кегінді  
Қайыратын тұс – осы тұс!

Есүй-ханым,  
Өзегіне өрт тастап,  
Көкірегіне дерт байлап,  
Әке менен Баланы  
Айыратын тұс – осы тұс!..

*(Шыңғыс ханға, жыландай арбап, Жошыны жақтырмаған кейіппен)*

Хан-ием!  
Бұдан былай,  
Бұлттай денең бұлғаң етсе,  
Бұл елінді билете ме?  
Осыдан былай,  
Ожар денең оқыс болса,  
Отаныңды отамай ма?..  
Кұзарда өскен самырсындай,  
Көп бауырың сағы сынбай  
Өштес болған бұл Жошы,  
Өсіп-өніп толыспаған,  
Көкөрім бал-бөбегіңе  
Көп елінді билете ме?..

### Ш ы ң ғ ы с х а н

Жә!  
Сайрама, сұр бедеу!  
Ащылаған ләззатымды тұщыттың!..  
*(Жошының иығынан қаусырып)*  
Жарадың, Жошым!  
Күш атасын танымас...  
*(Бетін бұрып әкетіп, өзіне-өзі)*  
Білмей дал боп келіп ем,  
Қай текенің сүзгенін,  
Туа бітті қаны қас  
Қоңыраттың қыңыры  
Дай шешеннен еншілеген –  
Мына аша тұяқты!  
*(Бөрте-ханымға төніп келіп )*  
Енді көзім анық жеткен сияқты –  
Ұрығы бөтен күшіктің!..

Түпсіз ойдың тұйығына тіреліп,  
Бекер сарыуайымға түсіппін...  
Күндіз – күлкі,  
Түнде – ұйқымнан айырған  
Күдік тарап,  
Күмән шаққан күн бітті!!

*(Маймылдай маймөңке Татанунга асты-үстіне түсіп жатқан  
Шағатайға, қаһарын төге ).*

Тұр!  
Өлмейсің, тірі өлік!  
Көріп тұрдым –  
Көк найзасын Жошы дүр  
Көкірегіңе емес,  
Көк етіңе сүңгітті!..  
*(Шағатай тілсіз, сұлық жатады)*

#### Т а т а н у н г а

Әміршім...  
Көк найзаның ұшы қапты иінінде,  
Қан ұйымай –  
Етегі пәк қатынға  
Ататпаса – қауіпті!..

*(Былқ-сылқ еткен Шағатайдың денесін сүйемелдеген болады...  
Шыңғыс хан тағына беттейді).*

Б ө р т е х а н ы м *(шегініп, өзіне-өзі).*

Тәңірім бізге тосыннан  
Мұнша неге жауықты?!

Е с ү й - х а н ы м *(аярланып, өзіне-өзі).*

Етегімнен садаға  
Еттім мұндай тәуіпті!  
*(Көптің ішіне сіңіп, жоқ болады).*

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Тағына жайғасып).*

Шігіқұтық!

Борақұл!

Құшы ноян!

Көкұшы! —

Түнде естір құлағым,

Күндіз көрер көзім менің — өздерің!

...Көңілсізден —

Көзсіз бала туады! —

Басты кінә өзімде!..

Шалағай боп шықты деп

Дұрыс болмас Шағатайдан безгенім! —

Шақыр тегіс хан әулеті қатынын!

*(Шігіқұтық, Борақұл, Құшы, Көкұшы дереу іске кірісіп, орданың бір өрім бұрымын артына салған қыздары мен екі өрім бұрымын алдына салған қатындарын ұлардай шулатып, айдап ортаға алып шығады... Шыңғыс хан жиналғандарды асықпай шолып)*

Түгел тыңда айтылар сөз атымын!..

...Етегі пәк еместің

Еппен тілем жатырын!

Игі жақсы қатынның

Үш күйеуі болады.

Алғашқысы — алтын елі,

Ортаңғысы — ар-намысы,

Соңғысы — алған ері.

Алтын елге болаттай берілсе —

Адалдықтан аты шығады.

Адал атын сақтаса,

Алған жары қайда бармақ —

Аты адалың топтан шық?!  
*(Ешкім шықпайды... Шыңғыс хан қанына қарайып)*

Топалаң тиген қойдай ғып,

Қырайын ба, көп қаншық?

*(Ешкім шықпайды... Шыдамы таусылған Шыңғыс хан тоқалы Құлан-ханымға)*

Құлан қатын!

Кеше түскен сен едің,

Қойынына енген мен едім!

Үйіне үш қондырған  
Наядайын ноянға  
Ылаң болып жетіп ең –  
Тәнінді тез тексеріп,  
Күнәдан пәк етіп ем –  
Күйектенбей құр жатқан  
Жылан болып шықтың ба?!

Қ ұ л а н - х а н ы м

Шәк келтірме, хан-ием!  
Әлі пәкпін күнәдан...

Ш ы ң ғ ы с х а н (*Шағатайды көрсетін*).

Онда неге аттамайсың мынадан?!

Қ ұ л а н - х а н ы м

Құдайдан қорқам!..  
Тысымды талып бергенмен,  
Бергенім жоқ ішімді.  
Ішімді қалай берейін –  
Көз алдымда өлтірдің  
Әкем Дайр-Үсүнді.  
Әкем аздық еткендей,  
Қаралы, қанды қолыңнан  
Опат болды бес ағам!  
Бес ағасын жоқтаған –  
Мендей болар есалаң!  
Бес арыстың қайғысы –  
Мені тегін қоя ма?!..  
Өлі аруакты қозғадым,  
Шындық айтпай бола ма –  
Бас кеспегің – басы ашық,  
Тіл кеспек жоқ, хан-ием,  
Өмірім сендік болғанмен,  
Көңілім менің – Наяда!



Ш ы ң ғ ы с х а н (*Шігіқұтыққа*).

Көңіліне қаяу салайын —  
Келтір, Кәні, Наясын!

*(Шігіқұтық топтан құлындай қунатып Наяны алып шығады...)*

Үмітін үзіп Құланның —  
Өлтір, Кәні, Наясын!

*(Сүбітай, Жебе, Зілмая, Құбылай — хайуан-кейінтеріне еніп Наяға төне түседі...)*

Қ ұ л а н - х а н ы м (*жанұшырып, Наяға*).

Сені аяп болғанмын,  
Мені аяйтын ешкім жоқ!  
Енді, құдай аясын...

*(Шыңғыс ханға)*  
Дат, хан-ием?!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Датың болса, айт!..

Қ ұ л а н - х а н ы м

Қанды басың бері тарт! —  
Сенің өмірің шат болсын,  
Менің өмірім қат болсын,  
Наяның өмірі жат болсын! —  
Қол жетпес биік қылғанша,  
Көзіме күйік қылғанша,  
Тапсын ажал қолымнан! —  
Құрбанымның бер еркін?!

*(Шігіқұтықтың кездігін қынынан суырып алады...)*

Ш ы ң ғ ы с х а н (*жаны жәй тауып*).

Бердім еркін!..

*(Құлан-ханым қалш-қалш еткен күйі кездікті Наяның жүрек тұсына сұғады... Ная құшағын жайған бойы құлап түседі... Шыңғыс хан түк болмағандай назарын Ибаға-бәхи-ханымға аударады...)*

Ибаға-бәхи!..

*(Ибаға-бәхи-ханым топтан шыға алмай, еліктей үркіп, Жоршыдайға жауаңдап қарай береді... Жоршыдай Шыңғыс ханнан қаймығып жерге қарайды... Сілтідей тынған тыныштықты аққудай сыланып алға озған Бектумыш бұзады).*

Бектумыш

Мен аттайын, хан-ием?..

Шыңғыс хан *(танымай)*.

Сен кімсің?

Бектумыш

Жошыңыздың жарымын –  
Келініңіз Бектумышпын, хан-ием.

Шыңғыс хан *(түсі бұзылып)*.

Атта! Атта!..

*(Бектумыш Шағатайдың үстінен аттап өтеді. Аз-кем үнсіздіктен соң, Шағатайға жан кіреді...).*

Татанунга *(қуанып)*.

Көк етінен –  
Көк найзаның ұшы түсті, Әміршім!

Шыңғыс хан

*(алдынан өтіп бара жатқан  
Бектумышты көзімен ішіп-жеп, өзіне-өзі).*

Сабына қабын сай қылған,  
Қандай қаділ өмірсің?!

*(Тағынан түсіп, Татанунгаға шалажансар Шағатайды көрсетіп)*

Әкетіндер!  
Емдетіндер жарасын?!

*(Татанунгалар Шағатайды алып кеткен соң, Жошыға)*  
Қыстай демал!

Көктем шыға Сүбітай мен екеуің  
Орман елін аласың!  
*(Құбылай, Зілмая, Үгедейге)*  
Қылыштыны жатын ұстау – лазым,  
Сен үшеуің  
Қытай жаққа барасың!  
*(Жебе мен Төлеге)*  
Садақшыны жақын ұстау – лазым,  
Сен екеуің меніменен қаласың –  
Бағдат, танғұт асамыз!..  
*(Сақшы асығыс кіреді...)*

С а қ ш ы *(Шыңғыс ханға).*

Баяндауға рұхсат ет, Әміршім?..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Баяндай бер!

С а қ ш ы

Түсі суық үш батыр,  
Жамұханы тұтқынға ап,  
Бұйрық күтіп тыста тұр.

Ш ы ң ғ ы с х а н

Кірсін дегін!  
*(Белгісіз үш батыр қолы байлаулы  
Жамұханы алып кіреді)*  
Қолын шешіндер!  
*(Байлаудан босанған Жамұханы мүсіркеп)*  
Жамұха дос!  
Тәңірден басқаға иілмес  
Алтын басыңды жез еткен,  
Нан пісетін кеудене  
Үшкіл найза кезеткен –  
Мына тобыр қай тобыр?!  
*(Белгісіз үш батырға тінте қарайды).*

Ж а м ұ х а *(Байлаудан босанып, арқасын кеңге салып).*

Шүрегей шау қарғадан ұтылды,  
Қара құл хан-иесіне ұмтылды –  
Қаһан дос, қайрыла гөр?!  
Көк үйрек кезқұйрықтан ұтылды,  
Өлез құл өз иесіне ұмтылды –  
Ежелгі дос, еске ала гөр?!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Нояндарына).*

Хан иесіне қол көтерген тобырды –  
Тұқымымен түгел құрт!  
*(Нояндар белгісіз үш батырды тілге келтірмей жайратып  
салады...)*

Ж а м ұ х а *(Шыңғыс ханмен төс қағыстырып).*

Амансың ба, Әміршім...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Бағзы қылығың көп еді,  
Бөтен ойың жоқ еді.  
Жас ортадан асканда  
Жауласуды тұйықтасақ?!  
Енді екеуміз күш қосып,  
Жұлқыласпай тістесіп,  
Ұмытқанды еске сап,  
Оятайық ұйықтасақ?!  
*(Тағына беттеп, оң жағына – құрмет жағына  
қолпаштап)*  
Орының – оң жағымда...

Ж а м ұ х а

*(Төрге озып бара жатып, Сүбітай Құбылай, Зілмая,  
Жебелердің тұсына келгенде, өзіне-өзі).*

Көрік кеуде, кез мандай,  
Тілі өткір жез тандай,

Жүрегі алмас жаралған,  
Жанары талмас қадалған,  
Құтырынған төрт арлан,  
Қыруға дүйім пендені –  
Шыққандай темір құрсаудан!..  
*(Нояндарға)*  
Армысындар, Нояндар!  
...Бармысындар?!

Н о я н д а р

Бармыз!

Ж а м ұ х а

*(Сүбітай, Құбылай, Жебе, Зілмаяға, нықтап).*

Көк дауылды ат еткен,  
Көк садақты дос еткен,  
Көк Тәңірін ес еткен –  
Қаһанның көңілін хош еткен,  
Амансың ба, төрт төбет?!  
Тұрмысындар шынжырда!

Қ ұ б ы л а й *(тап беріп).*

Қысқарт!..

Ш ы н ғ ы с х а н

Жә!..  
*(Жамұханы оң жағына отырғызып,  
өзі тағына жайғасып)*  
Жамұха дос?  
Адал қызмет етсең де,  
Қауіп ойлап, алдымен  
Көз алартқан мен едім.  
Жаза басып кетсең де –  
Жанашыр дос сен едің.  
Шайқасқанда шаң жұтып,  
Қақтығыста қан жұтып,

Елжіреуші еді жүрегің –  
Менің сенен тілерім:  
Ескі өкпені ұмытып,  
Еншілес дос болайық?..

Ж а м ұ х а

Рас айтасың, Тәмүжін!  
Басқа жолмен кетсем де,  
Баянсыз іс етсем де,  
Бәз-баяғы тұтатын –  
Бекем досым сен едің...  
Тірескенде бетпе-бет,  
Тілескенде жекпе-жек,  
Қимылыңнан мін іздеп,  
Қас ойлаушы мен едім...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Не деп кеттің, Жамұха?!  
Сені дұрыс ұғынсам –  
Элзәтінде ұрсысып  
Хархалзанда қырқысып,  
Керейтпенен жұлқысып –  
Жортуылда жүргенде,  
Тоорил ханның іштегі  
Түпкі сырын түйгенде –  
Толық жәрдем көрсеттің!  
Қайсыбірін айтайын?..  
Соғысқанда найманмен,  
Сөзбен ұтып түсіріп,  
Ауызбен ажал төндіріп,  
Арғы-бергісін білдіріп,  
Ақырына көндіріп –  
Тыныштығын теңселттің!  
Кежегең кері тартқанмен,  
Ұмыта алман мұныңды.

Ж а м ұ х а

Тегі басқа сырымды  
Теріс ұғыпсың, Тәмүжін.  
Алғашында аса ойлап,  
Сол бір өткен сыйға асық,  
Хорхонағ Жубур жерінде  
Қол алыстым сыйласып.  
Алғаулы сырынды сезген соң,  
Сүбелі қаһан, сенімен  
Сүйікті дос болғансып,  
Сіңбейтін ас ішісіп,  
Сыпайы сөз сөйлесіп,  
Бір көрпеге оранып,  
Бір ниетте болмадым —  
Тұл ниетте болдым мен!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Ашып айтқын, Жамұха,  
Тұл ниетің төркінін! —  
Ерендік пе, егес пе?!

Ж а м ұ х а

Егес емес, ерендік! —  
Терісі бір демедің,  
Ала қойды бөле қырықтың емес пе!  
Ашып айтсам тұл ниетім төркінін:  
Езін былай қойғанда,  
Ерін жаншып,  
Ел алдында ерсі еттің!  
Сендегі жан кімде жоқ —  
Жанына зар демедін!  
Сендегі қан кімде жоқ —  
Қаны қызар демедін!..  
Тәмүжін сен,  
Түмен жұртты түгел илеп,  
Басқа елді баса билеп,  
Құдыретті қаһан болып,

Барша Әлемге бас идіріп,  
Кемелденіп алған соң –  
Кеңесуді қор санап,  
Кесапаттық көрсеттің! –  
Құр басыңа табынтып,  
Кесіп тындың ел тілін! –  
Халық мәселін қайтардың!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(ойланып)*.

Елдің қамын менен де  
Ерте ойлапсың, Жамұха!  
Бірақ... бірақ, амал не,  
Қыңыр қиямпұрыстанып,  
Құйрығындай ешкінің  
Келте ойлапсың, Жамұха!  
...Жүгінбесек өткенге –  
Кешірілмес күнәміз.  
Кеше жанға жеткен бе,  
Бабаң айтқан мына Аңыз:  
Ерте, ерте, ертеде,  
Сенімен Мен секілді  
Мың басы бар  
Бір Құйрықты аждаһа,  
Бір басы бар  
Мың құйрықты аждаһамен  
Бірге өмір сүріпті.  
Бір басы бар аждаһа  
Мың құйрығын бір басына табынтып,  
Мың басы бар аждаһа  
Бір құйрығын басқартыпты  
Мың басына білікті.  
Алаңы жоқ уақыт өтіп біршама,  
Кенет, күннің көзі сынып,  
Бей-жай тірлік суыпты –  
Қарлы боран қияметі туыпты –  
Сонда, Жамұха,  
Мың басы бар аждаһаның мың басы  
Айтыпты да мың ақыл,



Келісімге келе алмай  
 Үсіп, өліп қалыпты —  
 Бір құйрықты мың басына қырғи қып —  
 Құйрық еске салмайды ма халықты?!  
 Бір басы бар аждаһаның  
 Дана туған бір басын  
 Тыңдап, жылы інге кіріп, аман-сау  
 Қалған екен мың құйрық! —  
 Кұр басыма табынтсам —  
 Есті болсын дегенім!  
 Кесіп тынсам ел тілін —  
 Сесті болсын дегенім!..  
 Тағы айтамын, Жамұха,  
 Ескі өкпені ұмытып,  
 Еңдей көрші қонайық,  
 Еншілес дос болайық?..

Ж а м ұ х а

Ерте, әрі келте ойлап,  
 Кем тағдырға теліндім.  
 Тәңірдің сүйген пендесі —  
 Тәмүжін, сенен жеңілдім...  
 Енді менің қажетім не,  
 Жер басқанда не етермін —  
 Түнде көрген түстей боп,  
 Күндіз күнгірт істей боп!  
 Тірі жүрсем тағы қапа етермін —  
 Бөгет болып бадалып,  
 Тікен болып қадалып!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Не тілегің бар менен?!

Ж а м ұ х а

Жан досым тез жатқызса,  
 Тән азабын тартқызса,  
 Тоқтаса менің жүрегім.

Тыныштық – мәңгі тілерім.  
Ағызбай, шашпай қанымды,  
Ауыртпай ғазиз жанымды,  
Кинатпай егер тек алса –  
Кешірім сол деп білемін.  
Торқа болсын табытым,  
Торғын жерде томпайып –  
Ұрқыңа болсын шапағат,  
Батамды бердім қол жайып.  
Туысы басқа мен сорлы,  
Қабығындай қайыңның  
Қаңсыдым да аршылдым.  
Тегі жақсы досымның,  
Асыл туған соғұрлы  
Айбынынан жаншылдым.  
Осы айтқан сөзімді  
Өсиет деп білгейсің.  
Ертелі-кеш ұмытпай,  
Есте сақтап жүргейсің?!

### Ш ы ң ғ ы с х а н

Бердім тілегінді!..  
...Қызыл тілде не мән бар,  
Сөзінді ұғар болмаса!  
Қызыл күнде не мән бар,  
Құрметтінді жалмаса! –  
Далбаса өмір, далбаса!..  
Алтын такта не қызық,  
Таласарың болмаса!  
Гүлзар бақта не қызық,  
Жарасарың болмаса!  
Пейілі тар дүниенің  
Кеңдігінен не пайда?!  
Жамұхасыз Тәмүжіннің  
Мендігінен не пайда!  
Кел, Жамұха, Жамұха,  
Ажалдан бұрын құшайын,

Ақыреттік досым ең —  
Артыңа тастап барасың  
Ақтық сөйлеп осымен...

*(Жамұхамен құшақтасып-қоштасып болған соң, нояндарына, күңіреніп)*

Қапыда безіп кеткен соң,  
Қатыгез дос қайтпаған.  
Осұғұрша кектеніп,  
Опық сөзді айтпаған.  
Түзелер жайын ойласақ,  
Түзелмеуге пейілді.  
Жұлдызнамаға жүгінсек,  
Жойылар кезі кейін-ді.  
Тегін өлтіру күнә ғой,  
Текті атаның баласын.  
Үлкен жүктеу керек қой,  
Өлтіру үшін, жаласын...

*(Ойланып)*

Жанына жоқ рахымы,  
Күнәһар деп ұғайық,  
Тағдырымен ешқашан  
Таба алмаған жарасым!..  
*(Сұқ саусағын төмен нұқып)*  
Ауыртпаңдар жанын!  
Ағызбаңдар қанын!..

*(Сүбітай, Жебе, Зілмая, Құбылай — Жамұхаға төне түседі... Шыңғыс хан айызы қанып, арыстандай алаңдап тағына беттейді — нояндар Жамұханың бел омыртқасын үзіп өлтіреді).*

## ЕКІНШІ КӨРІНІС

*Есүй-ханымның отауы... Есүй-ханым құс мамыққа кеудесіне  
дейін көміліп — Шағатайды күтіп жатады...*

Е с ү й - х а н ы м *(басын көтеріп, өзіне-өзі).*

Тірлік маған не керек,  
Тәуекелден айнысам,  
Тірі жүріп не керек,  
Қара терге малшынтпай,  
Қос өкпемді жаншылтпай,  
Жошыдайын қыранның  
Қызығынан айрылсам...  
...Кежім едім, көн болдым,  
Көннің иін қандырып,  
Көрікті етсе нетеді.  
Көкейдегім сен дедім,  
Құшағыма ен дедім,  
Ғайыбына келтіріп,  
Көңілімнің қалауын  
Беріп кетсе нетеді...  
...Қайсақ жаны күйініп,  
Қыпшақ қасы түйіліп,  
Сезімімді тәрк етіп,  
Теріс ісіме тұлданып,  
Төзімімді сарп етіп,  
Көкірегімнен итеріп,  
Болмашыға бұлданып:  
Бұ қылығыңды қоймасаң  
Әкеме айтам дегені —  
Сүйегімнен өтеді!..  
*(Шағатай көрінеді... Есүй-ханым жақтырмай)*  
Қоңырсыған иісті,  
Қомыт-қомыт киімді  
Маубасына монғолдың  
Қор болғаным жетеді!

*(Төсегіне төніп келе жатқан Шағатайға құшағын жайып, сайқалсып)*

Бөрім менің, келдің бе?..

*Шағатай (емініп).*

Келдім, Есүй, келдім.

*Есүй - ханым*

Мұнша не болды,  
Өлдің бе?..

*Шағатай*

Өлдім, Есүй, өлдім.

*Есүй - ханым (ыңғайына көніп).*

Өлер еркек сендей құшса,  
Өлі әйелге не жорық –  
Төсектегі Шыңғысым?!

*Шағатай (кілт есін жиып, шошынып).*

Есүй-ханым,  
Хан-әкемді аузыңа алма?!  
Естіп қалса –  
Тәнімізді тұл етер,  
Сүйегімізді күл қылар!

*Есүй - ханым (жын қаққандай, күліп).*

Хан әкеңнен қорынбайды сұлулық,  
Хан әкеңнен қорықпайды Жынды Қар!..  
...Бірі кемнің бірі артық,  
Алдына Тәңір келтірді –  
Татар ханы – Их Черен –  
Менің әкем болатын,  
Сенің әкең өлтірді.

Онысы аздық еткендей,  
Сіңлім Есүгән-ханымның  
Есігінде күн болып,  
Өксіп, өмірі мертілді.  
Онысын аздық еткендей,  
Қосағыман айырып –  
Аскындырды дертімді.  
Енді қашса құтылмас –  
Қатыны емес, ылаңмын,  
Қойнындағы жыланмын!..  
Сен қосүрей,  
Өртке түскен жанымды  
Аяздайын қарыдың –  
Қайдан білейін деп едің –  
Атының сыры иесіне мәлімін!  
Төсектегі Шыңғысым сен,  
Шағатай!  
Тағына қон, тағына?!

*(Шағатай Есүй-ханымның құзарына өрмелеп бәйек болады...  
Есүй-ханым қанын ішіне тартып, Шағатайды кеудесінен итеріп)*

Жә!  
Сабыр қыл?!  
*(Өзіне-өзі)*  
Есүй-ханым!  
Сезіміңді тәрк еткен,  
Төзіміңді сарп еткен –  
Жошыдағы кегінді  
Қайыратын тұс – осы тұс!  
Есүй-ханым!  
Өзегіне өрт тастап,  
Көкірегіне дерт байлап,  
Аға менен Ініні  
Айыратын тұс – осы тұс!

*(Шағатайға – сұлу, жалаңаш денесін түгел табыстап)*

Бұл Такқа да талас көп.  
Міне, кара –  
Осыншама сұлу Так  
Тар келмейді такымына Жошының!..

Ш а ғ а т а й *(шоқ басқандай ыршып түсіп).*

Есүй-ханым,  
Не деп кеттің!

Е с ү й - х а н ы м *(түк сезбегендей).*

Жошы деймін...  
Жошының –  
Орман еліне кетерде  
Тұла-бойымды ішіп-жеп  
Қарасынан шошыдым...

Ш а ғ а т а й *(өзіне-өзі).*

Ит меркіттің қоқсығы!  
Алды-артымды орап бітті-ау?!  
Тамырына балта шабар  
Күн туар ма осының!..  
*(Есүй-ханымға шүйіліп)*  
Хан тағына лайығы – Үгедей!..  
Тән тағына – мен ие!  
Өлсем дағы Жошыны  
Болғызбаймын ортағым!..  
Әттең!.. Әттең!..  
У бергізіп өлтірер ем,  
Сезіп қойып хан-ием,  
Аяғымды аспаннан  
Келтірер деп қорқамын –  
Айласы – асық,  
Кәрі – басым төбеттің!

Е с ү й - х а н ы м  
*(сықылықтап, Шағатайды бауырына басып).*

Қорық! Қорық!..  
Хан-әкеннен қорынбайды Сұлулық!  
Айласы – асық,  
Кәрі – басым төбеттің  
Кіндігіне байланған  
Уыты бұзбас бөгетпін!

Хан-әкеннен қорықпайды Жынды Қар! –  
Шыңғыс болса – Саған Шыңғыс! –  
Оған Шыңғыс! –  
Keң Дүниеге! –  
Күллі Әлемге!  
Бірақ, маған Шыңғыс емес –  
Шегірткенің Айғыры! –  
Шыңғыс –  
Шыңғыс бола алмайды Әйелге!  
*(Шағатайдың бауырына кіріп)*  
Төсектегі Шыңғысым сен,  
Шағатай!..  
Тағыңа қон, Тағыңа...  
*(Екеуі – құс мамыққа көміліп, көрінбей кетеді...)*

### ҮШІНШІ КӨРІНІС

*1206 жыл – Барыс жылы... Онон өзенінің жағасы.*

*Тоғыз сирақты ақ ту көтерген Шыңғыс ханның ордасы.*

*Киіз туырлықты елдердің ер-азаматтары мен игі жақсылары түгел жиналған... Шыңғыс ханды Ұлы қаһан (Далай қаһан) атау салтанаты жүріп жатады... Татанунга Көк дәптерге Шыңғыс ханның бұйрық-әмірін бұлжытпай қаз-қалпында түсіріп, мөрін басып, құрақ ұшуда...*

Х а л ы қ *(Қойша маңырап).*

- Шыңғыс!
- Шыңғыс!
- Шыңғыс!
- Ұлы қаһан даңқы артсын!
- Шыңғыс!
- Шыңғыс!
- Шыңғыс!
- Далай қаһан даңқы артсын!
- Далай қаһан!
- Далай!
- Далай...



Ш ы ң ғ ы с х а н *(Тағынан көтеріліп).*

Көлеңкеден басқа дос жоқта,  
Пана болып сыйлаған,  
Аруақтан басқа ес жоқта,  
Абай болып қимаған,  
Алдарқатып жұбатқан,  
Ақылменен уатқан,  
Абзал менің достарым,  
Алғаш ақыл қосқаным!  
Жебегенде Жер-Ана,  
Ондағанда Құдайым,  
Не сұрапыл қырғында  
Бірге болған ұдайын,  
Жойқын жауын жайратқан,  
Туын жайпап жан алған,  
Ажал кармап туғанда-ақ,  
Өмір жалмап жаралған,  
Үлкен кара төбеттей,  
Үндемей жатып қабатын,  
Қаршығадай тақымдап,  
Қапысын тауып алатын,  
Арыстандай арынды,  
Атылғанын құртатын,  
Жалмауыздай ызалы,  
Тірідейін жұтатын,  
Тарпаң,тағы бурадай,  
Тайлақ-бота шайнайтын,  
Қан көрмесе арландай  
Зығырданы қайнайтын –  
Билік бөліп сендерге  
Уәлі сөзімді байлайын.  
Дос-жаранның қиыспас  
Көңілдерін жайлайын –  
Далайлыққа лайық  
Мындық ноян сайлайын!  
*(Татанунгаға бұйырып)*  
Кәні, оқы жарлықты!

Т а т а н у н г а *(Көк дәптерді жайып жіберіп).*

Күллі Әлемде ең Ұлы,  
Татанунга Тәңірі,  
Далай қаһан Шыңғыстың –  
Мындық ноян сайлаған,  
Мөрлі, бұйрық-әмірі!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Татанунгаға).*

Ауыздан шыққан түкірік,  
Қайта бір жұтсаң – мәкүрік!  
Не естісе құлағың –  
Көк дәптерге түгел жаз!

Т а т а н у н г а

Әміріне құлдық, Тәңірім!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Тағынан түсіп, Меңлік-Атайға).*

Туғандармен бірдей туысып,  
Дұшпанмен мұздай суысып,  
Тайғақта құйрық байласып,  
Тар жерде тізгін түйісіп,  
Тағылымы өткен Меңлігім!  
Қайсыбірін айтайын?..  
...Өлмей тірі айрылман,  
Өзіндей игі жақсымнан:  
Әкем Есүкей татарлар  
Берген удан өлерде,  
Өзіне – Өолүн шешей мен  
Мені аманат тапсырған.  
Тұмсықтыға шоктырмай,  
Қанаттыға қақтырмай,  
Өзге емес, өзінсің –  
Талабымды таудай ғып,  
Таланымды қаудай ғып,  
Талайлыға бас қылған...  
Уаң хан әкей, Сангүм дос –  
Қарындасы Чаур-бәхиді

Жошыма қиып бермек боп,  
 Алдауына иланып,  
 Шөкейіне отырып –  
 «Бауыздау жесіп» келмек боп –  
 Аттанғанда, Меңлігім,  
 Орта жолдан қайтуға  
 Өзін көндірмегенде,  
 Уаң менен Сангүмнің  
 Жаттығын төндірмегенде –  
 Сол сапар суға батар ем,  
 Торсығым кеуіп жатар ем! –  
 «Бауыздау жеспей» у ішіп,  
 Серейіп, сеспей қатар ем! –  
 Ұмыту мұны ұят-ақ!  
 Сол жақсылығыңды ескеріп,  
 Мыңдық ноян сайлатып,  
 Желіңе құлын байлатып,  
 Жыл сайын – жазбай,  
 Ай сайын –  
 Үзбеймін сый мен сияпат!..

*(Шігіқұтыққа ым қағады... Шігіқұтық Меңлік-Атайға бұлғын ішік жабады...)*

### М е н л і к а т а й

Қара бұлғын ішігің,  
 Қар болып текке кетпесін.  
 Қаһандығыңа Құллі Әлем  
 Бек таршылық етпесін.  
 Тозғындаған елімді  
 Топтастырып бердің сен.  
 Бытыраған елімді  
 Біріктіріп бердің сен.  
 Ай дейтін бол атасы,  
 Қой дейтін бол қожасы...  
 Балаға Ата сыншы ғой,  
 Таптырмас асыл тазасы –  
 Бас көтерген Батыстың  
 Жошыдан болсын азасы...

Х а л ы қ

- Жошы!
- Жошы!
- Жошы!
- Жошы!

*(Жошы – Меңлік-Атайға үнсіз ризашылық білдіреді...)*

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Боршыға).*

Аруладаттан шыққан Боршы дүр!..  
Жас шағымда  
Шабдар атты жоғалтып,  
Үш күн, үш түн өткен соң  
Кезіккен едім мен саған.  
Сергелденнен сенделіп,  
Арып, ашып шаршағам.  
Үйіне де бармастан,  
Әкеңе де айтпастан,  
Бие сауған шелекті  
Тастай салып далаға,  
Серіктікке серт байлап,  
Жарағансың қараға.  
Шолақ сұрды тастатып,  
Сүркөжекке мінгізіп,  
Үш күн, үш түн  
Ұрыларды қуыстың.  
Шабдарымды қайтарып,  
Боршы, солай туыстың!  
Наху байдың жалғыз ұлы сен едің,  
Есүкейдің Тәмүжіні мен едім.  
Ұшын тапқан ұзынның,  
Түбіне жеткен тереңнің –  
Өзің болдың сенерім!  
Сосын күндер өтті көп,  
Сенерімді сағынтып.  
Қауышар кез жетті деп,  
Бауырым Бәлгүнтәні мен  
Жібергем-ді сабылтып.

Құласұрың астыңда,  
Бір Аллаға сиынып,  
Күрдекшенді киініп,  
Жетіп келген сен едің.  
Шарқайыңды шештіріп,  
Тебінгісі темірден  
Етік берген мен едім.  
Қайсыбірін айтайын?..  
Үш меркітпен айкастың  
Қоршағанда Бұрканды.  
Татарлармен шайқастың  
Қара орманда қылқанды.  
Бірге ықтың дауылда,  
Бірге бұқтың жауында.  
Тектілігіңді ұмытпан,  
Тегі, денім сауында.  
Оң ісімді ұнаттың,  
Терісімді доғарттың —  
Тоқсан тоғыз тажалдың  
Торғауытына оқ аттың.  
Тоғыз рет пәлеге  
Ұрынсаң да мен сені —  
Бұйырмаймын айыпқа.  
Иелік ет оң қолға —  
Алтай маңы елдерін  
Қидым сендей лайыққа!

#### Б о р ш ы

Әміріңе құлдық, Тәмүжін дос!  
Керейттерге дес бермей,  
Ешкімнен де сескенбей,  
Елін бөліп алыстық.  
Түбэгэн тобын қорқытып,  
Түгін қоймай үркітіп,  
Жерін бөліп алыстық.  
Жарты кешке жеткізбей,  
Жаныштап олон, дунгайдты,  
Таптап бөліп алыстық.

Қанды қырғын сүйетін,  
Катал жұрқын әулетін  
Қаптап бөліп алыстық.  
Алтай менен Атырауды  
Қаттап бөліп алыстық.  
Ормандайын орысқа  
Баптап қылыш жаныстық...  
Адырандаған жаудың мен,  
Алдына бөгет болайын.  
Құлдырандаған жаудың мен,  
Құйғытар жолын алайын.  
Жаратылған хан-ием,  
Жаныңа пана болайын.  
Алтын сара жолыңды  
Ағатсыз деп білейін.  
Бел байлаған жағыңа  
Бірге батыл жүрейін.  
Пендең Боршы мен болсам,  
Тәмүжін емес, Тәңірсің!  
Күллі Әлемге нұр құйып,  
Мың жасағын, Әміршім!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Мұқылайға)*.

Жалайырдан шыққан Мұқылай!..  
Тәңір берген нәсіпті,  
Бұтақ сайын бұтарлап іліп,  
Түбір сайын түтелеп жинадың —  
Қызыметің көп өткен.  
Қайсыбірін айтайын?..  
Боршыны қалай сыйласам,  
Сені де солай сыйладым...  
Хұтула хан — би билеген  
Хорхонағ Жубур алаңы —  
Екеуміздің әкеміз,  
Тұңғыш дала патшасы  
Гун-Гуаны еске салады.  
Сол әкенің кіндігінен сен едің,  
Көңілінен мен едім.

Міне, бүгін бағыма –  
 Мұрагер болдым тағына –  
 Атақ-даңққа кенелдім.  
 Соның үшін ұрқынның  
 Ұрқына кетер шен сыйлап,  
 Го-Уаны еттім сені елдің!..  
 Бұған қоса иелік ет – сол қолға –  
 Қожалық қыл Харуун-Жидун маңына!

М ұ қ ы л а й

Әміріне құлдық, қаһан дос!..  
 Келген жауды жеңіп мен,  
 Керемет олжа табайын.  
 Келер жауды желіккен,  
 Қыл мойыннан шабайын.  
 Қашқан жаудың қаймыққан,  
 Қапысын шұғыл табайын.  
 Шығысыңды қайран ғып,  
 Батысыңды ойран ғып,  
 Шапқан аттың құйрығын,  
 Шаңқан шаңға көмілтіп,  
 Мінген аттың жалынан  
 Мерейлі сәуле төгілтіп,  
 Барлық соғыс жеңісін,  
 Батыл шайқас жемісін,  
 Қаһан, саған бағыштап,  
 Құр басынан қағайын!..

Ш ы ң ғ ы с х а н (*Хоршыға*).

Баариннан шыққан Хоршы дүр!..  
 Қаршадайын кезімнен,  
 Қалтарыссыз сезіммен,  
 Қадірлі дос сен болдың.  
 Суда бірге малшынып,  
 Суықта бірге құшынып,  
 Серік еткен мен болдым.  
 Бұтымызды атқа артып,  
 Жауыр еттік борбайды.

Сол кездегі сөзінді,  
Еске алмасам болмайды.  
Бастан уайым жегенсің:  
«Түсім менің ондаса,  
Ұлы қаһан атантып,  
Тәңірім сені қолдаса –  
Отыз әйел алайын,  
Рұқсат ет?!»—дегенсің.  
Өңінді түсің ондады,  
Тәңірім мені қолдады –  
Бодам елдің ішінен  
Таңдағаның – сенікі!..  
Бұған коса  
Бүкіл Ертіс бойы мен  
Орман жұртына әмір ет!..

Х о р ш ы

*(Отыз әйелді заматында алатын сыңаймен).*

Әміріне құлдық, Тәмүжін!..  
Түсім менің оңдалып,  
Ұлы қаһан атантып  
Тәңірім сені қолдады –  
Бірге келер болды ғой,  
Отыз қатын толғағы!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Жоршыдайға).*

Уруудтан шыққан Жоршыдай!..  
Тау ығындай панамсың.  
Ақылын асқан данамсың.  
Хархалзанда айқасып,  
Ата-жауым Сангүмді  
Атып, жаралағансың.  
Болжүн көлдің басында –  
Керейт пенен найманды  
Жеңіп, табалағансың.  
Ибаға-бәхи ханымның  
Қаскөй шыққан әкесі –



Әккі Жаха-хамбудың  
Жаттығын шамалағансың.  
Сондықтан да мен сенің  
Жанталасқан кездерде  
Жан аямай сірескен  
Батылдығың үшін,  
Тайталасқан кездерде  
Табан таймай тірескен  
Батырлығың үшін –  
Төрт мың урууд сый тартам! –  
Тәңіріндей өмір қыл!

Ж о р ш ы д а й *(Сыйын азсынып).*

Қолда барда –  
Алтынның қадырына жеткен кім?  
Аз сыйыңа көп рахмет, Тәмүжін!..  
Кетігі толмас адамсың –  
Төрт мың урууд не кәдеме жарайды –  
Сол күйінде сауға сап,  
Қанжығаңа бөктердім!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(секем алып, өзіне-өзі).*

Ертеңгі аста ебінді,  
Түскі аста тегінді  
Тінткілеген өмір бұл!..

*(Жоршыдайға)*

Жоралғының жолы көп,  
Жоршыдай, ерте кектендің!

*(Жоршыдай назары пәс Ибаға-бәхи-ханымға қайта-қайта қарай береді... Шыңғыс хан соны сезгендей Ибаға-бәхи-ханымға)*

Ибаға-бәхи!..

Мінезің жөнсіз дегем жоқ,  
Мінің – өңсіз дегем жоқ.  
Аяғың сасық дегем жоқ,  
Ауызың қансық дегем жоқ.  
Қойынымды жылытқан,  
Көрпешемді қымтаған,

Қас сұлуым, қинадың...  
Жойқын елдің ісі үшін,  
Жұмсаған дәу күші үшін –  
Жоршыдайға сыйладым

*(Ибаха-бәхи-ханымның алдына салған екі өрім бұрымының бір бұрымын сыйлау салты бойынша артына салады...)*

Айқасқан кезде абай боп  
Айырылған елді аттатпай,  
Белдескен кезде болат боп,  
Бөлінген елді бұлтартпай –  
Жинап бергені үшін, ибалым,  
Жоршыдайға сыйладым!

И б а ғ а - б э х и - х а н ы м *(қуанғанның жасыра алмай).*

Әміріне құлдық, Хан-Ием!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Ибаға-бәхи-ханымға).*

Керейттің шынжырбалағы  
Әкең Жаха-хамбуды  
Мен өлтірдім – білесің!  
Әке өлтірткен әрекет  
Сенен туды – білесің!  
Соның бәрін білген соң,  
Жоршыдайды қызыққа  
Кенелтуді – білесің!

*(Шігіқұтыққа ым қағады... Шігіқұтық екі аспазды ортаға шығарады)*

Еншілікке екі аспаз –  
Ашықтемір мен Алшық...  
*(Жоршыдайға)*  
Бұл да Сенің үлесің!  
*(Жоршыдай ризашылық білдіреді...)*

Ш ы ң ғ ы с х а н *(өзіне-өзі).*

Қасиетсіз хан кара басын ойлайды –  
Бұл ақылым жарады!..  
Топырақ қаппай  
Тоймайтұғын көзі менен көңілі

Қатын екеш қатын да –  
Санатында халықтың  
Дегенін етпей қоймайды!  
*(Тағына бетпен)*  
Қаһансыз – Халық қаралы!  
Қаһаны бары  
Қашанда  
Қағынып дарда ойнайды...

*(Шағатай «Есүй – ханымға айтып қал!» дегендей ишарат қылады)*

Е с ү й - х а н ы м *(Шыңғыс ханның алдын орап).*

Дат, Хан-Ием?..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Датың болса айт, Есүй!

Е с ү й - х а н ы м

Айтсам, қаһан,  
Ұлы асудан асарда,  
Ұлы өзеннен өтерде,  
Ұзақ жолға шығарда,  
Елін қайтып билеуді,  
Етер өсиет, алдымен.  
Туған дене солатын,  
Толған гүл де оңатын.  
Барша Әлем кезегін  
Батыл ойлау – манатың.  
Асқар таудай денеңіз,  
Апат болса көнеміз.  
Қалың елің – Монғолды  
Кім билер деп сенеміз?  
*(Жұрт – Жошыға қарайды...)*  
Пана тұтар денеңіз,  
Фәни кешсе көнеміз.  
Қасиетті туыңды  
Кім ұстар деп сенеміз?

Х а л ы қ

- Жошы!
- Жошы!
- Жошы!..

Е с ү й - х а н ы м

Аузыңыздан сұрайық,  
Айтпай қалай тұрайық.  
Туылған төрт ұлыңның –  
Такка кімі лайық!

Х а л ы қ

- Жошы!
- Жошы!
- Жошы!

Е с ү й - х а н ы м

Хан ұлың мен бауырың,  
Қарапайым халыққа,  
Қалың тобыр – қатынға  
Қалай әмір етерін,  
Қаһан, өзіңнен сұрайық?!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(сәл тосылып)*.

Аты қатын демесең,  
Заты еркекке бергісіз,  
Орынды айтты, Есүйім!  
Тірі пенде қашпайтын,  
Саралыққа бастайтын  
Жолымды айтты, Есүйім!  
*(Зейінін Жошыға салып)*  
Ата-бабам артынан  
Бармайтындай көріппін.  
Ажал мені мәңгілік  
Алмайтындай көріппін.

Бауырларым, ұлдарым,  
Өлім соқпай кетердей,  
Осылайша шалқып өтердей,  
Құдай емес, құлымын!..  
Өзекті жанға түбі өлім –  
Тәңірім еткен төрелік!  
Аталы сөзге – арсыз қас –  
Ақылға салып көрелік?!  
...Тар тынысымды кеңіткен,  
Кең қайғымды кеміткен,  
Ұлдарымның үлкені,  
Сөйле, Жошым – жұлыным,  
Не айтасың, кәнеки?!

*(Жошы сөз айтуға оқтала бергенде, Шағатай шыдай алмай шабынып шыға келеді...).*

Ш а ғ а т а й *(Шыңғыс ханға).*

Әміршім!..  
Жошыға сөз сөйле деп,  
Неменеге кергіттің?! –  
Біз бағына алмаймыз  
Қоқсығына меркіттің!

*(Жошы – Шағатайды одан әрі сөйлетпей алқымынан ала түседі).*

Ж о ш ы

Қаһан әкем  
Сырт көрмегенге мені  
Шеттетесің неге сен!  
Шалапісті шарқаялығың болмаса,  
Сенің менен нең артық?!  
Бұғананды сындырып,  
Омыртқанды ұн қылып,  
Мерт қып мертіктірейін,  
Екі көзіңді ағартып!

*(Сүбітай мен Құбылай бастаған екі ұдай нояндар араға түседі... Шыңғыс хан алашаңдап тағына беттейді.. Топтан аңырап Бөрте-ханым шығады).*

Б ө р т е - х а н ы м

Көзімнің жасы суалып,  
Қан құсардай аспаным.  
Хайуаннан бетер қатыгез боп,  
Тағы неге бастадың?..

Ш ы ң ғ ы с х а н

*(Тағына қонып, Күңдей күркіреп).*

Жә, Жетер!..  
Менің өлуім білер,  
Сендердің көмуің білер!  
Шөпке ораса сиыр жемес,  
Майға былғаса ит жемес боп –  
Туылмасандар игі еді?!  
Жерге басым тиместен,  
Қырғи-қабақ күй кешкен,  
Кежегесі кері тартқан,  
Кілең кежір ант атқан,  
Қалың елдің апшысын –  
Қуырмасандар игі еді?!  
Жетер!..  
Елге-күлкі,  
Таба болып дұшпанға,  
Шекісе-шекісе –  
Шетен көңілің суынар!  
Ұрығым қараң болмаса,  
Құрсағы харам болмаса,  
Атаның Алтын Тағына  
Мұрагерлік ететін –  
Ұрық-жұрағатымнан  
Бір өжет Ұл туылар!..

Ж о ш ы

Әміршім!..  
Хан жақсысы –  
Тағын түсіп бермеген.

Халық жақсысы —  
Ханына қарсы келмеген! —  
Мәңгі жасай бергейсің!  
Мен тағына таласпаймын,  
Туымсызға түрткі еткен  
Тағдырыммен таласам! —  
Таланымды таптата алман ешкімге! —  
Тереземді тең көргейсің!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жарайсың, Жошым, жарайсың!  
Күткенім де осы еді...  
Талабыңды тәңірім оңғарсын?!  
Өкпелеме Шағатайдай долыға —  
Сәдірмегі ұрып жастықтың,  
Сілекейіне мас болған —  
Сасайы нені аңғарсын!..  
Бірігу қашпас!..  
Бодам етер бөгде елдердің билігін  
Бердім түгел қолыңа! —  
Жер-Ана — кең,  
Өзен-көл — көп —  
Жеке-жеке болыңдар!..

Ш і г і қ ұ т ы қ

*(Топтан бөлініп, Жошы сабасына түсе бере).*

Дат, тақсыр?!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Датың болса, айт!

Ш і г і қ ұ т ы қ *(жарылып кете жаздап).*

Айтсам:  
Боршы менен Мұқылай,  
Хоршы менен Жоршыдай  
Бізден асты — бұ қалай?!

Көп көмек көрсетіп,  
Көбірек істеді ме?!  
Мысалдап айтқанда,  
Мыналар жортқанда –  
Аз көмектесіп  
Кемірек істедік пе?!  
*(Шігіқұтық, Құшы, Борақұл, Көкұшы – төртеуі  
қауымдасып)*  
Қара көз солғанша,  
Қарт бурыл болғанша  
Құт босағанда жебелдік –  
Құдыретіңе кенелдік!  
Алтын босағанда демелтіп,  
Аяқ жағыңа жатқыздың,  
Ашылса көрпең жапқыздың!  
Меркіттен туған Құшы дүр,  
Тайшыттан тартқан Көкұшы,  
Жұрқыннан шыққан Борақұл,  
Татардан тапқан мына Мен –  
Түнде естір құлағың,  
Күндіз көрер көз болдық!  
Бүгінгі бөліс үстінде,  
Үлесімізден құр қалып –  
Жұртқа күлкі, сөз болдық!  
Меркітті де,  
Тайшытты да қырдық біз!  
Жұрқынды да,  
Татарды да қырдық біз!  
От басы мен Отанын  
Ойран қылған мұңлықпыз!  
Өз Анасын – өз Елін –  
Қайран қылған сұмдықпыз!  
Туысы бөлек демесең –  
Бармағымыз құтты емес пе еді!

Қ ұ ш ы

Бауырымыз сүтті емес пе еді!



Б о р а қ ұ л

Өкпеміз желді емес пе еді!

К ө қ ұ ш ы

Өкшеміз селді емес пе еді!

Т ө р т е у і б і р і г і п

Не қаділдік айтасың?!..

Ш ы ң ғы с х а н

*(Айылын жиып)*

...Меркітті меңдетіп,  
Монғолды мұқатқан,  
Жұрқынды жаныштап,  
Тайшытты тайқатқан,  
Тағылық мінезін  
Талайға байқатқан,  
Татар Шігіқұтығым!..  
Қашқан жауды кесе атқан,  
Келген жауды кере атқан,  
Жақынға құлдық жасатқан,  
Алысқа көзін алартқан,  
Майталман меркіт Құшы дүр!..  
Қадалар оққа қалқан боп,  
Қаңғыған оққа қалтқы боп,  
Безінген оққа берен боп,  
Құлақ-шекеден тисе де  
Құламаған дерендеп,  
Жұрқындық күшән Борақұл!..  
Қарапайым да момақан,  
Қара тана сияқты.  
Қарсыласса қадалып,  
Қаршығадай тұяқты  
Қас-қаһарын жиятын —  
Бөгде жаумен айкаста  
Балғын жанын қиятын,

Батыл тайшыт Көкұшы!..  
Өкпелерің орынды!  
...«Түнде естір құлағын,  
Күндіз көрер көзің» деп,  
Бір емшегін еншілеп,  
Несібемді жартылап,  
Өолүн шешей сендерді –  
Емізгені рас-ты.  
«Жатын жауға тастамас,  
Жамандыққа бастамас!» –  
Деп біздерге ақ қойдың  
Бауырын бөліп, шикідей –  
Жегізгені рас-ты.  
Сондықтан да,  
Құлағым мен Көздерім,  
Бар байлықтың Иесі де – Өздерің! –  
Бас-басыңа лайық билік бөліп ал!  
Мына тұрған Татанунга ұйғырдың  
Қойынында – қашқан кезде тұтқыннан  
Жанын сақтап қалған зерлі мөрі бар.  
*(Татанунга қойынынан үлкен мөрін алып  
Көк дәптердің үстіне қояды...)*  
Мөр иесін де қызыметке қойындар!  
Ұрыны тиып, өтірікті жойындар!  
Шігіқұтық, бас қазылық – өзінде –  
Істің жайын камдастыр!  
Көк сиямен Көк дәптерге бұйрық жаз –  
Тәртіп енгіз, заңдастыр!.  
*(Шыңғыс хан – Күндей күркірейді,  
Халық – Қоғадай жапырылады)*  
Есепке алғын –  
Адам санын,  
Мал санын!  
Ақиқатта –  
Алтын, Күміс... қанша мың?!  
Қанша Халық?!  
Кім басқармақ?!  
Қай Елді?!..

Жынысқа бөл –  
Жікте еркек, әйелді!  
Руға бөл!  
Сүйекке бөл!  
Текке бөл! –  
Жеткіз кенен кәмететке бек кемел!  
Отпен, Суды, Ауаны бөл! –  
Барлығын!..  
Келер ұрпақ Көк дәптерден оқысын  
Шыңғыс ханның  
Күллі Әлемді қалтыратқан Жарлығын!..  
*(Қалың тобырға)*  
Жә!  
Тараңдар?!  
*(Ұлдарына)*  
Төрт құбылам –  
Төрткүл дүнием,  
Төбесі көк тіреген,  
Жер ұстыны –  
Төрт ұлым,  
Түгел қалсын Ордада!

*(Ордада қалған төрт ұлы – Жошы, Шағатай, Үгедей, Төлені ішіп-жердей тінте қарап шығып, өзіне-өзі, разы кейіппен)*

Пенде көңілі – пәруана...  
Пәруана-болмыс пенде емен!  
Көк Тәңірінің Жердегі Ұлы Елшісі –  
Мен өзімді Тәңіріден кем демен!  
*(Аз-кем үнсіздіктен соң)*  
....Бала жасау – қолымнан келеді,  
Дүние-малды – дұшпаным береді.  
*(Көкке қол жайып)*  
Тәңірі,  
Тәңірі,  
Көк Тәңірі!  
Құрбандыққа Ала Бұқа бауыздап,  
Мен өзіңе ұқсағым келеді?!

Ш а ғ а т а й *(шыдамай)*.

Жатырында жарытпай,  
Кемелінді кем еткен –  
Кәссіз, харам Тәңіріңді  
Надал Ала Бұқама  
Шендестіріп – шер қауып,  
Әке, Сені –  
Қара басты неліктен!

Ш ы н ғ ы с х а н  
*(Шағатайға)*

Жә!  
*(Өзіне-өзі, Шағатайдан жеркеніп)*  
Шағатай – мынау... зар-тамұқ,  
Сұмпайы сұм... құр ағзасы –  
Іші – қуыс көр, тұл дене –  
Айырғысыз тірі өліктен!  
*(Жошыдан шошынып, өзіне-өзі)*  
Жошы – анау... адуын... алпауыт,  
Ашына-ашына азбандап,  
Ойран тілеп,  
Кім кепіл –  
От тастамасына іргеге!  
*(Әрлі-берлі кезіп)*  
Кімге сенем, апыр-ау,  
Қапыл ойлау – сөгет пе?!  
Қайтсем көңіл жайланар?! –  
Тірелдім тас бөгетке!  
Алып шығар тұйықтан –  
Қайда... қандай айла бар?!  
*(Одан әрі, назаланып)*  
Шын мұрагер тағына –  
Асып туған бір ұлың  
Ақтап арман-мүдденді,  
Тіккен туыңды құлатпай,  
Игі ісіңе бас болып,  
Қалмас болса артыңда –

Неге керек Дүниенің Кендігі?!

*(Төлеге көзі түсіп)*

Иә!

Иә, Тәмүжін!

Ер Төледе –

Бар үмітің ендігі...

*(Бекін)*

Дегенменен...

Аты қатын демесең,

Заты еркекке бергісіз,

Орынды айтты, Есүйім!

Тірі пенде қашпайтын,

Саралыққа бастайтын

Жолымды айтты, Есүйім!

Расында да –

Ұлы асудан асарда,

Ұлы өзеннен өтерде,

Ұзақ жолға шығарда,

Елін қайтіп билеуді –

Есті қаһан киелі

Етер өсиет, алдымен.

Туған дене солатын,

Толған гүл де оңатын.

Барша Әлем кезегін

Батыл ойлау – манатым.

Ұлы асқар тау – мен едім,

Апат болсам – көнемін.

Қалың елім Монғолды –

Кім билер деп сенемін?!

*(Төлеге)*

Құлап кенен кемерім,

Сұлап тірлік – терегім –

Фәни көшсе – көнемін.

Қасиетті туымды –

Кім ұстар деп сенемін –

Сен не айтасың, Ер Төле?!

Т ө л е

Әкесі – дөй туса,  
Баласы – гөй туар,  
Хан-ием!  
Арбаның алдыңғы дөңгелегі  
Қалай жүрсе –  
Соңғы дөңгелегі  
Солай жүрер,  
Қаһан Әке! –  
Бұл ойынға  
Қосыла алман мен пақыр...  
*(Сал ойланып)*  
Жікке кірген сынадай –  
Жошың көзге ерте ілінді,  
Хан-ием.  
Азығы біткен ұрадай –  
Шағатайың шала бүлінді,  
Хан-ием.  
Еркін өскен бұлағай –  
Ұлы Ертеңің –  
Жарық Күнің Бүгінгі –  
Хан тағыңның лайығы –  
Үгедей...

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Үгедейге)*.

Оң айта ма Ер Төле,  
Сен не дейсің, Үгедей?!

Ү г е д е й *(зілденіп)*.

Өзіңіз айтқандай...  
Алдыменен,  
Тиып тірлік күлкінді –  
Өліп көріңіз,  
Хан-Әке!  
Артыменен,  
Тәж, Так, Дүние-Мүлкінді –

Бөліп көреміз,  
Хан-Әке! –  
Жарлық – Сізден,  
Зарлық – Бізден,  
Бұдан басқа не дейін?!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(жан дауысы шыға).*

Жә!..

Т ө л е

*(үнсіздікті бұза, жылы сөйлеп).*

Жоғын Барға балаған,  
Жақынына Алыстан қараған...  
Тіл ұшынан зәр тамған,  
Қылышынан қан тамған –  
Өзіңіздей Қаһанда  
Дос бола ма, Хан-Әке?!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жоғымды Барға баласам –  
Берегендігім.  
Жақыныма Алыстан қарасам –  
Көрегендігім –  
Оның несін сөз еттің! –  
Ақыл-ойың келте ме?!  
Әлде...  
*(Ойланып)*  
Өр мінезің ерке ме!  
Рас! Рас!  
...Тіл ұшынан зәр тама-тама –  
Кекті дұшпан қас тұрмақ,  
Дос тұтқанымның түгелі –  
Өн-бойымнан түңіліп бітті,  
Ер Төле!  
Рас!  
*(Ұзақ ойланып)*

Несін сұрайсың,  
Дертіме – дауа,  
Жаныма – шипа –  
Аруақтан басқа есім жоқ,  
Көлеңкеменен басқа досым жоқ!

Ү г е д е й

Асып айтпа, Хан-Әке!  
Жоқ есіңді бүгіндеп,  
Жоқ досыңды түгендеп,  
Дертіңе – дауа,  
Жаныңа – шипа болатын –  
Бір Атадан тараған  
Ағайының-бауырың,  
Кіндігіңнен жараған  
Перзенттерің бар емес пе!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жә!  
Түспе құрдым егеске!  
...Ағайын-бауыр деген не?!  
Бар болсаң – көре алмайды,  
Жоқ болсаң – бере алмайды!  
Айтарым:  
Тек алыстан сыйлас –  
Азары болса да,  
Безері болмасқа!  
Ал... Перзенттен дос күту –  
Тәңіріден хош күтумен барабар –  
Ғайып!  
Ғайыптан тайғым келмейді!

Ү г е д е й

Хан-Әке...

Ш ы ң ғ ы с х а н *(тып)*.

Жә!



Ш а ғ а т а й

Хан-Әке!  
Жұмақ-жайын жерсінбей,  
Тамұқ өртіндей лаулаған,  
Аспан астын менсінбей,  
Keң дүниені жаулаған —  
Тура Ажалдай алпауыт..  
Өзіңіздей Қаһанның  
Қас жауынан жеңілуі мүмкін бе?!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(өзіне-өзі)*.

Ойы төмен бойынан,  
Шалапісті, шикіөкпе —  
Не айтарсың мұндай мұндар шіркінге!  
*(Шағатайға мойын бұрып)*  
Жұмақ-жайымды жерсінбей  
Тамұқ өртіндей лауласам —  
Ерендігім.  
Аспан астын менсінбей,  
Keң дүниені жауласам —  
Кемелдігім! —  
Оның несін жыр қылдың?!  
*(Ұзақ ойланып)*  
...Тура Ажалдың өзіндей  
Menдей Ұлы Қаһанды  
Қара албасты басардай —  
Не басына күн тумак?!  
*(Сезіктеніп, Шағатайға)*  
Күмәніңнің тұманына тұншығып,  
Неге бұлай сарнадың?!  
...Әлде, менің  
Ерендігім,  
Кемелдігім бекер ме!  
Айт, жаныңның барында! —  
Токтай шауып сен сұмпай,  
Ізімді аңдып,  
Тың тыңдап! —  
Ту сыртымнан жау шыққалы жүрмісің?!

### Ш а ғ а т а й

Жо-жок!  
Әке!  
Мен – былай... қаһандығың жайынан..

### Ш ы ң ғ ы с х а н

Жә!  
Оттама!  
Хайуан!

### Ж о ш ы

Көктегі Ұлы Тәңірінің  
Жердегі Ұлы Әмірі –  
Өзіңіздей Қаһанға  
Елін түгел басқарып,  
Халқын тұтас билеуге –  
Етер жәрдем қандай күш?!

### Ш ы ң ғ ы с х а н *(өзіне-өзі).*

Құрсағыңнан құрулы  
Какпаныма өзің кеп  
Түскеніңді сезермісің сен байғұс...  
*(Жошыны барлай түсіп)*  
Елімді түгел басқарам десең –  
Қаныңа тартпа,  
Қарыңа тарт дей алман!  
Антыңнан без,  
Ардан без,  
Балаңнан без,  
Жардан без дей алман!  
...Сертіңнен тай дей алман –  
Сыбайласқа сенбеске!  
*(Жошыны одан бетер тінтіп, ішіп-жеп)*  
Халық та – бір, қой да – бір,  
Қой – қорана енбес пе?!  
...Халқымды тұтас билеймін десең –

Зорды қор тұт,  
 Қорды зор тұт дей алман!  
 Естіден алыс бол,  
 Сестіден қалыс бол дей алман!  
 Бастың орнын бөксеге бастырып –  
 Үрейін ұшыр тірліктің,  
 Бірліктің берекесін қаштырып –  
 Жүректі тыңдама,  
 Білекті тыңда дей алман!  
 Көңіл-күйің тоқ болсын,  
 Уайымың жоқ болсын,  
 Бір айтқаныңды екі етпес  
 Жылпос пенен жымысқы,  
 Жағымпаз бен жылмақай –  
 Жандайшабың көп болсын дей алман!  
 Өсерді датта,  
 Өспесті мақта –  
 Өресін бұзып ойлының,  
 Ала жібін атта –  
 Қарға адымын ұзартпай,  
 Қылыштайын қиып түс  
 Талайлының қыршынын –  
 Таласатын таққа дей алман!  
 Дей алмаймын Дегенім –  
 Рухани Көгенім...  
 ...Ал... қалғанын өзін біл –  
 Қаһан болман дейтұғын  
 Қарашы мен Қаймана!

*(Төле, Үгедей, Шағатайға барлай қарайды... Әлде не айтқалы оқтала берген Жошыға)*

...Жә! Мезгілсіз сайрама!..  
 Түбі шикі тірліктен –  
 Түтікпе де түңілме!  
 ...Заман ақыры –  
 Түптің-түбінде,  
 Осы сөзімді ұқпағаның –  
 Айтқанымнан шықпағаның!  
 Тәмүжін айтты дерсің, түге!

Өз бетінмен лаққаның —  
Ардақ туымды аластап,  
Ақ Ордамды күйреткенің —  
Алтын-Күмісімді Жезге басқартып,  
Ел-Халқымды — Езге билеткенің!  
*(Аз-кем түнеріп, Бұлттан шыққан  
Күндей жадырап)*  
...Айтшы, кәні, білгенің —  
Дүниенің рахаты не?!

### Т ө л е

Дүниенің рахаты —  
Дәйім...  
Ішіп-жемі дайын  
Болса — жұмақ жайың.  
Сұқсыр іліп қаршығаң,  
Арғымағың бәйгеден  
Келсе — қосқан сайын...

### Ш а ғ а т а й

Дүниенің рахаты — менше:  
Қас-дұшпанды жеңсе!  
Ордасына енсе!  
...Өрттей қаулап қайғысы,  
Қасіреті қоздаса!  
Хан-Патшасы — Қара Нар —  
Қара жолда мертігіп,  
Артындағы ұрпағы —  
Боғдайын боздаса!

### Ү г е д е й

Дүниенің рахаты —  
Мәңгі  
Өмір сүрсек мәнді.  
Далай Қаһан Әкенің  
Ұлылығы сақталып —

Мұқым халық қоласты  
Бейбіт күнде бұлжытпай  
Орындаса заңды!

Ж о ш ы

Дүниенің рахаты деймісіз?!  
...Еңіреген Ер туып,  
Елім деген Адамға,  
Болаттайын беркініп,  
Жерім деген Адамға —  
Дүниенің рахаты болар ма?!..

Ш ы н ғ ы с х а н

Жә!..

**Б і р і н ш і Б ө л і м н і ң с о ң ы .**

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

*Шыңғыс ханның Қарақорымдағы ордасы...  
Ордада — Шыңғыс хан, Меңлік-Атай, Кетбұғы жырау,  
Татанунга... Шыңғыс хан Есүй-ханымға аяқ-қолын уқалатып  
отырады...*

Ш ы ң ғ ы с х а н

*(Қобызын аңыратып отырған Кетбұғы жырауды тиып).*

Жә!

*(Қобыз үні тына бере, баршасына)*

Жалған бүтін —

Бүйрегіндей сиырдың —

Тұтас қалпы — Қырық бөлек —

Ділдерінді білемін!

Бимәлімі — діндерің?!

*(Кетбұғы жырауға)*

Қайсы дінге иланасың,

Қарт Абыз?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Исламға...

«Әл-хамдуллаһи» мұсылманмын.

Әшһәду ән лә иләһә иллә аллаһу —

уа әшһәду әннә Мұхаммад

һабдуһу уа расулуһу.

Ш ы ң ғ ы с х а н

Меңлік-Атай!  
Құлдық ұрып,  
Кімге мінәжат қыласың?!

М е ң л і к - А т а й

Айтар болсам расын –  
Буддаға – Ұлы Тәңірге!

Ш ы ң ғ ы с х а н (*Татанунгаға*).

Ал, сенің ше, кісәпір,  
Не тілейді инсаның?!

Т а т а н у н г а

Мен – құлымын Исаның –  
Пайғамбардың Пірғауын!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Құлымын де Исаның –  
...Менің құлым емеспісің,  
Сен, сонда!

Т а т а н у н г а (*сасып*).

Жо-жок... Иса...  
Ия... Ия... Сіздің... Сіздің –  
Құлақкесті құлыңызбын,  
Хан-Ием?!  
Түскен әуре-сарсаңға...  
Кешір күнәһарыңды?!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жә!  
Әуел сөзің – нанымды...

Бірін – артық,  
Бірін – кемшін дей алман,  
Иса да – Ұлық Пайғамбар! –  
Кесір етпен –  
Құлдығын қыл...  
Менің білгім келгені –  
Нені көксеп мүлгисің?!

Т а т а н у н ғ а

Ақиқатты, Хан-Ием.

Ш ы ң ғ ы с х а н

Арсыз-болмыс аш-құрсақ –  
Саған Ақиқат неге керек,  
Кісәпір!  
*(Кетбұғы жырауға)*  
Сен не айтасың,  
Қарт Абыз?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Менің де сол айтарым –  
Ақиқат...

М е ң л і к - А т а й *(Қаһан сұрағын күтпей).*

Қаһан,  
Мен де  
Арашашы – жақсы менен жаманға –  
Ақиқатқа дес берем...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Ақиқат де...  
Олай болса –  
Ақиқатқа жеткісі  
Келген кісі  
Шықсын менің Оңыма –



Ақиқаттың түбі – Ажал!

...Кәні, маған жақында!

*(Қаһанның Оң жағы – Өлім екенін білетін – Кетбұғы жырау да, Меңлік-Атай да, Татанунга да зәрелері ұшып, түтігін, тілсіз қалады)*

...Ақиқат де –

Арашашы – жақсы менен жаманға!

Осы – мақұл ақыл ма?!

Айтшы маған білгенің –

Байлық деген немене?!

Билік деген немене?!

М е н л і к - А т а й

Байлық деген –

Мәңгілікке тот баспас

Қорындағы сом Алтын,

Хан-Ием...

Т а т а н у н г а

Билік деген –

Қияс қадым аттатпас

Қолындағы Қылыш – Құрыш-Болатың,

Хан-Ием...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Дұрыс-ақ делік!

Сонда –

Алтын не дейді?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

«Бәрі – менікі! –

Баурап аламын!» – дейді Алтын...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Дұрыс-ақ делік!

Сонда –

Құрыш не дейді?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

«Бәрі – менікі! –  
Жаулап аламын!» – дейді Құрыш...

Ш ы ң ғ ы с х а н *(разы болып).*

Екеуінікі де – дұрыс!...  
*(Күндей күркіреп)*  
Алтын – Қорымда!  
Құрыш – Қолымда!  
Бәрі! Бәрі – Менікі!  
Жә!

*(Кетбұғы жырау, Меңлік-Атай, Татанунға – жайлап жылысып, Ордадан шығып кетеді...)*

Е с ү й - х а н ы м *(жалған күліп).*

Алған қатыны ерке болса –  
Не болады, Хан-Ием?..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Алған қатыны ерке болса –  
Ерінің  
Жан-шырайын ашады де, Есүйім.  
Сен немене?  
Еркелікке есең кетіп жүр ме еді?!  
Әлде, күйпаз кісі ме ең!  
Тәңірімнің жұмағына бергісіз  
Ұлытауға өзінді  
Ертіп келдім емес пе,  
Көп қатынның ішінен! –  
Көп қатыным – бір төбе,  
Сен бір төбе, Есүйім!

Е с ү й - х а н ы м

Жалғыз төбе – таумын десе не жазық?..  
*(Сәл уақыт өткізіп)*

Сенген ұлың есер болса –  
Не болады, Хан-Ием?..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Сенген ұлың есер болса –  
Елінің  
Берекеті қашады де, Есүйім!

Е с ү й - х а н ы м

Есер ұлың Төбеңе –  
Ту қадаса не болады, хан-ием!

Ш ы ң ғ ы с х а н (*сұрланып*).

Ем қонбайтын кесел болар, Есүйім!

Е с ү й - х а н ы м

Есер ұлың Төбеңе –  
Ту қадаған кезінде,  
Ерке қатын ес жиып –  
Туламаса не болады, Хан-Ием!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Қылша мойынын кесер болар, сұр бедеу!  
Не пәлеге бастадың –  
Астарламай ашып айт?

Е с ү й - х а н ы м

Ашып айтсам:  
Ауыр тиер, Хан-Ием!  
Шер-шеменің қойылар –  
Азасына ала қарға тойынар!

Ш ы ң ғ ы с х а н (*кесіп*).

Айт, жылдам!..

Е с ү й - х а н ы м

Айтсам:  
Ұлың Жошының  
Мына менде ойы бар!  
Онон өзені бойында:  
«Қара жерді қан қылған,  
Қам халықты ылаң қылған,  
Адамды хайуан аң қылған,  
Алжыған кәрі қақбасты  
Өлтірем деп у беріп!» –  
Саған көзін алартты!..  
«Қойыныңды жылытам деп,  
Құрсағыңа қан құйып,  
Көк етінді жыртамы деп!» –  
Маған тосын шабынып,  
Мойыныма қол артты –  
Әрең қашып құтылдым! –  
Өлердейін шошыдым!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Доғар, сайқал!..  
Шығарма енді дымыңды!

Е с ү й - х а н ы м

Сонда есер ұлыңды –  
Енесіне шаптырып,  
Азынатып қоймақпысың, Хан-Ием?!  
*(Шыңғыс ханның жүрегінде тұтанған қызғаныш отына май құя түсіп)*

Халық айтса –  
Қалып айтпасын білесің –  
Қалыбы бөтен Жошының!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(өзіне-өзі).*

Жел соқпаса – қозғалмайды шөп басы!  
Сандырағы сай келеді осының –  
Саналыға – ишара!  
*(Өз ойынан өзі шошынып)*

Екі ай бойы тұтқын қылған ит-меркіт  
Жатырына Бөртенің  
Тас байласа – не шара?!  
(*Есүй-ханымға*)  
Жә, сұр бедеу!  
Сабактай түс сөзінді! –  
Тағы айта түс!  
Айта түс!

Е с ү й - х а н ы м

Айтсам:  
Менің құдайдан соң  
Қорғанымсың, Хан-Ием!  
Сұлу туған сорыма –  
Тылағына туласа  
Ту байламас сұр бедеу  
Болғаным шын, Хан-Ием!  
Тағдыр мені тәнті етті –  
Хан тағына лайық  
Мұрагерге зар қылып,  
Соқа басымды сорайтып,  
Қатын емес, қар қылып!  
Жарым болса да жан тәтті:  
Көңілімнің түйгенін  
Қанша мәрте оқталсам,  
Сонша мәрте сақтанып –  
Айта алмадым, айтуға –  
Жетер емес батылым...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Айт!  
Айта түс!..

Е с ү й - х а н ы м

Айтсам:  
Қалыбы бөтен Жошының! –  
Қолқасына қорғасын  
Құйып, олжа ет дер ем –

Зады мықты қатынын!  
Оған қалың Монғолда —  
Пар келетін қатын жоқ!  
Саған Күллі Әлемде —  
Қарсы тұрар жатын жоқ!..  
Айтсам:  
Өзің, Хан-Ием,  
Басы піспес ұлдарың  
«Тышқанды көздеп,  
Тигізе алмас бұланға,  
Шөпке ораса сиыр жемес,  
Майға былғаса ит жемес!» —  
Туғандығын жырғадың!  
Өздігінен қонбайды  
Айдынына аққу құс.  
Мың жылда бір туады  
Шыңғыс хан мен Бектумыш!  
Хан тағына лайық —  
Мұрагерді сол туар!  
Халық соңына еретін —  
Ұран ерді сол туар!..  
Айтсам:  
Мені айыптап,  
Жазғырсаң да өзін біл.  
Аз ақылымды байыптап,  
Мәз қылсаң да өзің біл...

### Ш ы ң ғ ы с х а н

Айта түс!

### Е с ү й - х а н ы м

Бәрі өзіңнің қолыңда,  
Дара туған данышпан.  
Төрт құбыланды түгел қыл —  
Қолда тұрған кезінде  
Басу лазым қоныштан!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Ім!..  
Кеселдінің кесімін –  
Тауып айттың, Есүйім!  
Өміріңнің есігін –  
Жауып айттың, Есүйім!..  
*(Есүй-ханым шегіне береді...)*  
Сақшы!  
*(Қайқы қылышын жалаң ұстап Сақшы кіреді)*

Е с ү й - х а н ы м

Жо-жоқ! Жок! Жоқ!  
Жазығым не, Хан-Ием?..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Жазығың сол:  
Сенің қатын басыңмен –  
Ақылыңның асқаны!  
Менің қаһан басыммен –  
Аруағымның қашқаны!  
*(Сақшыға)*  
Әкет!

Е с ү й - х а н ы м

Жазғыр!..  
Шыбын жанымды жарылқай гөр,  
Хан-Ием?..

Ш ы ң ғ ы с х а н

*(Сұқ саусағын жоғары нұқып).*

Ауыртыңдар жанын!  
Ағызыңдар қанын!!!

*(Сақшы Есүй-ханымды шыңғыртып сүйреп бара жатқанда,  
Шағатай көрінеді).*

Ш а ғ а т а й *(үрейленіп).*

Рұхсат па, Әміршім?..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(түк болмағандай).*

Рұхсат. Рұхсат..  
Хан баласы ордаға  
Қаймығып кірсе –  
Қараның күні қараң болғаны ғой...

Ш а ғ а т а й

Әміршім!..  
Қаймығып емес,  
Қайғырып енсем – нетесің?!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Қайғырып енсең –  
Жаныңда сенің жараң болғаны ғой!  
Айт – дауаңның төтесін...

Ш а ғ а т а й

Қапелімде қамдансақ,  
Қаптап барсақ тездетіп,  
Жарамның емі – жеңілдеу.  
Қиын емес қармансақ,  
Қапыда басын телімдеу –  
Естідім сұмдық хабарды!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Қандай сұмдық?

Ш а ғ а т а й

Жасыны ойнап назаның,  
Аспаным тосын қабарды..  
Тыныш жатқан төсекті,  
Теңсеп, Жошы шайқады.



Түйдектеп ұшқан түгінді,  
 Түте ғып Жошы байқады.  
 Түк сезбеген қананды,  
 Түрткілеп Жошы тайкады...  
 Тегін қуып әуейі,  
 Ән мен жырға әуес боп,  
 Арғындарға жағынып,  
 Арқа тұтып керейтті,  
 Қанға малмай, қаңсытып –  
 Сүбітайдың найзасын,  
 Құр ілгізіп қарына –  
 Құрықтайын серейтті.  
 Бек жаралған әкеміз,  
 Болмас іске көндіңіз.  
 Басканың сөкет сөзіне,  
 Бұлқынып неге ердіңіз.  
 Азғын туған ит-меркіт,  
 Қыпшақтардың жер-суын  
 Иемденіп еркімен,  
 Мұсылмандыққа енем деп,  
 Тайқып шықты сертінен...  
 Құран ұстап Жошының:  
 «Осы сапар, оллаһи,  
 Аңға шыққан кезінде,  
 Өлтіремін Әкемді!» –  
 Дегенінен шошыдым!..

### Ш ы ң ғ ы с х а н (өзіне-өзі).

Өкшемді басқан тірегім –  
 Шірік шыққанға ұқсайды,  
 Не сезесің, жүрегім,  
 Бүйрек пенен бауырдан –  
 Бүлік шыққанға ұқсайды?..  
*(Шағатайға)*  
 Көші-қонды халықтың:  
 «Жаман малды асырасаң –  
 Аш өзегінді май етеді,

Жаман адамды асырасаң –  
Аузы-мұрыныңды қан етеді» –  
Деп жүргені осы да.  
Саптыаяққа ас құйып,  
Қарауыл қарар сабынан –  
Күн туды де басына!  
Мұны саған кім айтты?..  
Рас па өзі осының!

### Ш а ғ а т а й

Кеше кісі жіберткен  
Жасағынан Жошының  
Жансыз ноян жасырын.  
Олар бүгін Ордаға –  
Кеп қалады, Әміршім!  
Бұл хабарға сенбесең –  
Қайғы жұтып, кеудеме –  
Дерт толады, Әміршім!..

### Ш ы ң ғ ы с х а н

Естіген сұмдық хабарың  
Жалған болып, Шағатай,  
Есінді алып жүрмесін?!  
Шығарушы болма тісіңнен –  
Тірі пенде білмесін!  
*(Ойланып)*  
Хабарың қасірет буады –  
Аруағы басым – шабынса,  
Ауызы дуалы – шағынса,  
Жошыдайын жойқын Ұл –  
Ілуде бір туады...  
Жансыз ноян сұмдығы,  
Арамызға от жағып  
Арандатса біздерді –  
Қарымы қайтпас қателік!..  
Ата жаудай сескенбей,  
Өте жаудай өштенбей,  
Адыраңдамай сөйлесіп,

Аңысын аңдап көрелік,  
Ақылды іс етелік?!

*(Сыртта дабыл қағылып, Ордаға жорықтың қара туын көтеріп Сүбітай мен Құбылай, қабағы қатыңқы Жошы бастаған нояндар енеді).*

Қ ұ б ы л а й

Әміршім!..  
Қытай халқын қайран етіп келдік біз!  
*(Шыңғыс хан үнсіз ризашылық білдірді).*

С ү б і т а й

Әміршім!..  
Орман елін ойран етіп келдік біз!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Тағынан көтеріліп).*

...Ерінбей елді қыдырып,  
Етегімді шеңгел сыдырып,  
Есімді жиған шағымда,  
Артылдырғандарым, тапқаным! —  
Тәңірім риза сендерге,  
Үмітімді ақтадың!..  
*(Әрі қарай ұлағатын ұстартып)*  
Өздеріңді бек сыйлап,  
Жойқын асу астырдым.  
Қолдарыңды қақпадым,  
Алшаң-алшаң бастырдым.  
Көрсен дұшпан қашатын,  
Қара албасты басатын,  
Қан-шайқаста жеңгіздім.  
Қоңырсыған иісті,  
Қомыт-қомыт киімді,  
Қамыт аяқ монғолды,  
Мұздай қару асынтып,  
Мейманасын тасынтып,  
Ел санатына енгіздім.

Аңдағанға – барабар –  
Алғаным мен Бергенім:  
Шығысқа бас игіздім –  
Бақас Батыс елдерін!  
Уды умен қайырып,  
Асылдан алтын айырып,  
Өңі қашқан өмірді –  
Өлімменен емдедім!  
Бұл – Алғаным!  
Бергенім:  
Кұжынаған көп елдің,  
Кұдайсынған хандарын,  
Тәубасына келтіріп,  
Көңілін басып, демдедім –  
Өлі ұйқыдан оятты  
Жүректегі жарасы.  
Буыны бекіп, оқ атты  
Бесіктегі баласы.  
Жеке-дара жортқаны,  
Жанына катер төнгесін,  
Бірегейін құп алып,  
Бір жеңнен қол шығарып,  
Қаны бірге бірігіп,  
Қас пен көздей кірігіп,  
Жақын тартты арасы!  
Осы тұстан келгенде,  
Жеңілгенім – Жеңгенім,  
Жығылғаным – Жыққаным!  
Дұшпанымыз саны артты –  
Енді бізге екі есе  
Есті болмай болмайды.  
Енді бізге жеті есе  
Сесті болмай болмайды! –  
Осы менің ұққаным!..  
Азып кетіп жүрмелік,  
Көп байлықты жастанып!  
Тозып кетіп жүрмелік,  
Аз табысқа мастанып?!  
*(Нояндарын шолып)*

Кәні, абзал достарым,  
Алғаш ақыл қосқаным —  
Не айтасың осыған!

Қ ұ б ы л а й

Көкте — Тәңірім!  
Жерде — Сен!  
Мың жасағын, Әміршім!

З і л м а я

Кеудеден жан шыққанша,  
Жұдырықтай жұмылып,  
Дұшпан жасып, бұққанша —  
Жымдасамыз, Әміршім...

Ж е б е

Дәйім соны Жорыққа  
Бастай бергін, Әміршім!

С ү б і т а й

Сапасы жоқ, саны көп  
Дұшпан — ғарып, қорықпа?!  
Суыт, алыс жүрсек те,  
Тілегі бір байырғы  
Достай көргін, Әміршім!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Құртымыш тән — әңгүдік,  
Құрметті есім — мәңгілік.  
Асыл ойдан қалетсіз,  
Артық, сірә, дос та жоқ.  
Ашу-ызадан қажетсіз,  
Ақымақ, сірә, қас та жоқ.  
Сенері көп болса да,  
Серік тәннен артылмас.

Сүйері көп болса да,  
Шыбын жаннан артылмас.  
Төзімді болу – айлалы,  
Таза болу – пайдалы!  
Тәңірім риза сендерге!  
...Жоқ па басқа наз-өкпе?..  
Өндісін өсиет қыламыз!

### Ш і г і қ ұ т ы қ

Бізде наз да,  
Өкпе де жоқ, Әміршім! –  
Әміріңе құлдық ұрамыз!

### Ж о ш ы

Кірсіз – Ай,  
Мінсіз – Құдай!  
Ай да емессің,  
Құдай да емессің,  
Құдайдан былай да емессің, Әміршім!  
Аз сөзіме құлақ ас?!  
*(Шыңғыс хан «айта бер» дегендей ишарат білдіреді)*  
Әміршім!..  
Ғұмыр бойы қаһарыңнан қорынып,  
Қаһандығыңнан именіп –  
Суға салдың – батпадық,  
Отқа салдың – күймедік.  
Қалың жаудан қаймықпас  
Ер болуды ойладық.  
Жауын жеңбей жайлықпас  
Ел болуды ойладық! –  
Бұл да оңды сияқты!..  
Егескеннің есін алар,  
Ер болуын – болдық біз!  
Сар далада сенделіп,  
Сарғаюда санамыз! –  
Жесір менен жетімді,  
Ертелі-кеш еңіретіп,

Гүлдей нәзік тірліктің  
Тебінгісін темір етіп,  
Жас өмірдің кезімін  
Көрде киер кебін етіп —  
Ел болып не оңамыз?!..  
Бар ма дейсің наз-өкпе? —  
Бұдан да әрі қырып қара халықты,  
Қара жерді ойрандап —  
Қанға бөге беруіміз қажет пе!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(сұрланып)*.

Қан төгуге қарсысың ба?!

Ж о ш ы

Қарсы емеспін, қалыспын!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Қаһан айтса — жан беруге қалайсың?!

Ж о ш ы

Төгілер қанға тығын болса шыбын жан,  
Мен әзірмін, Әміршім!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Қара тобыр қан көрмесе,  
Қасарған Ұл жан бермесе —  
Ұмытпай ма Құдайын!

Ж о ш ы

Қан түгілі,  
Жан түгілі,  
Судың да —  
Сұрауы бар емес пе?! —  
Қара тобыр қара туыңды құлатар,  
Қан жұтқасын ұдайын!

Жатқан жылан құйрығын  
Баспаған жөн, Әміршім!  
Көп көзіне топырақ шашпаған жөн,  
Әміршім!

Ш ы ң ғ ы с х а н (*кекетін*).

Қара тобыр қара туымды құлатса,  
Қасарған Ұл арқа сүйегімді уатар...  
Сонда қандай ақыл-кеңес бересің?..

Ж о ш ы

Қарымызда көк сүңгі,  
Астымызда жарау ат.  
Қорку, бұғу білмейтін,  
Күллі монғол – апайтөс.  
Құр өтпейтін күніміз –  
Құдды Майдан – Ғадауат.  
Ат төбеліндей Аз едік,  
Ат терісіндей Көпті алдық –  
Енді осы теріні илегеніміз жөн болар!  
Қара басына қаза егіп,  
Құдайдан басқада Жокты алдық –  
Жокты Бардай басынып билегеніміз болар!  
Қорқа білген құнттан –  
Алып шығады,  
Әміршім!  
Бұға білген Ұлттан –  
Халық шығады,  
Әміршім!  
Жамбасынды жауыр ғып,  
Ат үстінде өткен өмір өмір ме,  
Айбынымыз асқан жерге  
Егін егіп, қала сап,  
Алқа-қотан жайлықпай.  
Рухымызды ұран қанша асырар –  
Өлең-жырдан безіндік.  
Жасактың жаны былғанды –



Құр сұлдені жүрегі жоқ, басы бар,  
Өлі аруақ сезіндік.  
Арлы ақылдан айнып болмас:  
Алтын-күміс – нәті Тас!  
Дүниеде байлық болмас,  
Ән-күй сынды байлықтай...

Ш ы ң ғ ы с х а н

Сонда қалай?!  
Ұран салмай,  
Күллі Әлемге атойлаған Монғолға –  
Ән сал дегің келе ме?!

Ж о ш ы

Ұран тегі ән емес пе,  
Әміршім!  
Күллі Әлемге атойлау –  
Күллі Әлемге ат ойнату емес қой?!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Туған ұлға жат ойлату болғаны ма!

Ж о ш ы

Жат ойлаған кезім жоқ!..  
Кеңессіз пішкен тон – келте.  
Өктем пікір – өкінішке қалдырар.  
...Далада еркін жабымыз,  
Қадам баспай ілгері,  
Тұяғын тасқа алдырар –  
Талысына шыдас бермес Батыстың!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Оттама!

Ж о ш ы

Төрт құбыласы тең  
Ер де,  
Ел де тумайтынын білесің.  
Атақ-даңқ ата жолын қумайтынын білесің.  
Көзі тоймас пенденің бас сүйегі,  
Жарты Шарды жаулаған  
Ескендірше  
Құла түзде қурайтынын білесің!  
Ерден артып ер туғанмен,  
Елден артып ел тумайды ешқашан –  
Ел ерінен  
Арттырмайды Ел үлесін!  
Хайуандықтан аты шыққан –  
Ерді көрген қайсың бар?!  
Надандықтан аты шыққан –  
Елді көрген қайсың бар!  
Тарих аз-кем қалғып кеткен шағында,  
Қайқы қылыш қас кезенген құдайсыңдар!  
Машһар күні – Шын Құдайдың алдында –  
Жалған Құдайлықтарың үшін жылайсыңдар!..  
Қаділ Дүние Адамға  
Бірде – бетін,  
Бірде жонын береді.  
Жасақта жан жоқ жарасыз,  
Ұлыста үй жоқ қазасыз.  
Ұстынынан айрылған  
Екінің бірі панасыз –  
Қажыта бермей халықты,  
Қам ойла дегім келеді!  
Қырғыннан халқың жалықты! –  
Күніміз туған екен деп,  
Аруларын зорламай,  
Аруағын қорламай,  
Қоластыңдағы елдерге  
Қырғидай тиген қасіретке  
Қырағы болу – керегі!  
Уақыттың – тынысы,  
Бәз бақыттың бұлағы болу – керегі!!

## Ш ы ң ғ ы с х а н

Ақымақ!..  
Қарашыдан қаһандыққа жетуің де – бір сәттік!  
Фәни – Жалған.  
Келуің де,  
Кетуің де – бір сәттік!  
Бір-ақ сәттік жүрегіннің алауын  
Мәңгі өшпейтін етуің де – бір сәттік!  
...Қаділ Дүние бетін берсе –  
Ашынасы боп сүйемін!  
Жонын берсе –  
Ашымасы боп тиемін! –  
Қамшылауға құдыретім жетеді!  
...Тұлпар үш күн  
Соңына ерсе есектің  
Тәспі сорып кетеді! –  
Соңына ерткің келе ме?!  
Көкте – Құдай!  
Жерде – Мен!  
Мендігімді ұмытып,  
Толағайдай тұлданып,  
Қалай-қалай толғайсың?! –  
Алты ай атан болғанша,  
Бір күн бура болғайсың! –  
Сәл ертерек санау мені өлдіге!  
...Сен немене, Батыстан  
Бетің қайтып келді ме? –  
Бағдат пенен Оралды  
Байластырған  
«Жібек Жолын» қор санап!

## Ж о ш ы

Батыстың да келеді өз кезегі!  
Бетім қайтса берен сөйлеп нетемін –  
Белі босың мен емес!..  
«Жібек Жолы» – Алтын Арқау,  
Шығыстың – Өмір Өзегі –  
Бұған дау жоқ, Әміршім!

Бірақ, қазір бейқам жатқан Батысқа  
«Жібек Жолы»  
Арқылы  
Жорық жасау жөн емес!  
Алу үшін Батысты –  
Аттың басын бұру керек Шығысқа!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Неге?!  
Сенің есің дұрыс па?!

Ж о ш ы

Есім дұрыс, Әміршім!..  
Жон-арқасы емес,  
Бетін бұрар болса біздерге –  
Ат тұяғы аман алып қала алмайды Батыстан!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Сенің ақылың шатысқан!

Ж о ш ы

Бір-бірімен қырқысқан,  
Ауызы ала Батыстың,  
Қарсы жатқан Әбжыландай,  
Іспей тұрып алқымы,  
Ту-сыртынан орау керек,  
Шығып Теңіз арқылы! –  
Теңіз бізге –  
Күш береді сарқылмас,  
Айла береді артылмас,  
Тыныс береді алқынбас!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(Жошыны тиып).*

Жә!  
Жетер!  
Доғар былшылды!..  
*(Өзіне-өзі)*

Бұралқы неме ырқыңнан —  
Біржолата кеткен екен, Тәмүжін!  
Көмейіне қорғасын —  
Құяр мезгіл жеткен екен, Тәмүжін!,  
(Сақшы асығыс кіреді...)

С а қ ш ы

Баяндауға рұхсат ет, Әміршім?!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Баяндай бер!

С а қ ш ы

Қара ат мінген Хабаршы —  
Бұйрық күтіп тыста тұр!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Кірсін дегін!  
(Сақшы шығып кетеді... Шыңғыс хан шыдамсызданып)  
Қара ат мінсе —  
Қара хабар әкелді де  
Қыршынынан қиятын!  
(Сақшы Хабаршыны ертіп кіреді).

Х а б а р ш ы (қаймығып).

Әміршім!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Айта бер!  
Қай арысым тапты мәңгі миятын?!  
Қай нояным мертілді!..

Х а б а р ш ы

Сартаулдар —  
Ухуна мен Жүз елшіні тұтқындап,  
Дарға асып өлтірді...

Ш ы ң ғ ы с х а н (*түнеріп*).

Қара хабар әкелгеннің көзін құрт!  
(*Сүбітай мен Құбылай бастаған нояндар құтырынып шыға келеді... Шыңғыс хан сұқ саусағын төмен нұқып*),  
Ауыртпаңдар жанын!  
Ағызбаңдар қанын!..  
(*Нояндар Хабаршыны – бел омырқасын үзін өлтіреді*).

Н о я н д а р (*Көтеріліп*).

– Ухунадай арыстың  
Керек кегін қайыру!  
– Қысас істеп егеске,  
Сартаулдың дұрыс таңын айыру!  
– Қол қусырып тек отыру маскара,  
Сартаулға алтын арқан қиғызып!  
– Сартаулдың ісіп-кепкен көңілін –  
Сап тиялық қанды қамыт кигізіп!

Ш ы ң ғ ы с х а н (*Жошыға, кекетіп*).

Данышпаным!..  
Қол астыңнан ылаң шықты!  
Сен не дейсің бұл іске?! –  
Тарс айрылмай талағың  
Тұрғанына қайранмын!

Ж о ш ы

Өзім жасқап,  
Өзім тезге саламын –  
Таланыма тағдыр жазған мансұқты!  
(*Өзіне-өзі*)  
Қаһарына қаһанның  
Кіріптар қылар күмәнға –  
Қыл мойнымнан байландым!..  
(*Шыңғыс ханға*)  
Аттануға рұхсат ет,  
Әміршім!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Рұхсат!

*(Жошы жалғыз өзі шығып кетеді...)*

*Шыңғыс хан Жошыға жолсерік боп еруге ыңғай білдірген  
Сүбітайды кес-кестеп)*

Жә!.. Жасанба?!..

Нағыз Еркек –

Ажал менен Әйелге

Қашанда жалғыз барады!

Жалғыз жасқап,

Жалғыз тезге салады –

Таланына тағдыры жазған мансұқты!

*(...Шыңғыс хан үнсіздікті бұзып, шығып кеткен Жошыны  
нұсқап, сұқ саусағын төмен нұқып, шарасыздықтан қан жұтып)*

Ауыртпаңдар жанын!

Ағызбаңдар қанын!..

*(Құбылай мен Сүбітай бастаған нояндар, хайуан-кейіптеріне  
еніп, құтырынып шыға келеді... Шыңғыс хан ауыр қозғалып  
Тағына беттейді...).*

**БЕСІНШІ КӨРІНІС**

*Бөрте-ханымның отауы...*

*Бөрте-ханым – Жошы – Бектұмыш.*

Ж о ш ы *(Бөрте-ханымның алдында тізерлен).*

...Айтпасам да білесің –

Әке үкімі – қатал-ды!

Жолға шығам, Кейуана,

Батанды бер, батанды?..

Б ө р т е - х а н ы м

Бауырыма салған Батуды

Бұлғаң-бұлғаң бастырып,

Бак-таланын астырып,  
Қас-қабағын баққыштап,  
Қолына түскен олжаның  
Ардағы мен асылын,  
Қызылы мен жасылын –  
Иініме жапқыштап,  
Сындарлы келін қолынан –  
Сый-сыбаға алғызып,  
Ақ түйенің қарынын –  
Адалынан жарғызып,  
Қона-жатып кетуші ең?..  
Тоғыз қанат ақ ордан  
Тігілуін күтпестен,  
Көңілдегі кейгі ісін  
Келесінен бітпестен,  
Бауырыңды да жазбастан,  
Тізенді де бүкпестен,  
Жошым, қайда сайландың?!

Ж о ш ы (*түрегеліп, түнеріп*).

Шекісіп тындық,  
Кетісіп тындық, шамасы!..  
Кәрін төкті Хан-Әкем!  
Қан сасыған қанасы,  
Қаһарына қаһанның  
Кіріптар қылар күмәнға –  
Қыл мойнымнан байландым!  
Сартауылдан бүлік шықты, Анашым! –  
Қайсы жанның нәубетін,  
Сартаулдан шыққан сол бүлік  
Қармағына іліп шықты, Анашым!..  
...Атың – Ана болғанмен,  
Затың – Әйел емес пе!  
«Сайландың қайда, Жошым» деп –  
Жолымды бекер кестің-ау! –  
Бұзып Ата-Дәстүрін! –  
Аттап Ғұрпын Ескінің!



Б ө р т е - х а н ы м *(шала бүлініп).*

Қайдағыға бастатып,  
Құдай қара бастырды!  
Кеш, құлыным!  
Кеш, Күнім?!

*(Жылап)*

Қадалған жерінен қан алмай тынбайтын,  
Хан-Әкеңмен шекісіп нең бар, Құлыным?!  
Жабысқан жерінен жан алмай тынбайтын,  
Хан-әкеңмен кетісіп нең бар, Құлыным!..

Ж о ш ы

Қас ұлының артында  
Қаһан қалса – жай табар!  
Қатын қалса – бай табар!  
Қарындас қалса – ер табар!  
Қабырғасы қатпаған,  
Қапа дәмін татпаған  
Қыран ұл қалса – шер табар! –  
Есінен сонда ел танар!

*(Бектумышқа)*

Құр шіренген бөріктіге бергісіз,  
Сендей болар етекте сай кісі! –  
Аптап ұрған Кердаладай қаңсып қал!  
Құр басыңа Құдай салса көнгісіз,  
Екі бірдей дүниенің қайғысы –  
Ерін, Елін күте алмаған қаншықтар!  
Адалдықтан аты шыққан жан едің,  
Арыңа кір жұқтырма! –  
Тырысып бақ намысқа?!

Б е к т у м ы ш

Қам жемегей, қыраным!  
Бұрын қалай сеніп келсең,  
Бұдан былай солай сен –  
Адал болу – Ұраным!..

Еркек Көктен түскен жоқ,  
Әйел – Оның Анасы.  
Әйел Жерден шыққан жоқ –  
Ол да Адамның Баласы!

Ж о ш ы

Бойымдағы бес қару –  
Ер Батуға табыста!  
*(Дулығысын шешіп, Бектумышқа беріп жатып)*  
Дуа дарыған Дулығам!  
Аруақ қонып, нар шөгіп,  
Басына кесе бақ қарар! –  
Абыройы алыс-жақыннан  
Артатұғын шақ болар!  
*(Садағын қорамсағымен қоса ұсынып)*  
Қорамсағы құт толы,  
Қозы жауырын қу жебе,  
Алтыннан ойған алты кез  
Адырнасын аңыратып  
Тартатұғын шақ болар!  
*(Найзасын тапсырып)*  
Қарағайға сапдатқан,  
Қан майданда қақтатқан,  
Шұбар туға шұлғаған,  
Қас-дұшпанға мақтатқан,  
Төрт қырлаған көк найза –  
Жау ішінде жалданар!  
*(Қылышын қынабымен бірге белдігінен ағытып)*  
Балдағы алтын ақ болат,  
Енді белге ілінбес,  
Ерлігім жауға білінбес! –  
Енші алмаса ер Бату  
Ертеңгі күні зар болар!..  
*(Сауытын шешіп)*  
Бодана көзді кіреуке,  
Шарайнасы бес қабат,  
Жау қарысы жетпеген,

Жез айыр оғы өтпеген,  
Енді үстіме киілмес –  
Жошың жауға шүйілмес!  
...Бес қаруы сай болса –  
Болар Бату еліне ес!  
...Қатып қалған көнім бар –  
Қаһаннан қалған көңілім бар –  
Рахман нұрысыз,  
Май құйсаң да ерімес!..  
*(Бөрте-ханымға)*  
Аттандым ақтық сапарға,  
Ақ сүгінді аз ақтасам, кеш, Ана?..  
*(Бетін түзен)*  
Қадырым өтпес қаһанға,  
Жалған сөйлеп, жағынып,  
Қарашысы бола алмай,  
Қасірет жұттым – не шара!  
*(Бектумышқа)*  
Адал жар,  
Сен де қош болғай?!

Б ө р т е х а н ы м *(аңырап)*.

Не болды мұнша сендерге,  
Сергелдеңге түскен сенделме –  
Көлеңкеден басқа дос жоқ боп,  
Аруақтан басқа ес жоқ боп!..

Б е к т у м ы ш

*(Жан қалтасынан кездік суырып, кетіп бара жатқан  
Жошының соңынан).*

Жарға берген антымды  
Ақтамасам – маған Серт!  
*(Кездікке)*  
Жан қиятын қалпыңды  
Сақтамасаң – саған Серт!

*(Бөрте-ханым мен Бектумыш қараңғылық қойнында қала  
береді... Жалғыз қалған Жошыны – хайуан-кейіптеріне еніп,*

*түн баласындай жортқан Құбылай – Сүбітай – Зілмая – Жебе қоршай түседі... Құлаққа ұрған танадай тыныштықты Шыңғыс ханның Күндей куркіреген дауысы бұзады).*

Ш ы ң ғ ы с х а н — Д а у ы с

Бұралқы неме ырқыңнан —  
Біржолата кеткен екен, Тәмүжін!  
Көмейіне қорғасын —  
Құяр мезгіл жеткен екен, Тәмүжін!

Ж о ш ы — Д а у ы с (қаралы).

Егескеннің есін алар  
Ер болуын — болдық біз!  
Сар далада сенделіп  
Сарғаюда санамыз!  
Жесір менен жетімді,  
Ертелі-кеш еңіретіп,  
Гүлдей нәзік тірліктің,  
Тебінгісін темір етіп,  
Жас өмірдің кезімін,  
Көрде киер кебін етіп —  
Ел болып не оңамыз!..

Ш ы ң ғ ы с х а н — Д а у ы с

Ауыртпандар жанын!  
Ағызбандар қанын!..  
*(Құбылай – Сүбітай – Зілмая – Жебе Жошыға тарпа бас салып, бел омыртқасын үзіп өлтіреді...)*

## АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

*Шыңғыс ханның ордасы...*

*Жошының өлімінен алдын ала хабардар қаһан жанын қоярға жер таба алмай аласуруда... Орда сақшылары қалт еткен қимылды күзетіп, жалаң қылышқа жан бақтырып тұр... Бақастықпен баласын өлтірткен әке сұмдығын — екі көзі бірдей көр Кетбұғы жырау тартқан қылқобыздың шерлі сазы жаһанға жария етіп жатқандай сұңқылдайды...*

*Ордаға Жошының Қаралы туын сүйретіп Сүбітай — Құбылай — Зілмая — Жебе бастаған нояндар мен Шыңғыс ханның ұлдары енеді.. Қаралы Жиын...*

Ш ы ң ғ ы с х а н  
(Қаралы тудан шошынып).

Қара хабар әкелгеннің —  
Қыршынынан қиямын!  
Өмір жасын тиямын!  
Көмейіне күміс қорытып құямын!  
Аулақ!..  
(Кетбұғы жырау қыл-қобызын  
аңырата түседі)  
Аныратпа!  
Абызым!  
Шыбын жаннан безінтіп,  
Қалай ащы зәр төгеді қобызың!  
Ет-бауырымды езілтіп,  
Тынышымды неге теңседің?! —  
Көзінді ойып,  
Көңіліңді көмбеп пе едім мен сенің!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у  
(Қобыз үшін кілт үзіп).

Теңіз бастан былғанды —  
Кім тұндырар, ей, ханым?!  
Терек түптен жығылды —  
Кім тұрғызар, ей, ханым?!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Теңіз бастан былғанса,  
Тұндырар ұлым Жошы дүр,  
Терек түптен жығылса,  
Тұрғызар ұлым Жошы дүр.  
Көрден шыққан жыландай,  
Көзің жасын жүгіртед —  
Көңілің тұлды болмай ма!  
Тәңірім салған ылаңдай,  
Жырың көңіл үркітед —  
Жошым өлді болмай ма!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Сөйлемеске еркім жоқ,  
Сен сөйледің, ей, ханым!  
Өз жарлығың өзіңе оқ,  
Не ойладың, ей, ханым!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Құлынын алған құландай,  
Құлынымнан айрылдым!  
Айрылысқан аққудай,  
Ер ұлымнан айрылдым!  
*(Еңіреп қоя береді...)*  
Қаскөй жанның тілімен,  
Қара ниеттің сөзімен,  
Қара басқан Тәмүжін,  
Жошы, сенен айрылды.  
Кажырлы менің ұлымның  
Қасиетті есімі  
Шығар күнмен шарықтап,  
Батар күнмен қалықтап —  
Барша Әлемге жайылды...  
Алғыр Жошы, өзіңнің —  
Анаң асыл жаралған.  
Батыл Жошы, өзіңнің —

Баурың білгір жаралған,  
Төрт құбылаң тең болды,  
Атақ-даңқың ғажайып –  
Мұхиттайын тулаған,  
Мысыңнан болдым мен ғайып!..

*(Ордаға жоқтау салған Бөрте-ханым мен Бектумыш енеді...  
Қаралы Жиын – хан ордасына қара бұлттай үйіріледі...).*

Б ө р т е - х а н ы м

Ата тілін алмаған,  
Жан бауыры Бектөрді –  
Құсымды тартып алдың деп,  
Тоғызында жалмаған.  
Дос-жарынан суынған,  
Көз жасымен жуынған,  
Қан уыстап жаралған,  
Қанжар ұстап туылған,  
Жөгі сөйлеп жан алған,  
Өз баласын көргенде  
Қара албасты басқырдай,  
Қадалған жерінен қан алмай тынбайтын,  
Хан-Әкеңмен шекіскенің – неткенің,  
Құлыным?!  
Жабысқан жерінен жан алмай тынбайтын,  
Хан-Әкеңмен кетіскенің – неткенің,  
Құлыным!  
Көлеңкеден басқаны дос қылмай,  
Аруақтан басқаны ес қылмай,  
Осылай ұлып өтем бе,  
Ұясына қатер төнгенде –  
Қарманған қаншық қасқырдай!..

Б е к т у м ы ш

Төрк етіп жалған-мұратты,  
Есіл боғда Жошы-Ием,  
Ендей жатқан жырақты,  
Иесіз тастап кеттің бе?!

Тыным таппас елінді,  
Туып-өскен жерінді,  
Тума, балаң-жарыңды,  
Жошы-Ием, зар еттің бе?  
Асыл елің – шоғырың,  
Алақандағы тобырың,  
Аруларың, ұл-қызың,  
Алтын Ордаң – қырмызың,  
Бәрі талыс қалып тұр!  
Кер айғырдың кекілін,  
Кере істеген жалауың,  
Керней, сырнай, ұраның,  
Хәрлен, Хөде аралың,  
Бәрі қалыс қалып тұр!  
Қалықтаған ән-күйің,  
Қасиетті жер-суың,  
Қалың қоныс, нақ-нуың,  
Бәрі алыс қалып тұр!..

### Ш ы ң ғ ы с х а н

*(Бөрте-ханым мен Бектумыштың жоқтауын тиып).*

Жә!  
*(Торға түскен арыстандай ерсіл-қарсыл кезіп,  
өзіне-өзі)*  
Қан-майданда салатын –  
Ұранымнан айрылдым!  
Аңдысқанын алатын –  
Қыран Ұлдан айрылдым!  
*(Кетбұғы жырауға)*  
Ұрығы бөтен Қыран Ұл –  
Өз Ұлыңа тең бола ма, Кетбұғы?!

### К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Ұрығы бөтен Қыран Ұл,  
Қара басын ойламай,  
Халық қамын ойласа –  
Өз Ұлыңнан артық болар Айбынға!



Қайғырма, хан, қайғырма!  
Қыран туған қай ұлдың кемі болмас!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(өзіне-өзі)*.

Қанатымнан қайрылдым,  
Қыр-арқамнан майрылдым –  
Өзімді-өзім бауыздап,  
Кестім күретамырымды –  
Жошы дүрден айрылдым!..  
*(Кетбұғы жырауға)*  
Сұрап алған ауруға –  
Ем қона ма, Кетбұғы?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Қайғырма, хан, қайғырма!  
Сұрап алған аурудың –  
Емі болмас!..

Ш ы ң ғ ы с х а н

Көкте – Құдай,  
Жерде – Мен!  
Мендігімді ес көріп,  
Ем қонбайтын ауруға –  
Ем іздесем жөн бола ма, Кетбұғы?!

К е т б ұ ғ ы ж ы р а у

Қайғырма, Хан, қайғырма!  
Қазаншының еркі бар –  
Қайдан құлақ шығарса!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(өзіне-өзі)*.

Жыраудың Кертолғауы –  
Қайғы-сұмның кара туын жықсай-ды!  
...У жұтқанның дерті – бал!  
*(Қара жамылған Бектумышқа ұмтыла түсіп)*

Менің емім табылғанға ұқсайды –  
Хақ-Тағалам құп алса?!  
*(Ордадағыларды түгел шолып)*  
Қаралы Жиын!  
Қалдыр мені оңаша?!  
Көкте – Құдай!  
Жерде – Мен!  
Мендігімді ес көріп –  
Көк Тәңірінен кеңес күтем жаңаша!

*(Қаралы Жиын хайуан-кейіптеріне еніп – бет-бетіне зытып жоқ болады...)*

Көк Тәңірімен тілдесем! –  
Жоғал!  
Жоғал-Барлығың!..  
*(Жаралы аққудай әзер ілбіп бара жатқан Бектумышқа)*  
Бектумыш, сен Ордада қал?!..  
Жаралы жан,  
Бірге тыңда Қаһанмен –  
Көк Тәңірі жарлығың!  
*(Бектумышқа қарайлаған Бөрте-ханымға)*  
Жоғал!..

*(Ордада Бектумыш пен екеуінен басқа тірі пенде жоғына көзін жеткізген соң, белбеуін шешіп, бұршағын мойынына салып, қолын Көкке жайып)*

О! Жер-Ана, жебей гөр?  
О, Құдайым, ондай гөр?!  
Жошым орыны толмаса,  
Бұл дегенім болмаса –  
«Шыңғыс хан – тұл!» – демей ме ел!..  
О, Жер-Ана, жебей гөр?  
О, Құдайым, ондай гөр?!  
*(Көк – тіл қатпайды...)*  
*Шыңғыс хан – шыдамсызданып)*  
Көк Тәңірі,  
Неге тілің байланды?!  
Жан жарасы асқынуға айналды!..  
Жанған отымды сөндіріп,



Көк Тәңірі – Есүй - ханым дауысы

Ей, Шыңғыс хан! –  
Жердегі менің Ұлы Елшім! –  
Жошың өлді!

Шыңғыс хан *(қан жұтын)*.

Көк Тәңірі!  
Жошың өлді дегенше,  
Жасағың өлді десей-ші?!  
Жасағың өлді дегенше,  
Шыңғыс өлді десей-ші?!  
Шыңғыс өлді дегенше,  
Шығыс өлді десей-ші!

Көк Тәңірі – Есүй - ханым дауысы

Жердегі менің Ұлы Елшім! –  
Шыңғыс әлі тірі ғой,  
Шығыс неге өледі?!

Шыңғыс хан

Көк Тәңірі!  
Маған енді керегі:  
Жердегі сенің Ұлы Елшің –  
Шыңғыс әзір тірі болса,  
Шығысты өлтірмеудің жолын айт?..

Көк Тәңірі – Есүй - ханым дауысы

Айтсам:  
Қалыбы бөтен Жошының  
Қолқасына қорғасын  
Құйдым! –  
Енді олжалан –  
Зады мықты қатынын!  
*(Бектумыш шошының, шегіне түседі...)*  
Оған қалың Монғолда –  
Пар келетін қатын жоқ!

Саған Күллі Әлемде —  
Қарсы тұрар жатын жоқ!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Көк Тәңірі!  
Айт!  
Айта түс?!

К ө к Т ә н і р і — Е с ү й - х а н ы м да у ы с ы

Айтсам:  
Өзің Ұлы Елшім —  
Басы піспес ұлдарың —  
«Бір аяқ асқа алғысыз,  
Жақсыдан — жаман азғындап...» —  
Туғандығын жырғадың!..  
Қыс қырауы жауратып,  
Құлазыған көңіліңді  
Бектумыш ару жаз қылмақ —  
Оңға басар ісінді  
Орайына келтірсең —  
Тәңірге қызмет қылғаның! —  
Келелі кеңес құрғаның!  
Хан тағына лайық —  
Мұрагерді сол туар!  
Соңына Халық еретін —  
Ұран ерді сол туар!  
Мұрагері болғаны —  
Шыңғыс тірі болғаны!  
Ұран ері болғаны —  
Шығыс тірі болғаны!

Ш ы ң ғ ы с х а н

Көк Тәңірі!  
Айта түс!..

Көк Тәңірі – Есүй - ханым дауысы

Бәрі өзіңнің қолыңда,  
Дара туған данышпан.  
Төрт құбыланды түгел қыл –  
Қолда тұрған кезінде  
Басканың жөн қоныштан!..  
*(Күледі... Күлкісі жаңғырып тұрып жоғалып кетеді).*

Шыңғыс хан (өзіне-өзі).

Ім!  
Кеселімнің кесімін  
Тауып айтты, Тәңірім! –  
Адамдығымды Хайуандап,  
Ауып айтты, Тәңірім!  
Шарам қайсы?! –  
Менде басқа амал жоқ!  
Суырап жан қайдасың –  
Жүрегіме қадалды оқ?!  
*(Бектумышқа)*  
Адамның Басы –  
Алланың Добы, Бектумыш!  
Көк Тәңірі Жарлығын –  
Өз құлағыңмен естідің!  
Тағдырыңа мойынсұн,  
Тірлігін ет естінің!  
Хан тағына лайық –  
Мұрагерді сен туасың!  
Соңына Халық еретін –  
Ұран ерді сен туасың!  
Тірідейін өлтірме?!..  
*(Бектумышқа төне түседі...).*

Бектумыш (шегініп).

Есінді жи!  
Хан тағына лайық –  
Мұрагерің бар емес пе, Хан-Ием?!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(түк естімей).*

Көк Тәңірі Жарлығын –  
Өз құлағыңмен естідің...

Б е к т у м ы ш *(қарманып).*

Сабаңа түс!  
Соңына Халық еретін –  
Ұран ерің бар емес пе, Хан-Ием!

Ш ы ң ғ ы с х а н *(тап беріп).*

Тағдырыңа мойынсұн,  
Тірлігін ет естінің!..

Б е к т у м ы ш *(тұншығып).*

Есінді жи!  
Сабаңа түс!..  
*(Шыңғыс хан шабынып қоймаған соң)*  
Тәңіріңе –  
Түкіргенім бар менің!..

Ш ы ң ғ ы с х а н *(тағыланып).*

Дегеніме жеткіз мені, пәрменім!..

Б е к т у м ы ш *(өзіне-өзі).*

Ерен туған Ер Жошым!  
Калауы жоқ –  
Қайғы жұтып қалғудың!  
Жаза басып,  
Жазым кетсем – сол қайғы!  
*(Шыңғыс ханнан жеркеніп)*  
Алдын алып  
Айықпайтын аурудың,  
Уды умен  
Қайтармасам – болмайды!  
*(Амалы таусылып, қойнынан кездік суырып)*

Жарға берген антымды  
Ақтамасам – маған Серт!  
Жан қиятын қалпыңды  
Сақтамасаң – саған Серт!

*(Шыңғыс ханның еніне кездік ұрады... Шыңғыс хан аунап түседі...).*

Ш ы ң ғ ы с х а н *(еңсесін әрең көтеріп).*

Көк Тәңірі!  
Жердегі Ұлы Елшіңнен қорынбады –  
Сұлулық!  
Жердегі Ұлы Елшіңнен қорықпады –  
Жынды Қар!..  
Сақшы?!

*(Қайқы қылышын хас ұстап Сақшы кіреді... Шыңғыс хан Сақшыға Бектумышты көрсетіп)*

Жоғалт көзін!  
Өлімтігін тірі жанға көрсетпе!  
*(Сақшы Бектумышты сүйрелеп алып бара жатады...).*

Б е к т у м ы ш

Риза бол, Жошы-ием!  
Рухымыз үстем – Өлсек те!..  
*(Ойраны шыққан Ордаға:  
Сүбітай – Құбылай – Зілмая – Жебе бастаған  
қаһанның нояндары мен ұлдары енеді...).*

Ж е б е

Нендей күйге душар болдық,  
Әміршім?!  
Соқырдайын соңыңа  
Ерген елдің соры ма бұл, бағы ма!

С ү б і т а й

Көзім көргені шындық болса –  
Біз де ажалмен туысар болдық,  
Шыңғысым!



Көтер!  
Көтер басыңды?!  
Тағына қон, Тағына!..

**Ш ы ң ғ ы с х а н** (*аяғынан әзер тұрып*).

Шыңғыс болсам —  
Саған Шыңғыс! —  
Шыңғыс болдым Әлемге!  
Құдайдан да жимайтұғын айылын,  
Бірақ,  
Шыңғыс бола алмадым —  
Әйелге!  
Осы —  
Жалғыз Айыбым!..  
Ағызды, Қар, Қанымды!  
Ауыртты, Қар, Жанымды!..

*(Шыңғыс хан — тұрып-жығылып жаралы жыртқыштың күйін кешеді...)*

*Ордадағы жан біткен хайуан-кейіптеріне еніп — аламан-тасыр боп кетеді...*

*Қаһанның келеге келмейтінін біліп — Таққа ұмтылған Шағатайдың жолын Төле мен Жебе бастаған нояндар бөгейді...*

*Осы сәтті пайдаланып, Үгедей — Шыңғыс ханның тағына қонады...).*

**Ү г е д е й** (*Күндей күркіреп*).

Жә!..

*(Ордадағылар — сілтідей тынады... Шыңғыс ханды — көрсетіп, сұқ саусағын — төмен нұқып...)*

Ағызбаңдар қанын!  
Ауыртпаңдар жанын!..

**Екінші Бөлімнің соңы.**

**Ескерту:**

Дастанда ішінара кездесетін тарихи сөз-диалогтар өзгеріссіз, сол күйінде алынды.



# **КҮШІГІНЕН ТАЛАНҒАН**

**Трагедия**

КЕЙІПКЕРЛЕР:

Ақсақ Темір	– Ұлы Әмірші.
Зайн-әд-дин	– Шейх, Ақсақ Темірдің ұстазы.
Тығырық Темір	– Қаһан, Шыңғыс ханның мұрагері.
Жұдай	– Хан.
Хұсейін	– Әмір, Ақсақ Темірдің досы.
Тарағай	– Ақсақ Темірдің әкесі.
Дариға	– Ақсақ Темірдің анасы.
Жаңылдық	– Қыпшақ батыры – Ақсақ Темірдің әйелі.
Барлас	– Әмір.
Баһрам	– Әмір.
Әл-Сапар ибн Отырари	– Бейнелеу өнерінің шебері.
Әл-Шаһани ибн Гүлстани	– Бейнелеу өнерінің шебері.
Жұлдызнамашы.	
Қоңыраттың елшісі.	
Ұста.	
Шәкірт.	
Әскер басы.	
Сакшы.	
Халық.	

*Оқиға – XIV ғасырдың аяқ кезінде өтеді.*

## **БІРІНШІ БӨЛІМ**

### **БІРІНШІ КӨРІНІС**

*...Мавераннехр... Атадан мирас Алтын Тақтың үстінде – сырттағы соғыстың сұрапылынан зәресі ұшып қалш-қалш еткен Тығырық Темір қahan... Ордаға қарсыласын күйретіп қылышын хас кезеніп кірген Ақсақ Темірден өлердей шошынған ол тағынан түсіп, берекеті қашқаны соншалық – белі жазылмай, не істерін білмей дал болып, тәңіріне тірідей жазады...*

**Тығырық Темір** (*төне түскен Ақсақ Темірден жасқанып, Алтын Тақтың артына жасырынып*).

...Сенің мені өлтіруге хақың жоқ!..  
Жо-жоқ!..  
Бұлай түлен түртпе!..  
Қызынба?!  
(*Әлденені іздеп жатқаны байқалады...*)  
Қалай дәтің барады –  
Баба салтын бұзуға!  
Асылық етпе?!  
Аруақтан аттама!  
Құдайыңды ұмытпа!–  
Аяқ асты қылма Ата-Дәстүрін!..

**Ақсақ Темір**

Жә! Оттама!  
Одан да –  
Кәлимаңды қайырып,  
Иманыңды үйіріп,  
Ақтық сөзіңді айтып қал!

Т ы ғ ы р ы қ Т е м і р

*(Алтын Тақтың артынан, бұзау терісіне жазылған  
Келісім-Шартты тауып, алып шығады...)*

Міне, міне Шарт-Нама!  
*(Жерден жеті қоян тапқандай қуанып)*  
Дегеніне көн Ақылдың,  
Танымына илан Сананың!  
Міне, міне Шарт-Нама! –  
Арғы атаң Қассақ батырдың  
Арғы атам Қабыл қаһанға  
Қанымен жазған Ант-Суы!  
Міне, міне...

*(...Жанын алып қалатындай бұзау терісін жалма-жан жайып  
жіберіп оқи жөнеледі...)*

Мұнда былай делінген:  
«Жеті Ықылым Дүниеде  
Қабыл ханның ұрқына  
Тиесілі бақ – Хан Тағы!  
Ал, Қассақтың ұрпағы –  
Хан тағының қорғаны! –  
Тақ иесінің қашанда  
Әмірін екі етпестен  
Талқысына түседі,  
Тауқыметін тартады!» –  
Міне, міне Шарт-Нама!  
Асылық етпе?!  
Аруақты аттама!..  
Бұл Шарт-Нама Шарифатпен бара-бар!  
Мұны Ұлы далай қаһан Шыңғыс та  
Берік ұстап, бұзбаған!

А қ с а қ Т е м і р

Адам басты Хайуан –  
Шыңғыс ханның аты естілсе  
Арқа-басым мұздаған!  
Өшір, найсап, үнінді!..

Т ы ғ ы р ы қ Т е м і р *(әуелгі ойдың жетегімен).*

Ал, мен болсам —  
Шыңғыс ханға шөбере!..  
*(Ақсақ Темірдің әлемтапырық түрінен шошынын)*  
Ал, сен болсаң —  
Күні кеше  
Мына маған немере —  
Жұдай ханды өлтірдің!  
Бүгін мені...

А қ с а қ Т е м і р

Оң айтасың, Тығырық!..  
Бітті!  
Бітті шаруаң!  
*(Қару көтереді...)*  
Тығырық қаһан —  
Хайуан Шыңғыс Әжуасы!  
Бітті осымен әңгіме!..  
*(...Қылыш жүзіне жүкқан қанды Тығырық Темір қаһан астына  
алып құлаған бұзау терісіне сүртіп)*  
...Тактың тұқым қууы —  
Осыменен тәмәмдалды мәңгіге!!  
*(...Әмірші Алтын Таққа қонады... Ордаға аяқ-қолы байлаулы  
Барлас пен Баһрам бастаған тұтқындарды айдап қарулы топ  
кіреді... Тұтқындар арасынан Хүсейіннің жоғын көріп, Әскер  
басыға)*  
Хүсейін қайда?!

Ә с к е р б а с ы

Әміршім!..  
Опаты болар ойраннан  
Хүсейін әмір тағы да қашып құтылды —  
Тақымы бос тобан аяқ тобырға  
Жеткізбеді жүйрігі!

Ақсақ Темір

*(қолға түскендерді жалғыз көзімен ішіп-жеп,  
Хүсейіннің жоғына көңілі анық сенген жоқ, ашынып,  
Барлас пен Баһрамға жирене қарап, сақшыларына).*

Босатындар байлаудан!

*(Сақшылар тұтқындардың аяқ-қолдарын тегіс босатып  
болған соң, Әскер басыға)*

Аластандар Орданы –

Өңшең азғын өлексе,

Ыңғай сатқын сұмырайдан!..

*(Оң аяғын сылтып басып, Барлас пен Баһрамның жанынан  
өте беріп, өзіне-өзі)*

Дінін сатқан дос көңілін қимайтын

Осы керек өзіме!

*(Тұтқындарға)*

Адалдықтың антын бұзған сендерді –

Қарғысы атсын Құдайдың!

Жоғалындар!

Көрінбендер көзіме!

*(Тырағайлап, зыта жөнеліп, кенет қуғын жоғына көздері  
жетіп, әр жерде үрпийсіп тұрып қалған тұтқындар Ордаға қайта  
кіреді...)*

Б ә р і ж ы л а м с ы р а п

– Актық рет кешір бізді, Әміршім?..

*(Бірі – Ақсақ Темірдің, ендігі бірі – қолына Кітап ұстап,  
әліптің артын бағып тұрған Зайн-эд-дин шейхтың аяғына  
жығылып)*

– Кешір күнәһарынды?!

– Кешіре гөр?!

– Тағдыр осылай түсірді

Тұтқиылдан торына...

– Бұл жаңылу жазмыш болар, Әулием,

Біздей бейбақ сорына?!

– Кешір қасық канымды...

– Сал талқыңа –

Томаршадай басым мен

Туырлықтай тәнімді!

– Енді сенің... сенің ғана жолыңа

Құрбандыққа шалам шыбын жанымды!...

*(...Ақсақ Темір үндемейді... Істің насырға шауып бара жатқанын сезген Барлас әмір Зайн-әд-дин шейхтың қолындағы Кітапты ишарат-ыммен сұрап алып, сүйіп, маңдайына басып, ал, Баһрам әмір Әскер басының қынабындағы Қылышын суырып, көлденең ұстап Әміршінің аяғына жығылады...)*

Б а р л а с

Міне, Құран!

Б а һ р а м

Міне, Иман!..

Е к е у і б і р і г і п

Күдіретіне, Уа, құлдық!..

Б а р л а с

Ақтық рет кешір бізді, Әміршім!

Рас, жаздық, жаңылдық...

Б а һ р а м

Бұл бір емес!

Жаза-жаза шер болдық,

Жаңыла-жаңыла жер болдық...

Е к е у і б і р і г і п

Осы сапар екінің бірін еншіле:

Не жанымызды алып тын, Әміршім!

Не санатына қосып тын – Халықтың!..



Б а р л а с

(Ақсақ Темірдің райынан қайтпай тұрғанын сезіп, суынып).

Әміршім!..  
Аса алысың емеспін...  
Тамыр жайғаным — сенің топырағың!..  
Астамсынбай тыңдашы:  
Бір қазанға симастай  
Екі қошқардың басы —  
Әрі досың, әм қасың,  
Бізді азғырған Хүсейін...  
Пенде тұрмақ, күйеу баласын  
Пайғамбар да сыйлаған:  
Қи жанымды, Әміршім!—  
Ендігі қалған ғұмырымда  
Хүсейіннің көріне  
Шырақ алып түсейін!

Б а һ р а м (іліп әкетін).

Иә!  
Басының жоқ билігі  
Бізді азғырған Хүсейін —  
Бізден жақын көргенің...  
Тым қаныңа қарайма?!

Б а р л а с

Несін айта берейін,  
Айып — бізден...  
Алайда,  
Қарашыңның тілеуі:  
Кұран!

Б а һ р а м

Қылыш!

Е к е у і б і р і г і п

Мінеки!  
Екеуінің – Біреуі!

Б а р л а с (*Ақсақ Темірге Кітапты ұсынып*).

Құранды алсаң – сенгенің!

Б а н р а м (*Ақсақ Темірге Қылышты ұсынып*).

Қылышты алсаң – өлгенім!

Е к е у і б і р і г і п

Қалай болар, Әміршім,  
Жаратқанның Бұйрығы?!  
(...*Ақсақ Темір аңырып Зайн-әд-дин шейхқа қарайды...  
Зайн-әд-дин шейх басын шұлғып, «рахым жаса»  
дегендей белгі береді...*)

А қ с а қ Т е м і р

(*Барластың қолындағы Кітапты алып,  
парақтап, оқиды*).

Отызыншы сүре...  
«Күдіреті күшті Алла-Тағала  
Жетеді, пендем, бағана:  
Күні-түн құлдық ұрмасаң –  
Бір қарайған көңілің  
Ағара қоймас, ағара!..»

(*Кітаптың ашылған бетін жауып, сүйіп, маңдайына тигізіп  
– тәу етіп, Зайн-әд-дин шейхқа береді. Зейн-әд-дин шейх  
тұтқындардың баршасын «Құранға» құлдық ұрғызады...*)

Б а р л а с

(*Алтын Таққа озып бара жатқан Ақсақ Темірге*).

Дат, Әміршім?!

А к с а қ Т е м і р

Датың болса, айт!

Б а р л а с

Олжа жаным –  
Шиеттей бала-шағамның  
Көз жасы де! –  
Рахымы де Жасағанның!  
Дегенмен де  
Жасағанның Жаршысы  
Алғыс айтам саған мың...  
Итаршы ғып Тығырық Темірге,  
Қайырымына қарсы айдап,  
Тағдырымды торға салған – Хүсейін!  
Осынау теріс жолға салған – Хүсейін!..

Б а һ р а м (*Барласты қоштап*).

Адалымды харам еткен – Хүсейін!  
Бүгінімді қараң еткен – Хүсейін!..  
Жеті мәрте жауласып,  
Жеті мәрте жеңілсем,  
Көңілімді, Әміршім, көсемдігіне қарайтып,  
Алаң еткен – Хүсейін!..

Б а р л а с

Жеті жерден жау шығып  
Жаныңды алса – ықырарсың!  
Қанша залым болса да  
Жарық күнің – жан досың,  
Өшіруге көзің кимастай,  
Өлтіруге дәтің бармастай!..  
Өзгенің қолымен от көсе?!  
Екі Дүниеде кешпес кегім бар:  
Шаруамды шайқалтып,  
Шаңырағымды күйретті – Хүсейін!  
Тірлігімді тайқалтып,  
Шаңқан отауымды күңіретті – Хүсейін!

Енді қалған ғұмырымда  
Хүсейіннің көріне  
Шырақ алып түсейін –  
Тілегімді бер, Әміршім!

Б а н р а м

Менің де сол тілегім:  
Қастандықтың қара қайрағы –  
Қарғыс атқыр Хүсейіннің  
Бейқам жатқан кезінде  
Жасыл туын жығайын,  
Ордасына ойран салайын,  
Дегеніңнен шығайын,  
Басын кесіп алайын--  
Тілегімді бер, Әміршім!..

А қ с а қ Т е м і р

*(не істерін білмей, дал болып).*

Ой!.. Хүсейін!..

Жан досым...

*(Әміршінің көзі қарауытып, мең-зең боп теңселіп, Күллі Әлем-  
ді қара түнек басқандай қасірет күйін кешеді... елес дүниесіне  
енеді...)*

**БІРІНШІ ЕЛЕС**

*...Гүлстан... Тас-талқаны шыққан Жұдай ханның сарайы...  
Хан тағы – бос... Тұтқындарды жазаулау жүріп жатады...*

Т ұ т қ ы н д а р

- Кешіре гөр, Әміршім,  
Жазған шыбын жанымды?!
- Қия көргін, Әміршім,  
Азған қасық қанымды?!
- Рахым ет...

Қыпшақ батыры  
*(Әміршінің аяғына жығылып,  
құлдық ұрып жатқандардан жиреніп).*

Қарақан басын хан тұтқан,  
Ар-ожданнан безініп,  
Аяққа басқан намысты —  
Азғындардың сөздерін!..  
Топалаң тиген қойдайын  
Сағағынан бауыздап  
Қырар ма еді өздерін!  
Жаратқан Иеге жалынып  
Бес уақытын қаза етпей  
Мінәжат ету орнына,  
Күші асқанға жағынып,  
Шыбындаған мәстектей  
Бүгежек қағып, бас шұлғып,  
Құлдық ұрмас күні жоқ —  
Дінсіздер — бұл!  
Дінсіздердің — Ділі жоқ!..

Ақсақ Темір  
*(Қыпшақ батырға, терісіне сыймай  
тұлданып тұрғанын сезіп).*

Ал, сен неге сайрамайсың, бұлбұлым?  
Жеті күн ұрыс салғанда  
Жұлынбаған Гүлстанның кара құлыбы!  
Әлде... осылай екі көзің алақтап,  
Он екіде ашылмастан бір гүлің,  
Қырмызы қыршын күйінде  
Кетермісің арманда?!

Қыпшақ батыры

Жазмыштан озмыш болған ба?!  
Ажалым жетсе — амалым не,  
Алладан ұлық емессің!  
Жалынышым жанымды алып қалмайды,  
Жаратқанның ұзын одан құрығы!

Қарақшы қор басынды  
Қапелімде зор тұтып –  
Құдай едім демессің!  
Ұйлығуға зар болған  
Ұятындай ұры иттің –  
Жылмандамай әрі тұр!..

А қ с а қ Т е м і р

Үйір онда иманыңды, бақұл жан!

Қ ы п ш а қ б а т ы р ы

Ля ил-ля-ха иль – Алла,  
Мұхамед Расуль Улла...  
...Дей тұрғанмен, Әміршім,  
Қазасынан бес уақыт намаздың  
Артық көрем жан-дүниемнің тазасын.  
Сондықтан да  
Аярланып, аһ ұрман!  
Еркің – жазғыр, жазғырма...

А қ с а қ Т е м і р (*Барлас пен Баһрамға*).

Бітіміне сай білігі...  
Кескілескен қырғын ұрыста  
Қимылы ерен Қыпшақ батырдың  
Ұнайтындай бұ қылығы.  
(*Барлас пен Баһрам Әміршіні қоштап қояды*)  
Жо-жо-жоқ!..  
(*Қыпшақ батырға*)  
Сені, Батыр,  
Бұ жолы өлтіре алмадым:  
Кірпік қақпай қарсы тұрған Ажалға  
Қайсарлығың – қорғаның –  
Қидым шыбын жаныңды,  
Кештім қасық қаныңды!  
(*Сақшыларға*)  
Босатыңдар!

*(Сақшылар Қыпшақ батырды тұтқыннан босатып бола бере дабыл қағылып, сырттан қарулы адамдар қашып бара жатқан жерінен қолға түскен Жұдай ханды алып кіреді...)*

Әскер басы

Қара есекке теріс мінген  
Диуана кейіпінде  
Тұтқындадық, Әміршім!

Ақсақ Темір

Сөйле, Жұдай!  
Жиырма бес жыл билік құрып,  
Қайырымсыз хан атыңды  
Батыс, Шығыс тегіс білген –  
Жүгенсіз Пенде – сен бір Құдай...

Ж ұ д а й *(еңбектеп, Ақсақ Темірдің  
аяғына жығылып, сүйіп).*

Мен бе Құдай?..  
Әміршім!  
Міне, иманым... міне, жаным...  
Жұбататын жылатпай,  
Жарылқаушым – Нағыз Құдай – Өзіңсің...  
Құзырыңа табынып,  
Құлдығыңа – зар басым...  
Таз басындағы майлы тымақтай  
Аз күн таққа отырғаным рас-ты,  
Шыңғыс қаһан шөбересі болғасын.  
Бұдан былай босқа лағып,  
Жаза бассам жаңылып –  
Жүрегім тәннен безінсін,  
Тәңір-Ием қарғасын!..  
Мен бе Құдай?..  
Әміршім!  
Жо-жоқ!  
Жалған...

Құдайлық та аспан бұлты секілді  
Заман желі ырқыменен көшеді.  
Бүгінгі Құдай – Өзіңсің,  
Аяғыңа жығылып,  
Табаныңды жалайды  
Мендей Құдай кешегі...  
Тірлігімді тәбәрік ет аз күндік...  
(Әмірші теріс айналып кетеді...)

Қ ы п ш а қ б а т ы р ы  
(қылышын қынабынан суырып,  
Жұдай ханға тұра ұмтылып).

Тұр орныңнан, сүмелек!  
Адамзаттың қас жауы –  
Тұр! Тұрып өл, Азғындық!  
Қалай сендей малғұнды  
Кілең ессіз көрсоқыр,  
Мешеу, надан, мүгедек  
Қара басқа хан сайлап  
Осынша жыл мәз кылдық!..  
Тұр! Тұрып өл!..

*(Кенет сырттан дабыл қағылып, ішке Хұсейін әмір нөкерлерімен суыт кіреді де, Жұдай ханды өлтіргелі тұрған Қыпшақ батырына дүрсе қоя береді)*

Х ұ с е й і н

Токтат!..  
Хан өлтіргің келе ме,  
Қалың тобыр,  
Қасиетсіз қара басыңмен!

*(Жағасынан алып оқыс тартып қалғанда Қыпшақ батырдың басындағы дулығасы ұшып түсіп, әйел адамның білектей жуан, әрі ұзын қос бұрымы арқасына аунап түседі...)*

Жаңылдық?..  
Қарындасым...



Қыпшақ батыры – Жаңылдық

Аға...

*(Ағалы-қарындасты екеуі құшақтасып-табысып мәре-сәре боп қалады)*

Ақсақ Темір

*(Аға мен қарындастың табысу салтанатын бұзып, Хүсейінге).*

Мүмкін, мен де,  
Келмей жүрген келеге,  
Қалың тобырдың мешеу-мүгедегі –  
Хан лайығы емес шығармын...

Хүсейін *(жарқылдай күліп).*

Жасық қанша қайрасаң –  
Пар келе алмас асылмен!  
Ақ Беренім,  
Сенің жолың бөлек қой...

*(Амандық салтын жасайды... Ақсақ Темірдің суық райын сезіп,  
Жұдайға шүйілген болып)*

Кесіміңді құп алдым...  
Сен үшін мен-ақ Жұдайдың  
Шыбын жанын жөнелтейін жәннәмға!

Ақсақ Темір

*(қылышын жалаң ұстап, Хүсейінді тыйып).*

Жо-жо-жоқ, досым!  
Мен – Өзім!

*(Жұдай ханның басын қас қаққанша шауып түсіріп, түк болмағандай)*

Ер олжасын малданба!..  
Ез тірліктен –  
Бар безеді,  
Жоқ қашад!  
Келер әлі-ақ кезегін...  
Уағдадан жеті күнге кешіктің...

Жау кеткен соң –  
Қылышынды бокқа шап!

*(Аз үнсідіктен соң, екеуі түнерген бойы бос тұрған хан тағына беттейді. Әмірші Хүсейінді алға оздырып)*

Тақ!  
Алтын Тақ!  
Күдірет сынды Хан Тағы  
Жан біткенді арбап, тылсым лебімен  
Аждаһадай тартады,  
Кұрбандығына шалады!  
Сол құрбанның бірі – Сен де,  
Бірі– Мен...

*(Ойланып, Тақты бір айналып өтіп)*

Менің Тағым – басқа Тақ –  
Тығырық қаһан таланы!  
Тығырық қаһан таланын  
Ту-талақай қылмасам –  
Тірлігім әдірә қалады!  
Жұдай ханның Тағының  
Лайығы – сенсің, Хүсейін!  
Ата-текке жүгінсек:  
Сен – Бас едің,  
Мен – сол Бастың Жұлыны ем!  
...Туа бітті арманым –  
Мавераннехр қожасы,  
Маған өкіл әке болған аялы  
Қазған әмірге немере  
Екендігіңді ұмытпа!–  
Аттап өтіп кете алмаймын мен сені!

*(Жұдай ханның тағына Хүсейін әмірді отырғызып, нықтап)*

Жақсылығы өткен жасымнан  
Абзал жанның азасы  
Жатсам-тұрсам көтертпейді еңсені –  
Сол Қазғанды сорлатып,  
Төбесінен жай түсіріп,  
Қапелімде мерт қылған  
Шыңғыс ханның шиебөрісі  
Шикі өкпе Тығырық қаһанға

Соғыс ашам жуықта –  
Соған дайын болғайсың!  
Тек... соңғы рет ескертем –  
Бүгінгідей нақақ кешікпегейсің?!

Х ұ с е й і н *(жалған күлін)*.

Қорықпа, дос!  
Одан уайым жемейсің...  
Бұ жолы... аздап...

А қ с а қ Т е м і р

Жә! Жә! Жә!..

Х ұ с е й і н *(сасып, бөгеліңкіреп барып,  
Жаңылдыққа көзі түсіп, Тағынан көтеріліп)*.

Досым!..  
Мына қайсар Қыпшақ батыры –  
Ай ажарлы, күн көрікті ару қыз –  
Менің туған қарындасым –  
Жаңылдық,  
Немересі марқұм Қазған атаның...

*(Жаңылдықты қолынан ұстап жетелеп, Әміршіге жақындай түсіп)*

Түйгенін ашып айтуға  
Жетер емес –  
Ғазиз жүрек, өз көңілдің батылы...  
Қысылшанда еншісі бір екі дос  
Тақ пен Бақтың талқысына таңылдық!  
Жарасымын атадым:  
Ағасында жақсы қыздың билігі.  
Тақ Иесі – Мен болсам,  
Бақ Иесі – Өзіңсің...  
*(Жаңылдықтың қолын Ақсақ Темірге ұстата бере)*  
Бағың басын байлама?

А к с а к Т е м і р

*(дос шешіміне ризашылығын жасыра алмай).*

Олай болса,  
Кең жолымды тарылтып,  
Иен билігімді шектедім де, Қайнаға...  
*(Жаңылдықты сол жағына алып, құрметпен)*  
«Қатын алма – қайын ал!» –  
Ата жолы сыралғы.  
Сол атаның соңына еріп,  
Сөзін тындап саралы,  
Ісін құптап саналы –  
Тәлім тезінен өтіп ем:  
Көзі дермін жақсының,  
Өзі дермін асылдың –  
Қанаттыға қақтырмаспын,  
Тұмсықтыға шоқтырмаспын, Жаңылдық...

*(Тосын қылығына іштей тәнті боп тасынып тұрған Хүсейіннің тоят сыңайын танып, өзіне-өзі)*

Қайылында сан дүдәмал ойы бар,  
Қойынында сойылы мен сойы бар  
Досым жолы күмән-ді!

*(Назарын Барлас пен Баһрамға бұрып, өзіне-өзі)*

Табыстап мансұқ етейін  
Барлас пенен Баһрамға  
Тосыннан туар ылаңды!

*(Жаңылдықты қалдырып, Барлас пен Баһрамды екі жағына алып, Хүсейінге бетпен)*

Барлас әмір! Баһрам!..  
Екеуің қос шырағым,  
Мандайдағы екі көзім ең.  
Ауызымдағы ұраным,  
Алаңсыздағы сезім ең.  
Төс табаны да түйенің  
Шыдас берместей төзім ең.  
Қаршадайдан қалмай қасымнан  
Алдымен көзге ілігіп,  
Алатайдай бүлініп,  
Жер-жаһанды шарлап кезіп ең...

Қамшы саптайын келте өмір  
Күрмеуге келмес, қайтейн...  
Кезегі келген Дүниенің  
Құр тастап кеуде-көгімді  
Безінетінін де сезіп ем.  
...Екеуінді бүгін еншілеп,  
Хүсейінге аманат қалдырам –  
Қызығын аз күн тойлайтын,  
Жаңылдықтың қалыңы болдық деп уанбандар,  
Алыстан қармап ойлайтын,  
Ақсақ Темірдің алыбы болдық деп қуаныңдар!..  
*(Барлас пен Баһрамды бағамдап, Хүсейінге)*  
Теңдессіз сыйдың санатын  
Сарала, досым, сарала!  
Есесі енмен толатын  
Ер екен деп қарама,  
Екеуінде тұтас елдің құны бар:  
Ессіз басқарсаң – азады,  
Епсіз басқарсаң – тозады!..  
*(...Елес – тарайды...)*

## **БІРІНШІ КӨРІНІСТІҢ ЖАЛҒАСЫ**

Б а р л а с

...Тілегімді бер, Әміршім!

Б а һ р а м

Менің де сол тілегім:  
Қастандықтың қара қайрағы –  
Қарғыс атқыр  
Хүсейіннің бейқам жатқан кезінде  
Жасыл туын жығайын,  
Ордасына ойран салайын,  
Дегеніңнен шығайын,  
Басын кесіп алайын –  
Тілегімді бер, Әміршім!..

А қ с а қ Т е м і р (өзіне-өзі).

Хүсейін!..  
...Бақыр басын саф алтынға бағалап  
Сар табакқа салсам шоршып түседі, дәйімі..  
Кешегісі — уағдадан кешігіп,  
Жорта, жалған анттасып,  
Жұдай ханға  
Жақтас болған тұсы еді.  
Бүгінгісі — естен тана есіріп,  
Тығырықпен шарттасып,  
Аяспайтын  
Дұшпан шыққан айыбы!  
Маған арнап құйған Уын күйкі Дос,  
Амал қайсы,  
Енді өзі ішеді!  
Өлім!  
Өлім — оның лайығы!  
(Барлас пен Баһрамға)  
Бердім тілектеріңді!

*(...Әмірші Алтын Таққа жайғасқан соң, Барлас пен Баһрам  
разы кейіппен бостандығын алған тұтқындарды ертіп шығып  
кетеді... Сақшы кіреді)*

С а қ ш ы

Әміршім!  
Қоңыраттың қыңыр елшісі  
Кіруге рұхсат сұрайды.

А қ с а қ Т е м і р (жақтырмай).

Кірсін де!  
(Өзіне-өзі)  
Тағы... не деп жылайды?  
Аз тобырын  
Көпке сайған бұл бейбақ  
«Бігіспестің көңілінде жүргенмен,  
Көзіне түспе!» дегеннен  
Беймағұлым сынайлы..  
(Қоңыраттың елшісі кіріп, тағзым етеді...)

Қоңыраттың елшісі

Әміршім!  
Тас төбеден Құдай ұрған сияқты,  
Тауқыметті торын құрған сияқты.  
Боран аяғы тынған сияқты,  
Ауаның райы сынған сияқты.  
Сөредегі қардың аппақ жейдесін  
Тіршіліктің Күн-Бұзауы жеп жатыр —  
Соны көріп естен танған  
Мұңлық Тау  
Ене көңілін еңіретіп,  
Ата сақалын жұлған сияқты...

Ақсақ Темір

Жұмбақтамай,  
Турасын айт сөзіңнің!

Қоңыраттың елшісі

Әміршім!  
Қол астындағы бұралқы  
Иттің ұлы Итақайдан сөз естіп  
Іштегі қасқырым ұлыған сияқты —  
Елдің мұңы айтпағым,  
Мұңым емес өзімнің:  
Аму мен Сыр —  
Жер-Ананың қос бұрымын  
Тарқатып тірлік тынысын баққан байырғы  
Қоңырат деген момын ел едік,  
Елміз дегенмен тең едік.  
Күллі Шығысты қайран ғып,  
Батысқа көзін алартқан  
Шыңғыс ханның да шашбауын  
Көтерісіп, рухын жебедік —  
Көрер көзге азайдық,  
Көк шыбыннан көп едік...  
Сенің де ердік соңына —

Оңалатын шығармыз деп едік,  
Қайта азғындап барамыз!  
Ауыл-аймақты түгел күңіретті  
Билігіңнің сұсты реңі –  
Алым-салық жинап әскерің  
Терімізді теспей іреді.  
Халқың азса – қайыр сұрайды –  
Шаруа-тұрмысымыз шатқаяқтап,  
Шал-шабанымыз титықты,  
Бала-шағамыз жүдеді!  
Бұтада да бұтақ болады,  
Түп-тамырымыз суалып,  
Ажар-көркіміз жұтап барады...  
Рахымыңды түсір, Әміршім?!

А к с а к Т е м і р *(өзіне-өзі)*.

Құты қашқанға қылған қайырым –  
Күдіретке еткен қарсылық!  
Жо-жоқ!..  
Босқа бата алмаспын күнәға...  
*(Қоңыраттың елшісіне)*  
Сайра, сайра, бұлбұлым!  
Тек, жылама?! Жылама!  
Тордағы мың күңіңе  
Бергісіз деп ойлайсың  
Бостандағы бір күңің!  
...Олай болмас!  
Саған да – осы,  
Маған да – осы – керегі:  
Торға үйренген бұлбұл құс  
Қыстың көзі қырауда  
Тордан шықса – өледі.  
Тор ішінен жазылған  
Оның бұйрық – керегі.  
Түк ұқпас кеше кейіпіңмен  
Ұқсайсың өлі елеске!..



Ал, енді өзің айта қойшы:  
Түркі тектес халықтар  
Біртұтас түгел тұрқымен  
Тұлпар сынды емес пе?

Қоңыраттың елшісі

Оң айтасың, Әміршім!

Ақсақ Темір

Туымы сайлы мендей Ер  
Сол тұлпарға ер салып,  
Тартып бекем тартпасын,  
Ертеңнің қамын жемес пе?

Қоңыраттың елшісі

Оң айтасың...

Ақсақ Темір

Тартпасын ердің тартқанда  
Тұлпардың түгі қисаяр!  
Қисайған түк –  
Мүмкін,  
Қоңырат болуы...

Қоңыраттың елшісі  
(жыламсырап).

Астапыралла!  
Мүйіз сұраймын деп жүріп,  
Айрылдым ба сақалдан –  
Неге меңзеп,  
Не деп кетіп барасың?..

Ақсақ Темір

Тұлпарымды кім бар алар қолымнан!  
Түгім қисайды екен деп

Бас тарта алман –  
Алла-Тағалам  
Аян еткен сара жолымнан!  
Өкпем қалай айналмақшы бауырыма?!  
Дүниенің төрт бұрышын түгел тітіренткен  
Маған қарсы  
Бас көтеріп, күш жинап –  
Тартпаға разы болмасаң,  
Қамшы батар сауырыңа!  
Аулақ!

Қ о ң ы р а т т ы ң е л ш і с і *(жылап)*.

Әміршім...

А к с а қ Т е м і р

Жә!..  
Жыламасаң көзің ағарсын!..  
Сақшы!

*(Сақшы Қоңыраттың елшісін ордадан желкелеп шығарып жібереді...)*

Жандағы бітеу жараның  
Дауасын қайдан табарсың?

С а қ ш ы *(қайта кіріп)*.

Әміршім!  
Шақыру жарлығыңызбен  
Келген екі суретші:  
Әл-Сапар иби Отырари,  
Әл-Шахани ибн Гулстани  
Өзіңізден бұйрық күтеді.

А к с а қ Т е м і р

Кірсін де!  
*(Өзіне-өзі)*  
Сәл нәрседен сыр беріп,  
Кеудесі қуыс құр келіп –

Жібекті жүндей түтсе егер,  
Шаруалары да бітеді!  
*(Суретшілер ордаға еніп Әміршіге тағзым етеді)*

Ә л - С а п а р и и б н О т ы р а р и  
*(тәкәппар қалтын бұзбай).*

Құзырыңа құлдық, Әміршім!

Ә л - Ш а х а н и и б н Г ү л с т а н и  
*(Әміршінің аяғына жығылып).*

Аяғыңа жығылып,  
Аскақтығың алдында  
Бас иіп, құлдық ұрдық, Әміршім...

А к с а к Т е м і р

Көтер, Шахан, басыңды!–  
Бір Алладан басқаға  
Алтын басты қор етуге болмастай...  
Арғысын өзің пайымда!  
*(Әл-Сапар ибн Отырариға)*  
Құрық салса қолай ма –  
Ырық бермес мойынға!  
Әлде...  
*(Қылышын қынабынан суырып)*  
Мынау – Алдаспан  
Қыңыр қылша мойынның  
Астамсынған маубасын  
Алып түссе жарай ма!  
*(Әл-Сапар ибн Отырари міз бақпайды...)*  
Жә!  
*(Қылышының жүзіне қадалып)*  
Балдағында  
Тіршіліктің қас-жауы –  
Шыңғыс ханның ұрпағы

Тығырық Темір қаһан мен  
Жұдай ханның қаны бар...  
Міне...  
*(Екі суретшіге көрсетін)*  
Осы қанның екеуің  
Маған түсін анықта:  
Бояуын аш,  
Түрін тап!..

Ә л - Ш а х а н и и б н Г ү л с т а н и *(бірден).*

Қызыл... қызыл... қызыл қан!  
Қанның түсі қызыл болады, Әміршім!  
Қызыл қан ғой, қызыл қан...  
*(Әмірші Әл – Шахани ибн Гүлстанидің жауабына наразылық  
білдіргендей теріс айналып кетеді)*

Ә л - С а п а р и и б н О т ы р а р и

Бұл қан емес, Әміршім!  
Қасірет Уы –  
Дені, ділі бұзылған!  
Мұның түсі қызыл емес!  
Қап-қара!  
Басқаша айтсақ:  
Жегі құрты түскен шиті мақтаға!  
Шиті мақта – Алдаспан деп ұғыңыз –  
Түбі кәдік:  
Темірге де,  
Татқа да!  
Соңына ерген жұрт үшін –  
Уды Умен қайырған жөн, Әміршім!  
Мұндай қанның түр-түсін  
Үйірдегі аладай  
Күндік жерден бағамдап,  
Айлық жерден –  
Айырған жөн, Әміршім!

Ақсақ Темір *(тәнтілігін жасырып)*.

Қызылды – қызыл,  
Ақты – ақ  
Деудің де айыбы жоқ бірақ...  
*(Ойланып)*  
Әйткенмен де,  
Алуан-алуан жүйрік бар,  
Әліне қарап шабады –  
Әрқилы әрекеттеніп,  
Әрнені ойға салады...  
Шама-шарықтарыңмен таныстым:  
Екеуің де өткендейсің сынақтан,  
Екеуің де шыққандайсың көңілден.  
Соның үшін,  
Сендерден талап еткенім:  
Шоқынатын Құдайындай Орыстың,  
Ақ матаға түсіріндер Бейнемді –  
Айнымайтын жанды Құдірет салындар –  
Ұлы қаһан асқақ Ақсақ Темірден!  
Қазынадан керегінше алындар –  
Қыл қаламды, ақ матаны, бояуды...

Әл - Сапар ибн Отырари  
*(Әміршіні бір айналып қарап өтіп)*.

Құзырыңа құлдық, Әміршім!  
Тырысармыз қолдан келгенше...  
*(Шығып кетеді...)*

Әл - Шахани ибн Гүлстани

Аяғыңа жығылып,  
Асқақтығың алдында  
Бас иіп, құлдық ұрдық, Әміршім,  
Құлыңа айналып өлгенше...  
*(Әміршіден көзін айырмаған, шегінген күйінде шығып кетеді...)*

Ақсақ Темір

*(Ордада Зайн-эд-дин шейх пен Жаңылдықтан  
басқа ешкімнің жоғын көріп).*

Әр кәлләда бір қиял...  
*(Зайн-эд-дин шейхқа)*  
О, менің Ұлы Ұстазым!  
Тылсымы күшті тірліктің  
Түгіне де түсінбей,  
Сүлеледім әбден, сірніктім.  
Екі Дүние тауқыметіне  
Кіндігімнен байландым.  
Оңашадағы  
Қарақан басын хан көріп,  
Құдайын да танымастай  
Жұмыр басты өңкей пенденің  
Осындайдағы  
Қапыл ісіне қайранмын.  
...Өз туымыма өзім қанықпын,  
Өз табиғатымды өзім білемін.  
Данышпан едім,  
Алыппын,  
Дара бір туған Дүр едім  
Дей алман, Әзиз, алайда,  
Қадалған жерінен қан алған  
Небір батыр, не палуан,  
Жабысқан жерінен жан алған  
Небір сойқан қаһарман,  
Қалмайтын қалыс қатардан  
Небір боздақ, не қыршын  
Алдымда құрақ ұшады –  
Оң аяғынан омалған,  
Жалғыз көзді Жаналғыш –  
Жәбірейіл боп шықпасам не қылсын?! –  
Өз сауалымнан өзім шошыдым!  
Табан астынан неліктен  
Жер жарылып жік шықты,  
Екі құлағым тік шықты?!  
Бір жауабын айтшы осының!

З а й н - э д - д и н

Оң айтасың, Әміршім!  
Халықтан Алып аспайды,  
Дүр озбайды.  
Дегенмен,  
Қалың тобыр – қой сынды,  
Шығар жолға тұйықтан  
Ақ серкесі бастайды...  
Сенен серке өтер ме!

А қ с а қ Т е м і р

Сонда, менің  
Әлгі айтқаным бекер ме?

З а й н - э д - д и н

Жок, Әміршім!  
Бекер емес, байыпты.  
Бірақ, оған берер бекем жауапты  
Мендей әзиз шейх емес шал кейіп,  
Қалыбы алтын Халық айтса – лайықты!  
Құшағын Күн,  
Алақанын жайып Таң,  
Әсте Көктен түскен жоқсың, Әміршім!  
Және жұмбақ жаралмадың Ғайыптан!..  
Халық сенің шыққан тегің,  
Ел – Анаң...  
Егер кәміл ақиқатты қаладың –  
Дәруіштік ет...  
Диуана бол...  
Бол алаң –  
Елден сұра сауалыңның жауабын!

А қ с а қ Т е м і р *(шейхқа тәу етін).*

Сақшы!  
*(Сақшы кіреді...)*

## Ж а ң ы л д ы қ

Мен де өзіңмен бірге болам, Әміршім!  
Бірге бағам жол райы – ауанын...

А қ с а қ Т е м і р (қарсы емесін сездіріп, Сақшыға).

Диуананың киімін әкел біздерге!..

*(...Сақшы тездетіп үш түйіншек алып кіреді. Ақсақ Темір мен Жаңылдық үш түйіншектің екеуін еншілеп, Ордадан шығып кетеді. Зайн-эд-дин шейх үшінші түйіншекті қойынына тығып, кеткен екеудің соңын аңдып тұрып қалады...)*

## ЕКІНШІ КӨРІНІС

*...Гүлстан... Ұста дүкені... Ұстаз-Ұста ат тағасын төске салып, Шәкірт бала балға соғып жатады... Дүкен алдына бірін-бірі жетектеп екі дәруіш-диуана (бірі – Ақсақ Темір, екіншісі – Жаңылдық) келіп тоқтайды... Алыстан көне шаһардың байырғы тұрғындары мен ерсілі-қарсылы шұбаған жолаушылар көрініп қалады...*

Ұ с т а (төске тағаны ауыстырып салып).

Сок!

Тағы сок!

Сок!

Тағы сок!

Сокқыла!

*(Шәкірт бала шаршаған сыңай байқатады...)*

Сок!

Соға түс?!

Оңайға –

Нәпаха-нан жок, бұла!

Күдіреті Күшті Хак-Кұдай

Өзіне тән бейнетімен жаратқан



Шаруаны да,  
Шахты да,  
Қараны да,  
Ақты да...  
*(Екі дәруіш-диуанаға көзі түсіп кетіп,  
біріншісін көрсетіп)*  
Әрі соқыр, әрі ақсақ –  
Мынадай ғарып-міскінді.  
*(Екіншісін көрсетіп)*  
Анадай кембақты да!  
Сок!  
Соға түс?!  
Сокқыла!

Ш ә к і р т

Әл-дәрменім бітті, ұстазым...  
Сәл дем алсақ...

Ұ с т а *(көніп)*.

Жарайды!..  
Қайтіп Адам боласың,  
Қатығы жоқ көжеңнің,  
Көңілің құрт қалайды...

Ш ә к і р т

*(сусынға бас қойып жатып)*.

Бос уағыздан жалықтым...  
*(Сәлден соң, тыңайып)*  
Құрт қаласа несі бар!  
Шүкір десе болғандай:  
...Қаһан тағын Ақсақ Темір алғалы  
Әл-қуаты артты емес пе Халықтың?!  
Тарта жинап алымы мен салығын  
Аз да болса шырай қосты шырқыма...  
Құдай қайтып иен билігін бермесін  
Шыңғыс ханның қара сүлік ұрқына! –

Кілең қарау  
Шынжыр балақ шұбар төс  
Ессіз тартып қанына,  
Қара аспанын қайғы алып,  
Жара салып жанына  
Айтуға ерік берді ме  
Аш құрсақтың арзасын!  
Үкілі нышан төбел топ  
Соңына ерген  
Көзсіз қара тобырды  
Тірідейін санады да өлдіге –  
Әз көңілдің шемініне айналып,  
Шер боп қатты зар жасым!

Ұ с т а *(қоздыра түсіп).*

Қатқан шерің жібіді ме бүгінде?!

### Ш ә к і р т

Ұстаз, бұлай түңілме!..  
Талай заман шел басқан  
Жалғыз көзі Шындықтың  
Шырадайын ашылып,  
Уақыт санап алға асқан  
Біз сияқты тірі жетім боз өкпе  
Шерменделер тасынып  
Шат болатын күн туады түбінде!  
Өңсіз ойдан опат боп  
Опынудың не орны бар?!

Ұ с т а *(есік алдындағы екі мүсәпірді аяғансып).*

Екі Бірдей Дүниенің  
Азасы бар түрінде –  
Үй жоқ,  
Күй жоқ тентіреген сорлылар...  
Аш-жалаңаш азғындаған міскіндер.  
*(Шәкіртіне)*

Шындық көзі шырадайын  
Ашылады деймісің?!  
Ондай күннің туарына шүбәм бар!  
Шындық сонда –  
Болса Алтын Тақ кімде!  
Ал, Тақ сонда –  
Болса Күдірет – Күш кімде!

Ш ә к і р т *(іліп әкетін).*

Алтын Тақты Күдірет – Күшке  
Жатпын де!  
Баз кешем де мынау Жалған Фәниден –  
Қаһанға да,  
Қарашыға да бас ұрмай!

Ұ с т а

Құдай – жалғыз,  
Мен -- жалғыз.  
Өмірім қалды кәрі койдың жасындай.  
Жақ та,  
Жат та бола алмаймын ешкімге,  
Тек сенерім – табан ақы, маңдай тер...  
Ойым менен бойымдағы қуатым.

Ш ә к і р т *(ұстазының шамына тиіп).*

Лағып босқа бөстің бе:  
Әкеден ұл туатын,  
Ата жолын қуатын –  
Демеп пе едің бір кезде,  
Енді одан айныпсың!

Ұ с т а

Мен айнымай қайтейін,  
Айнып жатса заманым.

Ш ә к і р т

Алаң көңілің жайлықсын:  
Бұ Дүниеде не қызық —  
Не қарасыз,  
Не хансыз,  
Қайыршылық,  
Байлықсыз...  
Алтын Тақсыз...  
Қаһансыз...

Ұ с т а

Осынша жасқа келгелі  
Тақ пен Бақтың оңғанын  
Естімедім, көрмедім,  
Таусылғандай амалым.  
Қара да тұр! —  
Бұлар түптің түбінде  
Балта шауып тамырына  
Күллі Адамзат Баласын  
Қырып-жойып құртады!

Ш ә к і р т

Бұларың кім?

Ұ с т а

Бұлар — Бәрі!

Ш ә к і р т

Бәрі деген кім тағы?

Ұ с т а

Таққұмарлар,  
Баққұмарлар,  
Нәпсісі зорлар,  
Зейнеқорлар...  
(Қаны басына шауып)

...Мұның бәрі...  
Бәрі – Нойдың зәу-заты,  
Хам мен Күнхан тұқымы,  
Сам мен Яфес ұрпағы.  
Әбіл түрік көп шөбі,  
Ұлық ханның шөпшегі.  
Егіз туған екі Алып:  
Татар, Моңғол шөбересі,  
Түмен ханның немересі.  
Қайтпас Қассақ батыр мен  
Қабыл ханның балалары –  
Ат төбеліндей аз тобыр,  
Жілігі майлы ақ сүйектің  
Жайсаң менен қасқалары,  
Данышпаны мен даналары –  
Өңкей дөйдің жетегі...  
Қарға қарғаның көзін шұқымас:  
Бірінің орынын бірі басып –  
Шыңғыс ханы кетеді –  
Ақсақ Темірі келеді!  
Бірінің артын бірі ашып,  
Күнә жүктеп кеткеніне келгені,  
Күндеп көрінен тұрғызып,  
Күстаналап келеке етеді...  
Біздей бейбақ өмірі  
Арасында екі отғын  
Осылайша еңіреумен  
Азып-тозып өтеді!  
Қара Халық – Қара Шыбын,  
Таспен шыбынды ұрсаң да,  
Шыбынмен тасты ұрсаң да,  
Бәрібір – Шыбын өледі!  
Хан Тұқымы – Қара Тас,  
Қара Тас аман қалады!  
*(Шәкіртіне)*  
Осы ма саған керегі!  
*(Жынданып)*  
Бұдан дағы өлген артық ертерек,  
Бара-бара бұдан да жаман болады!

*(Есік көзінде отырған екі диуанаға, қала тұрғындарына,  
Жолаушыларға – кетіп бара жатқандарға, дауыстан)*

Ей, Өліктер!  
Тірідей сорға батқандар!  
Ғарып Қара Шыбындар!  
Шок! Шок! Шок!  
Кәні, кімге не керек?!  
Өтер! Кетер! Дүние – Бок!  
Кел, қоныңдар! Қаптандалар!  
Шок! Шок! Шок!

*(Келгендерге дүкендегі заттарды үлестіре бастайды)*

Кәні, кімге не керек?!  
*(Денелі адамға)*  
Ой, мынаның семізін!  
Мә, итаяк, мә, саған!  
*(Дәу кісіге)*  
Ей, қара күш – Өгізім!  
Мойынтұрық, мә, саған!  
*(Балаң жігітке)*  
Саған – жүген, жас Адам!

*(Жанындағы маубасқа, ыржақтап тұрғанын көріп)*

Саған, есек, нокта қажет!  
Мә, саған!  
*(Жұрт жиылып кезекке тұрады... Нойысқа).*  
Саған – күрек,  
Көр қазасың, есалаң!  
*(Жылтосқа)*  
Саған – таға,  
Табаныңның бүрі жоқ!  
*(Шаруаға)*  
Саған – соқа,  
Бейнетіңе – құрмет!  
*(Сұңғақ жігітке)*  
Саған – қылыш!  
*(Төртбақ жігітке)*  
Саған – найза!

*(Кезек екі диуана – Ақсақ Темір мен Жаңылдыққа келеді...  
Алыстан киіп-жарып үшінші дәруіш-диуана – Зайн-эд-дин шейх  
жақындайды, ол Ақсақ Темір мен Жаңылдықты танығанымен*

*сыр білдірмейді, олар мұны, бейтаныс кейіпке енгендігі сондай, мүлдем танымайды...)*

Ал, саған... саған ше, диуана...

*(Қол ұстасқан екеуін көріп, екіншісіне)*

Саған да ма?..

Кейуана...

*(Екінші дәруіш-диуана – Жаңылдық басын изейді).*

Онда, екеуің мынаны ал –

Ту биенің құйрығынан есілген

Сегіз өрім – кыл арқан!..

Б і р і н ш і д и у а н а – А қ с а қ Т е м і р

Неге керек бұл бізге –

Мырза-көңіл хошына

Құр әншейін телу ме?

Ұ с т а

Дарға асылып өлуге! –

Бұралқы итше –

Бұлайша

Адам санын көбейтпендер тірі боп!

Үй жоқ,

Күй жоқ тентіреген сорлылар,

Кендір арқан кыл мойынды қор қылар...

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н

*(Ұстаның сөзін бөліп).*

Маған неңді берер едің, жомарт жан...

Болмас құр қол қалуға!

Ұ с т а *(түріне тесіле қарап,  
дүкен босағасында жатқан табытты ұсынып).*

Саған – табыт...

*(Аң-таң болған Зайн-эд-дин шейхқа Ақсақ Темір мен Жаңыл-  
дықты көрсетіп)*

Мыналарды салуға!..

Аш-жалаңаш азғындаған міскіндер...

Кәні, әрі тұр!  
Кет былай!..  
*(Халыққа)*  
Ей, Өліктер!  
Тірідей сорға батқандар!  
Ғарып Қара Шыбындар!  
Шок! Шок! Шоқ...

*(...Халық – қозғала бастайды... Ду-ду – әңгіме... У-шу – ән айтылады... Айқай шығады... Әскер көрінеді...)*

Д а у ы с

Жарандар!  
Хан Әскері келеді!

Ә с к е р б а с ы *(сабан)*.

Тарандар!  
Карасирактар!  
Жалаңбұт,  
Жалаңаяктар!  
Тарандар, кәні, тарандар!

Ш ә к і р т

Бізде нең бар?  
Нең бар бейбіт халықта?!

Ә с к е р б а с ы

Ә, солай ма!

Ш ә к і р т

Солай!

Ә с к е р б а с ы

Олай болса...  
*(Қылышпен шауып)*  
Баудай қиып түсірейін  
Қам кәлләңды қалыпқа!



*(Шәкірт сеспей қатып, араға Жаңылдық түседі... Оған да қылыш тиеді... Хан Әскері Халықты қойға тиген қасқырдай талайды... Жұрт тым-тырақай қашып, жоқ болады... Хан Әскерінің қарасы әбден өшті-ау дегенде екі қыршының мұрдесі жатқан дүкен алдына ереуіл Халық қайта жиналады...)*

Д а у ы с

Ой, сұмдық-ай!

Ой, сұмдық!

Ұ с т а

Іш-құстаға – кәрі жынға құрбан боп,  
Қыршын кетті қос Мұңлық...

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н  
*(жиналғандарға, табытқа Шәкірттің денесін салдырып).*

Қорымға алып жүріңдер,  
Шығаралық намазын  
Нақақ шейіт ғарыптардың...

Б і р і н ш і д и у а н а – А қ с а қ Т е м і р  
*(екінші диуана – Жаңылдықтың жансыз денесін жерден көтеріп).*

Қапелімде қан жұтып,  
Есімнен мүлде танып қалдым...  
Жазығы жоқ жаным –жаралы...  
Тұтқиылдан тентіреткен бұл тағдыр  
Қайда бастап барады?!  
*(Табыт көтерген көптің соңынан еріп)*  
...Кешір мені, асыл жарым Жаңылдық!  
Өзім қолым өз жағама жармасты –  
Хан Әскері қаһанына да қарарсыз  
Қату боп шықты, қайтейін...  
Бұдан асқан бейшаралық болмас-ты!..

**Б і р і н ш і Б ө л і м н і ң с о ң ы .**

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ҮШІНШІ КӨРІНІС

*...Иассы қорымы... Шәкірт пен Диуана-Жаңылдықтың жаназасы... Хазірет-Сұлтан Қожа Ахмет Иассауидің бейіті көрініп тұрады...*

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н  
(оқуын аяқтап).

...Ағуз Білаһи мінашайтанірәжим  
Бісміла ірахман ірахим  
Кұлһуаллаһи Аһад  
Аллаһу ассамад,  
Лам яму уламюлад улам якун  
Лаһу куфун аһад.  
Субыхан рабина рабил ғизаты ғамма  
Асипун ослан мурсанин,  
Алхамды лилахи рабил ғаламин...  
Аумин!

*(Мінәжат етіп болған жұрт тарай бастайды... Кейбіреулері Хазірет-Сұлтан Қожа Ахмет Иассауидің бейітінен тәу етіп, әулиең шапағаты тисін деп, «ырымға» қышын сындырып, қойындарына кесегін тығып жатады)*

### Д а у ы с т а р

- О, Қызыр-Бабам, қолдай жүр...
- Әулиеден тәбәрік
- Ала кетсек болмас па!
- Ал...
- Сен ал...
- Кәні, сындыр...
- Сен баста...

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н  
(*жанұшырып жетіп*).

Токтатындар!  
Доғарындар тонауды?!  
Әзиз жанның тыныштығын бұзбаңдар!..  
(*Біреуіне, қолындағы тұтас кірпішін алып*)  
Мынауың не?!  
Өй, ғарып!..  
Қой орнына –  
Әулиеге ұрынба!  
(*Енді біріне*)  
Таста...

Д а у ы с т а р

- Шапағаты тиер деп...
- Жақсылыққа ұйғарып...
- Алғаным ғой ырымға...

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н

Тиіспеңдер!  
Қиратпаңдар!  
Қойындар!  
Жарықтықтың киесі ұрса –  
Қараң болар күндерің!..  
(*Әлгілер шошынып, кері шегінеді...*)

Б і р і н ш і д и у а н а – А қ с а қ Т е м і р  
(*Үшінші диуана – Зайн-эд-дин шейхқа*).

Ей, диуана!  
Кімсің бізге осынша әмір қылатын?!  
Әлде... қандай ойың бар?..  
Айтшы, болса білгенің –  
Бұл кім өзі,  
Кім дегеннің зираты?  
Қай әулие,  
Қандай кие ұратын?!

Үшінші диуана – Зайн-эд-дин  
Бұл – Иассауи...

Бірінші диуана – Ақсақ Темір  
Кім дедің?..

Үшінші диуана – Зайн-эд-дин  
Хазірет-Сұлтан Қожа Ахмет Иассауи –  
Түркстандағы түмен бап,  
Сайрамдағы сансыз бап,  
Отырардағы отыз бап,  
Баптың бабы Арыстанбаптың  
Жұбанышы һәм сүйеніші,  
Күдіреті яки құрметі –  
Сүйікті құлы Құдайдың,  
Пайғамбардың үмбеті –  
Шырақшысы Ислам Дінінің! –  
Шырайы фәни өмірдің...  
Және... Ұлы Әмірші  
Асқақ Ақсақ Темірдің  
Жебеушісі – жүрек тамыры –  
Қызыр-Ата...

Бірінші диуана – Ақсақ Темір  
Жебеушісі?..  
Қызыр-Ата?  
Не деп тұрсың, диуана?!

Үшінші диуана – Зайн-эд-дин  
Ия! Ия!  
Қорғаушысы!  
Қолдаушысы!  
Тәңірі!..  
(Бірінші диуана да, жұрт та аң-таң қалады...)  
Бірақ, оны біліп жатқан Темір жоқ!

Бар білері Ақсақ Темірдің –  
Хас кезеніп қылышын  
Күллі Әлемді күңіренту –  
Бұрымдысын күң ету,  
Білектісін құл ету!..

Б і р і н ш і д и у а н а – А қ с а қ Т е м і р

Ақсақ Темір нені білу керегін  
Білсең ашып айтпаймысың, диуана!  
Тантуыңның түгіне  
Түсінбесіне мен кепіл  
Түс көргенмен, бал ашып...

Ұ с т а

Мен де солай дер едім...

Б і р і н ш і д и у а н а – А қ с а қ Т е м і р

Бастан Құдай қарғаған  
Күпті қылмай көңілді,  
Емдеп жанның жарасын –  
Жұмбағынды шешсең-ші?!

Ұ с т а

Неңдей тылсым жалғаған –  
Иассауи мен Ақсақ Темір арасын?  
*(...бірте-бірте қараңғылана бастайды...)*

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н

...Күдіретіне шәк келтіріп Құдайдың,  
Мейманасы тасқан кезі Жұдайдың...  
Хан тұқымы тәубесінен жаңылып,  
Ашқан кезі хайуаннан бетер тағылық.  
Қам халықтың ет-бауыры езіліп,  
Қашқан кезі берекеті безініп.  
Зәре-зап боп найза менен қылыштан,

Етегін жасқа толтырған кез Гүлстан...  
...Қанға бөккен атқан таңның арайы,  
Зар илеген Жұдай ханның сарайы...  
(...Шейхтың үні Елес Дүниесінің есігін ашқандай  
әсер береді...)

### ЕКІНШІ ЕЛЕС

...Гүлстан... Жұдай ханның сарайы...

С а қ ш ы (кіріп келін).

Хан-Ием!  
Стамбулдан келген Жұлдызнамашы  
Кіруге рұхсат сұрайды.

Ж ұ д а й

Стамбулдан деймісің?!  
Кірсін!  
Кірсін...  
Маған сырттың сұғын қадап өлкеме  
Сыр тартқаны ұнайды...  
(Жұлдызнамашы кіреді...)

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Әміріңізге құлдық, Хан-Ием!

Ж ұ д а й

Сені мұнда –  
Жұмақ бейне Сарайға  
Көшкен сендей жөңкітіп  
Айдап келген не кәсіп?!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Қырық күн жолда келемін –  
Қызылқұмда адасып!  
Және менің мұнда келу себебім –  
Жан жарығы –  
Жұлдызыңыз тартқаны...

Ж ұ д а й

Ол не Жарық?  
Не Жұлдыз?!  
Шыбын жаның кеудеңнен  
Шығып кетпей тұрғанда,  
Айт, айт жылдам,  
Айт, кәні!..

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

О, Жұдай хан! –  
Жұмыр басты,  
Екі аяқты  
Тіршіліктің данасы,  
Адамзаттың алыбы,  
Адасқанның панасы!  
Ес жиғызып,  
Елге қос  
Қаңғыған Жұлдызнамашы –  
Мендей некен-саяқты...

Ж ұ д а й *(жарылқан)*.

Сусын,  
Шәрбат беріндер!..

*(Сарай қызметшілері Жұлдызнамашыға құрмет көрсетеді)*.

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы *(сусындап)*.

О, Жұдай хан...

*(Ханды айналып, бақсылығына мініп, жынын шақырып, тоқтамай сөйлеп)*

Әбілханнан – Бақыр хан,  
Бақырдан – Әзхан туыпты.  
Әзханнан – Көкхан,  
Көкханнан –  
Тараған Боғда уытты...  
Боғда ханнан өрбіген  
Қарақанның ұрпағы.  
Қарақаннан Күнәмір  
Туғанын кім ұмытады?!  
Күнәмірден – Бурылхан,  
Бурылханнан – Шәмшісі.  
Шәмшіден шыққанға ұқсайды  
Шыңғыс ханның атасы  
Қашудайын мерген мен  
Тұрымтайдай аңшысы...  
Ал, Жұдай хан... Жұдай хан –  
Дүниені дүр сілкінткен  
Шыңғыс ханның қамшысы...

Ж ұ д а й (таңырқан).

Мұны қайдан білесің?

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы (тоқталмай, әрі қарай).

Хас сөзіме құлақ ас:  
Биыл тура төрт мүшелде жасыңыз.  
Тоғыз қатын,  
Он үш қыз бен  
Он бес ұл –  
Отыз сегіз бопты әмбе басыңыз.  
Үш жыл бұрын – самайың,  
Бір жыл бұрын ағарыпты сақалың.  
Екінші әйел...  
Жетінші әйел... әлі бала тумапты...  
О, жаратқан!.. Міне... Және  
Түк таппайтын бедеу екен тоқалың!..  
...Ал, өзің,... өзің... Хан-Ием,  
Көптен қышыма-қотырсын...



Ж ұ д а й

Ей, қу сирак, қаңғыбас!  
Мұның бәрін  
Қайдан біліп отырсың!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Қапа болма, Хан-Ием!  
Адамзаттың түрі менен түсінде  
Бәрі-бәрі жазулы:  
Жаратылыс-жазмышы —  
Күз-көктемi,  
Жаз-қысы...  
Жазмыштан озмыш болмас-ты...  
Мен тек соны  
Оқып ғана отырмын.

Ж ұ д а й *(өзіне-өзі).*

Ия...  
Ия!  
Дәл айтады албасты!  
*(Жұлдызнамашыға, мойындап, тыр-тыр қасынып)*  
Рас...  
Рас!  
Бәрі рас!  
Мен...  
Мен көптен қышымамын... қотырмын...  
*(Есіне әлде не түсіп, үмітпен)*  
Қышыма мен  
Қотыр жазар бар ма емің?..

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы *(құтысынан дәрі алып).*

Қышыма мен қотырға  
Жетерлік-ақ дәрменім.  
Міне...  
*(Жұдай ханға береді)*  
Жактырыңыз жатарда,  
Жас сұлуға сылатып...

Ж ұ д а й

Кәні, бері... бері отыр,  
Қосыл, жақсым, қатарға –  
Жақын тартып өзінді,  
Қалдым білем ұнатып!  
*(Сақшы-уәзіріне)*  
Емші көңілін табындар! –  
Иығына зерлі шапан жабындар!  
*(Жұлдызнамашы сый-шапанын жамылып,  
жайланған соң)*  
Бәрекелді, Ғажабым!  
Көзі ашығым,  
Көріпкелім,  
Әулием!..  
*(Алақанын жайып, көрсетіп)*  
Енді менің болашағым хақында айт:  
Қай жазымнан болады екен Ажалым?!  
Қайтіп жәбір көреді екен жан-дүнием!  
Кім қуады менің бастан бағымды!  
Нендей нәубет сындырады сағымды!..  
Қандай құдірет мініп Алтын Тағымды –  
Қыздарымды күн етеді,  
Ұлдарымды құл етеді?!  
Айт!..

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы *(алақанын мұқият қарап).*

Қапа болма, Хан-Ием!  
Адамзаттың аялы алақанында  
Бәрі-бәрі жазулы:  
Жаратылыс-жазмышы –  
Күз-көктемi,  
Жаз-қысы...  
*(Қарап отырып, шошынып)*  
Жазмыштан озмыш болмастайын, Хан-Ием,  
Айтып Болашақ хақында  
Хақ-тағала хұқына  
Қол салмасақ нетеді –  
Рахымынды сұраймын?!

Ж ұ д а й

Жә!  
Жетеді!  
Айт!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Адам да бір,  
Қорадағы қой да бір,  
Не істесе де өз еркі –  
Күдіреті күшті Қасап-Құдайдың!

Ж ұ д а й *(қылышына қол апарып).*

Түк келмейді қолынан  
Демекпісің Жұдайдың!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Қауіп қылма, Хан-Ием!  
Дегенменен,  
Хақ Ісі –  
Бес Ғайыбы Тәңірдің  
Көне алмайды ешқашан  
Жұмыр басты,  
Екі аяқты  
Пенделердің ырқына!

Ж ұ д а й

Ол не Ғайып –  
Бес Ғайып?

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Ажалың – Ғайып,  
Дидарың – Ғайып,  
Дәм – Ғайып...  
Нәпсіміз – Ғайып,  
Және де

Гайыптық Тылсым —  
Ататын алғы таң байып...  
Соның үшін де өтінемін, Хан-Ием,  
Айтып Болашақ хақында  
Хақ-Тағала хұқына  
Қол салмасақ нетеді?!

Ж ұ д а й

Жә!  
Сұңғыла!  
Жетеді!  
Кәні, жаның барында  
Аярланбай айт жылдам —  
Менің алақанымнан  
Нені көрдің,  
*(Қылышын қынабынан суыра)*  
Не білдің!  
Кәні...

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

*(Ханның алақанына тесіле қарап, амалы жоқтықтан).*

...Табы жатыр  
Жиырма жылдық өмірдің.  
Есептелік... Ия. Ия...  
Жиырма көктем...  
Жиырма жаз...  
Он тоғыз күз —  
Көрер жарық күнің бардай  
Алдыңда!

Ж ұ д а й *(азсынып).*

Неге менің көрер күзім —  
Он тоғыз!  
Жалпы,  
Неге бары-жоғы жиырма-ақ жыл  
Өмір сүрем мен сонда?!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Солай, Ханым!  
Нанбасаң да,  
Нансаң да! –  
Бәрі-бәрі жазулы...

Ж ұ д а й

Айт!  
Ашып айт!  
Неден болмақ Ажалым?!  
Қайдан көрім қазулы?!  
Айт, көңіліме қарамай!..

*(Жұлдызнамашының айтқысы келмей тұрғанын сезіп, қылышын жалаң ұстап)*

Айт!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

...Арғы атасы – Қасұлы...  
Бергі атасы...  
Қарашыдан – Ұлықшы,  
Ұлықшыдан – Тағышы,  
Тағышыдан – Тарнажы...  
Тарнажыдан тарайды ұлық Тарағай...  
Тарағайың – Алмалыда тұрады...  
Әйелінің Дариға екен ныспысы...  
Дариғаның оң жауырыны үстінде  
Бармақтайын мені бар...  
Және мүкіс құлағы...  
Аяғы ауыр...  
Жатырында жеті айлық  
Нәресте бар...  
Хан-Ием!  
Зәре-құтыңды ұшыратын –  
Сол Нәресте болады! –  
Сол жаныңды алады! –  
Құрбандығына шалады!

Жер мен Көкті ойран ғып  
Оның салған ылаңы —  
Дүние бүлініп тынады!..

Ж ұ д а й

Айта түс!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Сол Нәресте  
Немере ағаң—  
Тығырықты да өлтіріп,  
Түбі қаһандық құрады:  
Жиырма жеті атаңнан  
Мұра — Алтын Тағынды  
Алашына табыстап,  
Ала туыңды құлатып,  
Құзырыңды жаныштап,  
Қу жетімектей жылатып,  
Аз күн мынау тірлікте  
Жиған бақ-беделінді,  
Терген абырой-атағың,  
Қазынаң, байлық-барынды  
Айрандайын ақтарып,  
Таудай дәреже-даңқыңды  
Жермен-жексен етеді,  
Ту-талақай қылады!

Ж ұ д а й *(зәресі қалмай)*.

Бұ Дүние менен өтеді?..  
Күдай төбемнен ұрады?  
Жо-жоқ!  
*(Жұлдызнамашыға)*  
Найсап!  
Өшір!  
Өшір үнінді?!

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы (қызынып).

Жоқ!  
Хан-Ием!  
Түгел айтам қалғанын! —  
Хақ-Тағала хұқына  
Қол салмайық деп едім —  
Бауырға шапқан өттейін  
Өрекпіп өзің болмадың!..  
*(Ауызы көпірін)*  
Кеш!  
Енді кеш, Хан-Ием!  
Қашан қуыс кеуденен  
Шыбын жаның шыққанша  
Ірің болмақ — ішкенің,  
Желім болмақ — жегенің.  
Аяғың мен басыңа  
Күндіз-түні тас байлап,  
Сәтке кірпік ілдірмей,  
Сары аурудай сарғайтып,  
Жіпсіз байлап төсекке,  
Тұтқындайды арманың! —  
Көр!  
Көр, Хан-Ием!  
Көр де тұр! —  
Болар Жазмыш Жазуы,  
Келер менің дегенім!

Ж ұ д а й (сақшыларына).

Өшіріндер үнін!  
Иығынан жұлып зерлі шапанын,  
Көңіл-көзін көміндер!  
Шұнтитыңдар —  
Шаян-тілін кесіндер!  
Құнтитыңдар —  
Итке таста құлағын!  
*(Сақшылар Жұлдызнамашыға тап беріседі...)*

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы

Жазмыш – солай, қапалым!  
Қорла мені... қорлама!  
Не істесе де – өз еркі –  
Қүдіреті күшті Құдайдың!

Ж ұ д а й

Әкетіндер!

*(Сақшылар Жұлдызнамашыны сарайдан сүйрелеп алып кетеді... Өзіне-өзі)*

Жо-жок!..  
Жалған...  
Жатырдағы жеті айлық  
Мені өлтірмек Баланы  
Көрер көзге жоқ етіп –  
Мынау Жарық Дүниені  
Көрмейтіндей қылайын!  
*(Жан дауысын шығарып)*  
Әскер!  
Хан Әскері, қайдасың!

Ә с к е р б а с ы *(кіріп келін).*

Құзырыңа құлдық, Хан-Ием!

Ж ұ д а й

Алмалыға шабындар –  
Тарағайды табындар –  
Әйелімен екеуін  
Заматында тұтқындап  
Жеткізіндер Ордаға!  
*(...Хан Сарайын қараңғылық басады...)*

Ж ұ л д ы з н а м а ш ы – Д а у ы с

Жазмыш солай, Жұдай хан,  
Қорла мені... қорлама...



Б і р і н ш і д и у а н а – А қ с а қ Т е м і р – Д а у ы с

...Бастан Құдай қарғаған  
Күпті қылмай көңілді,  
Емдеп жанның жарасын –  
Жұмбағыңды шешсең-ші?!

Ұ с т а – Д а у ы с

Нендей тылсым жалғаған –  
Иассауи мен Ақсақ Темір арасын...

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н – Д а у ы с

Күдіретіне шәк келтіріп Құдайдың,  
Мейманасы тасқан кезі Жұдайдың.  
Хан тұқымы тәубесінен жаңылып,  
Ашқан кезі хайуаннан бетер тағылық;  
Алмалыда ел ет-бауыры езіліп,  
Қашқан кезі тым-тырақай безініп...  
Тарағайдың қанды жасы аққан кез...  
Дариғаның ізін бейнет баққан кез...

*(...Хан Сарайындағы қараңғылық сөйле бере, Әскер басы Ордаға аяқ-қолы байлаулы екі тұтқын – Тарағай мен Дариғаны алып кіреді...)*

Ә с к е р б а с ы

Хан-Ием!..  
Алмалыны шаптық біз!  
Тарағайды таптық біз –  
Әйелімен екеуін  
Заматында тұтқындап  
Алтын Сарай – Ордана  
Алып келдік, Хан-Ием!

Ж ұ д а й *(Тарағай мен Дариғаны айналып өтіп,  
Жұлдызнамашының сөзіне көзін жеткізін).*

Рас!  
Рас!  
Бәрі рас!..

Т а р а ғ а й (*Жұдай ханға, жалынып*).

Табан асты жаусынып  
Басқа түскен бұл істің  
Жаласына таңылып,  
Түсінбестен түгіне  
Әбден естен жаңылып,  
Түгесіліп, таусылып,  
Талып келдік, Хан-Ием!

Ж ұ д а й (*Әскер басыға, Тарағайды көрсетіп*).

Өшір үнін!..  
Көріпкелдің кебін киіп  
Бұған да –  
Соқыр,  
Мылқау,  
Таскерен  
Болған өте лайықты! –  
Көр қылындар шырағын!  
Шұнтитындар –  
Кесір тілін кесіндер!  
Кұнтитындар –  
Күшікке бер құлағын!

*(Сақшылар сүйрей жөнелген күйеуі Тарағайға араша түспек болып зар қаққан Дариғаны нұсқап)*

Жылдам шешіндіріңдер –  
Болсын жана туғандайын Анадан!

*(Хан жендеттері әп-сәтте Дариғаның киіміне жармасып, дода-додасын шығарып жыртып, жалаңаш қалдырады... Хан Һауана-кейіпті түгелдей тінте қарап)*

Рас!  
Рас!  
Бәрі рас!  
...Оң жауырыны үстінде  
Бармақтайын меңі бар...  
Және мүкіс құлағы...  
Аяғы ауыр...  
Жатырында жеті айлық  
Нәресте бар...

*(Үрей билеп)*  
Шынымен-ақ,  
Ажалым –  
Мына тырдай жалаңаш  
Ғарып табар Баладан?!  
*(Қорқынышы ұлғайып)*  
Жо-жоқ!..  
Мұның  
Жатырындағы жеті айлық  
Мені өлтірер Құбыжықты  
Кұртып,  
Дүниежарықты  
Көрмейтіндей қылайын!  
*(Сақшы-жендеттеріне)*  
Көз алдымда, кәні,  
Басын алындар! –  
Мен қызықтап тұрайын!

*(Хан жендеттері Дариғаның басын алу әрекетіне кірісе бастағанда)*

Жо-жоқ!  
Тоқта!  
Мен сенбеймін сендерге!  
Сене алмаймын,  
Өңшең малғұн, шерменде!  
Өзім...  
Өзім өлтіремін бұл Сұмды!  
Өз қолыммен аластаймын Тылсымды!  
Кет!  
Кетіндер!  
Аулақ кет!  
Өзім...  
Өзім кеңейтемін тынысымды...

*(Жаналғыштарына сенбей, өзі кірісіп – Дариғаны ұрып жсығып, тұншықтырып... ішін езгілеп, теуіп-теуіп...)*

Мә! Мә! Саған!  
Мә! Мә! Саған!  
Осылайша құтыламын  
Аяғым мен басыма

Қайғыдан кара тас байлап  
Қашан қуыс кеудемнен  
Шыбын жаным шыққанша  
Кетіретін тынышымды –  
Көріпкел айтқан Ғаламаттан!  
Мә!  
Мә, Саған!..

*(Шаршап, Дариғаның жансыз кеудесіне құлағын тосып,  
өлгеніне көзін әбден жеткізіп)*

Уфһ!  
Бітті білем шаруасы!..  
Енді тосын пәледен  
Тау суындай тазамын!  
*(Сақшыларына)*  
Әкетіндер!–  
Көрсетпендер көзіме!

*(Сақшылар Дариғаның жансыз денесін ала жөнеледі...)*

Бітті!  
Бітті шаруа!  
*(Жайланып, рахаттанып)*  
Тапты білем ақырын –  
Менің Сәби-Ажалым!  
*(Күледі...)*

Ха!  
Ха!  
Ха!  
Бұдан былай өзім Қожа,  
Өзім Тәңір,  
Өзім Құдай –  
Өзіме!  
Ха!  
Ха!  
Ха!..  
*(...Елес – тарайды...)*

**ҮШІНШІ КӨРІНІСТІҢ ЖАЛҒАСЫ**

Ү ш і н ш і д и у а н а – З а й н - э д - д и н

...Бұл бір күздің қара суық түні еді,  
 Жұлдыз жылап,  
 Ай суалып жүдеді...  
 Иассауидің бейітінің ығына –  
*(Жұртқа көрсетіп)*  
 Мына жерге –  
 Сүйреп әкеп тастай салған Сақшылар  
 Дарифаның соғып жатты жүрегі...  
 Соқты жүрек...  
 Қысты толғақ...  
 Туды Ана...  
 Мұны көріп естен танды ту Дала,  
 Мұны көріп шықты медиен Түз есі:  
 Дүниеге келген шала Шындықтың –  
 Нәрестенің сол көзі, оң аяғын  
 Зақым еткен екен Жұдай тізесі...  
 Мұндай сұмдық симайтындай ұғымға,  
 Туды кемтар Иассауидің ығында –  
 Туа сала тірлік болып ұраны,  
 Шырқырады... шар-шар етіп жылады...  
 Күткарды оны беймәлім бір Бәдәуи,  
 Жылағанын шалып қалған құлағы.  
 Қолдады ма Қызыр-Баба киесі,  
 Әлде, Әулие шапағаты тиесі,  
 Сол Нәресте – бүгінгі Ұлы Әмірші  
 Ақсақ Темір – Күллі Әлемнің Иесі!  
*(Жұрт ішегін тартып таңырқайды...)*  
 Ұлы Әмірші бейне көктен түскендей,  
 Аруана емес,  
 Ана сүтін ішкендей,  
 Токмейілдік танытады ұдайы,  
 Иассауиді ұмытқандай сыңайы,  
 Біле-білсе:  
 Қызыр-Баба – Әулие –  
 Хазірет-Сұлтан Қожа Ахмет Иассауи! –

Әміршінің өз-табиғат реңі! –  
Тірлігінде табынатын Тәңірі! –  
Өле-өлгенше сиынатын Құдайы!  
Сол Тәңірі – Құдайының, мінеки,  
Бейітінің құлап жатыр іргесі,  
Қурағандай ақыреті – мүрдесі...  
Өлі аруақ, риза болмай, ағайын,  
Таптырмайды тірінің бақ-жүлдесі!..

### Д а у ы с т а р

– Олай болса Әмірші  
Арнап мазар салмай ма  
Иассауидей Қызырға!  
– Хайуаннан боғы өзге  
Ондай қадыр білместің!  
– Тегіне тартар туымды  
Сыралғы жөн мен жол қайда?!

### Б і р і н ш і д и у а н а – А қ с а қ Т е м і р

Жә!  
Көкіме!  
Қызынба?!  
Өңкей нәкәс бірін-бірі жүндеген!  
Бұл жәйттен шын мақұрым Әмірші!..  
(...Жұрт – тарай бастайды...)  
Бал орнына у ішеді білмеген!  
(Өзіне-өзі)  
Күшігінен таланған  
Жан-жүрегім қан жылап,  
Ішім жанып барады!

(...Кетуге оңтайлана бастаған Үшінші диуана – Зайн-әд-дин шейхты танып, қолынан шап беріп)

Сен бері жүр, Бәдәуи,  
Енді бірге аралайық Қаланы!..  
(Екеуі – қараңғылыққа еніп кетеді...)

## ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

...Мавераннехр... Ордадағы кеңес...

Ақсақ Темір *(ойға батып)*.

Құдай – Жалғыз!  
Қүдірет – Хак!  
Құлы – Пенде!  
Құл санатты Пендеміз:  
Мен де,  
Сен де!  
Құлмын деуге жетеді ақыл-күшім,  
Қүдіретім жерде  
Құдаймен тең десем де!  
Сондықтан да Ол жебейді сүйген құлын,  
Тумай жатып тозаққа күйген құлын.  
Өле-өлгенше жадымнан шығара алман  
Ғайып-тағдыр еншіме тигендігін!  
*(Зайн-эд-дин шейхқа қарап)*  
Жазымыштың жазуы таландағы  
Осы болар... Жоқтан Бар жаралмағы.  
*(Әуелгі ойдың жетегімен)*  
Құдай қиямет-қайымын тәрк етердей,  
Хайуан мінез жойылса Адамдағы!  
Сәл тойынса құдайын танымаған  
Адам Адам еместей – Ғарып Адам!  
Халық басқарып не ондырар –  
Азғын туып,  
Уызына ақылдың жарымаған!  
Жамандыққа жал бітсе есіреді,  
Өмір отын хас надан өшіреді.  
...Адам Адам болар ма пенделіксіз,  
Жазған Құлын Құдайым кешіреді.  
Жазумен, жаңылумен өтеді күн,  
Менің дағы жетерлік қателігім.  
Иассауидің кеш сездім Қызырлығын,  
Зайн-эд-диннің кеш ұқтым Әкелігін.  
Кей елге жөнсіз зығыр еккендеймін,  
Кей ердің нақақ қанын төккендеймін.

Қиянатым ұлғайып қол астымда,  
Құдайымды ұмытып кеткендеймін.  
Түркі елінің елемей ұлыстығын,  
Найза ұшын, алыппын қылыш тілін.  
Бақытына Батыстың шалдым құрбан,  
Шыңғыс ханның шалағай Шығыстығын!  
Шығыс...  
Батыс...  
Шыңғыстың зобалаңы...  
Шыққан күнім Батысқа жоғалады...  
Күн шығарып...  
Күрмелген күн батырып,  
Енді не етсем тірлігім оңалады?!

*(...Орданы тінтіп қарап, әлденеге көңілі ортайып, жаны жүдеп, Алтын Тақты айналып өтіп)*

Мынау Алтын Тақтың құны – белгілі.  
Атақ пенен Даңқтың құны – белгілі.  
Болмыс-бітім кеуде-көгін тәрк етіп  
Қашан ұшып шыққанынша шыбын жан,  
Істейтінім не болады ендігі?!  
*(Қалың ойдың шырмауынан шыға алмай)*  
Жанарым қан аралас жасқа тұнып,  
Осылайша өтем бе бас қатырып!..

*(Көзі Зайн-эд-дин шейхтың қолындағы Кітап – Құранға түсіп, жігерленіп, жонданып)*

Жок!

Жок!

Жок!

*(Шейхтың қолынан Кітапты алып, тәу етіп)*

Уағыздайын Хақтың Жолын,  
Жонынан тоңмойынның таспа тіліп!  
*(Қуаттанып, қомданып)*

Қүдіретіне көкте Күн, Ай табынып,  
Мавераннехр болардай байтақ ұлық –  
Бүтіндейін халықтың жыртық ойын,  
Бүлінген  
Бұ Дүниені қайта құрып!  
*(Кітап ашады...)*



З а й н - э д - д и н *(қоштан)*.

Оң!  
Оң тірлік, Әміршім!  
Діні жоқтың — Ділі жоқ!

А к с а қ Т е м і р *(оқып)*.

Жаратқан өз пендесін қылды қайран:  
Бай болмақ,  
Кедей болмақ —  
Бір Құдайдан!

З а й н - э д - д и н *(жатқа соғып)*.

Қайыр менен садақаға кең болғай.  
Қамқоры бол кембағал мен ғаріптің —  
Ол да Құдай пендесі...

А к с а қ Т е м і р

Тасыр талыс болмайды күштегенмен,  
Ойына не келгенін істегенмен.  
Қарақан бастың қамын ойлап кетпе,  
Бақ пен Тақ талайынды үстегенмен.

З а й н - э д - д и н

Отымен кір,  
Күлімен шық Халықтың! —  
Бұ жалғанда  
Бұл қызметтің жоқ теңдесі...

А к с а қ Т е м і р

Кем болмас хақ бұйрығын орындаған —  
Құдайға құлшылықтан қорынбаған.

З а й н - э д - д и н

Санана қарай — салмағың,  
Көсіл — қарап көрпеңе...

А қ с а қ Т е м і р

Аттамай ала жібін еш пенденің,  
Базар қыл тірлігінде барыңды, Адам...

З а й н - э д - д и н

Салады Ажал қармағын –  
Кеш пе, әлде, ерте ме?!

А қ с а қ Т е м і р

Шығарма естен бұл фәнидің жалғанын,  
Үмітің өшіп,  
Тұншығады арманың...  
...Қор тұтқаның жүрмесін де зор шығып,  
Ел Ардағы – Сенің дағы Ардағың...

*(...Әмірші Кітапты жапқан күйі үнсіз тұрып қалады... Сақшы кіреді).*

С а қ ш ы

Әміршім!  
Шақыру жарлығыңызбен  
Келген екі суретші:  
Әл-Сапари ибн Отырари,  
Әл-Шахани ибн Гүлстани  
Өзіңізден бұйрық күтеді.  
Алып келген сыйлықтары бар көрінді...

А қ с а қ Т е м і р

Кірсін де!..  
*(Өзіне-өзі)*  
Таптым білем ақыры,  
Тегі таза Өнерді  
Тезге салар жерімді.  
*(Суретшілер ордаға еніп Әміршіге тағзым етеді).*

Ә л - С а п а р и и б н О т ы р а р и  
Құзырыңа құлдық, Әміршім!

Ә л - Ш а х а н и и б н Г ү л с т а н и  
(Әміршінің аяғына жығылып).

Аяғыңа жығылып,  
Асқақтығың алдында  
Бас иіп,  
Құлдық ұрдық, Әміршім...  
(Алып келген сыйының бумасын шешіп жатып)  
Шоқынатын Құдайындай Орыстың,  
Айнымайтын жанды Қүдірет –  
Әз Бейненді ақ матаға  
Салып келдім, Әміршім!  
(Салған суретін көрсетеді)  
Міне...  
Мынау салғаным:  
Түр-бояуын бұзбастан  
Дер кезінде Ордана  
Алып келдім, Әміршім...

(Суретте: Ақсақ Темірдің өмірден алынған көшірмесі сол бойынша, қаз-қалпында: сол көзі – соқыр, оң аяғы – ақсақ, Құбыжық күйінде – көрінеді...)

А қ с а қ Т е м і р (өз бейнесінен өзі жеріп).

Құдай қарғаған туымын –  
Құбыжығың кім мынау?!  
Бұл кім?! Найсап!  
Әрі соқыр, әрі ақсақ!  
Тәні, жаны жаралы –  
Албастың кім, Сұмырай!..

Ә л - Ш а х а н и и б н Г ү л с т а н и

Сурет...  
Жо-жоқ...

## А к с а қ Т е м і р

Азғын бояу сананы улап барады!  
Доңыз қимыл дарақының қылығы-ай...  
...Арзан оймен ақ матаны былғаған  
Сенің қолың емес білем — қыл қалам!  
Сенің орның емес білем — бұл Орда!  
Табиғатында жоғын сұраған  
Көңілімді көншіт деппін Күмәнға!  
Жаратылғалы қан жылаған  
Жүрегімді жұбат деппін Ылаңға!  
Қызылды — қызыл,  
Ақты — ақ  
Друді айып тұтынбай,  
Әу басында Тәңірім  
Танымымды тәлкек қып  
Тас төбемнен ұрар ма!  
Сонда-ақ сенің көзіңді ойсам —  
Болмас па?!  
Сонда-ақ сенің тұқымыңды жойсам —  
Болмас па!..  
Құлан құдыққа құласа  
Құлағында ойнайды құрбақа! —  
Енді, міне, залалыңды тигізіп,  
Зауал ектің зар басқа!  
Сақшы!  
*(Жетіп келген Сақшыға, Әл-Шахани ибн Гүлстаниді көрсетіп)*  
Әкетіндер!  
Ноқай қолын кесіндер!  
Нәкес көзін ойындар! —  
Аластандар бұл өлкеден  
Хас Өнердің Өгейін!..

*(...«Ойбайлап», Тәңіріне тірідей жазып, кешірім сұрап, Сақшылардың соқтасында сүйретіліп бара жатқан суретші Әл-Шахани ибн Гүлстанидің соңынан аз-кем қарап тұрып, Әл-Сапар ибн Отырариға бұрылып, ештеңе болмағандай)*

Кәні...

Отырар ұлынын  
Тылсым-теңін шешіндер...  
(Шыдамай, Суретшіге жақындап)  
Көріп,  
Сынап байқалық:  
Қалай, қалай тақылдайды таңдайың.  
Қалай, қалай бүлкілдейді көмейің...  
(Сурет орауынан ажырап, бояуы көріне бастаған  
сәтінде)  
Кәні...  
Кәні... айталық...

*(Әл-Сапар ибн Отырари теңі шешілген суретті Әміршінің алдына көлденең тарта береді... Суретте: тоғайдан шыға қашқан құралайды ақбоз аттың үстінде, оң аяғы — үзеңгіде, сол көзін сәл қысып көздеп, садағын шірене тартып тоятын тапқан Әмірші Ақсақ Темірдің саят құрған салтанатты шағы бейнеленген...)*

З а й н - э д - д и н *(шын таңырқап).*

Ғажап!..

А к с а қ Т е м і р *(естен танып).*

Ғажап!  
Ғажап!..  
Ғаламат!  
Қандай бояу?!  
Қандай түс?!

*(...қуанып, Әл-Сапар ибн Отырариді Зайн-эд-дин шейхқа жетектей жөнеліп)*

О, менің Ұлы Ұстазым!  
Күні-түні кірпік ілдірмей  
Күпті қылған көңілімді —  
Керегімді тапқандаймын мен байғұс —  
Енді мәңгі азбайтындай ажарым,  
Енді мәңгі тозбайтындай базарым:  
Тек осы Адам — текті Адам —  
Әл-Сапар ибн Отырари...  
Ия... Ия... осы ғана салады

Ислам Діні Шырақшысы –  
Қызыр-Баба – Әулие –  
Қожа Ахмет Иассауидің Мазарын!

З а й н - э д - д и н *(суретті тағы бір зер салып қаран).*

Оң айтасың, Әміршім!  
Мұндай да дүние туады екен Адамнан:  
Неткен шұғыла!  
Неткен рең?!  
Ғажап!  
Ғажап!  
Шын ғажап!  
Асып айтсам қанамнан  
Құдайым өзі кешірет:  
Қыл қаламын қолға ұстап  
Көктен түскен Ғайыптайын –  
Көзі тірі Құдіреттейін бұл Қазақ!

*(...суретке тағы да бір рет қаран, дегеніне көзі әбден жеткен  
кісінің сыңайын байқатып)*

Оң айтасың, Әміршім!  
Егер Өнер танысам:  
Ертең!..  
Ертең!  
Күні Ертең  
Бақ-жұлдызың жанады –  
Бірегей туған бұл Адам  
Қызыр-Баба – Иассауиге  
Тендесі жоқ Әлемде  
Тылсым МАЗАР салады! –  
Бас көтереді МӘҢГІЛІК  
Сенің Туған Жерінде!..

А к с а қ Т е м і р

*(Кітап ашады... тағы сол сүреге түседі).*

Шығарма естен бұл фәнидің жалғанын,  
Үмітің өшіп,  
Тұншығады арманың...

...Қор тұтқаның жүрмесін де зор шығып,  
Ел Ардағы – Сенің дағы Ардағың....  
(*Өзіне-өзі, Кітап сөзіне қайран қалып*)  
Бұл не шешім?..  
Тосын сор ма?  
Тосын бак?!  
Түсім бе.. әлде, өнім бе...  
(*Өзіне-өзі келіп, Әл-Сапар ибн Отырариға, сеніммен*)  
Уақыт Кілті – Қолында:  
Бағы тасқан Ордаға  
Бас Сәулетші боласың! –  
Бұйрығымды орында!  
Шығыс пенен Батыстың  
Жүзден озған жүйрігі,  
Мыңнан асқан тұлпары –  
Зергері мен шеберін  
Гүлстанға жинақтап,  
Әміршінді жебеуші  
Иассауидің Хас-Мазарын саласың!  
О, Әл-Сапар ибн Отырари –  
Ақыл-Ойдың Алыбы,  
Талабыңа тау құрбан,  
Таланыңды таққа мінгіз,  
Тәж кигіз –  
Сакта жаттың Тілі менен Көзінен!  
Тұмар тағып, үкіле!  
Өнерінді өткіз жүзік көзінен:  
Әр кірпіштің  
Жұмбақ болсын қалыбы,  
Топырағын тасыт сонау Меккеден,  
Илет бие сүтіне!  
Бозға салып бедері мен өрнегін,  
Беріштікке  
Бозқасқаның құйрық-жалы қылын қос!  
Жыл – Он Екі Ай –  
Күндіз-түні қимылда –  
Қызметші құлдарың мен күндерін  
Өткізбесін  
Түндерін тек, күнін бос! ...

Ұрқының жетіп ұрқына  
Айта жүрер аңыз ғып  
Адамзаттың келер ғасыры –  
Сән-сәулетін  
Жер жүзіне мәлім қыл!  
Бұзбасын жел-құз тасыры,  
Баспасын заман басыры,  
Өтпесін жайдың жасыны –  
Жетпесін жаттың, күлкісі –  
Күмбезін көкте,  
Қабырғасын  
Қайғы алмастайын қалың қыл –  
Түбінен қарағандардың  
Тақиясы түссін басынан –  
Ту сыртынан кадалғандардың  
Түбі көрер ынты-зары боп,  
Шықпасын көңіл-хошынан!

Ә л - С а п а р и и б н О т ы р а р и

Құзырына құлдық, Әміршім!

А қ с а қ Т е м і р

Мен жорыққа аттанам! –  
Түсі өзгені  
Тірлігінен түңіліп,  
Бірлігінен безінтіп,  
Тауқыметін тарттырып,  
Жан түршігер жазаның  
Тиесілін бергенше –  
Даяр болсын САЛТАНАТ!

Ә л - С а п а р и и б н О т ы р а р и

Құзырына құлдық, Әміршім!  
Тырысармыз қолдан келгенше...

*(...Ордаға – Барлас әмір мен ала қап сүйреткен Баһрам әмір  
енеді...)*



Б а р л а с

Әміршім!  
Қастандықтың кара қайрағы –  
Қарғыс атқыр Хұсейіннің  
Ордасына ойран сап,  
Жасыл туын жығып келдік...

Б ә һ р а м

Дегеніңнен шығып келдік...  
*(Ала қапты түбінен ұстап сілкіп-сілкіп қалғанда жерге  
Хұсейін әмірдің қылыша мойыннан кесілген қасіретті қан-қан басы  
домалап түседі...)*

А қ с а қ Т е м і р *(Басты танып).*

...Хұсейін...  
...Жан досым...  
Жыққаның – жығылғаның болды ма?!  
Ұтқаның – ұтылғаның болды ма!..

З а й и - э д - д и н

Күрмеуге келмес зар келте  
Қамшы сапты ғұмырын  
Жаның барында – Жорық,  
Жаның шыққасын – Құладың...

А қ с а қ Т е м і р

Қаһаныңа қарсы шыққаның –  
Халыққа қарсы шыққаның,  
Халыққа қарсы шыққаның –  
Құдайға қарсы шыққаның  
Емес деуге тілім бармастай...  
Дүние-Жардан құладың!

З а й н - э д - д и н

Адам қарғағаннан – без,  
Құдай қарғағаннан – қорық!

Ақсақ Темір *(өзіне-өзі келе алмай).*

Бұ не?..

*(Бастан шошынып)*

Бұл кім?

*(Барлас пен Баһрамға)*

Бұларың не?!

Не сұмдың!

Барлас

Бұл ма бұл –

Тірлігімді қараң еткен – Хүсейін!

Баһрам

Адалымды харам еткен – Хүсейін!

Екеуі бірігіп

Жеті мәрте жауласып,

Жеті мәрте жеңіліп –

Көңіліңді алаң еткен – Хүсейін!

Ақсақ Темір

Хүсейін!

Жан досым...

*(Басты құшақтап, жылап)*

Өмір-шырағың сөнген бе?..

*(Барлас әмір мен Баһрам әмірге шабынып)*

Мұның басын кім шап деді сендерге!

Барлас *(сасып, тұтығып).*

Өзің...

Баһрам

Өзің, Әміршім!

Бұйрық берген – Өзіңсің!

«Өлім! – дедің, –  
Өлім – оның лайығы!» –  
Сол бұйрығынды орындап,  
Бір дегенінді екі етпей  
Келген біздей ләппайдың  
Бар болар ма айыбы?

А қ с а қ Т е м і р (*тосылып*).

Мен бе берген бұйрықты?  
Мен бе басын шап деген?!

Б а р л а с (*буынын бекітіп*).

Құп айтасың, Әміршім!  
Бұйрық берген – Өзіңсің!

Б а н р а м

Солай болған, Әміршім,  
Өзіңменен Ордада  
Орайын тапқан келісім...

А қ с а қ Т е м і р (*меңіп, өзіне-өзі*).

Қалай ғана бердім екен  
Мұнша қапыл Бұйрықты?  
(*Басқа*)  
Беу, Хүсейін – Ақ Берен!  
Жеті мәрте жауласып,  
Жау шықсаң да жақыннан  
Сенің жолың бөлек еді мен үшін...  
Сенің орның ерек еді мен үшін...  
Аспанымнан қас-қағымда құлдилап  
Ағып түскен жұлдыздайын құйрықты,  
Бейтағдырсың бүгін, бақұлсың!  
Таскаяқтың зар шарындай домаланып тұл басың,  
Құшағымда қан-жоса боп жатырсың! –  
Осы керек еді менің Өзіме!..  
Енді не амал?!  
Еңіреуден өмір өнген бе?..

*(Барлас әмір мен Баһрам әмірге қайта шүйлігін)*

Мен берсем ше Бұйрықты?!  
Бұйрық берген екен деп  
Көрінгенді көзіне  
Қынадай қыра беретін  
Нәубет келсін Сендерге!  
...Мен берсем ше Бұйрықты?!—  
Тәнімнен жаным безсе ет-ті!  
Ей, Барлас-ай,  
Ой, Баһрам,  
Түгел Бұйрық атаулы  
Толайымен іске асып  
Орындала бермесін  
Соқыр санаң,  
Көр кеуден,  
Әттең, Дүние-ай, сезсе ет-ті?!

*(Ашынып)*

Құдай — Жалғыз!  
Күдірет — Хак!  
Құлы — Пенде!  
Құл санатты Пендеміз:  
Мен де,  
Сен де!  
Менің берген Бұйрығым —  
Хак Бұйрығы емес қой! —  
Қыжылы ғой Пенденің!  
Қалай шыдар бұл жүрек —  
Сезіп достың шырағы  
Көз алдында сөнгенін!..

Б а р л а с *(ақталып)*.

Шаруамызды шайқалтып,  
Шаңырағымызды күйретті — бұл Хүсейін!

Б а һ р а м

Тірлігімізді шайқалтып,  
Шаңқан отауымызды күңіретті — бұл Хүсейін!

## А к с а қ Т е м і р

Салып түлкі бұлаңға,  
Сансыз рет уәдесін бергіштеп  
Шығарғаны рас әбден зықымды! —  
Қара қаным ұйымайды ылаңға,  
Тас жүрегім жібімейді жылаңға!..  
Бірақ, бірақ...  
Мен білетін Хүсейін  
Ылаң болғанмен ынсапсыз,  
Өліп қайта тірілер  
Жеті жанды жылан емес еді ғой...  
Жаңылып-жазып Тәңіріне,  
Жығылып-тұрып жүретін  
Жұмыр басты,  
Жан-жүректі Адам-тын! —  
Қайткенмен де,  
Елес қайтып тірілмес —  
АДАМнан қолдан келгенше  
Безінуге болмайтұғын сықылды!  
Беу, Хүсейін... Хүсейін...  
Енді жиып есімді  
Өмір-бақи зарласам  
Сенің орның мен үшін  
Толмайтұғын сықылды!  
Ажалың шығар десем де,  
Теріс тірлік болды ақыры, қайтейін,  
Өз қолымды өзім кесем бе?!  
*(Зар еңіреп)*  
Ей, Барлас-ай,  
Ой, Баһрам...  
Хүсейінді неге қидың Өлімге?!  
Хүсейінмен неге түстің Егеске!  
Сендер сынды Иттердің  
Мен сияқты Иесі болғанда,  
*(Құшағындағы Басты көрсетіп)*  
Мұндай Көкжал Бөрінің  
Құдайы бар емес пе!..  
*(Жоқтан)*

Беу, Хүсейін... Хүсейін...  
Арысам – арқа сүйерім,  
Қарыстан артық сүйемім,  
Бас сүйегімдегі иегім,  
Шанағымдағы тиегім,  
Тозбайтын төс табаны  
Емес пе едің біртуған  
Мендей жампоз Түйенің!  
Қаракшының қосындай  
Жар басында жабыққан,  
Сенсіз – қараң өмірім.  
Қайғыға канат қырыққызып,  
Болар ма мұңға бас ұрмай:  
Шайқалғандайын тұнығым,  
Тартылғандайын тереңім,  
Ортайғандайын көңілім –  
Тұрармысың, досым, табыттан?..

*(Шөгін)*

Көтерермісің басыңды...  
...Алаңсызда артың ашылды,  
Опасыз қайран, Уа, Өмір!  
Көгендеп тас тұғырға,  
Арынымды алдың ба,  
Аптығымды бастың ба! –  
Доссыз Дүние –  
Бос Дүние!  
Ендігі қалған Ғұмырымда –  
Күніренген күйдің  
Күйегінің астында –  
Ыстығыңа жалғыз күйемін,  
Суығыңа жеке тоңамын!..  
Беу, Хүсейін... Хүсейін...  
Сенсіз маған бұл Өмір –  
Өмір емес – тұл Өмір! –  
Күлгін тартып күн сайын,  
Омаламын, оңамын..

*(Досының жансыз басын құшақтап, жер бауырлай аһ ұрып қалған, қаралы жан – Әміршіні, Зайн-әддин шейх сүйеп*

*тұрғызып, кеңесін беріп, кемелдікке шақырып, дұғасын оқып,  
дәрісін уағыздайды...*

*Ақсақ Темір теңселе басып, Зайн-әд-дин шейхтың қолынан  
Кітапты алып, ашып оқып)*

Соңғы сүре:

Жер – тозады!

Көк – азады! –

Терек-Ғұмырын қысқартып,

Өз тамырына өзі балта шапқан

Бұ кылығын АДАМ қоймаса –

Екі Дүниесі Бірдей қабынып,

Төрт Құбыласы түгелдей тарынып –

Тәңіріне тірі жазады!!

*(...Қараңғылық...).*

**Екінші Бөлімнің соңы.**



# **МЕН ІШПЕГЕН У БАР МА?..**

**Реквием**



КЕЙІПКЕРЛЕР:

Абай	– Ақын.
Құнанбай	– Аға сұлтан-правитель, Абайдың әкесі.
Оразбай	– Ру басы.
Күнту	– Ру басы.
Көкбай	– Абайдың досы.
Ақылбай	– Құнанбай бауырына салған Абайдың тұңғышы.
Олжабай	– Кедей жігіт.
Нұрғаным	– Құнанбайдың кіші әйелі – тоқалы.
Әйгерім	– Абайдың әйелі.
Хадиша	– Олжабайдың ғашығы.
Ел адамдары.	
Үлкен кемпір.	
Кіші кемпір.	

*Оқиға – XIX ғасырдың аяқ кезінде өтеді.*

## **БІРІНШІ БӨЛІМ**

### **АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА**

*Даңғаза әуен дал қылған дархан досым,  
Ақын болсаң — аруағың, арқаң болсын.  
Қара нардай қасқиып алысқа тарт —  
Поэзия ауылының шаңқан көшін.*

*Етек-жеңін жимасын бел-белең дүр,  
Құлан жортпас құла дүз шөлменен жүр.  
Ізім-қайым желге ұшып жоғалады  
Игілік илеуіне көнбеген жыр.*

*Шөл асып ұлан-ғайыр теңізге жет,  
Дертке дауа отты ырғақ — ем іздеп өт.  
Теңізге жет — толқынмен тәнін шайсын  
Болдырып болған жандар сені іздемек...*

*...Сайын мұрат сомданып сайлан, досым,  
Ақын болсаң — айбының, айлаң болсын.  
Бірақ, «Мыңмен алысқан...» Абайды, енді,  
Құнанбайсыз қазағым қайдан көрсін!..*

## БІРІНШІ КӨРІНІС

*...Билігін құрып, төрелігін айтып, төбелігін көрсетіп –  
топтан бөлініп шыға берген Абай қарасына Оразбай шоғыры ере  
түседі..*

О р а з б а й *(Абайға жанаса беріп).*

Ей, Абай!  
Аспа?!  
Мейманасың таспасын!  
...Әнет бабаңнан безініп,  
Кең пішіп,  
Кемел толғаған –  
Кеңгірбай атанды  
«Қара Қабан!» дедің!  
Өзінді өгей сезініп –  
Алыстан қармап ойлаған –  
Әкең Құнанбай мен Біздерді  
«Талыс Надан!» дедің!  
Аруақ атып,  
Ақтық сәт –  
Омақаса асарда –  
Осыныңды ұмытпа! –  
Осылар-ақ ойының!..

К ү н т у *(іліп әкетіп).*

Ор-еке!  
Ушығып тұрғанда,  
Ұмалығына жеткізбей,  
Үзіп тынбаймыз ба мойының?!  
Бастан жақша бөлініп,  
Талшығын ми санаған –  
Қайдан шыққан жұлын бұл!..

О р а з б а й

Жә!

А б а й

Ей, Оразбай!  
Ит не жесе –  
Соны тышады! –  
Боғынды дәрі қылғым жоқ!  
Айтқаным – айтқан!  
Айтқанымнан – қайтпан!  
Бос сөзбен басты қатырма?!  
Қолыңнан екі келсе –  
Екеуін де қыл!  
(...Оразбайдан оза түсіп, Көкбайға)  
Көкбай!  
Кеше де – осыны жырладым!  
Бүгін де – осыны жырладым!  
Ертең де – жырғарым – осы!  
Қиянатты кәсіп еткеннің  
Нәсіп-дәмі таусылып,  
Көк аспанын қайғы алсын!  
Тұқымы құрып өктемнің,  
Зорлық аты жойылсын!  
Көркіне енген көктемнің –  
Жас тілеуін оңғарсын!  
Тоғыз ермен сайланып,  
Хадишаның әкесі –  
Жуантаяқ Бәзілге  
Жеделдетіп барып қайт!  
Күш асырып,  
Айла ғып,  
Атастырған адамы –  
Оразбайдың туысы –  
Есболатқа бергізбей,  
Хас Махаббат Ғайыбы –  
Абралыдан келген жолаушы –  
Каракесек Олжабайға зайыптап,  
Дереулетіп алып қайт!

К ө к б а й

Ләппай, Абай аға!

*(...Абай екеуі біраз жерге барысып — екіге айырылысып кетеді...  
Кеңгірбай бейіті... Оразбай мен Күнту бастаған топ бейітке бет  
берісіп тұрып баталасып жатады...)*

О р а з б а й

Абай асты!—  
Тырнағына алдырды,  
Талауына қалдырды  
Жыртқыш — сөзінің!..  
Алапаты асты Абайдың! —  
Мейманасы тасты Абайдың! —  
Боранды күні бокка ұшырап  
Талыққан жетім қозының  
Талағындай көгердім,  
Өкпесіндей қарайдым!

К ү н т у *(шаптай түсіп, алауыздық отына май құйып).*

Абай асты дегенше,  
Қара жерге тек кірмей,  
Бақ-беделін таптатып,  
Ұн-жырғасын түсіріп ұрпағының,  
«Қара Қабан» атанып,  
Қорланып, көрінде өкіріп,  
Кеңгірбайдың аруағы қашты десеңші!

О р а з б а й

Кеңгірбайды «Қара Қабан» атантқан  
Қасиетті атаның кара жерге кіргені емес,  
Құнанбайдың күшігінің  
Қалың найман алдында  
Жатыры бірге жаралған,  
Арам қаны жоқ, аталас  
Біздерге қарап үргені!

К ү н т у

Үргені несі?!  
Талады ғой!  
Талады!  
Жесірін қуған Сыбаның  
Ет-бауыры езіліп,  
Тарс айрылып талағы,  
Құнанбаймен көрші қонбауға  
Ант-суын ішісіп,  
Ата мекенінен безініп  
Аулақ көшіп барады!

О р а з б а й

Қарғыбауына бойын үйретіп  
Абайын алсақ та — жарады! —  
Амал жоқ Құнанбай қақпасқа!  
Анау жылғы кеңесте  
Текті атаның баласы —  
Бетіне жан қаратпас  
Берен туған Бектас та:  
«Қыстың айы алтау еді,  
Құнанбаймен жетеу болды,  
Қоңсы отырсам —  
Тауығым шақырып,  
Таңым атпас!» —  
Деп  
Көкшеге қоныс аударды емес пе!

К ү н т у

Жіліктеп бөлсе жат шығар  
Қарауылды былай қойғанда,  
Олжай бабадан тарайтын  
Ені бірге еншілес,  
Жері бірге көршілес  
Тобықтының өзін тоз-тоз ғып  
Салғалы қашан ойранға:

Байсал, Бөжей, Түсіпті  
Тайқатып көңілін демдеді.  
Қит етсе қарсы келдің деп  
Ұлытау асырып жіберді  
Қандасы Қарамендені!..  
*(Ел адамдары қызынып, қоштап қояды...)*

О р а з б а й

Құнанбайдың қорқау балалары  
Бас-басына би болып  
Жан-жүрегімізді жаралады:  
Сыпайы біткеннен сый көріп,  
Ырыздықты туған ысқаяқ  
Тәкежаны мен Ысқағы  
Әйелдеріне дейін әкірендеп,  
Ар-намысымызды жаныштады,  
Семізімізді сұраусыз,  
Жүйрігімізді ылаусыз,  
Ықтиярсыз басыбайлы ғып  
Төзімізді тоздырды,  
Үмітімізді ыстады.  
Тұмысынан тарпан, жабайы,  
Оспадар мінез Оспаны,  
Ақылға басым Абайы  
Абыройы асық болғасын  
Төбе билікті төркін етіп  
Құлағымызға құйып қорғасын,  
Кесіп тынбақ тілімізді,  
Өшіріп тынбақ үнімізді!  
Сарымайдан сарысу айырған  
Итке берсін мешел күнімізді?!  
*(Ел адамдары өре түрегеліп, еліріп, дауыс көтеріп кетеді...)*

К ү н т у

Ия!  
Абай асты!

О р а з б а й

Абай асты дегенше  
Кемел атадан кем туып  
Бізді албасты басты десең-ші!..  
(Аз-кем ойланып)  
Жок!  
Заманым, тарылма?!  
Абайың да аса алмайды!  
Албастың да баса алмайды! –  
Құнанбайдай Құдірет барында!

К ү н т у

Құнанбайды Құдірет деймісің?..  
Құлдық ұрып, қызмет қып  
Құдіреттің қамын жеймісің?!  
Құнанбайдай құбыжық болса Құдірет –  
Құдіретіне түкіргенім бар менің!

О р а з б а й

Жұмақтай кең ғой деп жүр ем,  
Тамұқтайын тар ма едің?..  
Қарыс жер қалмай қасымнан,  
Ниеті жатпен қырқысып,  
Қашанда намыс жыртысып,  
Таралғыдай талысып,  
Үзеңгідей қағысып  
Талайдан талмай тартқан Ер –  
Кебеже қарын Күнтуым,  
Есіріп сокқан жел ашса  
Етегіңді жабатын  
Ес пенен Епке зар ма едің?!

К ү н т у

Есірік желге жүгініп  
Безіндің менен ертерек!  
...Құдірет тұтқан Құнанбай  
Жер жарылып жік шығып,



Екі құлағы тік шығып –  
Құдайға айналса қайтер ек?!  
Құрбандығына шалар ма ең!

О р а з б а й

Құрбандықтың лайығы –  
Сен сияқты қақсал бас емес, ей, Күнту!–  
Абай сынды Ақсарбас!..

К ү н т у

Абай?..  
Ақсарбас?..

О р а з б а й

Абайды Құнанбай о бастан  
Ұзын арқан, кең тұсау –  
Жіберіп тартып,  
Жіберіп тартып келеді.  
Туа-бітті Абай бағы асқан  
Халықтың қайғы-наласын  
Қылғыта жұтқан кезінде  
Кемісі толмас Әкенің  
Кеңірдегінен ала береді.  
«Судың да бар сұрауы» –  
Иен билікке сұғанақ  
Оза туған Баланың  
Омақаса құлауы –  
Хас Әкенің керегі!  
Түптің түбі Құнанбай  
Қасіретіне тұншығып  
Өктемдік тағын Абайға  
Өткізген күні – өледі!  
Құнанбай өлді деген сөз –  
Билік өлді деген сөз!  
Билік өлді деген сөз –  
Бағзы атаның баласы  
Өлім біздей сорлыға!..

К ү н т у

Кұдай да өлер болды ма?..  
Абай шұнақ құлақ кесті  
Құлы емес пе  
Құнанбай —  
Кұдайдың!  
Кұл —  
Кұдайын өлтіреді қалайша?!

О р а з б а й

Аласталып, ара түспесек,  
«Атасы бөлек аттан түс!» —  
Кұл —  
Кұдайын өлтіреді Абайша!  
Ісіну де іске сеп —  
«Атасы бірге атқа мін!»...

К ү н т у

Батанды бер?!  
Аумин де, Ор-еке!  
Ақыреті болам Абайдың!  
Құрбандығы болам Құнанбайдың!  
Кұдайымды —  
Кұлға өлтіртіп,  
Кеңгірбай —  
Аруақ басында  
Кеңге салып арқамды  
Бостан-босқа лағып,  
Кер кетіп,  
Кергіп тұра алмаймын!  
Аумин!..

О р а з б а й

Аруақ аттаған — азсын!  
Ағайын даттаған — тозсын!  
Қанына тартпағанның — қары сынсын!

Жақынымен жат болғанның – жағы қарыссын!–  
Аумин!  
(...Бәрі дүрліге атқа қонады...)

## ЕКІНШІ КӨРІНІС

*Нұрғанымның отауы... Құнанбай – төрде, Нұрғаным оң жақта қымыз сапырып отырады...  
Ақылбай сол қанатта төсек тартып ауырып жатады...  
Абай мен Көкбай кіреді...*

А б а й

Ассалаумағалейкум, Әке!

К ө к б а й

Армысыз, бай-еке!

Қ ұ н а н б а й

Уағалейкумассалам...

Аманбысың,

Көкбай жұрағат!

Жоғарылат!..

*(Нұрғаным келгендерге құрақ ұшып, құрмет көрсетіп, көрпеші қалыңдап, жастық қостайды...)*

Балам!..

*(Ақылбайға қарағыштап алакөңіл болып отырған Абайдың зейінін өзіне бұрып)*

Бұрын аға деуші едің,

Қазір әкеге көшіпсің.

Кеше – есіктей аласа едің,

Бүгін төрдей күжірейіп,

Төбе билікке өсіпсің –

Қайырлы болсын барлығы.

А б а й

Айтқаныңыз келсін...  
(*Ақылбай жәтеліп, Абай сөзден тыйылып барып*)  
Бұрын аға деп тартынсам —  
Атаның жолын таяныш қып  
Жақсы әкені жоқтатпас  
Ағайын барын сезгенім.  
Қазір әке деп алқынсам —  
Аярлы хәлі аянышты,  
Аяғыңды қия аттатпас  
Бар ағайыннан безгенім!..  
...Кеше — есіктей аласа көрсеңіз,  
Бүгін — төрдей биіктігіме сенсеңіз —  
Бұ да Құдайдың бергені,  
Алла-Тағаланың игені!  
Иншалла!..

Қ ұ н а н б а й

Иншалла!  
Ия!  
Жаратқан-Ием жарлығы!..

К ө к б а й

Дұрыс айтасыз, бай-еке!  
Сұлтандық еткен сізге де,  
Ұлтандық еткен бізге де  
Қайырлы болсын барлығы.  
Қайыбына келтіріп,  
Қам ақылды пісіріп,  
Саралығының серті ғып  
Сайлауда Абай ағаны  
Төбе би еткен — Кісілік!  
Қайырлы болсын қадамы...

А б а й

*(Құнанбайдың аса жаратпай  
отырғанын сезіп, Көкбайға).*

Тек отыр!..

*(Ақылбай жөтеліп, қинала ыңқылдайды...)*

*Абай — Құнанбай шаңырағының — атам қазақ инабаттылығының заңдылығын бұзып, Ақылбайдың басын көтеріп, жастығын биіктеп салады...)*

Қ ұ н а н б а й *(Абайға, қайта отыра бергенде).*

Көргенсіз!

Жөтелімен қоса жаны шығып кетердей

Үстіне түсе қалдың ғой!

Осынша жыл бағып-қакқаным бекердей...

Ұялсаң ет-ті!

Бұл сенің қай азарың?!

Мен әлі өле қойғам жоқ!

Өз төріме өзім қожамын —

Бұ Дүниеде, шүкір, бармын ғой...

Қанаттыға қактырмай,

Тұмсықтыға шоқтырмай,

Қалың беріп, қатын алғызып,

Қайсыбір келін болмасын

Қалжасын жегізіп,

Шаранасын жарғызып,

Азамат етіп, атқа мінгізіп

Ақын атағыңды шығарып,

Абайлығыңды

Жақының тұрмақ, жатқа білгізіп,

Жұбатқаныңа уанып,

Жұбанғаныңа қуанып,

Қың еткенінді құп алып,

Төбемнен жәй беріп,

Астам қылығыңды

Асқан ақылыңа сай көріп,

Петербордан кіре тартқызып,

Крестеп кітап артқызып —

Батыс пенен Шығыстың  
Шежіресіне шым батқызып,  
Екі енені тел емгізіп,  
Тең айкаста жеңгізіп,  
Жаңбырлығыңды аштырмай,  
Сызатты жерді бастырмай,  
Күн көзіне шығармай,  
Көлеңкелі саяда  
Жілік майыңды кептірмей,  
Тағдыр қосына жектірмей,  
Тән азабын тарттырмай,  
Жан азабын шектірмей –  
Адам еттім ғой сені де!  
Адам қыламын мұны да!  
Аша тұяқ шомылған  
Ащы терің бір түнгі  
Жеті атанның құны ма! –  
Босағамда көзін ашқаным –  
Ақылбайда шаруаң болмасын,  
Басқаларын-ақ, жарылқа!..  
Меншіктеп бауырыма басқаным,  
Ажалы жетсе – өледі!  
Аулақ жүр, Абай?!  
Әйтпесе,  
Ата салтын теріс ұғып,  
Ашуымды келтірмей,  
Ел алдында ерсі ғып,  
Тірідейін өлтірмей –  
Тұла-бойы тұңғышыңды  
Алып кет – болса керегі!

А б а й (өзіне-өзі).

Сөз төркініне сайсам:  
Менің түбім –  
Бір түнгі ащы тер емес,  
Запыранды мұң менен  
Шерменделі шерге ұқсайды.

Ақыл-күдіретіне байысам:  
Менің тегім –  
Қатарынан озған ер емес,  
Құйғаны құрыш шығатын  
Қалыбы алтын елге ұқсайды.  
*(Құнанбайға)*  
Айып менен, әкесі!  
Қапаланба, қайғырма,  
Көңілің күпті болмасын?  
Кешір мендей күнәсті?!  
Ақылбайдай айбынға  
Қатаң қыс – жұтын,  
Мазаң жаз – індетін шығарғасын  
Алаң болғаным рас-ты...  
Жаңылып соққан жүрегім –  
Пәледен қашқан Машайық.

Н ұ р ғ а н ы м

Қажы-Ием!  
Телғарадан тентек шығар ма?!  
Басы ауырып, балтыры сыздаған  
Інісіне ағасы  
Қызынған сүйегін мұздатып,  
Демін салса – несі айып?!

К ө к б а й

Алдияр!..  
Ұтырын тауып ұғарға –  
Әкеше сүю інісін  
Атаның жолын бұзбаған!

Қ ұ н а н б а й

Жә!  
*(Абайға)*  
Кейінгі кезде кер тартып,  
Көкейіме қонбай кейгі ісің,  
Дымым шықпай, дінкем құрып жүр –  
Әкеңнің уайымын жеймісің?!

Кей дұшпаным жер тарпып,  
Жүре тыңдап сөзімді  
Аяқ асты қылып жүр –  
Осының бәрі сенің осалдығыңнан!..  
Кезі келсе айтпақ болып бір сөзді  
Қыстығып-ақ жүр едім,  
Көңілге түйіп бұрыннан,  
Енді сонымды айтайын:  
Төбе билі тұрқыңмен  
Сияқтанып жайдақ су  
Дәйім күліп сөйлейсің  
Ақ-қарасы талайлы  
Соңыңа ерген жұртыңмен.  
Жайдақ суды ит те, құс та жалайды –  
Кісіге қадірің болмайды –  
Сүт тамудың орнына  
Қан тамады үрпіннен –  
Ең әуелі маған – сол қайғы.  
Екіншіден –  
Сыйлап көрмей сыртыңмен,  
Сына тартып ішіңмен  
Көрінгенмен жақын боласың,  
Үркініп бір күн бел алса,  
Желбегей жанның басына  
Үйірілмейді ел онша –  
Ақырында жалғыз қаласың! –  
Ел алатын қылық ол емес!  
Үшінші мінің – Орысшылсың! –  
Мұсылманға кәпір қол емес!

### А б а й

Әкесі!..  
Қаталап өлсең де қарарсыз  
Шыңыраудағы зәмзәмнан  
Шарадағы жайдақ су артық –  
Күн көруге малданып!  
Ит те,  
Құс та,  
Адам да –



Бір құдайдың пендесі —  
Жайдақ суша жалданып  
Құдайға құлшылық етудің  
Жоқ болар, сірә, теңдесі! ...  
...Ескі заманда  
Қазақ залалсыз  
Қой сияқты ел еді —  
«Шәйт» десеңіз жусайтын,  
«Айт» десеңіз өретін.  
Адыраңдаған алысқа  
Осындай ел-тін керегі.  
Бертін келе  
Қазақ талансыз  
Түйе тәрізді ел болды —  
«Шөк» десеңіз аңырып  
Тартыншақтай беретін.  
Тасырандаған талысқа  
Мұндай ел шен мен шел болды.  
Қазіргі Қазақ —  
Ықырарсыз  
Табындай жылқы мінезді —  
Ыстық-суығына күйесің.  
Төбіндеп ақ қар, көк мұзда  
Теріскейге ыққан шағында  
Тірлігіңнен түңіліп,  
Қар төсеніп, мұз жастанып,  
Етек-жеңіді төсек қып,  
Еңбегіңді сіңіріп,  
Ебін тауып басқарып,  
Үде шыға алсаң — Иесің!..  
Иесіз кетсе бетімен,  
Бара-бара  
Қазақ алаңсыз  
Кісі танымасқа айналар —  
Жүгі жеңіл болса жатағансып,  
Жүгі ауыр болса жүрдексіп  
Көк аспанын қайғы алар!  
...Орысшылсың дегенге —

Жаратылысынан жайсаң ұлы Орыс –  
Таһытын түсіп бермеген,  
Қолында – қуат,  
Жолында – ұлағат,  
Өнер, білімді Халық дер ем!  
Өнер, білімнен уайым жегенге  
Тәрбие, тәлім көрмеген  
Қасиетсіз надан – ғарып дер ем!  
Санасы – сара, ойы – озық  
Өсетін елдің ұлына  
Үлгі алған лазым әрнеден!..

К ұ н а н б а й (өзіне-өзі).

Бүгін балам әкемше ақыл айтады!  
Бәлкі, ертең көзін ақырайтады?!  
*(Сырттан аттан суыт түсіп жатқан кісілердің ды-  
бысы естіледі... Үйге Оразбай мен Күнту қабақтары қатулы  
кіреді...)*

О р а з б а й

Ассалаумағалейкум...

К ұ н т у

Ассалау...

Қ ұ н а н б а й

Уағалейкумассалам...  
Жүрістерің – суыт,  
Түстерің – суық!  
Шабыскалы келдіңдер ме?  
Табыскалы келдіңдер ме!

О р а з б а й

Шабыса-шабыса шаршадық.  
Табыса-табыса тауымыз шағылды.

Төбе биінді тәубесіне келтір, аға сұлтан!  
Тентегінді тәртіпке шақыр, қажы-еке?! –  
Тобықтыдан тараған  
Тоз-тоз қылғың келмесе  
Берекесі қашып онсыз да  
Бірліктен безген ұрпағыңды!..

К ү н т у

Абай асты!  
Аруакты қорлады –  
Кеңгірбайдың аспанын қайғы бұлты торлады!

Қ ұ н а н б а й

Жә!..  
Бөрі артындай шуламай,  
Жаралы сөзді сарнатпай,  
Тігісін жатқызып, тегі – ұлық  
Бектей ғып айт, түге!  
Көңіл адалын уламай,  
Саралы сөзді маңыратпай,  
Түп енесіндей емініп,  
Сары майға былғаған  
Сөктей ғып айт, түге!  
Тінтініп қарап,  
Төріме шығып,  
Төсегімді тілгілерің келе ме?!

О р а з б а й

Олжай бабадан тараған  
Айдос балаларының аты озып,  
Қайдос пен Жігітектің  
Жігерсіздері жым болып,  
Ит мініп, ирек қамшылап,  
Жөйттен бетер қоғамшыл  
Қалың найман алдында  
Аруағын қорлатып,

Заманақыр орнатып,  
Қасірет жұтып, қайғы еміп,  
Құсалықтан қан құсып,  
Өкініп, өксіп өле ме!..

### Қ ұ н а н б а й

Айтарыңды  
Тоқалдан туған томарбасша кейіп айтпа, Оразбай?!  
Бәйбішеден туған майбасша кеңіп айт!

### О р а з б а й

Кеңіп айтсам –  
Жесірі желігіп Мұрын басынды,  
Сыбан ашынды.  
Мұрын – құлақ асқаным еді.  
Сыбан – бауырыма басқаным еді –  
Құлақ асқаным  
Бауырыма басқаным басбұзарлық көрсетті –  
Ата жолын азғындап,  
Етегін жия алмаған ерік беріп қатынға  
Тамам елдің алдында қапыл кетіп, ерсі етті!  
Ел шетіне жау тисе –  
Батыр атқа мінеді,  
Қатын үйге кіреді! –  
Сол ерсіге ен салып  
Атқа мініп едім –  
Таралғымды қиды мына Абай!  
Үйге кіргізіп едім –  
Үкімімді тыйды мына Абай!  
Аруағың азған заман деді.  
Кеңгірбайды – «Қара Қабан!» деді...  
Қарадан Хан туып едің ғой, Қажы-еке?!  
Ханнан да артығым едің ғой, Қажы-еке!  
Арғы бабаң Ырғызбайды  
Түз тағысына талатпай  
Серік етпеп еді Кеңгірбай?!  
Бергі атаң Өскембайды

Берен ұстап болаттай  
Берік етпеп пе еді Кеңгірбай?!  
Өскенбайдан өрген саған да  
Өлгенінше өбектеп  
Иелік етпеп пе еді Кеңгірбай?!  
Енді, міне, сол Кеңгірбай ұрпағының  
Оспадарсыздығынан омақасып,  
Шаңырақ басқан нардайын  
Шөкейінен шойырылып  
Белі кетті тұра алмай!  
Исі Қазақты айтпағанда,  
Орта Жүзге, Қажы-еке,  
Шынжыр балақ, шұбар төс  
Кеңгірбай аты – Құрандай!  
Құранымды таптап,  
Үнімді өшірді мына Абай!  
Аруағымды аттап,  
Әбден есірді мына Абай!  
Маза жоқ мертіліп –  
Мүшкіл хәлімді  
Өзіне салмасам болмастай, Қажы-еке!  
Тәубесіне келтіріп,  
Күнәһарыңды  
Тезіңе салмасаң болмастай, Қажы-еке?!

А б а й (өзіне-өзі).

«Күшік асырап ит еттім –  
Балтырымды қанатты.  
Мылтық атуды үйреттім –  
Мерген болды – мені атты!..»  
(*Оразбайға*)  
Күн ашықта мойынымда,  
Күн жауында қойынымдасың, Оразбай.  
Тентек сөздің тоқпағындасың,  
Сотқар сөздің сойылындасың, Оразбай.  
Өз болмысыңды  
Өзің білмеуден асқан сорлылық жоқ –

Жаманнан жақсы туады  
Адам айтса нанғысыз,  
Жақсыдан жаман туады  
Бір аяқ асқа алғысыз –  
Ойнау білмейтін бала  
Шешесінің етегін ашып ойнайды –  
Қорлы әкеден құр туған  
Сені көріп кембағал  
Зығырданым қайнайды!  
Тоқсан тұяғың тоғыз мың болғанға  
Толып біттім деп жүрмісің?!  
Болыстыққа қолы жетті деп  
Күлден қаланған Күнту –  
Қорғанға  
Болып біттім деп жүрмісің!..  
Байлық біреудің маңдайына,  
Біреудің таңдайына бітеді.  
Сенің табаныңа біткен, Оразбай,  
Тасқа салсаң – тозады,  
Құмға салсаң – азады –  
Қашан көзің жұмылғанша  
Май ішкендей қылады –  
Онсыз да жоқ, мазанды!  
Ал, шешендік дегенің  
Сүйегіңе бітеді,  
Сүйегіңмен кетеді.  
Көсем көрмеген көсеуменен қамшылайды –  
Білтең белеңді болған соң  
Берен сөйлеу не теңің –  
Доғар былшылынды! –  
Мұрын мен Сыбан дауына  
Токтау айту орнына  
Боктау естіп былығып  
Сандалғаның жетеді!

К ү н т у (*«Сізге» көшін*).

Қажы-еке!  
Тигенге – тиіп,  
Тимегенге зәр шашқан,  
Қой демейсіз бе, мына дүлейге?  
Оза шауып қатарынан  
Рухы сәл-пәл болса астам –  
Туажатынан безініп –  
Терімізді теспей ірей ме?!  
Болмаса, іргемізді аулақ салайық па!

О р а з б а й (*ілін әкетін*)

Туысымнан аласталып,  
Түп нағашыма телініп  
Төрт жүз үйлі тобырымды  
Толайымен асырып  
Бұғылының болысына  
Табыс етсем – лайық па?!

К ү н т у

Табынатын Тәңіріміз –  
Өзіңізсіз, Қажы-еке!  
Жоқ ететін де біздерді,  
Бар ететін де біздерді,  
Тәңіріміз, сіздің әміріңіз!..  
(*Құнанбай ұйып тыңдап отырады...*)  
Келешегіміздің көріпкелі,  
Жарық Күніміз – көзімізсіз,  
Қажы-еке,  
Шартарапты шола қараңыз,  
Ер-панамыз бола қараңыз...

О р а з б а й (*Қунтуға, жекігенсін*).

Қадірі өткен қайран аға–  
Тобықтының күллі қатыны  
Толғатса қайта туа алмас  
Табиғаты тылсым Құнанбайды

Тәңіріміз,  
Әміріңіз деп тұтықпай,  
Құдірет танып,  
Құдай десең –  
Тілің байлана ма?..

Қ ұ н а н б а й *(сенер-сенбесін білмей, өзіне-өзі).*

Астапыралла...

А б а й

Құдай десең?.. деймісін!  
Ешкіні – апа,  
Текені жезде деп күн көрген кілең қу,  
Қошеметтің қалың салып көпшігін,  
Жүрек сазын жұтаттың-ау,  
Көңіл хошын мұнайттың-ау!..

О р а з б а й

Құдай...  
Ия, Құдай!

К ұ н т у *(Абайға, қадалып).*

Құнанбайды саған Құдай емес деп кім айтты?!  
Құдай!

Қ ұ н а н б а й *(сеніп, Құдайға айналып).*

Ия, кім айтты!

А б а й *(өзіне-өзі).*

Жыра – сай болсам дейді.  
Тұнық – лай болсам дейді.  
Кедей – бай болсам дейді.  
Бай – Құнанбай болсам дейді.  
Құнанбай – Құдай болсам дейді,  
Құдайдан да былай болсам дейді –



Қақ суындай таяз санамыз,  
Қайтсек Кісі боламыз?!  
(Құнанбайға)  
Адасқанның алды – жөн,  
Арты – соқпақ!  
Әке болу орнына  
Арқа сүйер айбының  
Құдай боп шықса – не жорық!..  
Жылқы етінің ішек-қарнына  
Түгел сиярын – білесіз.  
Құдай емес,  
Әкемді Адам ғой деп келіп ем,  
Жетім қалдым Иесіз.  
Жазған құлы үшін құзырлы  
Құдайлықтың жолы ауыр.  
Құдай да емес,  
Хан да емеспін,  
Қарамын –  
Шалдығыңыз, шаршаңыз –  
Айттым – Бітті! –  
Кестім – Үзілді! –  
Өзін жаратқан Қараның  
Мұнша Құдай басыңызбен  
Хұқына қол салсаңыз –  
Жаратылысыма қарсымын,  
Тағдырыма наламын:  
Көп алдында бергенмін  
Қалауын тапқан Әйелдің  
Теңдігінің жауабын!

## Қ ұ н а н б а й

Қайтуы тез болар деп  
Көпке қарсы қойдым де –  
Төбемді солай тестім де,  
Табанымды солай ойдым де –  
Наза артынып нарттанып,  
Тасқа айналып таланың!

Көп көмекке келе алмас  
Кежегесі кері тартқанға  
Кеңгірбайдың Аруағы  
Тартқызарда Зауалын!!  
Еншісі әлі бөлінбеген  
Кеңгірбайдың әулетімен  
Ерегес саған қол емес.  
Көп көптігін жасағанмен,  
Есі кіріп ертерек  
Етегін жимаса Ел емес –  
Кеудесі керік көрігінсіз!  
Ел көрігі – Ер,  
Ері мұңсыздың – Елі мұңсыз!  
Алты қарыс азуы,  
Алыстан қармап ойлайтын  
Оразбай, Құнту сияқты  
Арыстарынсыз Ел болмас –  
Мұны білмеу ұят-ты!  
Бұлағы біткен – Көл болмас,  
Ажырығына қарап Жер таны, Абай,  
Азаматына қарап Ел таны! –  
Үкімінді өзгерт, ойланба!..  
Қаны бірге болғанмен  
Қайын енедей қазымыр  
Тобықтыны былай қойғанда,  
Аз ағайынды азғырып,  
Ара-жігінді аңдыған  
Ала-өкпе, сыпсың Сыбанға  
Оразбай менен Құнтуді  
Абыройынан жұрдай ғып  
Қалдыра алмаспын күмәнға!

### А б а й

Жазырымды тартсам да  
«Самородный сары алтын»  
Саудасыз сөзім орнына  
Сала алман сиыр жапасын  
Жөнсізден жезді тегешке!

Екі сөйлеу дегенің –  
Қара басы Өлімнің! –  
Қаңғырып кету емес пе! –  
Еңкудегі Елге не деймін?!

Қ ұ н а н б а й

Ел дегенің – Ер Күнту!  
Ел дегенің – Оразбай!  
Не, Елмен бірге боласың,  
Не, Елден біржола қуыласың!  
*(Абай аз-кем үнсіздіктен соң үйден шығуға бет  
алады...)*

А қ ы л б а й *(басын әзер көтеріп).*

Абай аға...

Н ұ р ғ а н ы м

Телғара, қайда барасың?!  
Қайтуы қиын қажы-ием  
Теріс ұғып қалады?..  
*(Абай қайрылмайды...)*

К ө к б а й *(Абайға ере шығып).*

Арасында екі оттың  
Шыбын жаны шырылдап  
Шылбырын құр сүйреткен  
Аясаң-шы Әкені!  
Аясаң-шы Баланы?!  
Райыңнан қайтсаң-шы?..

А б а й

Ей, Көкбайым, Көкбайым!  
Райдан басқа жоқ па уайым?!  
Мың айтсаң да миына  
Түк енбейтін енжарды  
Боқтамайын, тоқтайын.

Бас-көзіне төпелеп  
Басалқы айтып лақпайын.  
Аз халықтың ақыретін,  
Қалың елдің қайғысын  
Енді өзім-ақ жоқтайын.  
Өзім тартып мехнатын,  
Аздырмайын, азайын.  
Өзек жарды жырымды  
Өз атымнан жазайын:  
Құдайын ұмытқандардың  
Қыл басынан тұзақтап  
Тамырын кеулеп қазайын.  
Тартқызайын амалдап  
Арттан кіріп,  
Ауыздан  
Шыққандардың сазайын!!  
(Абай мен Көкбай шығып кетеді...)

## ҮШІНШІ КӨРІНІС

*Әйгерімнің отауы... Абай жазып біткен өлеңін оқып, Әйгерім тыңдап отырады...*

А б а й

«Ішім өлген, сыртым сау,  
Көрінгенге деймін-ау:  
Бүгінгі дос — ертең жау,  
Мен не қылдым, япырмау?!...»  
Оразбай мен Күнтуді  
Жүрек — күнімнің нұрына  
Бөлеп бала жасымнан  
Адам етем деп алаң ем —  
Шындықтан қияс кетіппін!  
Күні мен түні тінтулі  
Қыр аспай арты ашылған

Жаратылысынан ұрыға  
Рухани жем болып,  
Ақыл-кеңесімді сарп қып,  
Үмітімді қараң етіппін!  
Бейбіт тірліктен бүлік тілеген бұлардын:  
Бәйгеден аты келсе – мәз.  
Салған құсы ілсе – мәз.  
Қуған иті жетсе – мәз.  
Ішпей-жемей мас,  
Масқа бар ма ләж?!  
Ат деген де – хайуан.  
Құс деген де – хайуан.  
Ит деген де – хайуан.  
Өзі келсе – бір сәрі.  
Өзі ілсе – бір сәрі.  
Өзі жетсе – бір сәрі.  
Хайуан жеткен сөреге  
Мен жеттім деп есірген  
Елірме де хайуан сойынан!  
Надан!..  
Надан тегі – хайуан –  
Жоқ нәрсеге уанады,  
Жоқ нәрсеге қуанады!..

### Ә й г е р і м

«Өзіне ар тұтқан,  
Жаттан зар тұтады» демеп пе ең!..  
Бас-басына би болып,  
Манар тауға симаған,  
Басалқасыз отқа күйген тобырға  
Жаның неге ашиды,  
Көңілің неге жүдейді,  
Сезімің неге суалады?!  
«Аз араздық қуған  
Көп пайдасын кетіретер» –  
Обалдары өздеріне!  
...«Алтау ала болса – ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса – төбедегі түседі» –  
Береке қаптыр безгеніне:  
Кебеже қарын, кең құрсак,  
Сар тақым бәйбішелерден кете алмайтын,  
Тойдан тобық тимейтін  
Біздей қор тоқалдарға жете алмайтын,  
Басымен босаға қапқан,  
Құйрығымен қолайын тапқан,  
Алды – кең де, арты – тар,  
Әлдеқандай заман болды?!  
Елден бұрын ерлі-зайыпты  
Екеуіміз әмпей бола алсақ,  
Қалғандары жәмпей бола жатар кейіннен!  
Адалыңа мендей  
Ақ қарап періште-пейілмен –  
Сусыныңды ішіп, шөлің бас!..  
*(Абай Әйгерім ұсынған сусынын ішеді...  
Әйгерім Абайдың әні «Татьянаның хатын» іштей,  
ыңырсып салады...)*  
«...Жар табылмас сен секілді,  
Мен де – сендей сорлы зар.  
Қол-аяғым берік бекілді,  
Енді ненің орны бар?...»

А б а й *(Әйгерімнің әуеніне еріксіз қосылып).*

«...Еш қызыққа арманым жоқ,  
Бәрі де бар формының.  
Біреуіне қанғаным жоқ,  
Өзіме аян сорлымын!...»  
*(Сәл үнсіздіктен соң)*  
Сен не дейсің, Әйгерім?..  
Мән-мағынасы сұраулы  
Сыбай-салтаң өмірге  
Сорлы асықтың зар-мұңын  
Осылайша жазбаса –  
Түп-тамырын қазбаса –  
Жаксы жырға жалшы боп  
Күні-түні емінген

Жетер ме еді жүрекке,  
Қонар ма еді көңілге?! –  
Пушкин орын алар ма еді  
Бүгінгідей төрімнен!..  
*(Әйгерімнің жауабын күтпестен, өзіне-өзі,  
күңіреніп)*  
Еһ, Пушкин... қайран Пушкин... сері Пушкин...  
Заманыңда ұқпапты-ау сені де ешкім...  
...Қайғылының ұйытқан қан төсіне  
Өткен күндер түседі мәрт есіме –  
Пушкин өлді риза боп ғасырына,  
Болмаса да риза Дантесіне?!  
Қарамайтын бароның, болысыңа,  
Қалай тәнті болмайын орысыма?!  
...Өлтіргенін, өлгенін жан білмейтін –  
Абай сонда дүниенің қорысы ма!..  
Көргенсізге айналып көргені артық,  
Желкесіне мінеді бергені артып–  
Оразбайлар, Күнтулер...  
Жок!  
Бұларды  
Жекпе-жекке шақырып, өлген артық!  
Біздің заман жоқ заман жекпе-жегі,  
Тағдыр талқы-ұңғысын көп кезеді.  
Жатса-дағы Әбілет бетін тырнап,  
Жаны сірі Әділет тек төзеді!  
Іштен тынған көнбіс күй, хәл – баяғы,  
Жекпе-жекке жеңсіктер бар ғой әлі.  
Қозы-Көңілім Қодарға сыртын беріп,  
«Сабыр түбі – сары алтын» – сарғаяды...  
Дуэль жетті түбіне Пушкиндердің,  
Дуәлі бар Пушкинді, кеш, күндермін.  
Дуәлсіз ажары әрсіз көрінеді  
Кей тұзы сор, еңбегі еш күндердің!  
Талай ашкөз табынды ғашығыма,  
Қол салған да табылды асылыма.  
Пушкин риза... Риза боп мен өлем бе,  
Дантесі көп, дуәлсіз ғасырыма!

### Ә й г е р і м

Дүниенің бар қайғысын  
Бір басыңа салғыштап  
Түбі шикі тірліктен  
Баз кеше беріп не керек!  
Өксік пенен өкініштен не өнеді?!  
...Отан қамы —  
От басынан басталады,  
Ендігі жерде керегі:  
Шаңырағыңның аманы,  
Туырлығыңның бүтіні,  
Алтын масы — мал-жаның,  
Ошақ қасы — қатының,  
Балаларыңның қас-қабағы, Абай!  
Қамсыз жанды қасірет буады,  
Бос отырма, белінді шешіп, бейнет кеш!..

### А б а й

Ия, Әйгерім...  
Адам баласы жылап туады.  
Кейіп өледі.  
Жылап тусақ та, кейіп өлмелік...  
Бірақ, кейбір кешенің  
Кейгі ісі бекер сөйлетпес!..  
Тілінді алып, дегенмен,  
«Досы жоқпен сырласайын,  
Досы көппен сыйласайын.  
Қайғысыздан сақ болайын,  
Қайғылыға жақ болайын», Әйгерім.

*(Әйгерімді маңдайынан сүйіп, бауырына басады... Абайдың төсіндегі қалына Әйгерімнің көзі түседі...)*

### Ә й г е р і м (өзіне-өзі).

Арыстан жалды,  
Абай нышанды деген осы екен-ау..  
Сыртыма симас сырымды  
Ішіме бүгем қашанғы?..



*(Абайға)*

Жұма күні Молда атамның  
 Үлкен келіні босанды —  
 Шілдеhanaға барғанмын...  
 Төсіндегі қалың... сәбидің  
 Қарына аумай көшіпті... —  
 Сорайтқан соқа басымды  
 Саяқ жүрісіме арландым —  
 Тағдырыма ғана налимын  
 Үш мүшелден асар-аспастан  
 Сап тиған құрсақ-нәсіпті.  
 Қызғанышым емес, қызыққаным —  
 Жалтармай, Абай, шыныңды айт,  
 Өзің куә Ұлы Ибаның  
 Қып-қызыл Ұятымен ант етем:  
 Жария қылман ешкімге! —  
 Ажар-көркі асық келініңе  
 Аяғы ауыр кезінде  
 Оқыстан көзің түсті ме,  
 Жок, әлде, құл боп сезімге,  
 Кез болып құпия келіміне,  
 Оқыранып өзің түстің бе!..

А б а й *(қысылып)*.

Қыр арқама құмырсқа жүгіртіп,  
 Не танып кеттің, тәңір алғыр!  
 Төсегі басқа, төрі бір,  
 Төлі басқа, ені бір  
 Аяғы ауыр келіннің  
 Етек-жеңіне үңіліп  
 Тағдырым тәлкек қылар ма!  
 Елімнен десем — мақтаным,  
 Бейілімнен десем — тапқаным,  
 Белімнен десем — татқаным,  
 Есігі бөлек, бесігі бір,  
 Төсімнің қалы Сәбидің  
 Қарына көшсе — несі мін?! —  
 Тұрарлық іс тәубе қыларға!

Әулетті жырдың аңсары,  
Әулекі әннің әуейі – Әйгерім,  
Бастан – бүлік,  
Етектен – дау шығармалық,  
Тінткілемей тек отыр  
Жан-қалтамның тесігін!..

*(Сырттан Көкбай, екі аяғына бір кісен салынған Олжабай мен  
Хадиша кіреді...)*

Х а д и ш а

*(титықтап жүре алмай кідірген Олжабайға).*

«Шығады бүркіт алған қыр басына,  
Алаштың жолдас болдым мырзасына.  
Бір кісен жеке тимей аяғыма,  
Олжабай, ортақ болдың бір басына!  
Олжеке, тартынасың неге жүрмей,  
Бағана қалсаң еді маған ермей.  
Бір жұмыс не де болса істеген соң,  
Қарада жан қала ма дауға кірмей?!»

О л ж а б а й

Шығады бүркіт алған қыр басына,  
Алаштың болдың жолдас мырзасына.  
Хадиша-ау, мен тартынбай не істемекпін –  
Тобықтың тайып кеткен сырғасына?!  
Аяғым аяқ емес, тобан аяқ,  
Қарар жан қалмағандай маған аяп.  
Тобық та, сырғасы да қалсын әдірә,  
Көркіне күн өткізсем тоя қарап!

К ө к б а й *(Абайға).*

Тоғыз ермен сайланып  
Хадишанын әкесі  
Жуантаяқ Бәзілге барып қайттым, ағасы.  
Күш асырып, айла ғып,  
Атастырған адамы –

Оразбайдың туысы  
Есболатқа бергізбей алып қайттым, ағасы.  
Мынау тұрған мүсәпір –  
Абралыдан келген жолаушы  
Қаракесек Олжабай –  
Қорлығы жоқ көрмеген,  
Құр сүлдесін арбаға салып қайттым, ағасы!

А б а й

Бәрекелді!.. Көкбайым...

Х а д и ш а

«Алдыңа келіп тұрмын, Абай аға,  
Бар шығар сізде-дағы мендей бала.  
Айдады кісен салып аяғыма,  
Ісіне құдіреттің бар ма шара?..»

О л ж а б а й (өзіне-өзі).

Тоқтық, не дегізбедің?!  
Жоқтық, не жегізбедің!..  
Кедейшілік, қол байладың, қайтейін,  
Көбіне-көп қайғы ойладым, қайтейін.  
Намысымды бермейін деп,  
Нағашым  
Берген Керді борбайладым, қайтейін –  
Жетер жерге дер кезінде жете алмай,  
Орта жолда ойбайладым, қайтейін!..  
Абыройдан, атак, даңқтан жұрдай ғып,  
Тағдыр Бармен қойды о бастан қырбай ғып.  
Керегінде құрығымды қысқартты,  
Бабамда жоқ, әкемде жоқ бұл байлық –  
Өңеші – төр, көңілі көрге қор болды  
Асыл жырым жүрегіммен бірге айнып.  
Кісі үстінен күн көргендер көбейді,  
Кісімсінген кім көрінгендер көбейді.  
Күн көргендер кім көрінгендерді жебейді!..

Пасық күліп пұл бергендер көбейді,  
Пұл бергендер ілгерілерді бөгейді –  
Бөгелгенге мұндай өмір өгей-ді.  
Орнында жоқ оңалмасын – түсіндім.  
Қарға қыран бола алмасын – түсіндім.  
Орта қайта тола алмасын – түсіндім.  
Ондай заман оралмасын – түсіндім.  
Түсіндім де бұл дүниеден ұшындым!..

А б а й

Екі аяқта – бір кісен,  
Екі Адамда – бір жүрек!..  
Зұлымдықтың қанжары  
Бейкүнә сол жүректі  
Қан қылыпты-ау тілгілеп! –  
Сорлы ғашық жылайды:  
«Жылайды да жырлайды,  
Жыламай қайтіп тұрады:  
Мынау азған қу заман  
Қалыбында тұрмайды.  
Біреу малды ұрлайды,  
Біреу басты қорлайды!» –  
Кірпігінді қаққанша  
Таһытыңнан тайдырып  
Түп ененді ұрады! –  
Асылыңды тапқанша  
Асығыңнан айырып  
Жылауыңа зорлайды!..  
(*Көкбайға*)  
Кеселді, кембақ кісілердің  
Кісенін бұзып, басы мен  
Аяқтарына бер ерік –  
Қанына қызған қарайып  
Оразбайдан келер пәленің  
Аңысын аңдап көрелік –  
Не, таланым байып ұлғаярмын,  
Не, тұғырымнан тайып кішірермін! –  
Нар тәуекел етпесем,

Еңіреп келген алдыма  
Махаббаттың құрбаны —  
Мұнлық пенен Зарлықтың  
Шыны киімдей кіршіксіз  
Көңіліне кірбің түсірермін!..  
*(Әйгерімге)*  
Әйгерім!  
Ендігі кезек сенікі!..  
Тәлім тезіне түсесің:  
Малыңды сойғыз,  
Қазаныңды ас —  
Безі мен жынын ту қойдың  
Терісінен аластап,  
Кәделі жілік-мүшесін  
Толайымен салдыр бөлместен —  
Жол азабын мол кешкен  
Меймандарымызды марапаттап,  
Лайығымен қарсы алайық?..  
«Есіңде бар ма жас күнің,  
Көкірегің толық, басың бос,  
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің?  
Кімді көрсең — бәрі дос.  
Махаббат, қызық, мал мен бақ,  
Көрінуші еді досқа ортақ.  
Үміт жақын, көңіл ақ,  
Болар ма сондай қызық шақ?  
Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар?!  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау құрғырлар...  
...Жалынасың, боқтайсың,  
Сағынасың, жоқтайсың.  
Махаббат кетті, дос кетті —  
Жете алмайсың, тоқтайсың.  
Көзіме жас бер, жылайын,  
Шыдам бер, сабыр қылайын.  
Жаралы болған жүрекке  
Дауа бер, жамап сынайын».  
*(Ақылбай асығыс кіреді...)*

А қ ы л б а й

Абай аға...

А б а й

...Ақылбай?..

Елің-жұртың аман ба...

Ә й г е р і м

Түсің қашып кетіпті ғой, апырым-ай!..

А қ ы л б а й *(мең-зең күйде, өзіне-өзі).*

Таппай тұрақ-баянын,

Алға басқан аяғым —

Кері кетіп барады...

Шыр-көбелек...

Айналып —

Өмір өтіп барады...

...Қол бұлғай ма...

Нетеді...

Қасірет — жұтып...

Қайғы — алып...

Бұлың-бұлың етеді...

К ө к б а й

Қажы-екемнің кенжесі ме,

Есенбісің, батыр...

А қ ы л б а й

Абай аға!

Әкем ауыр жатыр...

А б а й

Тоқталмай айт?!

Не болғанын жасырма!..

А қ ы л б а й

Күзет қойдык...

Оразбай мен Күнту отыр басында!..

**ТӨРТІНШІ КӨРІНІС**

*Нұрғанымның отауы... Оң қанатта — төсек тартқан  
Құнанбай...*

*Тәрде — Оразбай мен Күнту... Екі кемпір әлсіз жатқан  
Құнанбаймен үзір-мәзір айтысын, тұрып кетуге әрекет етіп  
жатады... Нұрғаным қызмет жасап жүреді...*

Ү л к е н к е м п і р

Құнанбай,  
Құлыным,  
Жасымыз болса ұлғайды.  
Жасы ұлғайған адамның  
Сүйек-сөлі ағарып,  
Көзінің жасы Құрғайды.  
Бір сен емес, бәріміз де  
Келген екенбіз — кетеміз...

К і ш і к е м п і р

Жаратқан-Ие жазмышынан  
Озмышты ойлап нетеміз?..  
Жасым кіші болғанмен,  
Жолым ұлық жеңген ем —  
Іш-шәй дескен жеріміз жоқ...

К ү н т у (*әзілге бұрып*).

Қайнылықтан қан бұзылмас —  
Дәме еткеніне дес беріп,  
Дегеніңе көнген ем —  
Демейісің онан да!

К і ш і к е м п і р

Қағыңғыр!  
Қарап отыр жайыңа –  
Құр атына мініп қалжыңның,  
Әмеңгерлік етер әзілге  
Кенен жайлау, кен қолтық,  
Алқа-қотан заман ба?!

Ү л к е н к е м п і р

Қайран-ай, қажы-қайнымның  
Мазасы болмай жатыр ғой...

К і ш і к е м п і р

Мазасы неге болмасын  
Қос женгесі қатар келгенде!..  
Құласа да астына алып құлайтын  
Қажы-қайным батыр ғой...  
Анадан алып туғандар  
Ауруға ырық берген бе!

Ү л к е н к е м п і р

Көз қаракты болсақ та  
Қоламтадай қожырап,  
Күл болуға аз қалып,  
Мырзасынған мұржа – өмірдің  
Өнешіне кептелдік.  
От басында омалып  
Отырып қалған жайымыз бар.  
Жарасып жатыр деген соң,  
Үзір-мәзір айтысып,  
Қайырласайық деп келдік:  
Арамызда, айталық,  
Артық-ауыс сөз кетсе,  
Атласпен астасып бөз кетсе,  
Алтынға араласып жез кетсе... –  
Кейіс тұтпай, кеш, күнім? –



Жаманымызды жасыра көр,  
Жақсымызды асыра көр, Құлыным?!  
Рұхсат етсең енді біздер қайталық?..

Қ ұ н а н б а й *(басын көтеріп)*.

Талаптарыңды тәңірім оңғарсын!..  
Даярланып-ақ жатырмын —  
Жалынан тартып мінерге  
Жарамды ақбоз ат болса!  
Армансызбын деп айта алман,  
Амалым нешік, алайда,  
Ақырыма ниет түзедім...  
Ақшамның жарық нұрындай  
Жарқылдай күлген қос жеңгем,  
Кешегі келіншек-қыз едің,  
Көңілге қайғы ұялаттың —  
Бүгінде кемпір бола бастап! —  
Қызуыменен жастықтың.  
Көзімізге өңге көрінбей,  
Жүрек сезімін жалаңаштап,  
Денелерімізге денелеріміз  
Тиіп кеткен сыйлы сәт болса —  
Кеше көріңдер сендер де,  
Жазғыра көрмеңдер, жарай ма?!

Ү л к е н к е м п і р

Қалжының қандай кәделі еді...

К і ш і к е м п і р

Әзілің неткен әдемі еді, тентегім...

*(Отырғандардың бірі күліп, бірі жылайды... Екі кемпір біріне бірі «жүр-жүрлеп» шығып кетеді... Абай кіреді... Құнанбай кеудесін қайта көтеріп, Абайға ұмтыла бере төсегіне сұлқ құлайды. Төне түскен Абайға кес-кестеп қолын қалқандайды... Абай тұрып қалады...)*

А б а й

Әке!..

Қ ұ н а н б а й

Балам дейін десем –  
Байыбыңа жетпес балаң сөз  
Етекте тұрып шынды алған,  
Құлағы шалғанның еркі кеткен,  
Парасат пенен пайымыңа  
Кемдік ететін тәрізді.  
Данам дейін десем –  
Алдаспан тектес жалаң сөз  
Қиярын тапсаң шындалған,  
Төбе билікті төркін еткен  
Әділ қазылық қайымыңа  
Кеңдік ететін тәрізді.  
Кемдігіңе жығылайын десем –  
Ағайын-туғанға қиянатым зорайып,  
Ес бола алмай қайран еліме,  
Өтім жарылып телінген,  
Бауырым езілетін сыңайлы.  
Кеңдігіңе жығылайын десем –  
Түп-тамырым суалып,  
Қаным қарайып,  
Еге бола алмай діл мен деніме,  
Тынысым тарылып, тәнімнен  
Жүрегім безінетін сыңайлы!..

А б а й

Әке!..

Неге дәйімі  
Тобақазығыңды таянып  
Төбе билікті алдыма  
Көлденең тарта бересің.  
Күшігеннен қойлық жүн,  
Тазқарадан тайлық жүн

Даулаған азғын алқадан  
Төрелік сөздің сарасын  
Жерім жоқ қалған аянып!..

О р а з б а й

Тырнама жанның жарасын!  
Досқа – күлкі, дұшпанға –  
Таба болу ма еді – лайығы!

К ү н т у

Есболаттың жесірін  
Оразбайдың арысына қимай,  
Абралының алысына қиып –  
Бермеген азарың,  
Қылмаған қорлығың қалды ма?!

О р а з б а й

Бұдан былай да бүйте берсең,  
Ұғыныспай-ақ та қояйық!  
Туыспай-ақ та қояйық!  
Турасайық?!

Қ ұ н а н б а й

Ей, Оразбай!..  
Қарға баласын «аппағым»,  
Кірпі баласын «жұмсағым» дейді.  
Болар ел болмас ерінің  
Бұзақы қылығын да қылмас айып,  
Бас жарылса – бөрік ішінде,  
Қол сынса – жең ішінде.  
Жүрегі – жалын, сөзі – мұз  
Абай сынды да бір арыс  
Жүре бермеуші ме еді ел ішінде?!  
...Аласымыздың орнына  
Алла-тағала берген аса таяқпен

Артымызға тыным алғызбай  
Түртінектей беретін – өзіміз!  
Қарыны тоқтың – қайғысы жоқ,  
Ашқарақ бала – жылауық –  
Тірлігімізді көшкен бұлтқа беріп,  
Бірлігімізді басым ұлтқа беріп,  
Ірілігімізді пасық қыртқа беріп,  
Басты сыйламай, ұяттымызды бұтқа беріп,  
Жанды қинамай, тұяқтымызды жұтқа беріп,  
Асылды жасықтан жасқантып,  
Пысыққа дүйім елді басқартып,  
Өсек теріп, сөз андып,  
Ертелі-кеш етек пен ерсі қисайған ауыз бағып,  
Әуемен байланып, мақтамен бауыздалып,  
Адамилықтан шығып, хайуанилыққа айналып,  
Өліміз – ақыреттігімізді,  
Тіріміз – киер киімімізді жаттан алып,  
Сарттың егіні шықпаса, жемісі өнбесе –  
Жігеріміз құм боп,  
Аштан қатып, хаққа налып,  
Кемел толғанып келешегімізбен тілдеспей,  
Келелі елдің құлы, күңі құрлы да күн кешпей,  
Жиған малын әкесі баласына қимай,  
Қатыны байынан айылын жимай,  
Надалды айырбастап, харам аттап,  
Кішісі үлкенін балағаттап,  
Тоқал қатындай өр,  
Кеселді кісідей ер,  
Кедей кісідей кер келіп,  
Іркіттей іріп, сүттей ұйымай,  
Өлі қойдың тірі етіндей  
Өз терімізге өзіміз симай,  
Құр күпініп, бос мақтанып,  
Сұйылып, сиырқұйымшақтанып,  
Соры қайнағанды жақын тұтып,  
Бағы асқанды жек көріп,  
Кірпідей жиырылып, жылқыкөттеніп –  
Ел болып не оңар екенбіз!!

А б а й *(өзіне-өзі)*.

Айт! Айта түшші, Әке?! –  
Тартып ауыр тауқыметі мен азабын,  
Надандық түнегін қоныс еткен  
Жұлдыз жанарлы, ай – құлак  
Қалың елім, кайран жұртым, қазағым,  
Қасіретін ұғынып, қамын ойласын...  
Әй, бірақ...  
«Жартасқа бардым,  
Күнде айқай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық.  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас!»

Қ ұ н а н б а й

Ас орнына атау іштірген  
Алауыздық осынау неден шықты, Абай?!

А б а й *(сәл үнсіздіктен соң)*.

Әке, мені таба қылмаңыз  
Оразбай мен Күнтудей  
Сабырсыз, сырдаң саппасқа!

Қ ұ н а н б а й

Сен төбе би болғанда  
Туған құлын дөнен шықты, Абай! –  
Дөнен – билік мінез шығарып,  
Топырағын қауып, тамырын жайып,  
Өз төркінін – тегін таппас па?!  
*(Абай үндемейді...)*  
Талай да талай  
Талайлыдан ұлық қылғаным – Абай!  
Бөрі айыбын терісімен өтейді.

Түптеп келгенде – туысын  
Оразбай менен Күнтудің  
Өлерімнің алдында арыздасу орнына  
Артқан өкпелерін тыңдадым –  
Өкпелері орынды!  
Түсімді бермей тусынып,  
Ақтық сапарыма армансыз аттанайын,  
Әкелік парызым өтелсін:  
Кұшақ жайып, қол қусырып,  
Айыбыңды төлеп, ағайыныңа  
Көрсет жазған жолыңды?!  
*(Абай үндемейді...)*  
Бітіспеуге белің будың ба,  
Неткен беріштей бекемсің!..  
*(Абай үндемейді...)*  
Оңбайын деген екенсің,  
Бар ағайыннан безініп!  
Оңды іске аяқ баспайсың –  
Қарына тартпай қасарған  
Тамырыңдағы Олжай бабаның  
Қаны еместей көрінеді,  
Әлде... ойнастан тудың ба?!  
*(Абай үндемейді...)*  
Жоқ деп уайым жеймісің  
Жұртқа берер жауаптың  
Жалтаратын амалы:  
Тауық екеш тауық та  
Күлге аунап жұмыртқа табады –  
Тауық құрлы жоқпысың?!  
Біз – күл құрлы жоқпыз ба!..  
*(Абай үндемейді... Құнанбай сәл ойланып...)*  
Ертеректе...  
Бейбақ әйел – соғыста өлген күйеуі,  
Тұтқындалып, басының еркі жау қолына тиеді.  
Әйел аса сұлу бопты ешкімнің жоқ таласы,  
Тұтқынға бір түскен екен бауыры мен баласы...  
Таң қалған Хан әлгі әйелдің көркіне,  
Бір қалауын беріпті оның еркіне.

Хан айтыпты: не бауырың, не балаң –  
 Құтқар, кәні, екiнiң бiрiн қалаған!  
 Бiрiн – құтқар, екiншiсi – өледi.  
 Бауырың ба, балаң ба, әлде, керегi?!  
 – Бауырым, – дептi сонда сұлу тоқталмай,  
 Хан басына қара дауыл соққандай,  
 Деп сұрапты қылышын кезеп жалаңған:  
 – Бауырыңды артық көргенiң бе балаңнан?!  
 – Уа, Ұлы Хан, мендей сұлу әйелге  
 Бай табылмас деп ойлайсың қай елде?..  
 Бай табылса – кәмiл бала табарым,  
 Ал, бауырым... бауырға жоқ амалым!.. –  
 Деген екен. Жауабына Хан ерiп,  
 Баласына да берген екен және ерiк! –  
 Құнанбай басым қатын құрлы қорытар:  
 Саған айтар соңғы сөзiм – бұл аңыз,  
 Жүрегiмдегi соңғы сезiм – бұл аңыз! –  
 Айналып кетейiн, құлдығыңда өтейiн, ей, Абай!..  
 Не, әкеңмен бiрге боласың?! –  
 Аумин!

*(Құнанбай қолын оң жаяды... Оразбай мен Қунту Құнанбайдан көргенiн iстейдi... Абай үндемейдi...)*

Не, әкеңдi өлтiрiп құтыласың! –  
 Аумин!

*(Құнанбай қолын терiс жаяды... Оразбай мен Қунту Құнанбайдан көргенiн iстейдi...)*

А б а й (өзiне-өзi).

«Адасқан күшiк секiлдi,  
 Ұлып жұртқа қайтқан ой.  
 Өкiндi, жолың бекiндi,  
 Әуре болма, оны қой!»  
*(Терiс жайған қолдарымен бетiн сипай берген  
 Құнанбайға)*  
 Олай болса –  
 Аңызына аңызбен тiл қатайын,  
 Көңiл-көгiмдi күңiрентiп,  
 Жан-жүрегiмдi жылатайын:

...Ирандағы Хамадан ханы  
Атақты емші Ибн Синаны  
Іш соқпасынан аман құтылған соң,  
Баламды ұрды деп баласын өлтіріп,  
Өзін зынданға тастап – қинады.  
Ибн Сина он үш жыл жатты зынданда,  
Қыршынынан, бірақ, қиылмады –  
Терек тамырынан тамған күніне  
Жеті тамшы сөл болды – бұйырғаны...  
Тауқыметі артса тірі пенде  
Тағдырына шара қылған ба?  
Сол Хамадан ханы бір күні  
Ау құрып, балық астырып,  
Өзен бойында сауық құрғанда  
Еламан сүйекке қақалды –  
Ажат сағаты тақалды.  
«Еламан сүйегі жоқ екен –  
Түгелденгенде – торта балықтың.  
Еліңе сәлем айта бар,  
Күні бітті Дүниежарықтың!» –  
Боп шықты бақсы білгені.  
Ақырына көзі жеткен соң  
Хамадан ханы қорынып  
Ибн Синамен қас еткен  
Қата тірлігін тілдеді.  
...Ұзын да сөздің қысқасы –  
Басқадай амал таусылып,  
Хан сарайына әкелінді  
Ибн Сина – өмір ұстасы.  
«Тойымсыз, обыр өңешіңе  
Еламан сүйек тұрыпты –  
Астарын ұғын сөзімнің –  
Еткен емнің бәрі далбаса!  
Отырасың өлім кемесіне –  
Төрк етіп әдет-ғұрыпты  
Қарашығындай көзіңнің  
Жалғыз ұлыңды құрбан шалмасаң!» –  
Жалғыз ұлдың қаныменен



Жазамын деп ұшықтап,  
 Ибн Сина ең ақырғы  
 Сөзін айтты пысықтап.  
 Түсіп тағдыр әуресіне  
 Көзінің жасын тыйды Хан.  
 Көрер жарық сәулесіне  
 Жалғыз ұлын қиды Хан.  
 Ибн Сина дәу шарыққа кек қанжарын қайрады,  
 Ұлының жібек сәлдесімен Ханның көзін байлады.  
 Байлады да ұл орнына жіберді орып тұсақты,  
 Хан жағына алды жанып қан-қан болған пышақты.  
 Ибн Сина тынды көңілі емнің шартын орындап,  
 Тұсақ қойдың ақты қаны ұл қанындай қорылдап.  
 «Ұлым өлді» деп «аһ» ұрғанда Хан ақырып,  
 Ақ тортаның «еламаны» түсті өңештен атылып!..  
 ...Әкем емес,  
 Еламан сүйек жұтқан Хансың құлқыны,  
 Еламанның екі басы – Оразбай мен Күнтуің!  
 Енді өзіңді өзің емде,  
 Өзіңді өзің пышақта,  
 Құрбан шалар ұлын да жоқ,  
 Жоқ байлаулы тұсақ та!  
 Құтқаратын емші Уақыт – Ибн Сина жоқ қазір,  
 Киер кебін – ақыретің,  
 Ажалын да бопты әзір!..

*(Абай теріс айналады... Сырттан «ой, бауырымдап!» ел адамдары енеді...)*

### К ү н т у

Шарық сүйретіп,  
 Шапан тоздырып,  
 Бағзыдан бақыт оздырып,  
 Кімге енді тұлға болмақпын –  
 Құзар басы көкпен тілдескен  
 Бәйтерегім, ойбай, құлады! –  
 Жалғыз көзі ағып түсті Шындықтың!

## О р а з б а й

Құнанбайдан көшкен Дүниенің  
Табылар ма бізден тұрағы...

Н ұ р ғ а н ы м *(дауыс шығарып)*.

Ардағы болған халқының,  
Тереңнен тапқан алтыным,  
Талмастан шапқан тұлпарым,  
Қонбастан ұшқан сұңқарым,  
Мекеге барған қажы-ием,  
Қарадан шыққан сұлтаным...

А б а й *(жалғыз қалып, өзіне-өзі)*.

«Дүние – үлкен көл,  
Заман – соққан жел.  
Алдыңғы толқын – ағалар,  
Артқы толқын – інілер,  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай көрінер!..» –  
Кезі келді:  
Бастан Жақ бөлінді –  
Тіл жүйесіз қалды! –  
Әкеден Бала жерінді –  
Діл иесіз қалды!!

**Б і р і н ш і Б ө л і м н і ң с о ң ы .**

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### БЕСІНШІ КӨРІНІС

*Әйгерімнің отауы... Абай өлең жазып отырады...  
Әйгерім әлденеге алаң, көңілсіз...*

А б а й

Ойға алсам тілім байланар:  
«Фзули, Шәмси, Сәйхали,  
Навои, Сағди, Фирдоуси,  
Хожа Хафиз – бу һәммәси  
Мәдәт бер шағири Фәрияд».  
Зағип Гомер, Данте, Шекспир,  
Бальзак, Байрон, Гетені  
Тағдырым тағылым етеді...  
Не істеуге енді айла бар –  
Бұлардан өткен қу жалған  
Менен де бір күн өтеді!..  
*(Ойлана түсіп)*

«Жүрегім менің – қырық жамау  
Қиянатшыл дүниеден.  
Қайтіп аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң әр неден.  
Өлді кейі, кейі – жау,  
Кімді сүйсе бұл жүрек.  
Кімі – қастық, кімі – дау,  
Сүйенерге жоқ тірек.  
Кәрілік те тұр тақау,  
Алдымызда айла жоқ.  
Қайғысыздың бәрі асау,  
Бізге онан пайда жоқ.

Қан жүректі қайғылы-ау,  
Қайрыла кет сен маған.  
Қасиетін ойлан-ау,  
Қам көңілдің тынбаған»...

Ә й г е р і м *(өзіне-өзі)*.

Сүюден басқа сөз білмес  
Бұлбұлы сайрай бастады.  
Қамқор жаны көзге ілмес  
Қайғылыдан басқаны!..  
*(Абайға)*  
Сезімің суалып,  
Аптығың басылып,  
Қажы-Атам мен Еркежанның күйеуі  
Ерте дүние салғалы —  
Естен тана қайғырдың.  
Мазамызды алып,  
Берекемізді қашырып,  
Күндіз — күлкі,  
Түнде ұйқыдан айрылдың —  
Асылық етпеші, Абай,  
Тағдыр заңы қатал-ды:  
Біреу — отқа күйеді,  
Біреу — суға кетеді —  
Отқа күйдірдің,  
Суға кетпеші, Абай?!  
Шер-шеменнің шоғына  
Аяқ-қолы байлаулы  
Бейбақтайын үйтілмей —  
Сабырлық етсең нетеді!..

А б а й

Қас пен Көздей кірігіп,  
Бір жеңнен — қол,  
Бір жағадан — бас  
Шығару дегенің былай қалып,  
Көзі — ашық,

Көңілі – ояуды  
Ығыр етпесе ырза қыла алмас  
Індетке тап болып,  
Ұсағымыз үгітіліп,  
Кесегіміз ұсақтап,  
Тереңіміз тартылып,  
Тұнығымыз ылайланып,  
Тіл мен Жақтай бірігіп,  
Көп боп түкіріп  
Көл жасаудан қашқақтап,  
Жусаннан аласарып,  
Бетегеден биіктемей,  
Бас-басымызға би болып,  
Боғымызды пышақтап,  
Шала бүлініп,  
Аласамыз асқақтап,  
Асқағымыз аласарып,  
Аяқ асты болып, обал-ай,  
Дүние шіркін өзгерді-ау?!  
Айтары жансақ болған соң,  
Жапырылары қалмай қоғадай,  
Амалсыз Үлкен тосылып,  
Көңілі күпті қалған соң,  
Ақырзаманның адамы-ай,  
Алаңсыз, аңсыз жосылып  
Кіші сөйлейтін кез болды-ау!

### Ә й г е р і м

Қабырғасы қатпай  
Қарын талдырса,  
Бұғанасы бекімей  
Буынын алдырса,  
Еркелік етпей  
Егде ақылға жеңдірсе,  
Жасына жетпей  
Жүрек отын сөндірсе,  
Үлкені үйдей пәле шақырып

Ертелі-кеш қайғы төндірсе,  
Кешегі балы – бүгінгі у  
Алалы күйіне аһ ұрып  
Кіші сөйлемей не қылсын!

А б а й

*(Әйгерімнің сөзіне көңіл қоймай, өзімен-өзі,  
әуелгі ойдың жетегімен).*

Өліміздің жаманы жоқ,  
Тіріміздің жаманнан аман жоқ.  
Шынға нанбаймыз,  
Өтірікке есесі кеткен жандаймыз.  
Жеке қалғанда демімізге нан піседі,  
Топқа түскенде мұрнымыздан қан күседі.  
Аспанға ұшқанды аяқтан тартамыз,  
Топырақ құшқаннан өлердей қорқамыз.  
Алыстан дорбалаймыз,  
Жақыннан арбалаймыз,  
Түйекіндіктенеміз – кері сиеміз,  
Қорынамыз, қорғалаймыз –  
Сиынғанымыздың алдында қосаяқ қағамыз,  
Сүйенгеніміздің алдында сиырша жорғалаймыз.  
Шенге келгенде – жемқор, жебір шығамыз,  
Өнерге келгенде – құнарсыз, кебір шығамыз.  
Қомағаймыз, түйені түгімен жұтамыз,  
Қашқанды құмаймыз, қуса – зытамыз.  
Езді ерлікке үйретеміз,  
Кешеге ел билетеміз,  
Сосын ер-тоқымымызды бауырымызға алып  
Тулаймыз,  
Шырық бұзамыз, шылбыр сүйретеміз...  
Нәпсісін тиғанды – қор дейміз,  
Нәпсісі билегенді – зор дейміз.  
Шыбық тимей шыңқ етіп,  
Үйде – батырмыз,  
Түзде – қатынбыз!..  
Несін айта берейін!..

Ә й г е р і м

Үйде – жеру,  
Түзде – еру болмасаң не қылсын!  
Абай, енді, былай қойып өзінді,  
Өңімді алып, өзегімді өртеген  
Сөзінді де сыртқа салдың ба?

А б а й

«Күн артынан күн туар,  
Бір күн дамыл еткізбес.  
Ой артынан ой қуар,  
Желге мінсең жеткізбес!» –  
Қиялың – ескек, көңілің – көл,  
Ішіп-жемің алдында!..

Ә й г е р і м

Тәнім тоқ болғанмен,  
Жаным – аш, Абай,  
Уайымым мол!  
Бауырымды мұздатқан,  
Бүйрегімді сыздатқан –  
Қиянатты, ката тірлігіне  
Қаным қас, Абай!..

А б а й

Керегіңнен кенжелеп,  
Қысыр қалған жерің қайсы, Әйгерім?!  
Ығырымды алған үлдеп  
Желді күні желп-желп етеді –  
Жүрегің жүрек пе, әлде, шүберек пе!  
Тұрсаң – ойымда,  
Жатсам –қойынымда емеспісің?!

### Ә й г е р і м

Жыр деп соккан ғазиз жүректі  
Жұма сайын жаралап,  
Қаны-сөлін суалтып  
Шүберек еткен – өзіңсін.  
Жыршы деп айтқан әзиз тілекті  
Көп отауды тынбай аралап,  
Кескен теректей қуартып  
Мүгедек еткен – өзіңсің –  
Өзің құл боласың, Абай!  
Кімге пір боласың, Абай!!

А б а й (өзіне-өзі).

«Сүйсіне алмадым, сүймедім,  
Сүйегім жасып, сор қалың.  
Сүйісіп саған тимедім,  
Бола алмадым сенің, жарын...» –  
Деп тұрған жоқ па осы Әйгерім?..

### Ә й г е р і м

Уа, Арғын Ұяласымның Арланы,  
Жүрек жарғаным – қалауым,  
Көзімді аштырмай,  
Қия бастырмай –  
Көбе-тырнақтың топырақ парызы өтеліп,  
Табанымды тоздырмай,  
Бауырымды көтеріп,  
Белімді жаздырмай –  
Көк етімді жырттып,  
Қолтығымды сөгіп,  
Бейнетіңе жегіп –  
Бұралқыдан бетер таладың!

А б а й

Талағаны несі?..



Ә й г е р і м

Таладың:  
Ажарымды да – алдың.  
Базарымды да – алдың.  
Тәнімді де, мәнімді де,  
Сәнімді де, әнімді де – алдың!  
Енді, менде  
Көкірек – көңілі мәңгі жас  
Ақын жүрегін елітер  
Қылық пен қызық қалмады!  
Етекте көрсе есі кеткен,  
Күн құрғатпайтын қаңғыбас,  
Ел күйеуі Абайдың –  
Алып Адамның мен білер –  
Басқа болмақ арманы!..

А б а й

«Мыңмен жалғыз алысып»  
Таландың деудің орнына,  
Жағаласа сөйлеп, жарысып,  
Таладыңың не?!  
Бұл қай қара басқаның?..

Ә й г е р і м

Таладың!  
Таладың да – тастадың!..  
«Әсіре қызыл тез оңар» –  
Құтты күні құдайдың  
Аузыңнан түспес кешегі  
«...Әй... Керім...» емеспін –  
Басқамын – «Ей... Көрімін...»...  
Тірі болса бермес есені  
Оспандай опат маркасқа  
Қайын қазасы мазалар:  
Дұғасын оқып жылаймын!

...Әмеңгерлікке тийім болмас па! –  
Еріккен жұрттың өсегі:  
Қайнағасы мен Келіні –  
Еркежанға ауа бастадың!

А б а й

Астапыралла...

Ә й г е р і м

Келісті, ғажап келімі  
Сұлулығына күрмеліп  
Еркежанға ауа бастадың!..  
Ауа бастадың – аласың,  
Қыран мінезінді білемін.  
Асқынтың жанның жарасын,  
Қарайып бітті жүрегім...  
Бес қонақтан бетер салқынбыз,  
Басқалығымды кеш біліп,  
Көгеніндегі жетім қозыдай  
Қылғынып естен танбақпын.  
Жаздағы реңкі ескіріп,  
Салмағын алған жалқын күз,  
Қорғансыз қормын – қаңбақпын! –  
Бұдан былай:  
Ұшарымды – жел біледі,  
Қонарымды – сай біледі!..  
(...Жинала бастайды...)

А б а й *(қысылып, қолын кеудесіне қойып).*

«Жүрегім, ойбай, соқпа енді,  
Бола көрме тым күлкі.  
Көрмейсің бе, тоқта енді,  
Кімге сенсең, сол шикі...»

Ә й г е р і м

«Жетім қозы – тас бауыр,  
Түңілер де отығар!..  
(...Кетеді...)

А б а й *(бекініп...)*.

«Жарқ етпес кара көңілім не қылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да,  
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да.  
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,  
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,  
Шыдайды риза болып тәңір ісіне,  
Қорлық пен мазағына таңылса да».  
*(...Ақылбай кіреді... түрінде үрей бар...)*

А қ ы л б а й

Абай аға...  
Оразбай бір топ жігітпен  
Сіз тіктірген ақ отауын  
Өртеп,  
Өзін — Олжабайдың  
Тірідей көміп кетіпті.  
Арашаға түскен аяғы ауыр  
Хадишаны да қан-жоса ғып,  
Сабап, өлімші етіпті!  
Тез жетпесек — болмайды?!

А б а й

*(керегенің басынан қамшысын алып, күңіреніп).*

«Туысканың, достарың — бәрі екі ұшты,  
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.  
Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,  
Бұл не деген заманға ісім түсті!..»  
...Кеттік!..

## АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

*Өртенген үй... Есі шыға қорыққан Хадиса...  
Қыл мойнына дейін тірідей көмілген Олжабай...  
Абай мен Ақылбай кіреді...*

Х а д и ш а *(Абайға шағынып).*

Өзіңіз арнап тіктірген  
Күміс қанат, алтын уықты  
Ақ отауымды өрт алды, ағасы.  
Тауқыметіне тізе бүктірген  
Тоңмойын доңыз топастық  
Талқандап табалдырықты —  
Өзегімді дерт алды, ағасы.  
Айтысып жүріп арттырған  
Көпке аян  
Олжабайымды  
Оразбайдың жендет жігіті  
Тірідейін көмді, ағасы.  
Тән азабын мұнша тарттырған  
Көріп тұрмысыз ойран жайымды,  
Жас өмірдің бар ма үміті —  
Тірілейін бе, енді, ағасы?..  
Тірілмейін, тірідейін өлейін бе, енді, ағасы?!  
*(Олжабайды көрсетіп, басын сүйеп...)*  
Аһ ұрып Асан-Қайғыдай,  
Амалсыз, көзі алақтап,  
Жуынып көздің жасына,  
Қызыл тілі құр сайраған,  
Аяғы жоқ, басы бар  
Адам көрген қайсың бар?!

А б а й

Арсыз күйінен айнымай,  
Аш бөрідей жалақтап,  
Зорлықтың тарғыл тасына  
Ашу — пышак қайраған,

Аяғы бар, басы жоқ  
 Надан көрген қайсың бар!  
 Оразбай! –  
 Бассыз надан! –  
 Көзсіз көр –  
 Жапырағы азған,  
 Бұтағы тозған,  
 Діңі шіріген бәйтерек! –  
 Тірідей Адам көмуге  
 Құдайдан қорықсаң қайтер еді?!

А қ ы л б а й

Бұл қорлыққа – мұндай егеске  
 Болмастайын көнуге...

А б а й (*Хадишаға*).

Үмітсіз – шайтан емес пе!  
 Сабыр ет, қалқам, Хадиша?!  
 Баяны жоқ дүние бұл –  
 Жақсылық тұрмақ,  
 Жамандық  
 Айнымас баянсыз қалпынан:  
 Көгі қалың,  
 Көлі мол  
 Жаз келер-ақ жадырап –  
 Қарлы, боран-аязды  
 Қатты қыстың артынан.  
 Жарасым таппа жеңілмен:  
 «Жаман дос – көлеңке,  
 Басыңды күн шалса,  
 Қашып құтыла алмайсың.  
 Басыңды бұлт шалса,  
 Іздеп таба алмайсың» –  
 Күдерінді үзбе өмірден:  
 Жақсы жар – жан азығы,  
 Жемей – тоқсың,  
 Ішпей – массын! –

«Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,  
Жерге кірсең үлгілі жақсы атақпен.  
Арттағыға сөзің мен ісің қалса –  
Өлсең де өлмегенмен боласың тең» –  
Олжабайлар да күні ертең  
Қаршыға – күшіне мінер-ақ,  
Көздегенін ілер-ақ.  
Аруақ қолдаған апай төс,  
Атан жілікті азамат болар-ақ!  
Атқа конар-ақ!  
Өнер ашар-ақ!..  
Ант атқан Оразбайларды  
Әлі-ақ албасты басар-ақ!  
Көр де тұр!..  
*(Олжабай – Басқа)*  
Көңілдегі көрікті ойдың  
Ауыздан шыққанда өңі қашады.  
Бір қашқан өңі қаша-қаша  
Ой да ортаяды екен,  
Сөз де қартаяды екен...  
Басыңнан басқаң – Бақилық,  
Бейбақ – бейшара түріңе не дейін –  
Надан – нәкәспен алысам деп  
Шойырылып, бүк түсіп,  
Белім кетті дейін бе?!  
Лағып, желмен жарысам деп,  
Бас-басына мықтысып  
Елім кетті дейін бе!..  
...Билігі асқан Адамым –  
Рахым ету орнына,  
Зақым етті, қайтейін!  
Жаза басқан Заманым –  
Ақыл ету орнына,  
Ақын етті, қайтейін?!  
*(Олжабай үндемейді...)*  
Үндемеймісің?..  
Кем түсініп кектенбе, Олжабай?!  
Құрышты құндағында жану – өлді.  
«Ерді кебенек Ішінде тану» – өлді.

Өліп тынармыз түбінде!..  
 Дуалы ауыз айтпайды – малды ауыз айтады.  
 Ойлы ұтпайды – бойлы ұтады.  
 Сүйекті жеңбейді – сүбелі жеңеді.  
 Күші басым жықпайды – мысы басым жығады.  
 Аруакты алмайды – пұлы нақты алады.  
 Сара озбайды – пара озады.  
 Білімді сөйлемейді –  
 Өсек-аян аңдыған,  
 Қызметі өктемге арсыз күліп пұл берген,  
 Арыз жазумен күн көрген,  
 Жасуынан өтер иненің  
 Жылпос пен жылмақай,  
 Жырынды сөйлейді бүгінде!..  
*(Олжабай үндемейді...)*  
 Үндемеймісің?  
 Таяқ етіңе өткен бе, Олжабай?!  
*(Хадидша мен Ақылбай Олжабайдың денесін  
топырақтан арши бастайды...)*  
 Тінте-тінте жағыңды да ашар – Уақыт.  
 Түрте-түрте тіліңді де шығарар – Уақыт.  
 Бірте-бірте өксігінді де басар,  
 Өкпенді де құп алар – Уақыт!  
*(...Олжабай кеудесіне дейін аршылады...)*  
 Құлшынып құр аттай,  
 Кеудең аршылып,  
 Тынысың да кеңір!  
 Қаулаған құрақтай  
 Қайтадан алшынып,  
 Қайғың да кемір!..  
*(...Топырақтан Олжабайдың қол-аяғы босайды...)*  
 Аяқ-қолың ақыры бостандығын алар.  
 Кемеліңе келіп, күш-қуатың толар.  
 Сойыл да ұстарсың...  
 Сотқар – сотанак  
 Паңайыңнан да жүрмейтін болар...  
*(...Олжабай үндемейді... аяқ-қолын ербеңдетіп опат  
қимылдайды... оқыс бұрылады...)*

Үндемеймісің?!  
Қорлық сүйегіңе жеткен бе, Олжабай?!  
Дым демеймісің?..  
..Айтар сөзің жоқ болса –  
Ығыр еккенге ымырасыз  
Ызаң болғаны ғой!..  
Дұрыс!  
Жер ызасы – Ырыс,  
Ер ызасы – Ұрыс,  
Ел ызасы – Құбылыс!

*(Ақылбай мен Хадисша қалш-қалш еткен Олжабайды алып кетеді... Абай жалғыз қалады... Көкбай көрінеді...).*

К ө к б а й

Осында кетті деген соң  
Салып ұрып жеткенім...

А б а й

Іргесі аулақ Верныйда  
Әбіш ауырып жатқалы  
Ат ізін салмай кеткенің,  
Көкбай, неткенің?!

К ө к б а й

Айыпқа бұйырма, ағасы?..  
Мұқыр болысынан келемін –  
Ай жаңасында барғанмын  
Шақыртқаннан соң нағашым...

А б а й

«Костоенді» асқынып,  
Қиналып жатыр Әбішің» –  
Деген хабар жеткенге –  
Қасірет жұтып, қайғы еміп,  
Қауырсыннан жеңілмін,  
Қорғасыннан ауырмын...  
*(Абай қойнынан хат алады...)*



Хат жазған едім өткенде...  
Хат емес – Күпті көңілдің  
Көз жасын сарқып төккенім.  
*(Хатты Көкбайға беріп)*  
Семей барып, Верныйға  
Пошта жіберт тездетіп,  
Жөнелт өзін қолыңмен,  
Күр қалмайды қарманған!  
*(Көкбай хатты алып дорбасына салады)*  
Жо-жоқ, тоқта?!  
Кәні, Көкбай, дорбаңнан  
Алшы қағаз-қаламды.  
Жазшы ілелі қалқама  
Түбегейлі тауысып  
Жүректегі аланды?..

*(Көкбай дорбасынан қағаз-қаламын алып жаза бастайды)*

Хат. Әбдірахманға.  
«Алланың рахматын  
Жар тұтып әрнеге.  
Әр рахман ол атын  
Үйреткен жұмлеге.  
Дұғамның қуатын  
Жіберме өңгеге.  
Әбіштің сиқатын  
Беркітсең кеудеге.  
Рәушән сипатын  
Тез көрсет бендеге.  
Осындай шапқатын  
Ұмытам мен неге?  
Зар хатым – бұл хатым,  
Бізді тыныш жүр деме.  
Азайып қуатым,  
Денем жүр көрмеге.  
Бұл – жазған сұңғатым,  
Көңіл ашар бір наме.  
Менің сол рахатым  
Көзіме сүрмеге.»  
Әкең Абай. Жаздың ба?..

К ө к б а й

Жаздым.

А б а й

Онда жөнел!  
Көкбай!  
Шап!

К ө к б а й

*(хатын дорбасына салып, кетуге ыңғайланып).*

Абай аға,  
Мұқыр болысының игі жақсысы:  
«Ақырын салып ақылға  
Ат арқасына мініп Абайдың  
Сайлауға өзі келмесе –  
Қара халықтың сорына  
Болыс сайлап сүйгенін  
Отырғызар тақырға  
Оразбайдай пәленің  
Құрбаны болып бекерге  
Түсеміз құрған торына,  
Жығыламыз қазған орына!» –  
Деп еді маған кетерде.  
Аманат жолы – ауыр жол,  
Мойныма қарыз болмасын...  
*(...Кетеді...)*

А б а й *(Көкбайдың соңынан).*

...Қызыр болсын жолдасың?  
*(Өзіне-өзі)*  
«...Есіткендей болады  
Құлағым ескі сыбырды.  
Ескі ойға көңілім толады,  
Тірілтіп өткен құрғырды.  
Ішіп терең бойлаймын  
Өткен күннің уларын.

Және шын деп ойлаймын  
Жұрттың жалған шуларын.  
Тағы сене бастаймын,  
Күнде алдағыш қуларға.  
Есім шығып қашпаймын,  
Мен ішпеген у бар ма?..»

## **ЖЕТІНШІ КӨРІНІС**

*Мұқыр болысының сайлауы...*

*Оразбай тобыры қызу кеңес құрып отырады...*

О р а з б а й

Айтшы, Күнту?  
Құнанбайдың сағын сындырып,  
Аруағын қалай аздырамыз?  
Абайды қалай жығамыз,  
Көрін кімге қаздырамыз?!  
Айтшы, Күнту, не істейміз?  
Қаракетсіз қапыл күйімізде  
Керегенің басына  
Ілулі үрген местейміз!  
Бүгінгі болар сайлауда  
Ауырын артпақ Абайдың –  
Келе жатқан аурудың  
Алдын алуымыз керек қой...

*К ү н т у (бір кездегі Оразбайдың сөзін қайталап).*

Атадан алып туылған  
Құнанбай жолы бөлек қой –  
Жаратпағанның апшысын  
Жөргегінде жатып қуырған,  
Төрімізге шығып қасарған  
Төреден билік асырып  
Қарадан шыққан

Тұңғыш аға сұлтанның  
Ақ дегені – алғыс,  
Қара дегені – қарғыс қашаннан...  
Шарқаяқтанып,  
Көзі тірісінде,  
Шаш ал десе – бас алып,  
Құдайдай Қүдірет Құнанбаймен  
Аңдысып көрдік – алдырмады,  
Алысып көрдік – шалдырмады.  
Енді өлісінде тиіссек –  
Тегін қалдырмайды:  
Көрдегі тек жатпаса –  
Жердегінің таңы атпайды!..  
Болмашыға күйіп,  
Өкініп,  
Берекеміз қашып жүрген – өзіміз.  
Тигенге – тиіп,  
Тимегенге түкірік  
Шашып жүрген – өзіміз.  
Кетіспеспен кетісіп  
Еңсемізді  
Албасты басып жүрген – өзіміз.  
Жар басында жетісіп  
Артымызды жел-құзға  
Ашып жүрген – өзіміз!  
Бізді, әйтпесе, Құнанбайдың  
Суық шалған бүйректей  
Бөгде көрген жері жоқ...  
Көлдененді көк атты –  
Көрінгенге билетпей:  
Ығал едік – теңіз етті,  
Сыңар едік – егіз етті!  
Бүтін інген жарты бураға қайымас,  
Өлі аруақ риза болмай –  
Тірі байымас,  
Түбі біргеде түңілмей –  
Құнанбайды тыныш қоялық?..

О р а з б а й

Бұл айтқаның — ақыл,  
Күнту, алайда,  
Абай да осал жау емес:  
Көрінгенге үрер күшік еді,  
Азу тісімізді барсынып  
Аямай талап —  
Арыстан шығардық.  
Өз күнін көрер кішік еді,  
Жарық дүниеге жаршы ғып,  
Аузына қарап —  
Данышпан шығардық...  
Ор қаздық — құламады.  
Опат қылдық — жыламады.  
Арыз жаздық — ақсамады —  
Ішкі әлемімізді әшкерелеп,  
Оязбен ортақ тіл тапты —  
Жоғымызды жария етті,  
Барымызды жоқ санады! —  
Енді не етер екенбіз?!  
Жанын — жара,  
Қанын — қара етудің  
Қалмады ма басқа амалы!..

К ү н т у

Жасың үлкен ағасың, Ор-еке!  
Өкінішке орай мендей інінің  
Сезімі — жүдеу, ойы — арық...  
Жүдеуімді оңалтып,  
Арығымды семіртіп  
Асылық етсем — жарай ма?..

О р а з б а й

Жарайды, Күнту, жарайды...

К ү н т у

Онда, ағайын,  
Осы жолы қалайда,  
Сірнедей жабысып,  
Қатып сіңірдей,  
Төбе билік етер Абайдың  
Жабылып төбесін оялық?! –  
Соққысы сойқан сойыл да табылады,  
Сойыл тығатын қойын да табылады!  
*(Сыртқа ым қағады...)*  
Жігіттер!  
*(...Сойыл ұстаған түсі суық Адамдар кіреді...)*

О р а з б а й *(риза болып).*

Пәлі!..  
Күнту, қымбаттым,  
Күннен-күнге тарлан ашып келесің –  
Уызына жарып ақылдың,  
Тұлпар тумасаң, не қылсын?!  
Тағдыр салған жұмбақтың  
Шешуін таба бересің –  
Шежіредегі Ұлықпан хакімнің  
Жолын кумасаң, не қылсын?!

С ы р т т а ғ ы д а у ы с

Абай келеді!..  
*(Абай кіреді... амандаспай төрге озады...)*

К ү н т у

Ассалау...

О р а з б а й

Ақырдағы жүйріктей  
Күндіз-түні бас алмай  
Оқимын деп кітабын  
Орыс болып кеттің бе –  
Төрелігіңді айтшы, төбе би?!

К ү н т у

Кәпірге мойынсұнған соң,  
Мұсылмангершіліктен қалған ғой...

А б а й

Білікті айтқан бірлікке  
Қатқан көндей илікпей,  
От-басы, ошақ қасынан  
Сынық сүйем аса алмай,  
Ішкені – ірің,  
Жегені – желім болған қу надан,  
Күнту, сендей тобанаяққа  
Орыс болу – арман ғой!  
Ойланғанға:  
Орыс дегенің –  
Туғансыз  
Тура бидің дәл өзі –  
Жоғынды жасырмайды,  
Барыңды асырмайды.  
Асылыңды жасық демейді,  
Басымыңды пасық демейді.  
Айтпайды,  
Айтса – қайтпайды.  
Қайтқан күнде – қан жұтып,  
Қайғы кеміріп,  
Пұшайман жемейді.  
Туғанын жүндемейді,  
Досын күндемейді.  
Дұшпаным кім демейді:  
Теңсінбегеннің тілерсегін тіледі.  
Менсінбегеннің мойынына мінеді.  
Елсің дегенді  
Тонның ішкі бауындай жақын тартып,  
Қыз болса – құшағына алады,  
Жігіт болса – қойынына кіреді.  
Жылатқанды құлатады,  
Жылағанды жұбатады.

Сүрінсең – сүйейді,  
Жығылсаң – тұрғызады,  
Жаксылығымен құлдық ұрғызады.  
Жықса – жекінбейді.  
Болған іске болаттай боп,  
Өткен іске өкінбейді.  
Өтірік, өсек бақпайды,  
Өнер, Білім бағады.  
Көрінгенге көзін сатпайды,  
Еңбегін сағады –  
Маңдай тер, табан ақымен  
Ішіп-жемін табады.  
Малын бағады,  
Егінін салады.  
Семіз сөйлеп,  
Арық тумайды.  
Арызбен пәле қумайды.  
Жалған қорқытпайды,  
Жаратқанның ырыздығын  
Ірі, кесек турайды.  
Түптің түбінде  
Орыспен талыс болғанның –  
Өзегін дерт алады,  
Өндірі қурайды!..  
(...*Олжабай мен Ақылбай кіреді...*)

К ү н т у (*Олжабайды көрсетін*).

Тірі өлік ерткен қасына  
Шоқынды шошынға бастады –  
Абай болындар, абай!..

А б а й

Ей, Күнту!  
Шала туып шешеннен  
Шалағай қадам басқалы –  
Істегенің – харамдық!  
Жасағаның – жамандық!



Шынжыр балақ, шұбар төс  
 Оразбайдың қол шокпары,  
 Аяғы ауыр әйелге  
 Хайуанша таяқ төндіріп,  
 Арашаға түскен тәуелде  
 Олжабайды тірідей көмдіріп –  
 Шерменде қылған талайды –  
 Сенен шыққан Надандық!  
 «Шұбар жылқы – тебеген»,  
 Бетің қандай шұбар болса,  
 Ниетің де сондай шұбар!  
 «Биік мансап – биік жартас,  
 Екпіндеп ұшып қыран да шығады,  
 Ерінбей еңбектеп жылан да шығады»,  
 Бірегей болыс емессің,  
 Зәр-заһары тісі менен тілінде,  
 Ділі – өгей шұбар жылансың! –  
 Шамаң жетпегенді – шағасың!  
 ...Ел менен елдің арасын,  
 Ер менен ердің арасын,  
 Ел менен ердің арасын  
 Алатайдай бүлінтіп  
 Нендей таулық табасың?!

О р а з б а й (кекемін).

Пай-пай!..

К ү н т у

Пәлі!..

А б а й

Көсеу тыкса – көмір туады,  
 Жалмауыздан жебір туады, Күнту!  
 Оразбай оналмайды!  
 Қүдіреті күшті Құдай болам дейді,  
 Қатарынан озып  
 Құнанбай да бола алмайды.  
 Құр боламынан түк те шықпайды,

Ең бастысы, Оразбай  
Құнанбай боп туылу  
Керектігін ұқпайды –  
Құнанбай құрдас болмайды  
Оспадар мінез Оңаймен!  
Құнанбайлық тұрмақ,  
Абайлық  
Аяғын сүртпейді Оразбаймен! –  
Мені таныған Ақылменен таниды! –  
«Мен боламын демеңдер,  
Аяқты алшаң басқанға.  
Екі көзің аларып,  
Құр қарайсың аспанға.  
Бір ғылымнан басқаның,  
Бәрі кесел асқанға.  
Үйткен адам жолығар  
Кешікпей-ақ тосқанға!»

К ү н т у *(сасып)*.

Жер жарылып – жік шықты,  
Екі құлағы тік шықты...  
*(Оразбай ашу шақыра бастайды...)*

А б а й

Қарақан басын дүр көріп,  
Көлеңке баққан қорғалап,  
Күндіз – күрмеліп,  
Түнде ұшқан жарғанат –  
Сорлы Күнту!  
Иманшартың – озбырлық,  
Кәлимең – антың – зорлық!  
Айтқаным – айтқан –  
Қалдым деме арманда:  
Оразбайлардың айтағы –  
Озбырлығыңды тимасаң,  
Зорлығыңды қоймасаң –  
Ата жауыңа бергісіз  
Атақ дұшпан біз тұрмақ,

От-басыңды салып ойранға,  
Ет-жақыныңды қалдырып қайранға,  
Бала-шаға, үрім-бұтағың,  
Немерең мен шөбереннің  
Ісіне кірігіп – жасытасың!  
Шөпшегің менен көп шөбің,  
Туажатың мен зәузатыңның  
Түсіне кіріп – шошытасың!

К ү н т у

Астапыралла...

А б а й (*Күнтуге төне түсіп*).

Үй басына күйсіреп,  
Бас-басына бисіреп,  
Бірте-бірте өлімсіреп,  
Тірлігі тозып,  
Бірлігі азып,  
Ері езден бетер боп,  
Езі түбіне жетер боп,  
Ел бола алмай еңіреп,  
Етегі жасқа толғанда –  
Болашағың лағнет айтады!..  
(*Күнту шегінеді...*)

О р а з б а й (*жігіттеріне*).

Өшіріндер үнін!..

К ү н т у

Жігіттер!  
Аламан!  
Жағын айыр! –  
Қызыл-ала қан қылыңдар  
Бет-ауызын Ақынның!

(*...Жігіттер сойыл көтереді... Абайға таяқ тиеді... Олжабай қайрат қылады... Ақылбай араға түседі...*)

О р а з б а й

Қақ бастан сал!

К ү н т у

Бүйірден теп!

О р а з б а й

Белден соқ! —  
Енді мұндай ұл тумасын Анадан!

К ү н т у

Жын жайласын Бесігін!

О р а з б а й

*(бет-ауызын қан көмген Абайды көріп, насаттанып).*

Жалғыз көзді жалмауыз —  
Құнанбайдың қарғысы  
Қарада тегін кетпестей!..

К ү н т у *(іліп әкетін).*

Жығылғанға — жұдырық!  
Верныйдағы Әбіші де,  
Қарауылдағы Мағышы да  
Жайсыз жатқан көрінеді...  
*(Екеуі қарқ-қарқ күледі...)*

А б а й *(топтан бөлініп, жалғыз қалып).*

Кім үшін... сонша...  
Не үшін... мұнша...  
Алаң болдым — аһ ұрдым!  
Өз жүрегін өзі жаралап,  
Өз өкпесін өзі қаралап,  
Өз бауырын өзі талаған —  
Өңкей Мәңгірт! —  
Миғұла!

*(Шарасыз күйде зар кешіп)*

...Етінен өткен,  
Сүйегіне жеткен,  
Атадан мирас қалған,  
Ананың сүтімен біткен Надандық  
Иттікпен мал тапқан қазақты,  
Өзі де ит болып кісі қапқан қазақты,  
Мал болса құдайды да паралап аламын,  
Құдайдан басқаны қаралап,  
Жанын жаралап аламын,  
Малым – дінім, алла-тағалам,  
Халқым, жұртым, мәнім, мағынам,  
Білім, ұятым, арым, жақыным,  
Атак, даңқым, абыройым, ақылым –  
Деп жаңылып тәңір атқан қазақты  
Адамгершіліктен мүлдем кетірді-ау! –  
Түзелмесе шын бекінді-ау!..  
...«Жалын мен оттан жаралып,  
Жарқылдап Рағит жайды айдар.  
Жаңбыры жерге таралып,  
Жасарып шығып гүл жайнар.  
Жайына біреу келсе кез,  
Белгілі жұмыс, сор қайнар.  
Қуаты күшті нұрлы сөз,  
Қуатын білген абайлар.  
Жалын мен оттан жаралған  
Сөзді ұғатын қайсың бар?  
Партия жиып, пара алған,  
Бейілі кедей байсындар.  
Қулық пенен құбылдан  
Жалықсаң, жақсы жансындар.  
Түзелмесе шұғылдан,  
Арсылдар да, қалшылдар –  
Несі өмір,  
Несі жұрт?  
Өңшен қырт,  
Бас қаңғырт!»

*(... Тыныштықты Көкбайдың «ой, бауырымдаған» үні бұзады...  
Көкбай, Көкбаймен бірге ел адамдары кіреді...)*

К ө к б а й

Ой, бауырым-ай...  
Төреліксіз, төркінсіз  
Неткен төтен өлім еді! —  
Ер Әбіштен айрылдық...  
Ой, бауырым-ай!..  
Асқар тауым-ай!  
Абайым-ай!..  
Ку тірлік қараң қалды ғой...  
...Әбішің дүние салды ғой...

А қ ы л б а й

Ой, бауырым-ай!..  
Ықтиярсыз, еркінсіз  
Жанын қиған Жақсының  
Неткен бөтен өлім еді...

Н ұ р ғ а н ы м *(дауыс салып)*.

«...Қызыл балақ қыранның  
Балапанын дерт алды.  
Жеміс ағаш, бәйтерек  
Балдырғанын өрт алды.  
Артына белгі тастамай,  
Жал-құйрығын келте алды.  
Ағайынды тойғызбай,  
Аз күн қоймай, ерте алды...»

Х а д и ш а *(дауыс салып)*.

«Көп жасамай, көк орған,  
Жарасы үлкен жас өлім.  
Күн шалған жерді тез алған  
Күншіл дүние қас өлім.  
Артына белгі қалдырмай,  
Бауыры қатты тас өлім.  
Жыламайын десе де,  
Шыдарлық па осы өлім?»

Н ұ р ғ а н ы м м е н Х а д и ш а

«Орамды тілді ауыздым,  
Ақылға жүйрік маңыздым.  
Көп жасамай тез кетіп,  
Көзімнің жасын ағыздың...»

*(...Олжабай бастаған ел адамдары шөгіп қалған Абайды сүйемелдеп, тұрғызады...)*

А б а й

«Тұла бойың ұят-ар едің,  
Ескеріп істеп, ойлаған.  
Тәуекелге нар едің,  
Талаппен терең бойлаған.  
Ерлікке де бар едің,  
Үйренуге тоймаған.  
Жасқа жас, ойға кәрі едің,  
Атаңның атын жоймаған.  
Замана, неткен тар едің,  
Сол қалқамды қоймаған?..»

**СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС**

*...Абай – жалғыз...*

*«Сегізаяқты» айтып домбыраға қосылады...*

А б а й

«...Жаяуы қапты,  
Аттысы шапты,  
Қайрылып сөзді кім ұқсын.  
Іште дерт қалын,  
Ауыздан жалын  
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.  
Күйдірген соң шыдатпай,  
Қоя ма екен жылатпай?»

Мамықтан төсек,  
Тастай боп кесек,  
    Жамбасқа батар, ұйқы жоқ.  
Сыбыр боп сөзі,  
Мәз болып өзі,  
    Ойланар елдің сыйқы жоқ.  
    Баяғы қулық, бір алдау,  
    Қысылған жерде – жан жалдау.  
Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
    Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
    Сөзімді ұғар елім жоқ.  
    Моласындай бақсының  
    Жалғыз қалдым – тап шыным!»

*(Домбырасын қойып)*

Ия!..  
Алыстым.  
Жұлыстым.  
Айтыстым.  
Тартыстым.  
Жастығына мастанып,  
Жүрек отына өртеніп,  
Желді күнгі жалаудай  
Желп-желп еткен көңілім  
Су сепкендей басылды –  
Құр әуремен өтті өмірім.  
Көре-көре көсем болдым,  
Сөйлей-сөйлей шешен болдым...  
Енді, не қылсам – қолайы?  
Енді, не істесем – орайы?..  
Өлмек –  
Пе?!  
Өмір сүрмек –  
Пе?!  
Сүрмек –  
Болса...  
...Ел бағайын ба?



Жок!  
Қазақ ел боп жарытпас!  
Жоқ елге бағым не керек –  
Бағусыз дертке ұшырармын!..  
Мал бағайын ба?  
Жок!  
Мал кісілік танытпас!  
Арыма кір жұқтырып,  
Айдалада далақтап,  
Құла түзде  
Құр бекерге ұшынармын!..  
Ғылым бағайын ба?  
Жок!  
Ғылым баққан жалықпас!  
Тілімді ұғар адам таба алмай,  
Екі көзім алақтап  
Жан-тәсілім етерімде қысылармын!  
Жан бағайын ба?!  
Жок!  
Бағар жанымның Ажары азғаны қашан,  
Базары тозғаны қашан! –  
Ең алдымен –  
Ел кетті!  
Ел кетті де –  
Еңіретті!  
Елмен бірге  
Етене  
Құрмет пен Сый кетті...  
Кеткен Изет пен Иба  
Бұғанамды сындырып,  
Қабырғамды күйретті.  
Құр кетпеді кеткендер –  
Мендей қапыл қариға  
Ақыреті ауыр болса да  
Ақиқаттың жолынан  
Айнымауды үйретті!..  
...Содан кейін кете барды басқасы:  
Шашым кетті –  
Ұлғайды Бас қасқасы.

Жұмылмасқа Көз кетті.  
Ұғынбасқа Сөз кетті.  
Бүйрек кетті бөлініп,  
Бауыр кетті желініп...  
Аруақ аттатып Әке кетті,  
Сақалын боқтатып Аға кетті.  
Кішірмедің деп Дұшпан кетті,  
Кешірмедің деп Дос кетті –  
Екеуі де бос кетті.  
Дегенімнен шықпадың деп  
Қос өкпесін тебінген  
Іні кетті.  
Түгімді де ұқпадың деп  
Кеуде –  
Көгімнен  
Жүрегімнің Күні кетті –  
«Осынша ақымақ болғаным,  
Көрінгенге қызықтым.  
Ғаділетті жүректің  
Әділетін бұзыппын!»  
Бел кетті –  
Бала кетті.  
Күр кетпеді –  
Қызығымды тауысып,  
Құрбандығына ала кетті!..  
Өксіткен ұдай өмірі өтпей,  
Жаны – жара,  
Қаны – қара Ақынмын.  
Ертелі-кеш еңіретпей,  
Көрігімдегіні көмір етпей,  
Батар күндей шоқтантып,  
Енді, жаным да  
Шығып кетсе – мақұлмын!..  
...Келесің!..  
Келесің де – кетесің!  
Қисынды,  
Күшті күдіреті,  
Тылсымын тірі жан білмес,

Өлгенше тыным таптырмай  
 Қудырған Бакыт елесін –  
 Алдамшы Жарық Дүниеге  
 Үңіліп те,  
 Түңіліп те болдым, шамасы –  
 Мен ішпеген у қалды ма қу тірлікте?..  
*(...Ақ киген Ажал кейпіндегі Құнанбай – Елес пайда  
 болады...)*

Қ ұ н а н б а й - Е л е с *(Абайдың сыртынан).*

Татар – балы,  
 Ішер – Уы таусылған  
 Тірлік те, тәйірі, тірлік пе!  
*(Қолын Көкке жайып)*  
 Уә, Тәңірім,  
 Алаң болып надан жұртына,  
 Жүгенсіз «бесті қыртына»,  
 Тісі тілін тұтқындап,  
 Қан толған екі ұртына,  
 Алар демін жаусынған  
 Жұмыр басты бендене  
 Опасыз мынау дүниеден  
 Орынсыз баз кештіріп,  
 Шарт түйінтпей,  
 Белін шештіріп,  
 Өкінтіп бармақ тістетпе?!  
*(Басын қос-қолдап, аһ ұрған Абайға)*  
 ...Жерден баян таба алмасаң –  
 Ұш Көкке!  
 Ұш!  
 Ұш, Балам!  
 Ұш, Балам!—  
 Игер Аспан Әлемін!  
 Бірақ, ойлан?!  
 Сен іздеген жердегі жоқ Әділет  
 Көкте де жоқ дер едім!  
 Көкте Әділет қайдан болсын?..  
 Зауал бар!

Көкке қолын тек жаймайды Адамдар:  
Ойнамасын деп тілейді  
Жаратылыс жасыны!  
Жайламасын деп тілейді  
Бақилықтың басыры!..  
Көкте нең бар?!  
Жерден баян таба алмасаң —  
Түс Көрге:  
Жек көрмейді,  
Кектенбейді еш бенде!  
Жатсынбайды,  
Шарт сынбайды еш бенде!  
Ақиқаттың тербеп әлди — өлеңі,  
Мәңгіліктің сызы ұрады денені!  
Жалғыздығың жар салмайды санаңда —  
Бірігеді —  
Кұс та,  
Аң да,  
Адам да!  
Сорақылық,  
Сорлылық та жоқ онда!  
Қорлық,  
Зорлық-зомбылық та жоқ онда!  
Жоқ Олжабай!  
Жоқ Оразбай!  
Күнту де —  
Болмайды өңге жұмақ — жайын тінтуге!  
Барымта жоқ!  
Байлық та жоқ!  
Басқа да!..  
Қызықпайды Алтынға да,  
Ақшаға!..  
Жоқ Қуаныш!  
Жоқ Жұбаныш!  
Жоқ Қайғы!  
Шын айтпайды!  
Өтірік те айтпайды!

Уланбайды ешкім мұң мен зарыңа,  
 Иланады иманыңа – арыңа!  
 Надалмысың – төрден орын аласың,  
 Харамбысың – есік бағып қаласың!..  
*(...Абай орнынан тұрады... Құнанбай-Ажал бәйек болады...)*

Жүр, жүр, Балам?

Жүр, Балам?!

Жерде өзің жырлаған

«Мыңмен жалғыз алыспайсың» күні-түн,

Жарығың өшіп,

Үзіледі үмітің –

...Үмітінді үзген Жер жаңарып, жаңғырар –

Жан біткеннің жарастығы сән құрар?

Тартпас, бәлки, надандықтың азабын –

Қалың елің,

Қайран жұртың,

Қазағың –

Тірлігінде өліп-өшкен Орысын

Сенер, мүмкін, берер достық – қол ұшын?..

...Татпаған – Бал,

Уың қалмаса ішпеген –

Түс, түс, Балам!

Түс, түс, Балам!

Түс Төмен?!

*(...Абайды – Құнанбай-Елес қараңғыға тартады...)*

...Тербелесің!–

Тергелесің!–

...Жатасың!–

Береді

ӘКЕ

БАЛАҒА

Оң батасын!..

*(...Құнанбай-Елес қолын оң жаяды...)*

Аумин!..

*(...Абай – Құнанбай-Елестің соңынан ерген күйі қараңғылыққа еніп көрінбей кетеді...)*

### Дауыстар

- Абай – Дүние салды!
- Абай...
- Абай...
- Абай – өлді!
- Тәйт!!!

### Оразбай

Абай өлді дегенше –  
Нәсіп-дәмі таусылып,  
Көк аспанын қайғы алып –  
Алып өлді десеңші!  
Абай өлді дегенше –  
Жаны жүрегін жаусынып,  
Қара тобырға айналып –  
Халық өлді десеңші...  
Абай...  
Абай...  
Абай...  
Ел болмаспен айтысып –  
Арманда кеттің Абай...  
Ақыл-Ойдың Озығы –  
Сен өлгенше,  
Төбесінен жай түсіп,  
Азған Өмір Тозығы –  
Мен өлсем нет-ті, Абай?!..  
Абай...  
Абай...  
Абай...

### СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

*Абай десем – есіме ер түседі,  
Қалың елім – құнарым – жер түседі.  
Абай десем – есіме қазақ түсер –  
күрмелген ғажап түсер,  
күңіренген азап түсер –*

*Абай десем!*

*Абай десем – есіме тегім түсер,  
Есем кеткен ескіге кегім түсер.  
Абай десем – қараңғы халық деймін,  
қайғылы алып деймін,  
қамаулы жарық деймін –*

*Абай десем!*

*Абай десем – есіме жар түседі,  
Жүрек қаны – көз жасы – зар түседі.  
Абай десем – қаралы дала дедім,  
қасіретті нала дедім,  
жандағы жара дедім –*

*Абай десем!*

*Абай десем – сарғайған сана деймін,  
Абай десем – данышпан дана деймін.  
Абай десем – осылай күй дегенім,  
есіңді жи дегенім,  
еліңді сүй дегенім –*

*Абай десем!..*

**Екінші Бөлімнің соңы.**



# **МАУГЛИДІҢ ОРАЛУЫ**

**(Р.Киплинг сарынымен жазылған Шер-Нама)**



КЕЙІПКЕРЛЕР:

Мауғли	– Қасқыр-Адам.
Ақмұнар	– От Аруы.
Байбөрі	– Ақмұнардың әкесі.
Қамқа	– Ақмұнардың шешесі.
Жолбарыс	– Хан.
Тулақ	– Ханша.
Шибұт	– Бас уәзір.
Сасық	– Уәзір.
Қабылан	– Соқыр.
Аюбай	– Мылқау.
Арлан	– Қайыршы.
Көкжал Қасқыр	– Көк ит.
Бес төбет	– Көп ит.
Сақшы.	
Хан әскері	– Қуғын.
Халық.	
Дауыстар.	

*Оқиға – белгісіз елде, бимағұлым жерде, беймезгіл кезеңде өтеді.*

## **БІРІНШІ БӨЛІМ**

### **АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА**

*Туа салдым да... шыңғырып –  
Тіл қаттым Дүние-Мұндарға:  
Тылсымды Түпсіз Тұңғиық –  
Тасырдың датын тыңдар ма?!*

*Қол-аяғымды балап қанатқа,  
Ене топырағымнан безініп,  
Енгенсіп мәңгі санатқа,  
Тәңір тұғырлы сезініп,*

*Қиял желігін басқансып,  
Шолғансып ойдың көзімен,  
Ай, Жұлдыздардан астамсып,  
Теңестім Күннің өзімен!*

*Тұлдандым Күдіреттектеніп,  
Берместей тыным Жер-Көкке –  
Түгесілместей шектеліп,  
Оранбастай Ақырет-Жөргекке...*

*...Кеш ұғып бәрін –  
Мұңайдым,  
Тағдырым,  
Сенен жерідім:  
Санасын беріп Құдайдың,  
Теліңсің Иттің Өлімін!..*

## БІРІНШІ КӨРІНІС

*...Қара Орманнан бөлініп шыққан – Маугли...*

Маугли

*(артына бұрылып, қимастықпен, қасқырша ұлып).*

У-у-у!

Дауыстар

*(Қара Орман жақтан, Мауглимен үндесе, қоштасып).*

У-у-у!

У-у-у!

У...

Маугли

У-у-у!

*(Тілге келін)*

Қош?!

Қош!

Қош болып тұр,

Қара Орман?!

Сұмдық болды –

Сені тастап кеткенім!

Шындық болды –

Жаралғаным Адамнан!

*(Адамдарға бет түзейді...)*

Ей, Адамдар!

Мен – келемін...

Мен!

МАУГЛИ!

## ЕКІНШІ КӨРІНІС

*...Ханның Алтын Ордасы...*

Ж о л б а р ы с

*(...Жеке Басына түгел табынтып болған соң,  
Алтын Тақта шіреніп).*

Хан сайландым да Халыққа,  
Айналдым ерен Алыпқа!  
*(Алтын Тәжге мастанып)*  
...Бағдарламамды зерлеп көрейін,  
Не істегеніме есеп берейін?!

Хош!

Қабыланның көзін ойдым —  
Қара қанына әбден тойдым!  
Аюбайдың тілін кестім —  
Тән жұмбағын оңай шештім!  
Арланды қайыршы еттім —  
Мұратыма тездеп жеттім...

...А-һ-о... 0-һ-о...

*(Ежіктен)*

Күн тәртібіндегі мәселе:

*(Саусақтарын бүгіп)*

Бірінші.

Тақта мәңгі қалу!

*(Масаттанып, қасындағы қатып-семген бәйбішесі — Тулақ ханшаны менсінбей)*

Екінші.

Жас иіс...

Яки,

Тоқал алу...

Ту л а қ *(жақтырмай)*.

Жетісіп қапсың...

*(Ерінін шығарып)*

Пф!

Ж о л б а р ы с *(әрі қарай, әндете).*

...Ғажапсын, Дүние, неткен—ай...

*(Есінен)*

...Ішім пысып кеткені—ай...

*(Керіліп)*

Зауқым әсте соқпайды,

Қамын ойлауға көптің...

Көңіл көтерер — ермек жоқ,

Енді... немене еттім?!

*(Артындағы егесіп тұрған Екеу — Шибұт пен Сасыққа)*

Ә!..

Ш и б ұ т

*(Ханның сол жағында тұрған Сасыққа, зеки, сыбырлап).*

Көп ит жеңеді деп тұрмын...

Саған!

С а с ы қ *(Ханның оң жағында тұрған Шибұтқа, екіленіп).*

Жоқ!

Көк ит жеңеді!

Ш и б ұ т

Көп ит жеңеді!

С а с ы қ

Көк ит жеңеді!

Ш и б ұ т

Көп ит жеңеді,

Нәкәс!

С а с ы қ

Көк ит жеңеді,

Мәртебелім!

Ш и б ұ т *(Хан сыртында төбелес бастан).*

Жок!  
Көк ит... жеңбейді!  
Көп ит...

Ж о л б а р ы с *(Екеуін тиып).*

Жә!  
Көк итің кім, ей, Шибұт?!

Ш и б ұ т *(сасып).*

Сіз...  
Жо-жок...  
Біз...  
Жо-жок...  
*(Сасықты меңзеп)*  
Мынау...

Ж о л б а р ы с

Кім?!

С а с ы қ *(Шибұттың шарасыздығын пайдаланып).*

Менің Көкжал Қасқырым...  
Бөлтірігінен асырап –  
Ит еткем...  
Соны айтады,  
Хан-Ием.

Ж о л б а р ы с

Көп итің кім, ей, Шибұт?!

Ш и б ұ т

Біз...  
Жо-жок...  
Сіз...

Жо-жок...  
Анау..

Ж о л б а р ы с

Кім?!

С а с ы қ

Байлаудағы бордақы –  
Құр арпылдап,  
Қи төккен –  
Үйіндегі  
Бес төбетін айтады,  
Хан-Ием!

Ж о л б а р ы с

Е, бәсе...  
Дұрыс!  
*(Ханшасына көзі түсіп кетіп, уәзірлеріне)*  
Ақмұнар Ару қайда?!  
Тоқалымды айтамын...  
Қашан қиям некесін?!

Т у л а қ

Тоқалшылын...  
Мекіренген кәрі азбан!  
Сені қайтсін ол шыбыш?!  
Тапқан шығар текесін!

Ж о л б а р ы с

Теке?!  
Ол – кім?!  
*(Ордадағыларға түгел)*  
Қайда деймін Сендерге,  
Ақмұнар Ару?!

Ту л а қ

Хан-Иеме жараспас естен тану...  
Сабыр!  
Сабыр!  
Ім...  
Қиялымен ылығып,  
Беті ауған жағына  
Қашып кеткен кешесін,  
Ақмұнар Ару, көкешім!  
Жар мойыны – қашықта!

Ж о л б а р ы с

Қайда деймін тоқалым?!  
*(Шибұтқа)*  
Неге айтпайсың?!  
Бас уәзір сен бе,  
Әлде,  
Сасық па?!

Ш и б ұ т

Мен, әрине...

Ж о л б а р ы с

Әрине болса,  
Дереу айт?!  
Қайда менің тоқалым?!

Ту л а қ

Қолың жетпес жайда...  
Тоқалыңды тапқанша,  
Жаның-тәнің қуарып,  
Астың-үстің ағарып,  
Сапсияды сақалың!



Ж о л б а р ы с

Не дейд...  
Шын айта ма сұмпайы?!

Ш и б ұ т

Ия!  
Ия!  
Шын...  
Сұмпайы... Жо-жоқ...  
Тулақ ханымды айтамын...  
Өтірік...

Ж о л б а р ы с

Жауапсызсың,  
Бас уәзір!  
Соның үшін –  
Жүрме кейін өкініп?!  
(Сасыққа)  
Ал, сен айтшы?!  
Қай сенге де лайық  
Көрінесің көзіме...  
Ақмұнар Ару... нетіпті?!

С а с ы қ (Шибұтқа қыр көрсете, насаттанып).

Ия!  
Ия!  
Хан-Ием!  
Илан Хақтық сөзіме:  
Кеше қашып кетіпті...

Ж о л б а р ы с

Не дейд...  
Неткен құсаулық?!

Ш и б ұ т *(жазығын мойындап).*

Ғафу..  
Хан-Ием?!

Ж о л б а р ы с *(Шибұтқа).*

Тфу!  
*(Сасыққа)*  
Кім ашыпты қақпаны?!

С а с ы қ *(Тулаққа қулана қарап қойып).*

Тергеу салып жатырмыз,  
Кінәліні тапқалы..  
...Сосын... сосын..  
Хан-Ием,  
Қыздың Әке-Шешесі –  
Байбөрі мен Қамқаны  
Тұтқында ұстап отырмыз –  
Қашкындыққа тұсау ғып!

Ж о л б а р ы с *(жайланып).*

Е, бәсе..  
Бек жарадың, Сасығым..  
Онда, дұрыс!

Ш и б ұ т *(тұтығып).*

Жедел қуғын жіберттім..  
Қашкын ару тоқалдың  
Құтылмасына – кепілмін,  
Хан-Ием?!  
Басыммен жауап беремін..  
Кейгі ісіме өкіндім!

Ж о л б а р ы с

Басымменен деймісің?..  
...Өй, басыңды... Шибұтым!  
*(Жұмсарып)*

...Жә, жарар...  
Дұрыс болды бұл іс!  
(Аз-кем ойланып)  
Шибұт!

Ш и б ұ т

Ләппай, тақсыр!

Ж о л б а р ы с

Дереу  
Алтын Ордаға  
Бес төбетің –  
Көп итінді әкел!

Ш и б ұ т

Құп болады, Хан-Ием!

Ж о л б а р ы с

Сасық!

С а с ы қ

Ләппай, тақсыр!

Ж о л б а р ы с

Көкжал қасқыр –  
Көк итінді жеткіз!

С а с ы қ

Құп болады, Хан-ием!

Ж о л б а р ы с

Сақшы!

С а қ ш ы

Ләппай, тақсыр!

Ж о л б а р ы с

Кашқын Ару Ақмұнардың  
Келтір Әке-Шешесін!

С а қ ш ы

Құп болады, Хан-Ием!

Ж о л б а р ы с (*Ордадағыларға*).

Д-ұ-р-ы-с!

Ендігі қызық –

АҢЖҰЛЫС!

Халыққа хабар салыңдар!

Д а у ы с т а р

- Аңжұлыс!
- Алтын Ордада – Аңжұлыс!
- Жастарың бар, кәрің бар –  
Бәрің сонда барыңдар!
- Аңжұлыс!
- Алтын Ордада – Аңжұлыс!
- Аң-жұ-лыс!

## ҮШІНШІ КӨРІНІС

*...Тіршілік алаңқайындағы ығы-жығы халықтың сырт көзге тосын таңғажайып түйінді тылсымына таңырқай қарап келе жатқан Маугли көрінеді...*

Қ а б ы л а н

*(қасындағы Аюбай, Арлан сынды пұшаймандардың алма-ғайып заманы мен алақұйын қоғамына деген кейіс күйін қобызына қосып, аңырата).*

...Хан тағына қондым деп,  
Бақталасым болдың деп –  
Қудалап зар қақтырды,  
Асып-тасып-толдым деп...  
*(Әуенін күрт өзгертіп)*  
Екі көзімді ойды,  
Теспей, іреп сойды.  
«Қарашы – Адам емес!» деп,  
Санасуды қойды.  
Күпір еткен Қоғам –  
Не күтерсің Одан:  
Мәңгіөлместің кебінде –  
Жалған Құдай – Надан!  
Тілімді шорт кесіп –  
Қормын үнім өшіп:  
Атқан оғы қаңғыды –  
Қос өкпемд! тесіп...  
...Тіс – жоқ,  
Қызыл иек –  
Шықпас жанға тиек...  
Ит басқарса –  
Елді  
Қаптамай ма сүйек?!  
*(Одан әрі, аруақтанып, бөгде мақаммен).*  
Ей...  
Аю, Арлан, Кабылан –  
Хас санатын сағынам:

Тайдырар күн туар ма,  
Жолбарысты тағынан?!..  
(...Аюбай оқыс қимылдай бастайды...)

А ю б а й (*Мауглиді байқап, Қабыланға*).

І-м!  
І-м!  
М...

Қ а б ы л а н (*қобызын доғарып*).

Кім келіп тұр дейсің?!  
(*Қарманып*)  
Кім...

А р л а н (*алақанын жайып, Мауглиге*).

Алысым – Арман,  
Жақыным – Алыс болды.  
Кем Сүйем – Кере Қарыс болды.  
Хан-Ием – Жолбарыс болды – Қанаушы!  
Хан Нөкерлері – Қорқаулар – Тонаушы...  
Арыдық – аштық,  
Қорынып – каштық...  
...Қайыр-садақаң болса –  
Беріп кет,  
Қара Орманнан шыққан Жолаушы?!

М а у г л и (*ұқпай*).

Не бер дейсіз,  
Ақсақал?!  
Түсінбедім түгіңе...

А р л а н

Е...  
Түсінбеу жетті –  
Түбіме!

...Қуарған түрімізді көрдің —  
Түп-тамырымызға жан бер:  
Не,  
Бір жұтым Су,  
Не,  
Бір үзім Нан бер?!

М а у г л и

Нан?!  
Нан!  
Нан деген — Ол — Не?!  
Айтуға әсте жеңіл...  
Н-а-н...

Қ а б ы л а н

Нан деген — Ол — Өмір!  
Өмір бер Бізге?!  
*(Жан-жағын тырмалап)*  
Жер Бетінде — Өмір жоқ...  
*(Биік Дарақтар басындағы алуан түрлі жемістерді көрсетіп)*  
Өмір біткен — Аспанда...  
*(Дәрменсіз күйде...)*  
Қарасам — сұғым өтпейді!  
Созсам — қолым жетпейді!

М а у г л и *(не керегін ұғып).*

Қазір...  
Қазір...  
Жүйріктен Жоқ қашқан ба?!  
Бұйырғаны — кетпейді...  
*(Алып Ағаштар басына маймылша өрмелен)*  
Қазір...  
Қазір...  
Қазір...  
«Өмір» болады әзір!  
*(Үш пақырдың алдына Жемістің алуан түрін үйін тастап)*

Міне, Сізге – «Өмір»...  
Міне, Сізге – «Өмір»...  
Міне, Сізге...  
(...Алыстан қашқын ару – Ақмұнар көрінеді...)

А қ м ұ н а р (жанұшырып).

Құтқарыңыздар!  
Құтқара көріңіздер...  
(Мауглиге жетіп жығылып)  
Құтқара көр...

М а у г л и  
(жығылған Аруды тұрғызып, сұлулығына таң қалып).

Сен... кімсің... жұмбақ құсым?..  
Сен де – Адамбысың... Әлде,  
Періште...

А қ м ұ н а р (ентігін баса алмай).

Адам қалпымнан айнытты –  
Табиғатынан безген Арсыздар,  
Оңымды бұрып Теріске!

М а у г л и (От Аруының кіріптарлығына кіріге).

Сен – кімсің...

А қ м ұ н а р (мұңын шағып).

...Мен – Періште емеспін...  
Бейшарамын – Мен!  
Кашқынмын – Мен...  
Ақмұнармын...

М а у г л и (Ақмұнарға сұқтанып, өзіне-өзі).

Япыр-ау... неткен ғажайып?!  
Тұрғам жоқ па алданып...  
Өнім бе, бұл, түсім бе?!



А қ м ұ н а р *(Мауглиге сұқтанып, өзіне-өзі).*

Япыр-ау... неткен ғаламат?!  
Ғұмыр ұзағына жалданып,  
Өмір бойғы күткен кісім бе...

М а у г л и

Ақмұнар... Қашқын...

А қ м ұ н а р *(басынан өткенін айтып).*

...Тәж бен Тағына малданып,  
Айналдырды мені мазаққа:  
Тоқалдыққа алам деп,  
Тынышымды ұрлады...  
Жан-Тәнімді салып азапқа!  
*(Жылап)*  
Бейбақпын мен – Жолбарыс хан құрбаны!

М а у г л и *(түкке түсінбей).*

Бейбақпын деймісің... қымбаттым?!  
*(...Атой сала қамалап – Хан Әскері – Қуғын қаптайды...)*

Д а у ы с т а р

- Ұстандар қашқынды!
  - Ұстандар!
  - Ұста!
- (Мауглиге)*
- Мына біреу кім тағы?!
  - Аң ба, әлде, құс па...
  - Ойбай, мынау...
  - Албасты!
  - Жердің үстін қан қапты!
  - Аспан астын шаң басты!
  - Ойбай, мынау...
  - Қасқыр-Адам!

- Екпінінен Тау ығып,  
Тас құлаған!
- Ойбай, мынау...
- МАУГЛИ...

*(...Маугли, Қара Ормандағы Қасқыр-Адам табиғатымен, қарсыластарына «қиямет-қайым» орнатып – Хан Әскерімен ұзақ айқасып-арпалысады... Адамдардан айла артылған ба... Ақыры, Оны – торға түседі...)*

- Мауглиге мойынтұрық салыңдар!
- Хан тоқалын атқа өңгеріп алыңдар!
- Мылқау менен Соқырға,  
Қайыршыға және де –  
Қару-жарак артыңдар!
- Дегенімізге жеттік!
- Кеттік!
- Алтын Ордаға тартыңдар!

**Б і р і н ш і Б ө л і м н і ң с о ң ы .**

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

*...Ханның Алтын Ордасы... Нақ төрде – Алтын Тақта – Жолбарыс... Халық – екі жікке бөлінген... Алтын қанат Оң жақта – Бес төбет – көп итті Шибұтты жақтаушылар... Алтын қанат Сол жақта – Көкжал Қасқыр – көк итті Сасықты жақтаушылар... Алтын көмбе Ортада – Тұтқындар – Байбөрі мен Қамқа...*

#### Ж о л б а р ы с

Халайық!  
Кәні,  
Бермен қарайық?!  
*(Байбөрі мен Қамқаны көрсетіп)*  
Алла жазса –  
Жоғымның  
Бардан қайтар есесі!  
Мына тұрған міскіндер –  
Қашқын Ару Ақмұнар  
Тоқалымның  
Әкесі мен Шешесі!  
Яки,  
Менің Атам менен Енем... –  
Алтын Орда Қонағы!  
*(Тағынан түсіп, Байбөрі мен Қамқаға)*  
Мен Бүгіннің  
Талқысына – сенем,  
Тәлкегіне – көнем:  
Көп ит жеңбей,  
Көк ит жеңсе –

Бастарыңның сүйегі –  
Итаяғым болады!  
...Ал, Ертеңім –  
Күл болмаса,  
Бұл болсын!  
(*Ордадағыларға*)  
Тыңда мені, Алашым!  
Бастандар – Аңжұлысты! –  
Қасқыр мен Ит таласын! –  
Қай жеңгені – менікі!  
(*Тағына бетпен*).  
Аңжұлыс!  
Аңжұлыс!  
Аңжұлыс!

*(...Бес төбет – көп ит пен Көкжал Қасқыр – көк ит жекпе-жегі басталады...)*

#### Д а у ы с т а р

- Бас, Бөрібасар, бас!
- Тамақтан ал, Шойтабан!
- Шабынан тарт, Марғау!
- Алыпсоқ!
- Таңын айыр, Ақжалын!
- Өй, жарайсың, Көкжалым!
- Айтақ!
- Айтақ!
- Айтақ!

#### М а у г л и - Д а у ы с (*сырттан, талып естіліп*).

У-у-у!

У ...

*(...Көрер-көзге, Маугли-Дауыстан құдіреттеніп, жалы күдірейіп шыға келген Көкжал Қасқыр – көк иттен ыққан: Бес төбет – көп ит, Иелерінің бұттарына кіріп – жым-жылас болады...)*

К ө к ж а л – Қ а с қ ы р (ұлын).

У-у-у!

У...

С а қ ш ы

*(құлаққа ұрған танадай аң-таң Халықты  
қоғадай жапырып келіп).*

Хан-Ием!

Хан Әскері

Бұйрық күтіп тыста тұр!

Қолға түсті –

Қашқын Ару Ақмұнар

Және

Тосын төрт Тұтқын!

Ж о л б а р ы с *(алақанын үйкелеп, құшырлана).*

Кіргіз ішке!

С а қ ш ы

Құп болады, Хан-Ием!

*(Шығып кетеді).*

Ж о л б а р ы с

Кел, кел, Тоқал!

Кергүінді – кек тұттым!

*(Сақшы Қашқын Ару – Ақмұнарды, Қасқыр-Адам – Мауглиді,  
Соқыр – Қабыланды, Мылқау – Аюбайды және Қайыршы –  
Арланды ішке алып кіреді).*

Ж о л б а р ы с

*(Ақмұнардың ажар-көркіне көңілі әбден тойып, масайып).*

Паһ-паһ, шіркін!

Ай мен Күнге бергісіз!

Адам айтса – сенгісіз!

Неткен рең?!

Неткен өң?!  
...Күң болғаны – айыбы...  
Сақшы!

С а қ ш ы

Ләппай, таксыр!

Ж о л б а р ы с

Қолын шеш!

Т у л а қ *(жарылып кете жаздап).*

Тұтқынға рахым еткенді –  
Ит етінен жек көрем!  
*(Хан-күйеуін күстәналап)*  
Шұнақ Құдай!  
Қу Құдай!  
Неге бере-бересің,  
Кәрі Жынның сұрағанын дәйімі?!

Ж о л б а р ы с *(Тулаққа).*

Жә!  
Тиыл!

А қ м ұ н а р *(босана сала, Әке-Шешесіне көрісіп).*

Әке...

Б а й б ө р і

Қызым...

А қ м ұ н а р

Анашым...

Қ а м қ а

Құлыншағым...

Ж о л б а р ы с *(Байбөріге).*

Енді, қалай...  
Беремісің Тоқалдыққа —  
Қызыңды?!

Б а й б ө р і

Жоқ!  
Бере алман!  
Гүл жайнаған қызымның —  
Күл болғанын көре алман!

Ж о л б а р ы с

Онда, сенің  
Ғұмыр-жібің үзілді!  
Сақшы!

С а қ ш ы

Ләппай, тақсыр!

Ж о л б а р ы с

Дүре!  
Дүре соғындар —  
Аппақ басы  
Қара жерге жеткенше!

С а қ ш ы

Құп болады, Хан-Ием!  
*(...Байбөріге дүре соға бастайды...)*

Ж о л б а р ы с *(Қамқаға).*

Сен не дейсің, кейуана?!  
Нендей ашың-тоғың бар?!

Қ а м қ а

Сөзі —  
Сөз-ақ шалымның!  
Садағасы кетем  
Мен де Арымның!

Ж о л б а р ы с

Амал қайсы...  
Сен де онда  
Әріге бұр жүзінді!  
Сақшы!

С а қ ш ы

Ләппай, таксыр!

Ж о л б а р ы с

Бұған да  
Дүре соғындар —  
Кеудесінен  
Жаны шығып кеткенше!

С а қ ш ы

Құп болады!  
(...Қамқаға дүре соға бастайды...)

Қ а м қ а (жан дауысы шығып).

Құлыншағым,  
Сен үшін,  
Неге болсын — дайынмын!  
Қапаланба,  
Қайғырма,  
Қосын жекпе уайымның...



Ж о л б а р ы с

(*Қару-жарақ артылған Үшеуге*).

Мыналар кім?!

(*Танып*)

Е-е... бәсе...

Қабылан соқыр...

Мынау – мылқау Аюбай!

Ал, мынаусы –

Қайыршы Арлан –

Хан-Тұғырға таласқан!

Пәлі! Пәлі!

Өңкей ығай-сығайлар –

Қор тағдыры жарасқан!

(*Үшеу теріс қарайды...*)

Ха-ха-ха!

Сұрларыңа болайын,

Азып-тозған ағайын!

(*...Мойынтұрық салынған Мауглиге*)

Мынау – қайсы бағылан?!

Қай құлан бұл –

Жеріп қашқан қағынан?!

С а қ ш ы

Бұл... бұл.. Хан-Ием!

Қасқыр-Адам...

Маугли...

Д а у ы с т а р (*үрейленіп*).

– Қасқыр-Адам?!

– Маугли!

– Ой, сұмдық-ай...

Ж о л б а р ы с

Маугли?!

Жә!

(*Мауглиді айналдырып көріп*)

Естігенмін...  
Құлағымның шалғаны бар –  
Сен жайлы!  
...Шынымен-ақ,  
Қасқыр-Адамбысың сен?!  
Мауглимісің!

М а у г л и

У-у-у!  
Ия...  
Қасқыр-Адаммын!  
Мауглимін!

Ж о л б а р ы с

Маугли...  
Мақұл делік,  
Адам – Қасқыр болар-ақ!  
Бірақ! Бірақ! Керісінше –  
Қасқыр – Адам болмайды!  
Бола алмайды!  
Болған күнде –  
Өмір бойы оңалмайды,  
Маугли!  
Соның үшін...  
Ақылыма иланып,  
Айтқаныма түсінсең:  
Ер жігіттің сөзін бер?!  
Қара Орманға қайтып орал –  
Азап шекпей қиналып!  
Өз күніңді – өзің көр!  
Мойынтұрық –  
Кеткен ырық еркіннен!

М а у г л и

У-у-у!  
...Ерен туған ез ғұмырлы,  
Қайымыңа қарсы Елің:

Өзім көрсем – өз күнімді,  
Не керегің бар сенің?!

Ж о л б а р ы с

Ә... солай ма?!

М а у г л и

Солай!

Ж о л б а р ы с

Е-е...  
Оқытып қойған болды ғой,  
Соқыр, мылқау, қайыршы –  
Ұшынып туған Үш Ұлық...  
...Олай болса,  
Өз обалың – өзіңе!  
Сақшы!

С а қ ш ы

Ләппай, таксыр!

Ж о л б а р ы с

Көк шыбынын үймелеткіз көзіне!  
(...Хан жендеттері Мауглиді азаптай бастайды...)

М а у г л и

У-у-у...

К ө к ж а л Қ а с қ ы р (азу тісін ақситып).

У-у-у...

Ж о л б а р ы с (шарасыз қалған Ақмұнарға).

Бұдан былай тағы да  
Қашар болсаң Ордадан,  
Сияпатың кем болады,  
Сыйың – арық...

*(Жендеттеріне)*

Отауға алып жүріңдер –

Некемізді қиялық!

*(Жендеттер – Ақмұнарды ала жөнеледі...)*

М а у г л и *(Ақмұнардың соңынан).*

У-у-у!

К ө к ж а л Қ а с қ ы р  
*(Мауглимен табиғи үндесін).*

У-у-у!

*(...Көз ілеспейтін жылдам ептілікпен Құлдық Қамыты –  
Мойынтұрықтан тылсым босанып шыққан Қасқыр-Адам –  
Маугли мен Үстемдік бұғауы-темір шынжырын быт-шыт ғып  
үзген Көкжал Қасқыр бірігіп – Дүниеауи өз жарасымын тауып –  
Ұлы Қүдірет – Алып Күшке айналып, қарсыластарына – Ғарасат  
Майданын ашады... Ханның Алтын Ордасы – үрен-сүрен... Үрейі  
ұшқан Жолбарыс – Алтын Тақтың астын паналайды...)*

Д а у ы с т а р

- Халық көтерілді...
- Хан Әскері келеді!
- Қынадай қыратын болды-ау...

Қ а б ы л а н *(жүгінен босанып, Мауглиге).*

Маугли, ұлым...

Құтыл?!

Қаш!

Хан Әскері қатерлі –

Жолын бөгей тұралық...

*(Қарманып, қолына қару-жарақ алады...)*

М а у г л и

Сіз ше?

Сіздер...

А ю б а й

Біздерді қой, шырағым...  
Тірі өлікпіз онсыз да!  
Ии боп біткен көнтерміз —  
Қорлық пенен Зорлыққа!

А р л а н

Жөнел, Маугли, жөнел!  
Ақмұнарды қасыңа ал?!  
Бұл Ордада —  
Нахақ көздің жасы бар!

Қ а б ы л а н (*Көпті — Күреске шақырып*).

Жас тілегі — қабыл-ды,  
Бір амалын қылалық?!  
Аюбай!  
Арлан!  
Бөрібай!  
Ұрысқа шық сұранып —  
Тәңірсінген торыстың  
Таныталық көкесін!

(*...Маугли, Көкжал Қасқыр, Ақмұнар — бүлікті Ордадан бөлініп шығады...*)

А қ м ұ н а р

Қош, Анашым...  
Ақ сүгінді кеше гөр?!  
Қош бол,  
Қайран Әкешім...

М а у г л и (*артына бұрылып*).

Айтпай қалай кетейін,  
Көңлімде алаң бар:  
Хайуаннан бетер қырқысып —  
Күл болғандай Бүгінін!

Бүйте берсең –  
Ертеңің –  
Бұл болмай ма, Адамдар?!

### Д а у ы с т а р

– Хан Әскері!  
– Қырып жатыр қынадай!  
– Ойбай, өлдік!  
– Қияметті кім көріпті мынадай?!  
– Бұрын–соңды  
Мұндай қырғын болмаған!  
– Әй, оңбаған!  
Оңбаған!  
– Ана... қара?!  
Құтқаруға Мауглиді тұтқыннан –  
Қара Орманның Аңы қаптап келеді!  
– Енді қайттік?!  
– Ой, масқара-ай...  
– Ауызынан от шашқан Аңдар!  
– Қылышынан қан тамған Адамдар!  
– Аң мен Адам жекпе-жегі – ҚАНЖҰЛЫС!  
– Қанжұлыс!  
– Нағыз Қанжұлыс!  
– Жок!  
Бұл – АҚЫРЗАМАН!

## **БЕСІНШІ КӨРІНІС**

*Адамдардан бөлініп шыққан – Маугли...*

М а у г л и (*тарығын*).

Тайдым – Таһыт-Бағынан...  
...Қара Орманымды – сағынам!  
(*Таусылып*)  
...Дүниедегі ең Жыртқыш –

Адам екен – Хайуан!  
(*Түңіліп*)  
...Жан мен Тәннің  
Болмаған соң тынымы,  
Кімге керек –  
Көк пен Жердің кеңдігі?!  
Мағына-Мәннің –  
Үзілгендей жұлыны...  
Әз Қалауым–  
Не болмақшы ендігі?!  
(*Екі ұдай сезімде*)  
Аң ба?!  
Адам ба?!  
(*Тосын үмітпен*)  
Жок, әлде...  
Мен білмейтін басқалай –  
Сикыр бар ма Әлемде?!  
(*Жар салып*)  
У!  
У-у-у!  
...Мен – келемін!  
Мен!  
МАУГЛИ!

### СОҒҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

*Мәңгілікке майдан ашқан бекініп,  
Бітіспес Жау – Шындық пенен Өтірік –  
Табиғатын бұзып тылсым Ғаламның,  
Тындырардай Дүние сынын кетіріп!*

*Ой-Санадан туып, көзін ашқалы,  
Түн-Өтірік Күн-Шындықтың қастаны.  
Аспан-Қазан қаншама алып болғанмен,  
Екеуінің сыймас бақас бастары...*

*Ақтық шайқас,  
Соңғы сойқан,  
Ұлы шу –  
Екі Дүлей:  
Бірі – От та,  
Бірі – Су.  
Жарасу жоқ,  
Жағаласу,  
Жұлысу,  
Қырық пышақ боп қырқысу тек,  
Қырылысу!*

*Жан алысу,  
Жан берісу – керегі,  
Шындық – Өтірік  
Шайнасумен келеді –  
Жүндей түтіп,  
Жегідей жеп бір-бірін,  
Түптің түбі: өлтіреді, өледі!*

*Өлтіреді!..  
Ақыры өліп тынады,  
Тіршіліктің тарс бітеді құлағы –  
Ақ басты әзиз Кейуана – Жер-Ана –  
Бетін тырнап, төбе шашын жұлады...*

**Екінші Бөлімнің соңы.**



Жа,  
Дүние...

Кудайды,  
Қазан -  
Құбылыс:  
Өмір  
Адам  
Тірілік:  
Шыбыс - Қаныс -  
Шырығал,  
Тәлім -  
Тәлім тәлім...

**МАЗМҰНЫ**

«Ал, Дүние...».....	3
Құлпы-Тастағы жазу .....	5
МЕН – СЕН ЕМЕСПІН... ( <i>Қайғы-Гөй</i> ) .....	7
«Зауал-Індетінді молайттын...» .....	7
«Табиғатымның киесі...» .....	8
«Атын жаттап туғалы...» .....	9
«Мүз құрсанды сезімім...» .....	10
«Жер менен көк астасып...» .....	11
«Бәрі-бәрі де ...» .....	12
«Қуанышынды қалап ем...» .....	14
«Жалғызым...» .....	16
«Құр жанымды кинадың...» .....	18
«Қыларға іс қалмады...» .....	19
«Фәни калыптан ...» .....	20
«Сипап туғыздым...» .....	21
«Мені құрбан қылмас па еді...» .....	22
«Құс ілмеген сұңқарым...» .....	24
«Күдіретсіме...» .....	25
«Атаңды қайтем көп мінеп...» .....	26
«Заманнан ба...».....	27
«Жұбанбасыма шарам жоқ...» .....	28
«Наһак құрбаны...» .....	30
«Үлкенге ғайыр кішік ең...» .....	31
«Бересінді – бердін...» .....	32
«Фәни жалған сорлысы...» .....	33
«Жарық күнін Сананың...».....	34
««Алып-ұшқан жүрегі ...» .....	36
«Аруактай арыдым...» .....	37
«Қанжылап...».....	38
«Ойлап...».....	39
«Адам түрімді жоғалттым...» .....	40
««Атаның көңілі балада-ай...» .....	41
«Қажалып зілден тақымы ...» .....	42
«Шырылдаған шындықтың...» .....	43
«Теспей терімді іреді...» .....	44
«Жан-шырағым...».....	45
«Жер басқанға қызынып...» .....	46
«Сыймайды еш өлшемге ...» .....	47
«Қауырсыннан жеңілмін...» .....	48
«Жүдеп жүрек-байғұсым...» .....	49
«Тигендей қуат-күшіме ...» .....	50
«Онсыз да екі етілмейтін әмірің...» .....	51
«Бір Алланың бұйрығы...» .....	52

«Түп-төркінінді ойладым...» .....	53
«Киелі атамекенім...» .....	54
«Кешемін бе...» .....	55
«Құр қайғыра беруде...» .....	56
«Айы...» .....	58
«Бәрі...» .....	60
«Құранның аят-сөзіндей ...» .....	61
«Мұнар...» .....	62
«Салды тағдыр саралап...» .....	64
«Жерініп естен танасың...» .....	66
«Мен қараймын анана...» .....	67
«Пенденнің кем-тар шағы бар...» .....	68
««Ағуз Білаһи мінашайтанірәжім ...» .....	69
АСПАН ЖЕРГЕ АЙНАЛЫП... ( <i>Мұң-Нала</i> ) .....	70
«Қызымның рахатын...» .....	70
«Тарылуда заманым...» .....	71
«Ажал – мешкей-тосынның ...» .....	72
«Құдайдың жазған құлымын...» .....	73
«Тосынға танылдым...» .....	74
«Тар кетекке тығылды ...» .....	75
«Күннің көзін қайғы алып...» .....	76
«Құлақ түр де зарпыма...» .....	78
«Өзегіме түсіп от...» .....	79
«Барар жерің сенің де...» .....	80
«Айкасты ата дұшпандай...» .....	81
«Ұшты қимас бақыты ...» .....	82
«Даритын-ақ уытпын...» .....	83
ҚИЯНАТ ЖҮГІН АУЫРЛАП... ( <i>Шер-Шемен</i> ) .....	84
«Сұратып бердін...» .....	84
«Құрақтай еді көлдегі...» .....	85
«Жазымнан жалғыз ұл – ғайып...» .....	86
«Халықтың қамы үшін...» .....	87
«Қор зор болды...» .....	88
««Ерте туып...» .....	89
«Заман қысымы зорайды...» .....	90
«Уайымын жегенім...» .....	92
«Таппай тағдыр жөндемін...» .....	93
«Тағдыр-ит талады...» .....	94
«Тәніңді білмедім...» .....	95
«Сен – Мұнарбек емессің...» .....	96
«Ұлым...» .....	98
ӨМІР БАРДА – ӨЛІМ БАР... ( <i>Ой-Зарық</i> ) .....	99
«Қырықтан үздім күдер...» .....	99
«Өмірдің сырын ұқпастан...» .....	100
«Кез боп тірлік сойына...» .....	103
«Ажалға, ұлым, не айта алам...» .....	104
«Опасыз екен...» .....	105
«Балпанактай қылып бердің де...» .....	106
«Ұлым, орның толар ма...» .....	107
«Мұнарым-ай...» .....	108
«Орның бастың аға-іні...» .....	109
«Аспан – ала...» .....	110

«Өмірімнің алды – қыс...» .....	111
«Құдай маған береді ...» .....	112
«Орал жарқын күйіне...» .....	114
«Тағдырым талай қырсығып...» .....	115
«Көкжиекке топтанды ...» .....	116
<b>ҚОҒАМ ШАЛА БОЛҒАСЫН... (Сана-Зи)</b> .....	117
«...Аяғым жоқ...» .....	117
«Бұл қай заман дегенде...» .....	118
«Жан жарасы асқынды ...» .....	125
«Заман сол бұрынғы ...» .....	129
«Онсыз да ақ тер, көк термін...» .....	133
<b>КӨРДІМ ДҮНИЕ ЖАРЫҒЫН... (Жад-Запы)</b> .....	139
«Бұдан зор ...» .....	139
«Тозып тірлік тертесі...» .....	140
«Тепсе үзетін темір ...» .....	141
«Сенсіз өмір сүргенім...» .....	142
«Жалғызым...» .....	143
«Шамам бітіп, шалдығып...» .....	144
«Шажырқайыңды жөргемдеп...» .....	145
«Көрдім дүние жарығын...» .....	146
«Бір Күндік Жарық...» .....	150
<b>ЖАЗЫМЫШ ЖАЗУЛАРЫ (Бәйім-Дауа)</b> .....	154
«Қастер тұтып ақ басын...» .....	154
«Отаны үшін от кешіп...» .....	155
«Құдаймын деп ойлама...» .....	156
«Пенделікпен күй кештім...» .....	157
«Бар-жоғымды ескермей...» .....	159
««Көрсін!» – дедін...» .....	161
«Неге бұлай...» .....	164
«Мен ағаш ектім ...» .....	165
«Таппай іздеп жоғымды...» .....	166
«Таң калумен келемін ...» .....	167
«Бір өлім бар түбінде...» .....	168
«Өмір!...» .....	169
«Он-солына есінен танып карап...» .....	170
«Ғашық оған өлердей...» .....	171
«Тәнге тыным бермедім...» .....	172
«Тән ғажабын көретін...» .....	173
«Неңе көнбедім?! » .....	174
«Көрдей қапас ғаламның ...» .....	176
«Қанша ғұмыр бірге өткенін ...» .....	177
«Тергеп, естен тандырасың...» .....	178
«Тауқыметті тардың кенісің...» .....	179
«Жылама сен, жылама...» .....	180
«Өкінбе...» .....	181
«Шер-шеменім зорайып...» .....	182
«Тәкәппарсып, асқақтап...» .....	184
«Тап қылған тағдырға кінә артпан...» .....	185
«Тағдыр-мерген әмірлі...» .....	186
«Ұқсап бакты демендер...» .....	187
«Ия...» .....	188
«Сыр-Ана...» .....	189

«Таусылуға таяндым...» .....	190
«Отызда орда бұзбадым...», .....	191
«Қысыр-қиял уызына қашпаған...» .....	192
«Иірілген ұршықтай...» .....	195
«Жел өгінде...» .....	196
«Өксіп...» .....	197
«Жаным жалған жақсымен...» .....	198
«Оза шапқан қатардан...» .....	199
«Бұзықтық жоқ пейілімде...» .....	200
«Қан бұзылып...» .....	202
«Хан-тірлік зар еңіретті...» .....	204
«Көрсетпегің көп білем...» .....	205
«Күйін кешпе азғынның...» .....	206
«Адам туып, өледі...» .....	207
«Жазымыштын Жазуы...» .....	208
«Тосқау таппай...» .....	209
«Демін ішке тартып алған...» .....	210
«Түйе – бойына сенеді...» .....	211
«Туа салдым да... шыңғырып...» .....	212
«Бас көтерді кәрілік...» .....	213
«Мәңгі мазмұн-мәнімен...» .....	214
«Тәңір-тағдыр...» .....	216
КӨҢІЛДІҢ БИБИ ИЕСІ ( <i>Дариға-Жырлар</i> ) .....	217
«Сенсіз өткен уақытым – құр сергелден...» .....	217
«Өліп-өшіп сүйгенім...» .....	218
«Көңілдің Биби Иесі...» .....	219
«Тауға да ұрам...» .....	220
«Сүйем сені...» .....	221
«Өзің сынды жан иесі...» .....	222
«Мұның тыңдап жүрегімнің...» .....	223
«Күпия кеуде – сейфтегі ...» .....	224
«Отырмысың, жатырмысың...» .....	226
«Жабығып көптен жүр едім...» .....	227
«Сырты – құзар қия-шындай...» .....	228
«Байылым батар күндейін...» .....	229
«Тегінде, сен де жартысың...» .....	230
«Тіс жарып, тіл қатпаушы едім ешкімге...» .....	231
«Өзінсің!..» .....	232
«Сен менен кеткенменен...» .....	233
«Қайғыма қайғы қосылса...» .....	234
«...Таңым да атты бозарып...» .....	235
«Ерте кел, жаным, ерте кел...» .....	236
«Көріксіз ой – көкірегін көмген сыз...» .....	237
ГҮЛДЕЙ НӘЗІК ДЕНЕҢ ТАСҚА АЙНАЛЫП ( <i>Файып-Нама</i> ) .....	238
Өмір – Шындық .....	238
«Өзімді-өзім түнде өлі сезіндім...» .....	240
«Демнің екі түрі бар мен білетін...» .....	241
«Ұлағатың – ұлын бар деп жылайсың...» .....	242
«Көңілім – түпсіз көзқалта...» .....	244
«Хас шындықты жыр еттім...» .....	245
«Досым – күлкі...» .....	246
«Бәрі – өлшеулі...» .....	247

«Бүгiнiммен егеспей...» .....	248
«Бiлем...» .....	249
«Тынады немен аяғы...» .....	250
«Не зұлматка да – мақұлмын...» .....	251
«Дүниежарық – тамұққа...» .....	252
«Құбыл күйге кеткенi ме етi өлiп...» .....	254
«Қош, қош, Өлең...» .....	255
«Талыс ем – қара күш...» .....	256
«Жан шұрайымды шiрiткен...» .....	257
«Сабырын алған сананың...» .....	258
«Абай-Дана...» .....	260
«Менен де өткен өлiксiн – Сен...» .....	265
«Күн кешемiз жарғысыз...» .....	268
«Құдай берген қүйтақандай талантпен...» .....	270
«Тегiм – асыл, темiр емен...» .....	271
«Өмiр өрнегiн зерледiм...» .....	272
«Тумысынан егiз бе...» .....	273
«Қайғы – сергек...» .....	274
«Жем аңдып...» .....	275
«Ей, Алматы-шаһарым...» .....	276
«Сәни қашқан...» .....	278
«Басқаныңмен тамырын...» .....	279
«Кiм боламыз...» .....	280
«Ұйқы мендеп есiнейдi ескi алаң...» .....	281
«Мойымадым ауырға...» .....	282
«Бастың iсiн доғарып...» .....	283
«Ауып, .....	284
«Желтоқсанда – күн суық...» .....	285
«Жауаптан қашамын...» .....	286
«Жасық пенен пасықтан...» .....	287
«Кiре тартқан кiрмелер...» .....	288
«Қала шетi...» .....	290
«Қыр-сырынды ұғынбай...» .....	291
«Жарық күндi жалғанда...» .....	292
«Келекесi етпес пе...» .....	293
«Түптiң-түбi...» .....	294
«Көнiл қарын күреп...» .....	295
«Шындықты жырлап жалаңаш...» .....	296
«Қоғам дерттен оңалмай...» .....	297
«Бүйте берсе...» .....	298
«Мен Қоғамға қапамын...» .....	299
«Тас-төбемдi ойды...» .....	300
«Қорқаулана жесiп...» .....	301
«Жаратқан ба Қазақты...» .....	302
«Жер Ортасы...» .....	303
«Мұнар...» .....	304
«Көрдей суық...» .....	305
«Сен айтсаң да...» .....	306
«Уа, Алла!...» .....	307
«Жанды салып азапқа...» .....	308
«Ес көрдiк...» .....	310
«Не болады Ертенiм...» .....	312

«... Бұ Дүниемді ойлаймын...»	313
«Анда барсан...»	314
«Тауқыметің зор болды...»	315
«Басым...»	316
«Егеменді ел болдық...»	317
«Заман ыркы...»	318
«Лез суынба...»	320
«Жандайшабын...»	321
«Қоғам қамшы үйіріп...»	322
«Шаңқай түстен ауды күн...»	324
«Тұрсам...»	325
«Жай таптырмай...»	326
«Таппай тылсым амалын...»	327
«Тандыратын есімнен...»	328
«Желқайыққа отырып...»	329
«Басқа қонған бағыңды...»	330
«Жокпын...»	331
«Мейлі...»	332
«Түгесілмес өмірдің...»	333
«Ой-түрмемнен шықпайсың...»	334
«... Түсінбедім түгіне...»	335
«Көктем – үрен...»	336
«Тұрпатына сай келіп...»	337
«Арыстан-Бапқа түнедім...»	347
«Ашып басыр...»	351
«Толтырам деп...»	352
«2030» (Поэма-Диалог)	358
ЖЕРДІҢ ҮСТІН АЛАСТАП... (Өлең-Бостан)	373
«Хакқа...»	373
«Сырқыратып сай-сүйек...»	374
«... Көленкесі – Қара Түн...»	376
«Мазмұнымды-Мөнімді...»	381
«Асты-Үстімді қайғы алып...»	382
«Жыр қылмасты...»	384
«О, Адамдар?!»	386
«Табиғатқа...»	388
«Жан-Тәнімді қашатып...»	389
«Шексіз-шетсіз Дүние...»	390
«Шама-Шарқым белгілі...»	391
«Түпкі-Иеге қайранмын...»	392
«Тәңірім...»	393
«Шөк келтіріп көрмедім...»	394
«Мазактайды...»	396
«Қарт-Бұрадай бұйдалы...»	397
«Бекер босқа езбеймін...»	398
«Құдай деген...»	401
«Ұлы Ұстазды...»	402
<b>ХАЙУАНДЫҚ КОМЕДИЯ (Трагедия)</b>	404
<b>КҮШІГІНЕН ТАЛАНҒАН (Трагедия)</b>	514
<b>МЕН ІШПЕГЕН У БАР МА?.. (Реквием)</b>	592
<b>МАУГЛИДІҢ ОРАЛУЫ (Шер-Нама)</b>	680

ИРАН-ҒАЙЫП  
(Иранбек Әбітайұлы Оразбаев)

# ХАЙУАНДЫҚ КОМЕДИЯ



Баспаға әзірлеген –  
Дариға ҚАДЫРҚОЖАҚЫЗЫ

ISBN 978-601-7337-72-8



Бас редакторы *Кәдірбек Құныпияұлы*  
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*  
Суретші *Нұрмұхамбет Наурызбаев*  
Корректоры *Қызжібек Әбдіғаниқызы*

Басуға 19.08.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «DS Baltica».  
Шартты баспа табағы – 37,8. Таралымы 2000+220 дана.  
Тапсырыс №

«Ан Арыс» ЖШС, 050000, Алматы қаласы,  
Абылайхан даңғылы, 105.  
Тел.: +7 (727) 272 51 84, 261 60 67, факс: +7 (727) 261 62 13.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қ-сы, Гагарин даңғылы, 93а,  
Телефон: +7 (727) 394 39 22, +7(727) 394 39 34, +7(727) 394 39 42  
E-mail: rpik-daurir81@mail.ru, rpik-daurir2@mail.ru